

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Философия және саясаттану факультеті

Дінтану және мәдениеттану кафедрасы

Қолжазба құқығында

ӘӨЖ 2 (574) (043)

ТУНГАТОВА УЛЖАН АСКАРБАЕВНА

**Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму
перспективалары**

6D020600 – Дінтану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
философия ғылымдарының докторы,
профессор Кулсариева А.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Ph.D, Вена университетінің
профессоры
Мартин Ротгангель

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
КІРІСПЕ.....	5
1 ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ.....	15
1.1 Дін туралы ғылым және дінтанулық білім.....	15
1.2 Дінтанулық білім: шетелдік тәжірибе.....	38
1.3 Толеранттылықты қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлі....	62
2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ОРТА МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ.....	75
2.1 Қазақ даласындағы мектеп-медреселердегі білім беру ерекшеліктері.....	75
2.2 Қазіргі орта білім беру жүйесіндегі дінтану.....	94
2.3 Зайырлылық ұстанымдарды жеткізуші ретіндегі дінтану оқытушысының тұлғасы.....	108
3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНТАНУ	122
3.1 Тәуелсіз Қазақстанның ғылымының жаңа бағыты ретіндегі дінтану.....	122
3.2 Қазақстан жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім беру.....	130
3.3 Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дінтанулық білімнің тиімділігі және даму перспективалары.....	146
ҚОРЫТЫНДЫ.....	161
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	166
ҚОСЫМША	179

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі No 281 бұйрығына қосымша. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/>

2 «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасығыштағылардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы No 217 бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/>

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы No 50 бұйрығына қосымша. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013422> (қолданысқа кіру күні: 20.10.2020 ж.)

4 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 15 маусымдағы No 384 бұйрығына 725-қосымша. URL мекенжайы: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/> (қаралған күні 15.09.2020).

5 «Білім берудің барлық деңгейлерінде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы No 604 бұйрығы. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/> (қолданылған күні: 01.09.2020)

6 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (07.07.2020 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен). URL: <https://online.zakon.kz/document/> (қаралған күні 01.09.2020)

7 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы No 600 бұйрығы URL мекенжайы: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/> (қаралған күні 01.09.2020)

8 1995 жылғы 30 тамызда референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы.

9 Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы.

10 «Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017 – 2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 1 маусымдағы № 325 қаулысы.

11 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А (III) қаралымында қабылданған.

12 Дінге немесе сенімге байланысты төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Декларация Бас Ассамблеяның 1981 жылғы 25 қарашадағы 36/55 резолюциясымен қабылданған.

13 Федеральный закон от 26.09.1997 г. № 125-ФЗ «О свободе совести и о религиозных объединениях» URL: <http://kremlin.ru/acts/bank/> (дата обращения

17.09.2020).

14 Федеральный закон «Об образовании в Российской Федерации» от 29.12.2012 N 273-ФЗ (ред. От 31.07.2020) URL: <http://www.consultant.ru/document/> (дата обращения 01.09.2020).

15 «О порядке предоставления религиозного образования в Кыргызской Республике. URL: <https://www.sfcg.org/wp-content/uploads/> (дата обращение 03.09.2020)

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайына байланысты зерттеулер сараланып, даму перспективалары жан-жақты талданды және ұсыныстар берілді. Дінтанулық білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері, тарихи даму кезеңдері, осы уақытқа дейінгі зерттелу алғышарттары мен қазіргі шынайылықтағы көрінісі қамтылды. Дінтанулық білімге қатысты отандық және шетелдік білім беру орындарының қазіргі жағдайы, ғалымдардың, дінтану бағытының көрнекті өкілдерінің көзқарастары мен ұстанымдары қарастырылды. Ғылыми жұмыстың басым бөлігі отандық және шетелдік дінтанулық білім жағдайын сараптап, зерделеуге арналды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстандағы ХХ ғ. соңындағы өзгерістер діннің жандануына алып келді. Діннің қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына, оның ішінде білім саласына ықпалы күшейе түсті. Дін зайырлы білім саласына еніп, «білім және дін» мәселесін күн тәртібіне шығарып, жаңа зерттеу бағытына жол ашты. Бұл тақырып қоғамда түрлі пікір-таластар туғызды. Мұндай пікірталас алаңына жастардың дінге еліктеушілігі мен олардың санасына елімізге жат деструктивті идеологияның ықпал етуі сияқты мәселелер қамтылды. Аталған мәселені шешу ісінде басты рөл – өз мәдениетіне құрметпен қарайтын, патриотизм рухында тәрбиеленген тұлғаны қалыптастырудың, сондай-ақ, жаңа Қазақстан жастарын тәрбиелеудің негізі болатын білім саласына беріледі.

Білім беру саласында өскелең ұрпақ бойында дінге деген дұрыс көзқарасты, ынтаны қалыптастыру орта және жоғарғы білім беру жүйесінде дінтанулық пәндерді оқыту арқылы қол жеткізіледі. Сондықтан, дінтанулық пәндердің, бағдарламалардың сапасы мен тиімділігін талдау және мониторинг жүргізу зайырлы мемлекет азаматын қалыптастыру ісінде аса өзекті. Дінтанулық және діни білімді зерттеу қазіргі Қазақстандағы жағдайын қарастырып қана қоймай, көпэтносты және көпконфессионалды қоғам үшін діни және дінтанулық білім берудің маңызын және мәртебесін анықтауға, болашақта тек білім беру саласының ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік, саяси, тарихи және басқа да қырларының белгілі бір дәрежеде өзгеру тенденциясына болжам жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы дінтанулық білімнің тиімділігін зерттеу, қазіргі қазақстандық қоғамдағы оқу үрдісінің сапасын көрсететін басқа жұмыстардан ерекшеленеді. Жұмыстың жаңашылдығы қазіргі заманғы қоғам жағдайындағы қазақстандық шындықты зерттеуде, дінтанулық білім феноменін талдауда және қазіргі кезеңдегі отандық және әлемдік тәжірибеде дамыған дінтанулық білімнің негізгі тұжырымдамаларын сараптауда, қарастырылған модельдердің кемшілігі мен шектеулерін анықтауға бағытталған ғылыми білім кешенін қолданудан көрінеді. Дінтанулық және діни білім беру тұжырымдамасы қазақстандық жағдайды қарастырып қана қоймай, сонымен қатар қоғамымыздағы дінтанулық және діни білім берудің маңыздылығы мен мәртебесін анықтауға мүмкіндік

береді, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде болашақта оның өзгеру тенденцияларын болжайды.

Қазіргі таңда дінді зерттеу тәжірибесі мемлекеттік және жеке меншік білім беру мекемелерінде әртүрлі көрініс табууда. Қайшылық туындатқан мәселе, бір жағынан, дінтанулық және діни білім берудің әдістемелік базасының әлсіз жақтары болса, ал екінші жағынан діни бірлестіктердің білім беруін белсенді жүргізуі болып табылады. Нәтижесінде білім беру мекемелері дінге қатысты құндылықтарды қайта бағалау үрдісіне тартылады. Осыған байланысты зайырлы (академиялық) білім беру жүйесіне дін туралы білімдерді енгізу үдерістерін ғылыми пайымдау өзекті. Бұған қоса білім беру мекемелерінің қызметін реттейтін құқықтық базаға талдау жасау, білім беру мекемелеріндегі діни және дінтанулық білім тәжірибесін қорыту, «гуманитарлық басқару технологиялары» ұғымының мәнін ашу маңызды.

Қазақстандағы діни факторларды зерттеуге деген ұстанымдар мен көзқарастарды талдау, діни және дінтанулық білім беру ерекшеліктерін анықтауға, дінге деген қызығушылықтың экономикалық, идеологиялық және әлеуметтік-саяси факторларға тәуелді екендігін негіздеуге мүмкіндік береді. Қоғамдық санадағы дінге қатысты көзқарас пен нормативтік-құқықтық базаның арақатынасын талдау нәтижесінде оған деген қоғамдағы қатынастың өзгеруіне байланысты дін туралы білімді берудегі педагогикалық ыңғайлардың өзгеруінің қажеттілігін туындатады. Осы орайда білім беру үдерісін басқарудың психологиялық-педагогикалық негізі ретіндегі құндылықты-бағдарлы тәсілдің гуманитарлық технология негізінде қоғамда орын алатын және білім беру сапасына маңызды ықпал ететін әлеуметтік, экономикалық, саяси өзгеріс жағдайында ұйымдастырушылық дамудың басқару құралы ретінде тиімді пайдалануға жағдай жасайтын қазіргі ерекшелігі зерттеледі.

Дінді әлеуметтік феномен ретінде зерттеуге қатысты жасалған жалпы талдау нәтижесінде мемлекеттік-конфессионалдық қарым-қатынастар құрылымдық қалыптастырушы элемент ретінде білім беру жүйесінің өзгеруіне ғана тәуелді емес, қазіргі кезде, әсіресе діни аспектілерде көрініс табатын мемлекеттік саясаттың қалыптасуы кең ауқымды екендігі нақтылана түседі. Нақты білім беру саласы, әсіресе (жоғарғы және жалпы білім беру) мектептері идеология шеңберіндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы механизм болып табылады.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Дінтанулық және діни білім беру феноменін зерттеуде философия, педагогика және психология, сондай-ақ дінге қатысты әр түрлі халықтардың сенімдеріне байланысты зерттеулер диссертациялық жұмыстың ғылыми негізі болып табылады. Диссертациялық жұмыста қазіргі қолданыстағы ақпараттарды топқа бөліп сараптадық. Атап айтсақ, бірінші топқа діни білімді конфессионалдық дәстүрге кіріспе ретінде қарастыратын «теологиялық» бағыттағы авторлардың еңбектерін жатқыздық. Мұндай зерттеулерге В. Федоров [1], Н.Д. Никандров [2], Ю.П. Зуев, Т.А. Кудрина, Р.А. Лопаткин, Ф.Г. Овсиенко, Н.А. Трофимчук [3], Д. Кенжетай [4], Б.Қ. Бейсенов [5], К.К. Бегалинова [6], Қ. Жолдыбайұлы [7],

А.Р. Альмухамедов [8], А.Н. Нысанбаев [9], және т.б. еңбектері жатады. Екінші топқа мектепте оқытылатын дінтанулық тәсілге назар аударған А.Н. Красников [10], И.Н. Яблоков [11], В.В. Миронов [12], Е.С. Элбакян [13], Д.М. Угринович [14], Д. Кенжетай [15], Ғ. Есім [16], Е. Смагулов [16] және т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Үшінші топқа діни білімді «дін туралы ғылым» немесе «конфессионалды емес діни білім» ретінде қарастыратын батыс зерттеушілері, оның ішінде діни білім мен тәрбиенің синтезі ретінде қарастырған М. Гриммит, Дж. Хала, Н. Смарт, Н.Ф. Козырев [17] және т.б. ғалымдардың еңбектері топтастырылды. Осы жерде діни білім бейтарап-сыни және ақпараттық контексте түсініледі, ал дін жеке даму үшін дереккөз ретінде әрекет етеді.

Батыста діни және дінтанулық білімнің қалыптасуы Н.Ф. Козырев, Е. Мирошникова, М.М. Шахнович [18], Р. Джэксон, Н. Смарт [19], Дж. Ваарденбург [20], Патрик Дж. Бьюкенен [21], Ж. Боберо [22], Дж. Вортингтон [23], Д. Бэйтс [24], Л. Фрэнсис [25], К. Гrefлейн [26], М. Гриммит [27], Г. Шмид [28], Г. Моррис жарияланымдарында қарастырылды. Норвегиялық зерттеушілер Э. Биркедал [29], С.С. Ховденак және У.Б. Кристенсен [30] еңбектеріне де ерекше назар аударылды.

Одан өзге дін мен білім қатынасын зерттеу мәселесінде БАҚ-тағы зайырлы және діни мәліметтер, оның ішінде электрондық қор ғаламтор қолданылды.

Қазақстандағы дінтанулық және діни білім беру тақырыбын Н.Ж. Байтенова [31], Н.Л. Сейтахметова [32], А.Д. Курманалиева, К.М. Борбасова [33], Ш.С. Рысбекова [34], Е.Е. Бурова [35], Б.К. Бейсенов [5], К. Тышхан [36], Т. Кастуганов [37], В. Шаповал [38] және т.б. қарастырды.

Жалпы алғанда, діни білім кең мағынасында терең зерттелгенмен, діни және зайырлы білім беру арасындағы қатынастардың әлеуметтік-философиялық ерекшеліктері, орта және жоғарғы білім беру жүйесіндегі дінтануды оқытудың сапасы, дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда дінтанушы мамандарды даярлаудың тиімділігі толық зерттелмеген. Бұл мәселенің жеткіліксіз орындалуы зерттеу объектісінің ерекшелігіне, қазіргі Қазақстанға қатысты зерттеу тақырыбының осы қабатын зерттеуге қажетті теориялық-әдістемелік және эмпирикалық негіздерінің жеткіліксіз болуына байланысты екенін алға тарта отырып, бұл жұмыста мәселенің осы қырын толық зерттеу мақсат етілді.

Дінтанулық білім берудің ерекшеліктерін, діни ілімдік және дінтанулық формаларының дұрыс байланысын анықтау қазіргі заманғы дамудағы пайда болған қиындықтарды, қарама-қайшылықтарды және жағымсыз үрдістерді түсінуге мүмкіндік береді, бұл еліміздегі жалпы қоғамдық-саяси ахуалды үйлестіруге және әлемдік қауымдастықта Қазақстанның жаңа оң имиджін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты. Қазіргі Қазақстандағы дінтанулық білім берудің өткені мен қазіргі күйін саралай отырып, болашақтағы даму перспективаларына қатысты тұжырымдар жасау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер алға қойылды:

- Дінтанулық білімнің қалыптасу тарихы мен дамуын зерттеу аясында дін туралы ғылым мен дінтанулық білімнің теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастыру;

- Дінтанулық білімнің шетелдік тәжірибесін дінтанулық білім беру саласындағы оқу бағдарламаларын зерттеу мен салыстырмалы талдау негізінде пайымдау;

- Қоғамдағы толеранттылықты, толерантты қарым-қатынас жүйесін қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлін негіздеу;

- Қазақстандағы дінтанулық білім берудің тарихи қалыптасуын зерттеу аясында қазақ даласындағы мектеп-медреселердегі білім беру ерекшеліктерінің әлеуметтік-мәдени және тарихи қалыптасу жағдайларын зерттеу;

- Қазақстанның орта және арнайы орта білім беру жүйесіндегі дінтанудың орнын анықтап, ерекшеліктерін талдау;

- Зайырлылық ұстанымдарды жеткізуші ретіндегі дінтану оқытушысының тұлғасын сараптау;

- Тәуелсіз Қазақстан ғылымының жаңа бағыты ретіндегі дінтанудың қалыптасу тарихы мен қазіргі жағдайына талдау жасау;

- Қазақстандағы дінтанулық білім мәселесін жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім беру және кадр даярлау мәселелерінің шешу жолдарын жетілдіру және оны жүзеге асыру тәжірибесін сараптау негізінде зерттеу;

- Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың маңызды механизмдерінің бірі ретінде дінтанулық білімнің тиімділігі мен даму перспективаларын негіздеу.

Зерттеу нысаны – Қазіргі кезеңдегі дінтанулық білім және оның даму перспективалары;

Зерттеу пәні – Қазақстандағы дінтанулық білімнің қазіргі жағдайы мен даму көкжиектерін зерттеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстанның дінтанулық ғылым аясында алғаш рет дінтанулық білім мәселесін тарихи және дінтанулық әдістер арқылы арнайы әрі кешенді түрде зерттеуге талпыныс жасаумен түсіндіріледі. Диссертациялық жұмыста алға қойған мақсаттар мен міндеттерді орындау барысында туындаған келесі ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

– Дін туралы ғылым мен дінтанулық білімнің теориялық, нормативтік, мазмұндаушылық аспектілердегі сипаты жүйелі зерттеліп, оның тұжырымдамалық дәрежеде өзектілігінің өсуіне негіз болған идеялардың кешенді көрінісі айқындалды.

– Дінтанулық білімнің шет елдік тәжірибесі батыстық дінтану мен посткеңестік елдер мысалында сарапталып, посткеңестік кеңістіктің діни және дінтанулық білім беру салалары қалыптасу кезеңіне тән ортақ сипаттарға ие екендігі және зайырлылық ұстанымдар негізінде дамып жатқандығы, ал батыстық дінтанулық білімде діни және дінтанулық ұғымдардың ара-жігі алшақ еместігі анықталды.

– Толеранттылық қоғамды ізгілендірудің негізгі тұғыры ретінде қарастырылып, гуманизациялаудың жалпы мәселелері аясындағы дінтанулық

білім берудің толеранттылықты қалыптастырудағы теориялық-әдіснамалық негізі талданды және анықталды.

– Қазақстандағы дінтанулық білімнің қалыптасу алғышарты ретіндегі қазақ даласындағы мектеп-медреселердегі білім беру ерекшеліктері анықталып, қазақ қоғамындағы алғашқы білім ошақтары діни пәндердің негізінде қалыптасқаны және қазақ халқының мұсылмандық мәдениетін қалыптастыруда, діни сауатын көтеруде теңдессіз құралына айналғандығы тұжырымдалды.

– Қазіргі орта білім беру жүйесіндегі дінтанулық білім беруде халықтар мен ұлттар, мемлекет тарихында діннің рөлі мен орны бар екенін ескергенмен, білім беру барысында мектептің дінге деген қатынасы сенімге үйретуші емес, ақпараттық-танымдық сипатта болуы тиістігі және мемлекеттік білім беру бағдарламасы белгілі бір дінге немесе атеизмге басымдық бермей, бейтарап позицияда берілуі қажеттігі негізделді.

– Зайырлылық ұстанымдарды жеткізуші ретіндегі дінтану оқытушысының тұлғасына артылатын жауапкершілік пен талап жоғары екендігі және дінтану пәнінің ұстазы қазіргі ғылым мен діндер негіздері жөніндегі терең білімін үйлестіре білетін білікті маман болуы қажеттігі мен білім беру ісінде зайырлылық қағидаларын, мемлекеттің дінге байланысты ұстанатын саясатын жүргізудегі маңызды тұлға екендігі негізделді.

– Тәуелсіз Қазақстан ғылымының жаңа бағыты ретіндегі дінтанудың қалыптасқан өзіндік тәжірибесін бағалауда дінтанулық қауымдастықтардың монолитті емес екені, жеке ғылыми мектептер мен бағыттар өздерінің бірегей жобаларымен көзге түссе де, белгілі бір тұтастықтың құрамдас бөлігі бола алмағандығы, олар көп жағдайда дінтанулық ғылымның әркелкілігіне әкеліп отырғандығы туралы тың пікірлер сараланып, отандық дінтану ғылымының ерекшеліктері пайымдалды.

– Қазақстандағы жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білімнің берілуі, оқу бағдарламалары мен тәжірибелерін сараптау негізінде дінтанулық білімнің жалпыға бірдей таңдау пәні ретінде және маман дайындау бағдарламалары аясында жүзеге асырылатыны талданды және дінтану пәнінің қоғам сұраныстарынан туындаған мәселелерге жауап беруге, сонымен қатар білім беру бағдарламаларының еңбек нарығына қажетті кәсіби білікті мамандардың құзіреттіліктерін шыңдауға бағдарланғандығы және қазақстандық қоғамға аса қажеттілігі анықталды.

– Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дінтанулық білімнің тиімділігі және даму перспективаларын негіздеуде дінтанулық білім берудегі басты мақсат – мемлекеттің зайырлылығы екендігі басты назарға алынып, қазақстандықтардың ұлттық салт-дәстүрге кереғар келмейтін діни санасын қалыптастыруға тұғыр болатындығы тұжырымдалды және дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мен адамның ар-ождан және діни сенім бостандығына құқығы, ханафилік исламның тарихи рөлін мойындайтыны және басқа діндерге құрметпен қарайтыны, Қазақстан халқының рухани мұрасымен ұштасып, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділіктің және азаматтардың діни наным-сенімдерін құрметтеудің маңыздылығын

мойындайтындығын негіздей отырып, осы саясатты ұстанудағы дінтанулық білімнің озық әдіс-тәсілдері ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазіргі уақытта дін туралы ғылым мен дінтанулық білім түсінігіне көптеген анықтамалар берілген, олардың барлығында дінтану пәнаралық ғылым ретінде анықталады. Дінтану дін философиясы, дін психологиясы, дін феноменологиясы, діни семиотика, дін социологиясы, діндер тарихы және т.б. зерттеу салаларын қамтиды. Дін туралы ғылым мен дінтанулық білім бір-бірімен өте тығыз байланыста, дін туралы ғылыми ізденіс барысында болсын, дінтанулық білімді жетілдіру мақсаты көзделсе де, адамның жеке басының діндарлығы немесе ұстанатын діни көзқарасы оның іс-әрекетіне кедергісін келтірмеуі тиіс. Дінтанулық ұстанымдағы тұжырымдар қайсыбір діннің құндылықтарына басымдылық бермейді. Бұл мәселені теологиялық және философиялық пікірталастардың шеңберіне қалдырады. Діннің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы әр түрлі қоғамның мәдениетімен және әлеуметтік-саяси процестермен тығыз байланысты зерттеледі.

2. Дінтанулық білім берудің шетелдік тәжірибесі көрсеткендей, дінтанулық білім беруді діни білім беруден түбегейлі бөлек қарастыру мүмкін емес, себебі кейбір жағдайларда дінтанулық білімнің теологиялық астарлары да болуы мүмкін. Діни және дінтанулық білім берудің арасын жіктеу қадамдарының тарихы күрделі және әрбір елдің өзіндік мәдени ерекшеліктеріне байланысты үдеріс екендігін атап кетуге болады. Батыс елдерінде екі ғылым саласын жіктеу бойынша қатаң талаптар қойылмайды, дінтану ғылымының іргелі принциптері теология кафедраларында дін қызметшілерін даярлау барысында белсенді түрде қолданылады, ал посткеңестік елдерде діни және дінтанулық білім беру салаларының қалыптасу кезеңіне ортақ сипаттар тән және зайырлылық ұстанымдар негізінде дамып келеді.

3. Толеранттылықты қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлі өте маңызды. Дінтанулық білім беруде діндерді бір-бірімен салыстыру негізінде дұрыс не бұрыс көзқарасты жақтаушы екенін анықтай алу мақсатында басқа дін, сенім өкілдеріне, ешбір дінді ұстанбайтын адамдарға толерантты көзқарас құпталатындығын сараптай алу маңызды. Толеранттылықтың қалыптасуы үлкен мәдениетаралық бағыт берумен, білім беру құрылымында жалпы азаматтық және мәдени, этномәдени сәйкестіктер арасындағы тұрақты және оң тепе-теңдікті құрумен, білім берудің әртүрлі компоненттерін адамға және оның құқықтарына құрметпен қарауға бағыттаумен, әртүрлі халықтар мен мәдениеттерді оң қабылдаумен анықталады және толеранттылық – қоғамды ізгілендірудің негізгі тұғыры ретінде гуманизациялаудың жалпы мәселелері аясындағы дінтанулық білім берудің теориялық-әдіснамалық негізі болып табылады.

4. Қазақстандағы дінтанулық білімнің қалыптасу тарихында қазақ даласындағы мектеп-медреселердің рөлі өте жоғары. Мектеп-медреселердегі дінтанулық білім бастаулары, жалпы діни сауат ашу қазақ халқының мол әдеби мұрасымен тығыз байланысты болды және қазақ халқының діни көзқарастары,

ұлттың рухани құндылықтары ауыз әдебиеті шығармаларымен толысып отырды. Діни тақырыпқа арналған қисса-дастандар ислам дінінің негізгі қағидалары, танымал тұлғалары, шарифат заңдары жайлы мол мәлімет ұсынды. Мұндай туындылар көпшілікке арналған діни оқулықтың рөлін қоса атқарып, қазақ халқының мұсылмандық мәдениетін қалыптастыруда, діни сауатын көтерудің теңдессіз құралына айналған.

5. Қазіргі орта білім беру жүйесіндегі дінтану дін туралы білімді белгілі бір ақиқатты немесе басқа сенім мен көзқарасты қабылдау деп емес, оны жалпы мәдени таным құралы деп қабылдағанда ғана жүзеге асуы мүмкін. Дінтанулық білім адам, қоғам, дүние туралы дүниетанымдық және философиялық сұрақтарға жауап іздеу болып келетіні даусыз. Білім берудің зайырлы жүйесінде дінтану пәнін оқыту қоғамда гуманистік және адамгершілік негіздерді қамтамасыз етуге көмектеседі. Жас жеткіншектерге білім беру мен оларды тәрбиелеуде дінтану пәнінің мүмкіндіктерін, әдіс-тәсілдерін, құралдарын айқындау үшін әдістемелік және педагогикалық модельдерді іске асыру қажет және бұл процесте зайырлылық қағидаты білім беру мазмұнында дінтану пәнін оқытудың әдістемелік негізі болу керек.

6. Дінтану пәні мұғаліміне білім беру барысында зайырлылық ұстанымдарды жеткізуде үлкен жауапкершілік артылады және ұстаздың біліктілігіне қойылатын талаптар өте жоғары. Дінтану пәнінің мұғалімі қазіргі ғылым мен діндер негіздері жөніндегі терең білімін үйлестіре білетін білікті маман болуы қажет, ұстаз рухани-адамгершіліктік ізгіліктерді, ғылыми объективизм принципін және этикалық нормаларды ұстана білетін білім беру ісінде зайырлылық қағидаларын, мемлекеттің дінге байланысты ұстанатын саясатын жүргізуде өзінің рөлін толыққанды атқара алатын беделді тұлға болуы тиіс.

7. Тәуелсіз Қазақстан ғылымының жаңа бағыты ретіндегі дінтанудың өзіндік тәжірибесі бар: дінтанулық ғылыми мектептер, дінтанулық білім, дінтанулық қауымдастықтар қалыптасқан. Еліміздегі дінтану саласы дінді ғылыми позиция мен философияның әртүрлі бағыты тұрғысынан зерттеп, діни қағидаларды ғылыми ізденіс нысаны ретінде қарастырады және бейтарап зерттеуге бағытталған. Діндерді зерттеу, діни мәдениетті қалыптастыру саласында дінтанулық ғылым мен білім зайырлылық ұстаным призмасы арқылы пайымдалады. Отандық дінтанудағы діни және дінтанулық білімнің бөлек қарастырылуы, дінтанулық қауымдастықтардың монолитті емес екені, зайырлылық принципін алға ұстана отырып, дінді мемлекеттік қарым-қатынастар аясына қарағанда қоғамдық сана деңгейіне бағыттау дінтанудың ерекше сала екендігін айғақтайды.

8. XIX ғасырдың басында дінтану ғылым және академиялық гуманитарлық пән ретінде жоғары оқу орындарының пәндер тізіміне енгізілді. Қазақстан бұл үрдіске тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен аяқ басты. Жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім берудің өзара арақатынасын қарастыруда білім мақсаты, мазмұны және оны жүзеге асырушы субъектілердің принципіалды ерекшеліктері анықталды. Білім берудің зайырлылығы, оның атеистік сипатта

болуы емес, алайда оның діни құрылымдар мен идеологиядан тыс және онымен қоса білім беру қызметінің тікелей діни қауымдастықтарға бағыныштылығынан тәуелсіз дамыды. Жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім берудегі басты әдіснамалық негіз: ғылымилық, яғни объективтілік және дүниетанымдық бейтараптылық – білім алушының бойында белгілі бір дінге деген бағамдық қатынасты қалыптастырмай, зайырлылық принципін сақталуын көздеу болып табылады.

9. Мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыруда дінтанулық білім беру бағдарламаларының маңыздылығы артып, дінтанулық ғылым өзектілене түсті. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дінтанулық білімнің басты мақсаты – мемлекеттің зайырлылығын тұғырлау. Қазақстандықтардың ұлттық салт-дәстүр мен дін сабақтастығына бағдарлануын, адамның ар-ождан және діни сенім бостандығы құқығы сақталуын, ханафилік исламның тарихи рөлін мойындайтынын және басқа діндерге құрметпен қарайтынын Қазақстан халқының рухани мұрасымен біте қайнасқан конфессияаралық келісім, діни төзімділік және азаматтардың діни наным-сенімдерін құрметтеу негізінде қалыптастыруда дінтанулық білімнің рөлі жоғары. Дінтанулық білімге қатысты ақпаратты жүйелі жинақтау, сараптау ретінде алынған зерттеу әдісінің өлшемдері мен көрсеткіштерін таңдау мен негіздеу, шешім қабылдауды жақсарту, қоғамды ақпараттандыру ісінде мемлекеттік бағдарламаларға негіз бола алады және мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүргізуде аса маңызды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері: диссертациялық зерттеудің теориялық негіздері пәнаралық принцип негізінде қарастырылды. Жұмыстың теориялық негізі әлеуметтік-философиялық, тарихи-мәдени түсініктер, тұжырымдамалар, теориялар, сондай-ақ педагогикалық ұстанымдар, заңнамалық актілер, отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектеріне негізделген.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Теориялық әдістер: зерттеу тақырыбы бойынша әдістемелік әдебиеттерді, оқулықтар мен жұмыс бағдарламаларының мазмұнын талдау, діни және дінтанулық пәндерді оқытудың инновациялық әдістерін талдау; мамандарды кәсіби даярлау саласындағы зерттеулердің концептуалды-терминдік аппаратын сараптау.

Сандық зерттеу: әлеуметтанулық зерттеуде гугл формасы арқылы мәліметтер жинақталды. Сауалнама нәтижесінде алынған мәліметтерді статистикалық өңдеу.

Сапалық зерттеу: қатысушыларды бақылау, жеке және топтық әңгімелесу арқылы зерделенді.

Зерттеудің эмпирикалық негізі. Ғылыми жұмыста эмпирикалық мәліметтер ҚР ҒБМ Философия, саясаттану және дінтану институты, Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің дін істері комитеті дереккөздерінен әдістемелік талдау арқылы бейімделді. Сонымен қатар, зерттеу барысында эмпирикалық мәліметтер ғалымдар еңбектерінің түпнұсқаларынан, бұқаралық ақпарат құралдары материалдарынан, ғылыми зерттеу

орталықтарының есептерінен, энциклопедиялардан, дін саласына, білім саласына қатысты нормативтік-құқықтық актілерден, мемлекеттік органдардың сауалнамалық зерттеу нәтижелерінен, статистикалық деректерден, мониторинг есептерінен алынды.

Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы. Қазақстандағы дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективаларына қатысты зерттеу жұмысының аясында алынған нәтижелер дінтану саласында жаңа зерттеулерді жүргізуде пайдалануға болатын тақырыптарды ашып береді. Арнайы орта және жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білімнің дұрыс оқытылуы арқылы болашақ мамандарда дұрыс құзыреттіліктер қалыптастырудың тетіктеріне негіз бола алады. Қазақстандық дінтанулық білім туралы жинақталған ақпаратты ғылыми айналымға енгізу мүмкіндігі тұрғысынан тиімді болып табылады.

Диссертациялық жұмыстағы отандық және шет елдік дінтанулық білімге қатысты сараптама еліміздегі дінтанулық бағытты жетілдіре түсуге, әлемдік тәжірибелердің ұтымды жақтарын пайдалану арқылы еліміздің білім саласындағы саясатына септігін тигізуі мүмкін.

Сонымен қатар ғылыми ізденістің теориялық маңыздылығы дінтану мамандығының студенттерінің кәсіби біліктіліктерін қалыптастыруға тікелей қатысы бар арнайы пәндерді құрастырудан, мемлекеттік органдар дін саласындағы саясатты ұтымды жүргізуге қатысты ұсыныстарды негіздеуден көрініс табады.

Жұмыста келтірілген қорытындылар қазіргі Қазақстандағы жүзеге асырылуы әртүрлі деңгейдегі дінтанулық және діни білім берудің пәнаралық ерекшеліктерін зерттеу базасының қызметін атқаруы мүмкін; жұмыста ұсынылған тұжырымдар болашақтағы дінтанулық зерттеулер, мемлекеттік және қоғамдық басқару, Қазақстанның дін саласындағы саясатын жүзеге асыру саласы үшін маңызды.

Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы. Ғылыми жұмыстың нәтижелері дін саласындағы уәкілетті орган қызметкерлеріне діни саланы реттеу барысында ақпараттық, нұсқаулық материалдар ретінде қолданылуына жарамды. Диссертацияда келтірілген ақпараттар, зерттеу нәтижелері, ғылыми теориялар дінтану саласына қатысы бар әртүрлі зерттеулерде ғылыми білім ресурсы ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сонымен бірге, дінтану және исламтану студенттерінің, магистранттарының, докторанттарының дінтанулық мәселелерге қатысты зерттеулеріндегі фундаменталды білім көкжиектерін кеңейту мақсатында дәрістерде теориялық материалдар ретінде қолданылуына болады.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі мен жариялануы. Диссертациялық жұмыс құрылымы бойынша және негізгі нәтижелеріне байланысты 9 ғылыми мақала басылып шықты. Оның ішінде 4 ғылыми мақала ҚР ҒЖБМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдар тізімінде жарияланды; 1 ғылыми мақала халықаралық SCOPUS дереккөздерінде тіркелген

басылымдарда жарияланды; 4 ғылыми мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдары жинақтарында шығарылды.

Диссертацияның құрылымы. Диссертацияның құрылымы зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кіріспе, үш тарау, тоғыз бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 179 бет.

1 ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ: ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

1.1 Дін туралы ғылым және дінтанулық білім

Дінтану ғылымы діндердегі құбылыстар мен сенім динамикасына байланысты зерттеулер мен талдаулардың кең ауқымын қамтиды. Дінтану ғылымына қатысты кейбір негізгі аспектілер келесідей:

– Діндер тарихы: діни дәстүрлердің пайда болуын, дамуын және эволюциясын зерттеу, соның ішінде қасиетті мәтіндерді, рәсімдерді, дәстүрлерді және белгілі бір діндермен байланысты тарихи оқиғаларды зерттеу.

– Теология: Құдай туралы түсініктерді, ілімдерді, қасиетті мәтіндерді және діни дәстүрлердегі теологиялық пікірталастарды талдау.

– Салыстырмалы дінтану: әртүрлі діни дәстүрлердің, оның ішінде олардың нанымдарын, әдет-ғұрыптарын, рәміздерін және әдет-ғұрыптарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыру және талдау.

– Дін әлеуметтануы: діннің қоғамға, соның ішінде діни ұйымға, діни бірлестіктерге, діни сәйкестілікке және әлеуметтік динамикадағы діннің рөліне әсерін зерттеу.

– Дін антропологиясы: мәдени және әлеуметтік контексте діни нанымдарды, әдет-ғұрыптарды және рәсімдерді, соның ішінде жеке және ұжымдық сәйкестіктерді қалыптастырудағы діннің рөлін зерттеу.

– Дін философиясы: діни тәжірибенің, Құдай түсінігін, зұлымдық мәселесі мен өмірдің мәнін, сенімнің философиялық аспектілерін, дін контекстінде қарастыру.

Жоғарыда аталғандар дінтану ғылымы қамтитын салалардың бір бөлігі ғана. Бұл көп қырлы және көп салалы бағыт болып табылады. Діни құбылыстарды және олардың адам өмірі мен қоғамдағы рөлін жақсырақ түсіну үшін осы саладағы зерттеулер әлі де тереңдей түсуі керек.

Осы жоғарыда көрсетілген дін туралы ғылымның бірнеше бағыттарын дінтанулық білім саласынан да көре аламыз. Алайда дін туралы ғылымды дінтанулық білімнен ерекшелендіріп тұратын бірнеше аспектілер де бар. Олар:

– Теология және діни ілім: әртүрлі діни дәстүрлер аясындағы сенімдерді, Құдай туралы түсініктерді, қасиетті мәтіндерді және ілімдерді зерттеу. Бұған діни мәтіндерді теологиялық пікірталастарды және негізгі теологиялық ұғымдарды талдау және түсіндіру кіреді.

– Рәсімдер мен салт-жоралғылар: әртүрлі діни дәстүрлерге байланысты діни ғұрыптарды, әдет-ғұрыптарды және салттарды зерттейді. Бұл діни жоралғылардың маңызы мен символикасын, олардың діндегі және әлеуметтік контексттегі рөлін талдауды қамтиды.

– Дін социологиясы мен психологиясы: діннің қоғамға, діни бірлестіктерге және діни бірегейлікке әсерін зерттейді. Бұл сенімнің, діни қызметтің және мінез-құлықтың әлеуметтік және психологиялық аспектілерін талдауды қамтиды.

Бұдан бөлек діндер тарихы, дін философиясы, дін антропологиясы деген бағыттар дін туралы ғылымға да дінтанулық білімге де қатысты.

«Ғылыми дінтану» немесе «дінді ғылыми зерттеу» ұғымын қоғамның тікелей ғылым мен «ғылымилықтың» табиғатын түсіну мәселелерімен де, сонымен қатар ғылымның «ғылым емеспен» (псевдо-ғылым, пара-ғылым, жалған ғылым, квази-ғылым [39, б. 116]) арақатынасымен, бәрінен бұрын «дінмен» және діндарлықпен тікелей байланыстырып қарастыру кеңінен таралған. Қазіргі уақытта біздің қоғамымызда ғылым мен дін түсінігіне көптеген анықтамалар берілгені анық. Олардың өзара байланысы және шын мәнінде «дінді ғылыми зерттеу» дегеніміз не, деген сұрақ қазіргі қоғамдағы өзекті және пікірталас туғызушы мәселелердің бірі.

2006 жылы Мәскеуде басылып шыққан үлкен энциклопедиялық сөздікте дінтануға келесідей анықтама берілген. Дінтану өте кең сонымен қатар өте сирек мағынасында адамзаттың өзінің бүкіл тарихында дін туралы жиналған білімдері деп қолданылатын. Ал өте жиі және нақты дінтану дегеніміз дін туралы ғылым ағылшын тілінде *science of religion*, *study of religion*, *comparative religion*, француз тілінде *la science de religion*, неміс тілінде *religionswissenschaft* деген мағынасында қолданылады.

Дінтану XIX ғасырдың екінші жартысында батыс Европа мен Солтүстік Америкада философия, әлеуметтану, психология, антропология, филология, мифология, фольклористика, шығыстану және басқа да ғылымдардың тоғысқан жерінен өз бастауын алған. Осы кезден дінтанудың басты мақсаты қандайда бір болмасын діни ілімдердің, рәсімдердің орындалуын дәлелдеу емес, әлем діндерін ешқандай басымдықсыз зерттеу болған еді. Осылайша пайда болған жаңа ғылымның зерттеу объектісіне барлық болған және сол кезде бар діндер кірген, және де зерттеу пәнін ғалымдар, ғылыми мектептер өздерінің бағыттарына байланысты анықтайтын болған. Мысалы француз тарихшысы Н.Д. Фюстель де Куланж Ежелгі Греция мен Рим қоғамдық институттарына діни сенімдердің әсерін зерттеген. Ал американдық психолог және философ У. Джемс басты назарды «жеке дара діндарлыққа» аударған. Филологиялық ыңғайды ұстанушылар әлемдік діндердегі киелі кітаптарды тарихи-сыни тұрғыдан талдаған. Этнографтар мен антропологтар «қарабайыр халықтардың» сенімдері мен салт-жоралғылары бойынша ақпараттарды жинақтаған. Осылайша білімнің жақын салаларымен тығыз байланыс арқылы зерттеу бағытын анықтауға болатындығының нәтижесінде дінтанудың бастапқы кезеңінің өзінде-ақ бір-бірімен тығыз байланысты сонымен қатар айтарлықтай ерекшеленетін дінтанулық пәндер пайда болды. Олар дін философиясы, діндер тарихы, дін социологиясы, дін психологиясы. Бұл дінтанулық пәндердің өкілдерін өздерінің жұмыстарында ғылымның жаңа мәліметтері мен теориялық тұжырымдарын қолдану байланыстырып қана қоймады, бәрінен де бұрын олардың ғылыми әдіс-тәсілдерді қолданулары біріктірді. Бастапқы кезеңдегі зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға сай дінтанушылар өздерінің зерттеулерінде тек қана өте тиянақты тексерістерден өткен эмпирикалық мәліметтерді ғана пайдалануға ұмтылып, рационалды әдістермен олардың интерпретациясын,

генерализациясын беруге тырысып ақыр соңында діннің пайда болуы мен қызметіне қатысты жалпы заңдылықтарды құрастыратын. Дін туралы ғылымның пайда болуы батыста көптеген христиандық шіркеу әкейлері мен теологтардың қарсылығын тудырды. Бұл қарсылықтардың басты теориялық негізі дінді рационалды әдіс-тәсілдер арқылы зерттеуге болмайтындығында, себебі оның құрамында иррационалдылық теологиялық тілмен айтқанда «жоғары саналы» элементтер бар. Сонымен қатар тәжірибелік тұрғыдағы қарсылықтар да болған, оларға сәйкес діндерді салыстырмалы түрде талдау христиандық мазмұн мен құндылықтардың жойылуына алып келіп, қалыптасқан қоғамдық ұстанымдардың құлдырауы мен азғындыққа соқтырады деп есептелді. Алайда шіркеулік орталардың қарсылықтарына қарамастан ғылыми ортаның дінтануға деген қызығушылықтары арта түсті. 1870 жылдардан бастап діндер тарихы, дін философиясы, дін психологиясы, дін социологиясы бойынша дәрістер Еуропа мен АҚШ-тың ірі университеттерінде оқыла бастады. Алғашқы «Діндер тарихы мен психологиясы» атты кафедра 1873 жылы Женева университетінің теология факультетінде ашылды. Содан кейін дінтанулық кафедралар және зерттеу орталықтары Лейден, Амстердам, Сорбон, Берлин, Лейпциг, Гарвард, Бостон және тағы басқа жоғары оқу орындарында ашыла бастайды. Дінтанушылардың тиімді байланыстарын арттыру мақсатында XIX ғасырдың екінші жартысында арнаулы ғылыми журналдар, дінтанушы ғалымдардың монографиялары көптеп үлкен тиражбен басылып, дінді зерттеушілердің үлкен халықаралық конгресстері ұйымдастырыла бастайды. Осылардың нәтижесінде XIX ғасырдың екінші жартысында бір ғылыми парадигманың бағытында жұмыс жасайтын дінтанулық қауымдастық құрылды деп айта аламыз. XX ғасырда дін туралы ғылым ары қарай дами түсті. XX ғасырдың бірінші жартысындағы дінтануға тән сипаттамалардың бірі дүниетанымдық бағдарлардың алмасуы. Бұл Батыстың рухани өміріндегі, бәрінен бұрын философия саласындағы өзгерістермен байланысты болды. «Өмір философиясы», феноменология, герменевтика деген бағыттардың пайда болып тарала бастауы дінтанудағы күрделі өзгерістерге алып келді. Егер бұған дейін дін туралы ғылым философиялық рационализм ағысында кейбір жағдайда материалистік немесе позитивистік бағытта дамыса, XX ғасырдың бірінші жартысында көптеген дінтанушылар философиялық идеализм, субъективизм және иррационализмге басымдылық таныта бастады. Дінтанудағы философиялық алғышарттардың ауысуы дінді зерттеудегі әдіс-тәсілдерді қайта қарауға алып келді. Бұл әсіресе дін феноменологиясы мен дінді зерттеудегі герменевтикалық әдіс тәсілдерде айқын көрінді. Бұл жерде өте маңызды жайт бұл бағыттарды батыста дінді ғылыми тұрғыда зерттеуді христиандыққа қызмет етуге тәуелді қылуға ұмтылған протестанттық және католиктік теологтар құрған. Дінтану көп жағдайда христиан теологиясының пропедевтикасы ретінде түсінілді. XX ғасырдың бірінші жартысында дінді зерттеуде ғылыми әдіс-тәсілдерге басымдылық берушылер көбейе түсті. Ол бағытты көптеген тарихшылар, антропологтар, психологтар, социологтар, дін философтары пайдаланды. Алайда олар сол замандағы дінтануға ықпал ете алмады. Феноменологтар мен герменевттер бұрынғы парадигманы құлдыратуға қатысты

көптеген жұмыстар атқарды, бірақ өздері жаңасын құра алмады. Олардың үлкен жетістігі ауқымды эмпирикалық мәліметтерді игеруі, діни феномендердің әр түрлі классификациялары мен типологияларын құруы. Алайда көптеген зерттеушілердің соның ішінде қазіргі феноменология өкілдерінің ойынша XX ғасырдың бірінші жартысындағы дінтанудың әдістемелік қарама-қайшылығы мен теориялық әлсіздігін атап көрсетеді. XX ғасырдың ортасында дінді ғылыми тұрғыда зерттеу белгілі бір құлдырауға ұшырағанын байқаймыз. Осы құлдыраудан шығуға бағытталған ізденістер XX ғасырдың екінші жартысында үлкен маңызға ие болды. Дінтану тарихында 1950 жылы Діндер тарихының халықаралық ассоциациясының құрылуы (International Association for the History of Religion) маңызды шара болды, осы атауға көптеген елдердің дінтанулық ұйымдары бірікті. Оны әлемге танымал ғалымдар Г. Ван дер Леув, Р. Петтациони, Г. Виденгрэн т.б. басқарған Діндер тарихының халықаралық ассоциациясы, үнемі халықаралық конгресстер, жергілікті конференциялар, ұйымдастырып, 1950 жылдан бастап «Нумен» деген журналды басып шығара отырып, әр елдердің дінтанушыларының тығыз байланысын орнатуға мүмкіндік беріп дінтану саласындағы өзекті мәселелерді анықтап оларды шешуге деген жолдарын ұсынатын. Бастапқыда Діндер тарихының халықаралық ассоциациясының құрамында Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың дінтанулық ұйымдары ғана болған. Алайда XX ғасырдың соңғы ширегінде оның құрамына Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің, Таяу Шығыстың, Азияның, Африканың, Австралияның дінтанулық ұйымдары кірді. Бұл дегеніміз XX ғасырдың екінші жартысында дін туралы ғылым батыстық әлемнің шеңберінен шығып барлық континенттерге таралғанын көрсетеді. Діндер тарихының халықаралық ассоциациясының кейбір конгресстеріне ресейлік дінтанушылар да қатысқан. Алайда тұрақты түрдегі серіктестік орнамаған. Дінтанудағы көптеген мәселелер бойынша дінтанулық қауымдастық ортақ шешімдерге келе алмады. Алайда барлығы дерлік келісетін жағдай болмаса мәселе ол дінтанулық зерттеулердің дін философиясы мен теологиядан ара жігін ажыратудағы қажеттілік. Бұл туралы XX ғасырдың бірінші жартысында өте көп айтылған болатын алайда дәл осы кезеңде дінтанудағы философиялық-идеалистік және теологиялық ойлардың экспансиясы жүзеге асқан. 1960 жылы Марбургта болған Діндер тарихының халықаралық ассоциациясының конгрессінде дінтану, дін философиясы және теология қарым қатынастары жайындағы сұрақ қайта көтерілді. Конгреске қатысушылардың назары дінді ғылыми зерттеудің «бастапқы алғышарттарының минимумын» ұсынуға тырысқан Иерусалим университетінің профессоры Цви Вербловскидің баяндамасына түсті. Баяндамада негізінен «дінтану өзін дилетанттықтан, теологиядан және идеализмнен қорғауды үйрену керек» деген тезисі алға тартылған. Осы тезисті конгреске қатысушылардың көбі қолдады. Осы конгрессте бір топ дінтанушылар «Діндер тарихының халықаралық ассоциациясы» деген атауды «Дінді ғылыми зерттеу ассоциациясы» деп өзгертуге ұсыныс білдірді. Алайда ұсыныс қабыл болмады басты себеп «дінді ғылыми тұрғыдан зерттеу» деген ұғымның құрамында дін философиясы еніп кеткендігі. Осылайша кейбір

дінтанулық пәндердің өкілдері дін философиясына қатысты қызығушылық танытпайтындығы көрініс тапты. Көптеген дінтанушылардың ойы бойынша дін философиясы дінді нақты пәндік зерттеуге қатысты алып қосарлары жоқ. Оның үстіне дінтанушылардың ойы бойынша дінді философиялық тұрғыдан зерттеу құндылықтық қарым-қатынас тұрғысынан объективті және нейтралды бола алмайды. Осындай ойдың негізін олар дін философиясының басты мақсаты діннің ақиқаттылығына қатысты мәселелерді шешу дегенге сілтеме жасайды [40, б. 855].

XX ғасырдың екінші жартысында дінтану мен теологияның арасын ажыратып қарастыру қалыптасқан. Теологиялық аргументтер мен терминология дінтанулық ортада танымалдылыққа ие болмады. Теологтарда өз алдына дінтанулық конференциялардан гөрі теологиялық конференцияларға қатысып теологиялық журналдарға жарияланғандарын қалады. Дінді зерттеушілердің көпшілігі теология мен дінтану, білімнің жеке дара салалары болып табылатындығын мойындаған. Бірқатар дінтанушылар дін туралы ғылым мен теологияның арасын қатаң түрде ажыратып қарастыру керек деген ойды ұстанған. Дінтанулық қауымдастықтың басқа өкілдері дін туралы ғылым мен теология кейбір жағдайларда бір бірлерімен жанасуы мүмкін деген ойды құптаған. Кейбір ғалымдардың көзқарасы бойынша осы жанасу нүктелері теология мен дін туралы ғылымның арасында белгілі бір сұхбатты орнатуға мүмкіндік беретін еді. Сонымен қатар сұхбат идеясын қолдаушылар да қарсы шығушылар да дін туралы ғылым мен теологияның арасындағы белгілі бір айырмашылықтардың бар екенін мойындап «трансценденттілікті шығарып тастау» принципін қолдаған. Бұл принциптің негізін француз психологы Теодор Флурнуа қалаған болатын. Оның ойынша дін психологиясы трансцендетті объектілердің бар екендігі туралы қолдаушы немесе жоққа шығарушы идеялардан қалыс қалу керек. Кейіннен «трансценденттілікті шығарып тастау» идеясын өзге дінтанулық пәндердің өкілдері де қолданатын болды. XX ғасырдың екінші жартысында өздері қандай да бір дінді ұстанушы белсенді дінтанушы ғалымдар да болды. Алайда олар ғылыми құралдар арқылы түсіндіруге келмейтін пайымдаулардан қалыс қалған дұрыс екендігін түсінген. Егер де «трансценденттілікті шығарып тастау» принципін қолданудан бас тартқан діндар ғалым болса оның дәрістерінде, ғылыми баяндамаларында дін туралы ғылым діни философияға немесе теологияға айналатын, ал ол өзі ерте ме кеш пе дінтанулық қауымдастықтан шығарылатын. Бұл қауымдастық көп жағдайда христиандық теологияға қарағанда дінді материалистік тұрғыдан қарастыру концепцияларына кешірімділік танытатын болған. Осылайша теология мен дінтану арасындағы ажыратушы сызық тек қана теория жүзінде ғана жүзеге аспай, шынайы өмірдегі теологтар мен дінтанушыларды олардың сабақ жүргізу қызметтерінде, зерттеу жүргізулерінде де бөлді. XX ғасырдың соңында дінтануды зерттеуге қатысты жаңа позициялар пайда болуына байланысты дінтанулық пәндер арта түсті. Мысалға: метадинтану, діндер экологиясы, руханилықты зерттеу. Жалпы алғанда қазіргі дінтану қарқынды дамып келе

жатқан пәндер кешенін құрайды. Олардың әрқайсысының өзінің зерттеу объектісі мен әдіс-тәсілдері бар [40, б. 857].

Бастапқыда дінді зерттеу әдеттегі тарихи зерттеу әдістерін әртүрлі діни дәстүрлерге, ең алдымен христиан шіркеуінің тарихына, шіркеулік және шіркеулік емес қозғалыстар ретіндегі христиандықты, иудей-христиандық ретіндегі Інжілді қарастыруда қолданумен байланысты болды. Бірте-бірте діннің немесе діндердің жаһандық тарихының терминологиялық концептуализациясының мүмкіндіктері сияқты өте жалпы тақырыптарға көтерілетін мәтін ретінде дамыды, өйткені, мысалы шаманизм мен православиенің «дін нысандары» ретінде біртұтастығын бекіту бүгінгі күні де кейде қарсылықтарды тудырады, мұндай, кейде өте жасанды және идеологиялық біржақты құрылымдардың негізінде жатқан барлық алғышарттарды егжей-тегжейлі талдауды талап етеді. Бүгінгі таңда дінтану ғылымы діннің өзіндік бейнелерін, концептуалды схемаларын және сәйкес ғылыми тілін, т.б. дінтану интроспекциясы мен өзін-өзі сынауды қамтыды.

Дін туралы ғылым дәл «ғылым» ретінде адамның рационалдылығымен тығыз байланысты, яғни біздің әлемді және өзімізді жалпы түсінікті терминдермен түсіндіре алуға қабілеттілігіміз [41, б. 105]. Рационалдық дегеннің өзі жұмбақ секілді, оның аясында ғылыми және діни (теологиялық) әрекеттердің қазіргі қарама-қайшылықтары, болмыспен қарым-қатынасымыздың іргелі сәттерін көрсететін құбылыс ретінде әрекет етеді. Бұл көп қырлы қарым-қатынас қазіргі уақытта зайырлы (академиялық, ғылыми-философиялық) және діни (теологиялық, құдайтанулық) қауымдастықтардың бақылауында, ғылым мен діннің өзара үйлеспейтіндігі туралы ортақ сенімдерді жеңуге ұмтылатын көптеген жаңа зерттеулерге негіз болды.

Бүгінгі таңда ғылым мен діннің шынайы қатынасы бір жағынан ғалымдар мен екінші жағынан теологтар арасындағы жай ғана күрестен гөрі оқиғалардың анағұрлым күрделі бейнесін құрайтыны барған сайын айқын болуда. Шын мәнінде, қайшылық екі түрлі көзқарастарды қорғайтын әртүрлі топтардың арасында кездеседі. Мысалы, эволюция идеясының жақтастары мен қарсыластары ғалымдар мен теологтар арасында да болды. Жалпы, бұл екі категорияны нақты ажырату қиын, өйткені көптеген ғалымдар терең діндар адамдар болды, ал көптеген теологтар (құдайтанушылар) мен шіркеу қызметшілері ғылым аскеттері болды [42, б. 324-326].

Дінтануды зерттеу пәні дін болып табылатын пәнаралық ғылым ретінде анықтауға болады. Пәнаралық сипатына байланысты дінтанудың әдіс-тәсілдер көп бола алады, олардың бірлігі зерттеудің идеологиялық емес және қатаң заңдылықсыз (атап айтқанда, «шын» немесе «жалған» бағалаусыз) бағытталуымен шартталуы керек, басқаша жағдайда бұл белгілі бір мағынада зерттеушінің зерттеу пәнінен алшақтауы болып табылады.

Дінді зерттеудегі ғылыми көзқарас дереккөздерді сыни тұрғыдан талдауды, сондай-ақ теориялық конструкцияларды бейтарап сыни талдауды жобалайды, онсыз теорияның бірде-бір ережесін ғылыми факт ретінде тануға болмайды. Соңғысы дін ғұламасы міндетті түрде атеист немесе агностик болуы

керек дегенді білдірмейді. Шетелдік және өте жас отандық тәжірибе дінтанушылардың дінтану мен дінді зерттеудегі теологиялық көзқарастардың аражігін ажырата білсе ғана дінтанумен де табысты айналыса алатынын көрсетіп отыр [43].

Дін антика заманында зерттеу нысанына айналғанына қарамастан, дінтану ғылыми бағыт ретінде жақында қалыптасты: зерттеушілердің көпшілігі ХІХ ғасырдың ортасын ғылыми дінтанудың бастапқы нүктесі ретінде қарастырады. Ресейлік дінтанулық зерттеулер одан да жас - кейбір ғалымдар оның жасы 20-дан сәл асады деп санайды. Қазіргі Санкт-Петербург дінтанушысы проф. М.М. Шахнович орыс дінтану ғылымы ХІХ ғасырдың аяғында қалыптасқанын, бірақ оның алғышарттары әлдеқайда ертерек болғандығын сенімді түрде дәлелдейді: оларды М.В. Ломоносовтың еңбектерінен байқауға болады. Осыған орай, алғашқы орыс дін ғұламасы Киев князі Владимир болды деген қолданыстағы пікірлер бар [44, б. 152].

Бірінші тараушаны қорытындалай келе біз жалпы дінтану туралы ғылымның жалпы оқу орындарында берілетін дінтанулық білімнің арақатынасына сараптама жасадық. Жалпы дінтану зерттеу саласына байланысты бірнеше бағытқа бөлінеді дін философиясы, дін психологиясы, дін феноменологиясы, діни семиотика, дін социологиясы діндер тарихы. Әрбір бағыттың өз алдына дербес зерттеу объектісімен зерттеу пәні бар екені соларға қысқаша түсіндірме беру арқылы сипатталды. Осы әрбір дінтанудың құрамдас бағыттарының негізін салушы ойшылдардың берген анықтамаларына тоқталып мысалдар келтірілді. Біздің келтірген ақпараттарымыздан түйіндегеніміз дін туралы ғылым мен дінтанулық білім бір бірімен өте тығыз байланыста, қандай жағдайда дін туралы ғылыми ізденіс барысында болсын дінтанулық білімді жетілдіру мақсатында болса да адамның жеке басының діндарлығы немесе ұстанатын діни көзқарасы оның іс-әрекетіне кедергісін келтірмеуі тиіс.

XX ғасырда пайда болған салыстырмалы дінтанудың әдіснамалық принципіне сүйене отырып біз талдаған дінтанулық концепциялар әр түрлі діндерді қарастыра отырып, олардың өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аудару арқылы топтамалайды (классификациялайды). Әр дін адам өмірінің мәніне, негізгі экзистенциальды сұрақтарға өзінше жауап береді, дегенмен оларды біріктіретін нәрсе олардың барлығы діндар адамға ортақ мінездеме береді. Дінтанулық ұстанымдағы тұжырымдардың ешқайсысы қандай да бір діннің құндылықтарының артықшылығын көрсетуді мақсат етпейді. Бұл мәселені теологиялық және философиялық пікірталастардың шеңберінде қалдырады. Дінтанудың әр саласы барлық діндер (ұлттық діндерден бастап, әлемдік діндер, қазіргі жаңа діни ағымдарды қосқанда) адамзат мәдениетінің ерекше бір бөлігі ретінде қарастырылады. Діннің пайда болуын, қалыптасуын, дамуын әр түрлі қоғамның мәдениетімен және әлеуметтік-саяси процестермен тығыз байланысты зерттеледі.

1.2 Дінтанулық білім: шетелдік тәжірибе

Дінтанулық білім дінді ғылыми позиция мен философияның әр түрлі бағыты тұрғысынан зерттеп, діни бірлестіктермен байланыссыз, бейтарап зерттеуге бағытталған. Дінтанулық білім дінді зерттеу, діни мәдениетті

калыптастыру саласында барлық қоғам мүшелеріне арналған зайырлы білім болып табылады.

Дінтанулық білімді діни білімнен ажыратып тұратын басты әдіснамалық негіз: ғылымилық, яғни объективтілік және дүниетанымдық бейтараптылық. Діндер және діни бірлестіктер туралы түсіндірме бергенде дінтанулық білім ғылымилық принципін ұстанып, білім алушының бойында белгілі бір дінге деген бағамдық қатынасты қалыптастырмайды, зайырлылық принципін сақталуын көздейді.

Дінтанулық білім берудегі басты мақсат мемлекеттің зайырлылығын негізге ала отырып, қазақстандықтардың ұлттық дәстүрге негізделген, салт-дәстүрмен кереғар келмейтін діни санасын қалыптастыруға тұғыр болу. Зайырлылық еліміздің тәуелсіздік алғаннан жариялаған басты принциптерінің бірі.

Қазақстандағы дінтанудың қалыптасуына ресейлік дінтанудың өз ықпалы болды, тағдырын да анықтады деуге де болады деген ойдамыз.

Ресейде формалды түрде дінтанудың бастамасын тілдегі сәйкес терминнің пайда болуымен (1939, Э. Тайлордың «Алғашқы мәдениет» еңбегінің аудармасына жазған В.К. Никольскийдің алғы сөзінде) және білім беру жүйесінде дінтанудың институализациясы болған кезеңмен байланыстырылады (1959, МГУ-дің философия факультетінде дін және атеизм тарихы мен теориясы кафедрасының ашылуы – алғашқы ресейлік дінтану кафедрасы) [74].

Қазақстан Республикасында дінтану ғылымы, дінтанулық білім дамуына байланысты өте жас ғылым саласы болғанымен, бірқатар шетелдік ғалымдардың жұмыстарын зерттей келе, жалпы дінтану жайында алғашқылардың бірі болып сөз қозғаған Н.А. Рубакиннің әйгілі «Среди книг» еңбегіне талдау жасалып және қазіргі заманғы батыстық дінтануда өзіндік орны бар, дінтану саласының өкілі ретіндегі Н. Смарт еңбектеріне талдау жасап, салыстырмалы тұрғыдан қарастырылды.

Осы жұмысты жазу барысында Н.А. Рубакиннің еңбектеріндегі дінтану мәселесіне қатысты айтқандарына тоқталып өткенді жөн көріп отырмыз.

Н.А. Рубакинның дін тарихы, философиясы, социологиясы және психологиясына қатысты көзқарастары ең ірі әрі фундаменталды еңбектерінің бірі «Среди книг» еңбегінде көрініс тапқан.

Еңбекті құрастыру барысында Н.А. Рубакинге көптеген көрнекті орыс ғалымдары, қоғам қайраткерлері көмек көрсеткен, ол туралы автор өзінің еңбегінің кіріспе сөзінде атап өткен. Автор өз жұмысында бірқатар әдебиеттер тізімін ұсынады. Әрбір идеялық бағыт түсіндірмелеуден бұрын соған байланысты өзінің ұсыныстарын білдіреді. Автордың жұмысының екінші томында дінтануға қатысты 850-ге жуық мақалалар мен оқулықтар тізімін береді.

XIX ғасырда орыс тілді кітаптар мен мақалалар жинағы ретінде бірегей тізім болып табылатын кітапқа қосымша ретінде «Иллюстрацияланған діндер тарихы» деген атпен Д.П. Шантепи де ля Соссе құрастырып шығарған тізім берілген. Бұл тізімде әдебиеттер тізімі сала-сала бойынша бөлінген: дін тарихы

бойынша жалпылама шолу, діни наным-сенімдердің салыстырмалы зерттеулері, діни сенімдердің шығу тарихы, алғашқы қауымдық халықтардың сенімдеріне жалпылама шолу.

Алғашқы қауымдық адам туралы басты шығарма, жекелеген халықтардың наным сенімдері туралы, Шығыстың, Қытайдың, Жапонияның, Мысырдың, Ассирияның, Вавилонияның, Финикияның және Сирияның діндерінің жалпы шолулары. Бұл қысқаша жинақта христиандық туралы, шіркеулер туралы, сектанттық туралы әдебиеттер қарастырылмаған. Бұл анықтамалық жинақты Б.Н. Трубецкий қайта қарастырып, 1897 жылы «Философия және психология сұрақтары» деген журналдың бірінші номерінде «Діндер тарихының библиографиясына (орыс және шет тілдердегі кітаптарға шолу)» деген тақырыптағы мақаламен басып шығарды. Д.П. Шантепи де ля Соссенің кітабында көрініс тапқан анықтамалық жинаққа қарағанда Рубакиннің еңбегі «Иллюстрацияланған діндер тарихында» көрініс тапқан кітаптар мен мақалалардың санынан бес есеге артық анықтамалық жинақтан тұрды.

Автор өзінің көзқарасынан үстемдік етуші шіркеуге де сектанттыққа да қатысы бар апалогеттік кітаптардың авторылармен діндар ғалымдардың әдебиетін алып тастап өзінің шолуына көбінесе дін туралы ғылыми-сыни әдебиетті кіргізген. Осы еңбектерге баға беру барысында ол: «батыстық-еуропалықпен салыстырғанда орыс діни-құдайтанулық әдебиет өзінің өте қарапайымдылығымен көп жағдайда мүлдем жұтандығымен таңқалдырмай қоймайды» [75, б. 237].

Н. Рубакин өзінің шолуынан орыс тіліне аударылған шетелдік әдебиетті бөліп жармаған және де одан бөлек әлі аударылмаған бірақ аударылуға тұрарлықтай бірқатар кітаптарға да сілтеме берген. Әдебиеттерді сараптау барысында Н. Рубакин партиялық көзқарас пен ұстанымнан бас тарту керек деген ұстанымда болғаны, және ол ұстанымы оның «партиядан сырт немесе партиядан жоғары» болу керек деген ойынан аңғарылады [75, б. 239].

«Среди книг» еңбегінің бірінші томында «Ең алдымен адамдарды ажыратушы нәселерге емес оларды біріктіруші нәселерге қарайық» деген ойды ұстанады. Өз шығармасында ол полемикадан алыс болуды армандаған, себебі көп жағдайда полемика адам баласына тән кез келген эмоцияларына байланысты ақиқатты бұрмалаудың бірден бір ұтымды тәсілі болып келеді деп есептеген. Алайда Рубакин әсіресе дінтану бойынша кітаптарды сараптау барысында әрине полемикадан алыстай алмады. Сол заманғы өзекті маселе социализмді жақтаушылардың дінге деген қарым-қатынастарын қарастыру барысында «Заманауи шіркеулік ұйымдарды діни сынға алып, барлық ағымдардың социалистері әлеуметтік фактор ретінде христиандыққа тоқталып өтіп діннің кері рөлін баса айтады» деген ойлары да бар [75, б. 290]

Дінтануды сипаттау барысында басшылыққа «әлеуметтік өмірдің ең маңызды факторы экономикалық факт» деген ойды ұстанған [75, б. 239]. Автор Лютгенаудың «Жаратылыстанулық және әлеуметтік дін (материалдық тұрғыдан діндер теориясы) Спб. 1908ж.» атты кітабына сілтеме жасайды.

Н. Рубакин К. Маркстың «Саяси экономикаға сын» атты еңбегіне жазған алғы сөзін «Қоғам мен оның рухани мәдениеті туралы әдебиетті классификациялауға арналған сәтті схема» ретінде қабылдайтындығын айтады. [75, б. 233]. «Экономикалық фактордың приматын қабылдай отырып, біз жоғары рухани көріністерден бастау алып оның тереңіне қарай үңіліп, оның негізінде түбінде жатқан экономикалық құбылыстарға әлеуметтік өмірдің құбылыстарын топтастырамыз» [75, б. 233]. Бұл жерде Рубакин дінге деген маркстық көзқарасты ұстанды деуден аулақпыз. Ол тек қана Маркске сілтеме жасамайды сонымен қатар П. Лавров пен Н. Михайловскийдің көзқарастарымен толығымен келіседі. Ол Н.К. Михайловскийдің Иван Грозный туралы кітабының кіріспесіндегі қойылған неліктен және қалайша діни мәселелер адамзатты қинаған және қинауда, неліктен адамзат мәдени тұрғыдан дами түскен сайын діни мәселелер анағұрлым күрделірек және тереңірек бола түседі, адамзатқа дін не үшін қажет және нақты қандай дін деген сұрақтарға жауап іздеген.

Н. Рубакин «қоғамның діни-шіркеулік жүйесін» зерттеуші ретінде дінтануда әртүрлі кезеңдердің діни жүйелерін, діни догматтарды, культ және шіркеулік ғимараттарды олардың тарихы мен дін философиясына сәйкес бөліп қарастырған. Ғалым ерекше назарды дінді психологиялық, әлеуметтік негіздерінде қарастыруға, ғибадат пен оның ұйымдастырылуына, адамның діни өмір салтының әлеуметтік болмыстың басқа да салаларына: саяси әлеуметтік жүйеге, ағарту ісіне, ғылымға деген қатынасында қарастырады. Оның еңбегінің ең маңызды тарауларының бірі дін философиясы болды. [75, б. 293-333]. Ол діни сенімдерді зерттеу барысында ерте замандағы нақты ғылыми зерттеулердің салыстырмалы тарихи, психологиялық зерттеулердің беретін көріністерін айқындауға тырысты. Ол «діндер туралы ғылым діни сенімнің, діни сезімнің, діни ұстанымдардың пайда болуының астарында тіршілік иелерінің қандай психологиялық ерекшеліктері жатыр, қандай әлеуметтік алғышарттар осы қабілеттерді үнемі қолдап діни өмірдің, культтің, діни ұйымдар мен шіркеулердің анағұрлым күрделенген түрлерінің пайда болуына әкеп соқтыруда екендігін анық, айқын және нақты анықтауға ұмтылуда» дегенді айтады [75, б. 234].

Көнеөситеттік дінді зерттеуде ғалым Сендерлендтің Інжілдің пайда болуы туралы еңбегіне үлкен мән береді. «Дінтану саласы бойынша ғылыми білімді таратуда талмай еңбек етуші» ретінде Н.М. Никольскийдің зерттеулерін өте жоғары бағалайды. Н.М. Никольский – кеңестік ғылыми дінтанудың көшбасшысы, көптеген інжілдік иудаизм тарихы мен христиандықтың пайда болуы және орыс шіркеу тарихы туралы мақалалар мен кітаптардың авторы [75, б. 253].

Н. Рубакин Л.Н. Толстойдың, В. Соловьевтың, В. Розановтың, Н. Бердяевтың әулиеәкей Г. Петровтың және тағы басқалардың көзқарастарын егжей-тегжейлі сараптайды және де петерборлық діни-философиялық сана қызметін сипаттайды.

Н. Рубакин Ресейдегі үлкен діни философиялық әдебиеттің жоқтығын қолайсыз саяси жағдайлармен, ауыр қыспақпен түсіндіреді. Орыс атеизмінің

өкілдері ретінде ол Д. Писаревты, М. Бакунинды, П. Лавровты, Н. Михайловскийді, Г.В. Плехановты, А. Луначарскийлерді атап өткен. Орыс анархистерінің дінге деген антидіни көзқарастарын талдай Рубакин «ең бейберекет атеизмнің өкілі деп Алисовты» атаған.

Ол әр халықтың діни жүйелерін сараптауды христиандық емес діндерді қарастырудан бастайды, ал кейіннен христиандықты сараптауға көшеді.

Автордың ойынша, Ресей үшін дін саласындағы басты мәселе еркін ойлауды, шіркеуді мемлекеттен ал мектептерді шіркеуден ажыратуды қамтамасыз ету. Православтық шіркеудің анағұрлым консервативті иерархиялары еркін ойлаудан бас тартатын. Херсондық епископ Никанор «Еркін ойлау дегеніміз абсурд» деп жазған [75, б. 258). Оның айтуы бойынша, шіркеу мен мемлекеттің бөлінбеуіне, өзге діндерді қудалауға, православтық шіркеудің жаңартылуына қарсы қалам сілтегендер Валуев, Иоанн Кронштад, Никанор Победоносцев, Л. Тихомиров, ал керісінше діни қудалауға қарсы, діни төзімділікке, заң алдындағы барлық сенімдердің тең екендігі жайлы, орыс шіркеулік жүйенің жаңартылуын қолдап жазғандар И. Аксаков, Д. Мерешковский, В.В. Розанов, Г. Петров, А.Б. Пругавин, Л.Н. Толстой, В. Соловьев, және т.б.

Н. Рубакинның өзі де еркін ойлауды қолдап бірнеше жинақтар жазған. Оның ойынша діни – шіркеулік жүйе және діни сенімдердің тек қана өзінің ұйымы мен тарихы ғана емес сонымен қатар өзінің философиясына да ие. Ол И. Степанов-Скварцов пен В. Базаровтың аудармасындағы Г. Геффдингтың «Дін философиясы» атты еңбегіндегі дін философиясы өмірді теориялық- танымдық жағынан қарастырады деген көзқарасқа сүйенетін. «Дін философиясы» деген термин өз бастауын Аристотельден алып, батыстық еуропалық әдебиетте протестанттық теологтар кеңінен таратты. Н. Рубакин бойынша дін философиясында әр түрлі сенімдердің философиялық мазмұны және де әртүрлі бағыттағы философтардың дін мен шіркеу туралы ойпікірлері көрініс табады [75, б. 4-11].

Еңбекте көрсетілгендей дін философиясына кіріспе ретінде Т. Ахемистың «Дінді салыстырмалы зерттеудің очеркі» шығармасын айта аламыз. Н. Рубакин П. Лавровтың діни-философиялық ойлауға позитивистік тұрғыдан бергісі келген жалпы эволюциялық тұжырымдамаларын жоғары бағалады.

П. Лавровтың көзқарастарына сүйене отырып, Н.А. Рубакин «Дін философиясы» бөлімінде оны үшке бөліп көрсетеді:

- 1) Дін философиясы
- 2) Дін психологиясы. Мистицизм, оккультизм. Спиритизм. Теософия.
- 3) Дін және оның ғылыммен арақатынасы.

Ол діни психологияның әлеуметтік астары да бар. Кеңестік дінтану 60-шы жылдарға дейін дін психологиясын жоққа шығарған, оған негіз осы ғасырдың 30 жылдарында қалыптасқан діни сезімнің болуы мүмкін емес деген идеяда еді.

Оның орыс дінтануы туралы тарихи-библиографиялық еңбегі «Дін және ғылым» деген тараумен аяқталатыны кездейсоқтық емес. Автордың айтуынша сол заманғы ғылыми ойдың негізгі әрі сипаттамалық қасиеті кез келген

құбылысты оны дами түсуіне ықпалын тигізуші және де одан ары тереңдей беру барысында кез келген ғажайып адасуларға алып келуі мүмкін.

Ғалымның ойынша сол замандағы діни мистикалық сезім біліммен ғылым арасындағы қарым қатынас жөнінде 3 негізгі сұрақты бөліп қарастыруға болады. Барлық жүргізіліп отырған дау дамайлар осы үш мәселеге тікелей қатысты:

Біріншіден жалпы білім мен сенім арасындағы қарым-қатынас пен шекараларға байланысты.

Екіншіден жалпы ғылым мен дін арақатынасына байланысты.

Үшіншіден ғылым мен шіркеудің шіркеулік ілімге деген қатынасы.

Д.У. Дрейппер, У.Э. Лекка, Ф.А. Лангелердің оқулықтарына сүйене отырып, Н.А. Рубакиннің ойынша сантүрлі діндердің ортодокстары мен ғылым адамдарының арасындағы «бәсеке әлбетте біріншілердің пайдасына шешілмеді сол себептен де ортодокстық ілімдердің толығымен жеңілуіне әкеп соқты». Ол адамдарға әлемді діни дүниетаныммен қатар жаратылыстанулық-ғылыми тұрғыдан тануға мүмкіндік береді деген сеніммен бірқатар кітаптар тізімін ұсынды. Бұл тізімде 200-ге жуық ең озық оқулықтары орын алды. Осы тізім 1912 жылы «Табиғат» журналында «Оқырмандарға өзін-өзі оқытуға арналған хаттарда» көрініс тапты.

Патшалық Ресейдің өкілі Н. Рубакинның таңдамалы шығармасына шолу жасап, дінтануды ғылыми тұрғыдан түсіндіру үшін батыстың ойшылдарының дін философиясы деп атаған ғылым саласына көп сілтеме жасағандығын аңғарамыз. Сонымен қатар сол тұстағы Ресей аумағында батыстық ойшылдардан өзге дінтану саласын зерттеушілер жоқ деп сынап айтқан шығармаларынан да байқаймыз. Ендігі кезекте батыс ойшылдарының көрнекті өкілі Ниниан Сمارт туралы тоқталып өтсек.

Ниниан Сمارт – ХХ ғасырдағы американдық дінтанудың көрнекті өкілдерінің бірі. Оқытушылық тәжірибесін Смарт Уэль және Йель университеттерінде философия пәнін оқытудан бастайды. 1956 жылдан бастап Смарт Лондон университетінде дін тарихы мен философиясынан сабақ береді. 1961 жылы Бирменгемде теология профессоры қызметін алады, осы уақытта бұл елде теология бойынша ең үлкен бөлім осы жерде болатын. Смарттың есептеуі бойынша, ол уақытта Ұлыбританияда христиандық емес діндерді зерттеумен 16 ға жуық қана адам айналысқан. Дінтану басқа пәндермен қатар оқытылатын және оның жоғары оқу орындар жүйесіндегі орны айқын емес еді. Теологтар болса, христиандық тарихын ғана оқытып, діннің қазіргі заманғы жағдайына байланысты мүлдем қозғамайтын. Теология бөлімін басқарып отырған кездің өзінде Смарт қалыптасқан жағдайды өзгертуге тырысқан, ол өзін теолог емес дінтанушымын деп санаған. 1967 жылы Ланкастер университетінде соған арналып құрылған дінтану кафедрасын басқаруға деген ұсынысты қабылдады. Оның қойған шарттарының бірі оқытушылар мен студенттер үшін кез келген дінді ұстану, болмаса мүлдем ешқандайын ұстанбау еркіндігі бар еді. Бұл кездегі Ұлыбритания үшін бұл ерекше құбылыс еді. Смарттың ғылыми журналдарда басылған жұмыстары осы дінтанулық білімге байланысты болды.

1970 жылдардың басында Смарт мектептерде әлем діндері пәнін енгізу бойынша Британиядағы Мектептік кеңестік жұмысын басқарды. Бұл 1944 жылдан бергі мектептердегі діни білімге қатысты мемлекеттік саясатты жүйелі түрде қайта қарастыруға деген алғашқы ұмтылыс еді. Смарттың ықпалымен барлық оқушылар үшін міндетті болып табылатын діндерді зерттеу сенімге қатысты қандай да бір мәселелерді араластырусыз жүзеге асырылып отырды.

1977 жылы Н. Смарт АҚШ, Санта-Барбара, Калифорния университетіндегі Дінтану бөлімінің ашылуына үлкен үлес қосты. 2000 жылы ол Американдық Діндер академиясын басқарды. 1995 жылы оған Діндер тарихының халықаралық ассоциациясының Тұрақты мүшесі атағы берілді. Смарт әлемнің көптеген университеттерінің Құрметті профессоры атағына ие болған. Оның көзі тірісінде П. Мейсфилд және Д. Вибе бастамаларымен «Дін аспектілері» деп аталатын Смарттың құрметіне арналған еңбек жарық көрген [76]. 2001 жылы ғалым қайтыс болғаннан кейін Лойола университеті (Чикаго) дінтану саласындағы жетістіктері үшін Смарт сыйақысын тағайындады. (Ninian Smart Award for Excellence in Religious Studies).

Н. Смарттың көзқарасы бойынша дін философиясы дегеніміз не? Смарт еңбектерінде бұл сұраққа қатысты тікелей берілген жауап жоқ. Біз Смарт еңбектеріне сүйене отырып, білім беру жүйесіндегі дін философиясын қалай көретіндігін, сонымен қатар дін философияның жұмыс жасайтын мәселелер аймағына берген сипаттамаларына тоқталамыз. Дін философиясы Смарттың көзқарасы бойынша дінтанудың құрамдас бөлігі болып табылмайды. Смарт дінтануды феноменология, социология, антропологиялардың интеграциясы ретінде түсінеді [77, б. 545]. М. Эллиадены үнемі сынға алып жүретін Смарт тұтастай феноменологиялық зерттеулерден бас тартпайды. Феноменологияны ол дінді социологиялық зерттеуге қарама қайшы тұратын бірден бір құрал дейді. Сонымен дін философиясы дегеніміз не? Бұл Смарттың пікірінше конфессионалдылықтан тыс теологияның ұқсастығы, теологияны христиандық емес діндерге дейін «кеңейту». Смарттың ойынша зерттеушілерге руханилықты христиандық емес тұрғыдан бағалауды ашып көрсету қажет болды [78, б. 136]. Дін философиясы дінтануға емес, философияға тиісті, себебі философия секілді рационалдылыққа негізделеді, дінтану секілді идеологиялық сұрақтарға негізделмейді [79, б. 8]. Алайда оның ойынша дін философиясы діндерге көбірек ден қоюды ұсынады осы жерде ол христианоцентризмді және де тарихи шынайылықты есепке алмауды қатты сынға алады [80, б. 1].

Біз Н. Смарт үшін маңызды әдістемелік және тәжірибелік мәселе зерттеушілердің қызығушылық аумағына шығыстық және христиандық емес діни дүниетанымдарды енгізу болғандығын аңғарамыз. Оның біршама жұмыстары христиандықты басқа діндермен салыстыруға арналған [81, б. 138] немесе христиандық мифтердің сараптамасы мен оларды тарихи талдауға арналған [82, б. 143]. Смарт тақырыптарындағы тағы бір маңызды мәселе – жамандық категориясы. Бұл мәселені ол тек қана христиандық дереккөздерге негізделіп қана емес сонымен қатар Тхеравада буддизміне сүйеніп те ашып қарастырады [83, б. 189]. Британдық дінтанушы Смарттың ойлары көрініс

тапқан алғашқы жұмыстары қазіргі күнге өте қарапайым болып көрінуі мүмкін жасанды интеллект пен роботтарға арналған [84, б. 120].

Жоғарыда айтылғандай, ресейлік дінтанудың өкілдері батыстық әдебиеттерде берілетін ақпаратқа сүйене отырып, дінтанудың орталық мәселесі - интегративті функцияны қызметке асырып, әдістемені жеткізуші болып табылатын дін философиясын қарастырғанын көрсеттік. Дін философиясының қатардағы сұрақтарына қатысты ресейлік түсініктемелерде дін анықтамасы мен дінтану мәселесіне қатысты анықтамалар жатқызылады. Смарттың шығармашылығында осы тақырыптар басты маңызға ие. Оның дін философиясы пәнін «созып» көрсету тек қана шығыстық діндермен шектелмеді, ал оның дінді анықтауға теологиялық ыңғайды танытуға деген сыны дінді анықтаудың жаңа типін құрастыруға алып келді [85, б. 15].

Батыстық ойшылдар Смарттың айтарлықтай жетістіктерінің бірі деп танығаны дінді тануда жеті өлшемді бөліп көрсетіп беруі. Бұл зерттеушінің ойынша дінді анықтауда туындайтын мәселелерді жеңілдетеді. Діндегі жеті өлшемді бөліп қарастырып беріп Смарт бір жағынан мысалға Құдаймен байланыс секілді теологиялық түсіндірмелерді, екінші жағынан дінді толығымен әлеуметтік құбылыс ретінде дюркгеймдік қырдан талқылауды жоққа шығарады. Смарттың ойынша діни өмірдің бастамасына алғышарт бұл діни тәжірибе (көзге көрінбейтін әлемді, болмаса сол әлемді ашушы бір нәрсені қабылдау) [86, б. 15]. Бөліп көрсетілетін жеті өлшем:

1. Доктриналды – құрамында негізгі идеялардың түсіндірмелерін қамтиды

2. Мифтік – діни тәжірибені көрсететін нарративтерді білдіреді

3. Этикалық (сонымен қатар құрамында құқықтық деген де бар) – бұл дәстүрмен қалыптасқан қарым-қатынас пен заңдардың бірлігі

4. Ритуалдық – тәжірибелік деп атауға да болады, культтік іс-әрекеттерді, дұға жасауды, іс-қимылдарды біріктіреді.

5. Тәжірибелік болмаса эмоционалдық – әсіресе діни мазмұн мен интенсивті түрде толтырылған психиканың белгілі бір күйлерін білдіреді.

6. Әлеуметтік – адамдардың қарым-қатынастары мен әлеуметтік жүйелердегі діннің көрініс табуы. Осы қарым-қатынастардың дамуынан белгілі бір деңгейде діни топтар құрылады.

7. Материалдық – дін өзінің өмір сүру барысында доктриналарының материалдық түрлерін қалыптастырады: ғимараттар, өнер туындылары (бұл өлшем 1998 жылы енгізілді). Сонымен қатар кейбір кейінгі жұмыстарда сегізінші өлшем де қосылған. Ол жерде діни дәстүрлердің саяси және әлеуметтік интенциялары кірген.

Бұл өлшемдердің маңыздылығы әр дін үшін әртүрлі, алайда олардың барлығы барлық тарихи діндерде бар. 1-3 өлшеулерді Смарт «тарихи» деп атайды, ал 4-6 – «паратарихи, бұл мағынада олар тарихилерге қарағанда діндар адамның ішкі өмірін, тәжірибесін сипаттайды және де эмпирикалық зерттеуге жатпайды. Оларды зерттеу үшін сенім мен қатысу қажет. Түсінбей, сұхбаттаспай сипаттау жеткіліксіз [86, б. 104].

Смарттың ойынша жетілік моделі дін мәселесін шешудің жолдарын береді. Дінді мағыналық тұрғыдан түсіну ғалымды қанағаттандырмайды себебі олар дін мәнін конфессионалды тәуелді етеді. Заманауи дінтану сыншысы Тимоти Фицджеральд Смарттың ұстанымы теологиялық және социологиялық редукационизмнен қоркумен сипатталады деп жазады. [87, б. 66]. Осы ережеге сәйкес Смарт дінтану пәнін кеңейтудің қажеттілігі туралы қорытындыға келеді. Смарттың жұмысы әлем бойынша тараған және белді идеологияларды – діни болсын зайырлы болсын зерттеу үшін дінтану мен дін философиясының концептуалды сараптамасын пайдалану қажеттілігінде [88, б. 169]. Көптеген зайырлы идеологиялардың діндермен ұқсастықтары бар. Смарт өзінің осы діннің жетілік өлшемі зайырлы идеологияларды сараптауда қалай қолданыла алатындығы жайлы ойларын, көзқарасын көптеген мысалдармен бейнелейді.

Смарт идеологияларды мазмұны, дамуы және кейбір қызметтері жағынан дәстүрлі мағынасындағы діндерге туыстық қатынаста деп есептейді. Британдық дінтанушы діндерді бір жағынан және дінге ұқсас осындай құбылыстарды екінші жағынан араластырудан алшақ болуға тырысады, сонымен қатар осы құбылыстардың және оларды зерттеуге деген жалпы ыңғайлардың ұқсастығын көрсетуге тырысады. Смарт құрамына дәстүрлі діндер, жаңа діни ағымдар, зайырлы идеологиялар және де басқа тарихи дүниетанымдық элементтердің барлық алуан түрлі рухани өмірді сипаттау үшін «дүниетаным» (*worldviews*) деген терминді қолдануды ұсынады. Смарттың ойынша зайырлы идеологияларды өзге тарихи дүниетаным элементтерінен бөліп қарастыру қолдан жасалынған нәрсе. Осы жерде Смарт теориясы біршама қиындықтарға тап болады. Бір жағынан ол «дін» деген терминді қолдануды тоқтатпайды және де оны анағұрлым кең ұғым «дүниетаным» сөзімен алмастырмайды. Смарт жұмыстарында рухани өмірдің түрлілігі «дүниетаным», «діни қауымдастықтар», «дәстүрлер», «идеологиялар», «мәдениеттер» өте жиі бірін бірі алмастырушы сөздер ретінде сипатталады. Нақты мағынасындағы дін анықтамасын бермейді, Смарт бір жерлерінде оны дүниетаным аумағына біресе қосады біресе жекелеп көрсетеді. Мұндай бөліп көрсету тек қана мәндік мағынасының негізінде ғана мүмкін, себебі жеті өлшем спецификалық тұрғыда діндерге тән емес. Мұндай мәндік айырмашылық ешқай жерде сипатталмайды және де Смарт өз жұмыстарында «сакралды-профандық», «трансцендентті - шеткерілік» және т.б. дихотомиялардан алыс болуға тырысады. Мұндай ұстаным әрине теологиялық зерттеулерден бөлініп тұру үшін қажетті, алайда іс-жүзінде біз зайырлылық пен діни дүниетанымдар арасында шекара өте бұлыңғыр.

Смарттың кейбір ойларына қарап дүниетанымдарды ажыратуға деген ұмтылысын байқауға болады. «Өте терең рухани қызығушылықтары бар көптеген адамдар бар, олар өздерін қандай да бір болмасын діни қозғалыстарға жатқызбауы мүмкін, сонымен қатар қай жағынан болмасын өздерін трансценденттілікпен бірлестікте қарастырмайды. Олар рухани мәнді (*ultimate*) табиғатпен бірлестікте болмаса басқа адамдармен деген қарым-қатынастан көрулері мүмкін» [89, б. 12]. Бұл жерде Смарт «тірі дін» (*lived religion*) деген ілімнің негізін салушы болып кете жаздауы да мүмкін, оны ол «religion on the

ground» деп атайды. Әңгіме нақты бір адамның бойында әлемді қабылдауында, діни, зайырлы ұстанымдармен қатар жеке діни тәжірибесімен тәрбие салдарының т.б. араласып үйлесімділік табуы жайлы болып отыр [90, б. 58].

Смарттың дін философиясына қатысты жазған ойлары үнемі бірізділікпен сипатталмайды, сонда да оны дін философы деп санауға мүмкіндік береді. Алайда бұл сипаттама Британдық ойшылдың бүкіл мұрасына қатысты емес. Көптеген тақырыптар, оның енгізген көптеген ұғымдары дінтанулық салада әлі де қолданыста [91].

Дінтанулық білім мәселесі Қазақстан дінтануы үшін өте өзекті және де батыстық ойшылдардың мұраларына жүгіну біз үшін маңызды болып табылмақ. Осы орайда Н. Смарттың ойлары идеялары әлі күнге дейін ғалымдар арасында үлкен дискуссияларды тудыруда [92, б. 67].

Жоғарыда аталып өткен ғалымдардың еңбектеріне сілтеме келтіре отырып енді шетелдегі дінтанудың жағдайын сараптауға келетін болсақ. Көп жағдайда еліміздегі дінтану саласына айтарлықтай әсерін тигізген ресейлік дінтанудың қалыптасуына шолу жасасақ.

XX ғасырдың аяғындағы Ресейдегі түбегейлі қоғамдық-саяси қайта құрулар діннің белсенділенуіне, оның қоғамдық өмірдің түрлі салаларына, соның ішінде білім беру саласына әсерінің күшеюіне әкелді. Діннің соңғы кезге дейін өте секуляризацияланған зайырлы мектепке енуі бірнеше жылдан бері қоғамда қызу және әрдайым сындарлы емес дау-дамай тудырып келе жатқан «мектеп пен дін» проблемасын туғызды және одан әрі шиеленістірді [93, б. 12]. Бұл мәселенің шешімі білім беру саласында емес, орыс қоғамы өмірінің әлеуметтік, саяси, тарихи және басқа контексттерінде кездеседі. Осыған қарамастан, қалыптасқан тарихи шындықтар мен әлеуметтік тәжірибелерді ескере отырып, сараланған білім берудің жаңа стратегиясын әзірлеу және тәжірибе жүзінде іске асыру қажет. Осы мақсатта іс жүзінде жалпы дінтанулық білім берудің бірыңғай стратегиясының әртүрлі нұсқаларын бекітетін: конфессиялық немесе зайырлыға бағытталған тарихи тәжірибені талдап, бәсекелес дүниетанымдық позициялардың білім беру тәжірибесін ескерген жөн сияқты.

Қазіргі уақытта діни (теологиялық) және дінтанулық (зайырлы) білім беруді зерттеудің әлеуметтік-философиялық тұжырымдамасын құру өте өзекті, өйткені мұндай тұжырымдама қазіргі Ресейдегі оның жағдайын қарастыруға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен қатар қоғамының діни және дінтанулық білімнің мәртебесі мен маңызын анықтауға, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде оның болашақта өзгеру тенденцияларын болжауға мүмкіндік береді. Теориялық талдау дінге көзқарас пен оның қоғамдық санадағы рөлін өзгертуге, осы саладағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың үлгісін қалыптастыруға негіз бола алады. [94, б. 45].

Ресейліктердің дінге деген қызығушылығының артуы көбінесе реформалар кезінде қалыптасқан Ресейдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға байланысты білім беруде ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету педагогикалық және жалпы әлеуметтік сипаттағы бірқатар күрделі мәселелерге

тап болды. Реформалар басталған кездегі дінге деген көзқарас бұны жаппай рухани құлдық идеологиясы ретінде қабылдады, сондықтан қоғамдық өмірдегі діни фактор сырттан енгізілген нәрсе емес, адам табиғатына тән және жан-жақты қарастыруды қажет етеді, ал дін туралы білімді ақылға қонымды - әлеуметтік және гуманитарлық білімнің ажырамас жүйесі ретінде қарастыру қажет [95, 9 б.]. Оның үстіне, дінтанулық білім гуманитарлық білімнің бөлігі ретінде, егер ол балалардың эмоционалдық саласына әсер етпесе, өз алдына білім беру міндеттерін қоймаса, көзделген мақсатқа жете алмайды деп айтуға болады. Мәселе мынада: дінтанулық (зайырлы) білім беру кезкелген сенімдерге үгіттеуді көздемеуі керек, белгілі бір дүниетанымды жақтап қалыптастыру міндетін қоймауы керек. Мұның бәрі діни және дінтанулық білім беру мәселесінің шешімі екі жақтың бірін қолдаушы білім беру саясатының тұжырымдамасын жақтаушылар ұсынғысы келгендей біржақты емес, бір сөзбен айтқанда, жауаптардан гөрі сұрақтар көп болатындығына нұсқайды [95, б. 84].

Ресейде 1990 жылдардан бастап өткізіліп келетін білім беруді ізгілендіру мақсатында реформалау мемлекеттік мектептерде дінді рухани-адамгершілік құндылықтардың, адамгершілік пен төзімділіктің тасымалдаушысы ретінде қайта қарау қажеттілігін алдына қойды. Нәтижесінде іс жүзінде «адамзат», «руханилық» және т.б сияқты философиялық категориялар діни моральдық құндылықтармен алмастырыла бастады, адамзат пен руханилық тек діни мазмұнға ие бола алады деген ой туды. Сондықтан бұл мәселені ойдағыдай шешу үшін философиялық категориялық аппаратты үстемдік еткен тарихи шындықтарды ескере отырып қайта қарау қажет [96, б. 23].

Мемлекеттік білім беру жүйесіндегі дінді мәдениетті қалыптастырушы құбылыс ретінде зерттеуге, діннің білім беру мекемелерін қалыптастыру үдерісіне әсерін қадағалап отыруға мүмкіндік беретін мәдени-антропологиялық тәсіл маңызды. Конфликтологиялық көзқарас негізінде білім беру мекемесінде және оның субъектілері арасында туындайтын қарама-қайшылықтарды анықтау оңай; зайырлы (академиялық) және діни (теологиялық) білім беру мекемелері арасындағы, сондай-ақ діни және дінтанулық зерттеулер арасындағы келіспеушіліктің мүмкін аймақтарын байқауға болады [97, б. 23].

Дінтанулық білімді берудің Ресейлік үлгісінде «Дінтану», «Теология», «Православие мәдениетінің негіздері» сияқты зайырлы білім беру курстары өзінің мазмұны бойынша идеологиялық болып табылады, сондықтан олар дидактиканың бинарлық заңына сәйкес келуі керек, оған сәйкес білім беру жүйесінде екі рет көрініс табу керек: нақты оқу пәні ретінде және оның мазмұнын барлық оқу пәндеріне, соның ішінде балалармен сыныптан тыс тәрбие жұмысын, отбасылық тәрбиені, жастардың мәдениетін біріктіру ретінде. Оқу пәні ретінде олар идеологиялық көзқарасына байланысты міндетті сағаттар кестесіне қосыла алмайды, бірақ олардың мазмұнын басқа циклдардың оқу пәндеріне кіріктіру өте қолайлы». Сонымен бірге мемлекет өзінің нормативтік құқықтық актілерін қолдана алады. Мемлекеттік емес конфессиялық оқу орындарын ашуға және сол жерде діни пәндер бойынша білім беру қызметін

жүргізуге рұқсат немесе лицензия беру арқылы діни білім беру мекемесінің өкілеттіктері мен дамуына әсер ете алады.

Мемлекеттік білім беру жүйесінің дінді атеистік идеология ретінде толық қабылдамауынан діни дүниетаным құндылықтарын білім беру үдерісіне енгізуге, өзара әрекеттесу шекараларын анықтауға көшу процесі деп айту керек қазіргі Ресейдегі мемлекет пен шіркеудің білім беру мекемелері барған сайын айқын көрінуде. Дегенмен, екі білім беру жүйесінің (зайырлы және діни) қарама-қарсылығы, шын мәнінде, екі құндылық жүйесінің қарсы тұруы болып табылады. Бұл бірқатар факторларға, соның ішінде бұрынғы кеңестік білім беру жүйесінің кемшіліктеріне байланысты: кадр мәселесі, оның сабағының мазмұны және сыныптан тыс жұмыс, балалардың да, мұғалімдердің де, ата-аналардың да мүдделерінен алшақтығына ал жалпы алғанда бұл жалпы бүкіл қоғам. Реформалар нәтижесінде мектеп жаңа туындайтын мәселелерді шешуге дайын емес болып шықты, ал білім беру мен оқыту бірыңғай процесс болмай қалды [97, б. 32].

Ресей мемлекетінде «Діни мәдениет және зайырлы этика негіздері» атты міндетті курс 4-сыныпқа енгізілді орта білім беретін оқу орындарында мұндай пәндерді оқытудың қажеттілігі туралы пікірталасқа нүкте қойды. Бірақ мектеп оқушыларын қалай, кімге, неге, нені оқытады деген сұрақтар аз болмады. Мұндай пәндерді мектептерде оқу тәжірибесі Ресей үшін жаңалық емес, бұл тәжірибе шетелде де кең тараған.

2012 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пән 4-сыныптың білім беру бағдарламасының міндетті бөліміне енгізілді, көлемі 34 сағатты құрады. 2012 жылдың ақпан айының басында Ресей Федерациясының Үкіметі іс-шаралар жоспарын бекітті, оған сәйкес қаңтардан наурызды қоса алғанда, мектеп оқушылары мен ата-аналар оқу модулін таңдау туралы шешім қабылдауы керек еді. Жаңа пәнде олардың алтауы: православиелік, исламдық, буддалық, еврей мәдениеттері, әлемдік діни мәдениеттердің негіздері және зайырлы этика. Ресейдің 21 аймағында екі жыл бойы жүргізілген апробация мектептер мен ата-аналар «Діни мәдениеттер және зайырлы этика негіздерін» тұрақты режимде енгізуге дайын екенін көрсетті.

Сондай-ақ, Қоғамдық кеңестің ұсынысы бойынша бастапқыда 4-сыныптың соңы және 5-сыныптардың бірінші тоқсанында оқу жоспарланса да, курс толығымен 4-сыныпқа көшірілді. «Ыңғайсыз», - деді сол кездегі Кеңес сарапшылары және олар дұрыс шешім шығарды: бесінші сыныпта балаларға жаңа, бейтаныс мұғалімдер келеді, балалар күйзеліске түседі, ал жазғы каникулда оқудағы үзіліс тым ұзақ.

«Діни мәдениеттер негіздері және зайырлы этика» курсы енгізудің принциптерінің бірі Ресейдің Білім және ғылым министрлігінің құжаттары бойынша «конфессияаралық ынтымақтастық пен өзара сыйластықты ынталандыру» болып табылады. Біздің елде ғана емес, сонымен қатар одан тыс жерлерде болып жатқан жаңашылдық, инновациялық процестер. Әр түрлі діни мәдениеттерді зерттеу сабағы білім алушыларды конфессиялық бағыт бойынша

бөліп жібермеуі керек, керісінше студенттерді басқа діндерді құрметтеуге және тануға үйретуі керек.

Ресей Министрлігінің 2012 жылғы мәліметтері бойынша «Бүгінгі күні 77 аймақта оқыту модулін таңдау толығымен аяқталды. Мұнда тосынсыйлар жоқ. Апробация кезеңінде де білім алушылардың көпшілігі зайырлы этика негіздерін таңдады, содан кейін православие негіздері танымал болды, ал үшінші орында - әлемдік діндердің негіздері. Әрі қарай - ислам, буддизм және иудаизм. Қазір жағдай бірдей: зайырлы этика - шамамен 41 пайыз, православие - үштен бірі, әлемдік діни мәдениеттер - 20 пайыздан сәл асады, ислам - 5,6 пайыз, буддизм - 1,2 пайыз. Иудаизм бұған жете бермейді: 4-5 сынып оқушыларының жалпы санының оннан бір бөлігі ғана (бүгінде олардың саны миллионнан астам), оны оқығысы келеді [98, б. 52].

Қазіргі әлемде діни төзімділікті қалыптастыру, әртүрлі діндер ұстанушыларының ұстанымдары мен көзқарастарын құрметтеу және толеранттылықты дамыту мақсатында мектепте дінді, дін тарихын және дінтануды оқытудың көптеген әдістері бар.

Ұлыбританияда бұл «ішкі кірігу» әдісі. Мемлекеттік мектептерде дін сабақтарында зайырлы мұғалімдер жұмыс істейді. Олардың мақсаты – мектеп оқушыларын әртүрлі діндерге құрметпен қарауға тәрбиелеу, моральдық-этикалық мазмұны, дін және жалпы діни мәдениет туралы ақпарат беру, қазіргі Ұлыбританияда тұратын діндер: индуистар, сикхтер, буддистер, православтар, мұсылмандар туралы ақпарат беру. Бұл әдістің міндеті – студентке өзінің ішкі дүниесімен сол немесе басқа сенушімен не болып жатқанын сезінуге, оқу процесіне әртүрлі діни тәжірибенің материалдық объектілерін енгізу арқылы діни дәстүрдің қасиетті мазмұнына енуге мүмкіндік беру: иконалар, кресттер, қоңыраулар, Пасха жұмыртқалары және т.б. [99, б. 24]

Бұл әдіс орыс мектептерінде «Әлемдік діни мәдениеттер негіздері» модулін оқып-үйренуде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір түзетумен конфессиялық діни мәдениеттерді зерттеу процесінде (православие, ислам, буддизм, иудаизм) сәтті қолданылады.

Мектепте дінді оқыту мәселесі барлық елдерде өзекті және оның тәжірибесі өзгермелі. Кейбір елдерде дін, кейбір елдерде діндер тарихы, кейбір елдерде этика зерттеледі. Бірақ балаларды оқыту үшін қандай модель таңдалса да, мектеп бағдарламасында осындай пәннің (пән, курс, модуль) болуы дін, адамгершілік, адамгершілік қоғамнан бөлек өмір сүрмейтінін, бірақ онымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Білім беру процесінің басты мақсаты қоғамға бейімделумен қатар, жеке тұлғаның әлеуетін, білім мен біліктің белгілі бір жүгін сәтті жүзеге асырумен қатар, рухани, адамгершілік жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Өзбекстан, Қырғызстан мектептеріндегі дінтану

20 ғасырдың аяғындағы Орталық Азия республикаларындағы түбегейлі әлеуметтік-саяси қайта құрулар діннің белсенділенуіне, оның қоғамдық өмірдің әртүрлі аспектілеріне, соның ішінде білім беру саласына ықпалының күшеюіне әкелді. Діннің соңғы кезге дейін шектен тыс зайырлы болып келген зайырлы

мектепке енуі қоғамда бір жылдан астам уақыт бойы қызу, үнемі сындарлы даулар тудырып келе жатқан «мектеп пен дін» мәселесін тудырып, одан әрі шиеленістіріп жіберді. Бұл мәселенің шешімі білім беру саласында емес, әлеуметтік, саяси, тарихи және т.б. аспектілерде.

Қалыптасқан мәселелер мен қайшылықтар, бір жағынан, заңнаманың жетілдірілмегендігінен, екінші жағынан, діни бірлестіктердің ағарту жұмыстарының белсендірілуінен туындады. Соның салдарынан Өзбекстанның мемлекеттік оқу орындары дінге қатысты құндылықтарды қайта бағалау үдерісіне тартылды. Осыған байланысты білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін құқықтық базаны талдау; республиканың мемлекеттік оқу орындарында діни және дінтанулық білім беру тәжірибесін жалпылау; дін туралы білімді зайырлы (академиялық) білім беруге енгізу процестерін ғылыми тұрғыдан түсіну өзекті болды.

Тәуелсіздік жарияланғаннан кейін Орта Азия аймағының әр мемлекеті діни білім беру саласында дербес саясат жүргізе бастады. Өзбекстан Республикасының басшылығы ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету, рухани мәдениетті қайта түлету және дамыту, ата-бабалардың бай ғылыми және мәдени мұраларын зерттеу және насихаттау, қасиетті жерлерді қалпына келтіру және абаттандыру саясатын жүзеге асыра бастады. Бұл біртіндеп әртүрлі ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің, сондай-ақ діни конфессиялардың бейбіт өмір сүруіне тең құқықтық жағдайлар жасауға мүмкіндік берді.

1998 жылы толықтырылып, жаңа редакцияда бекітілген Өзбекстан Республикасының 1991 жылғы «Ар-ождан бостандығы және діни ұйымдар туралы» Заңы іс жүзінде Өзбекстанның барлық азаматтарының ар-ождан және дін бостандығын қамтамасыз етті.

Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Өзбекстан басқа мемлекеттер сияқты тарихты зерттеу және оқыту мен діндердің қазіргі дамуымен, яғни елдегі дінтанумен байланысты проблемаға тап болды. Орта мектептерде әлемдік діндердің негіздерін оқытуға ал жоғары оқу орындарында - «Дінтану» толық курсы енгізуге қатысты мәселелер өзбек қоғамында талқыланды.

Сайып келгенде, 1998 жылы «Әлемдік діндер тарихы» пәні жалпы білім беретін мектептердің 9 сыныптарының оқу бағдарламасына енгізіліп, 2001 жылы екінші басылымнан өткен «Дунё динлари тарихи» деп аталатын өзбек тілінде оқулық жарық көрді. Ал республиканың жоғары оқу орындарында «Руханият және дінтану негіздері» оқу курсы енгізілді, ол үшін «Дінтану» оқулығы дайындалып, өзбек және орыс тілдерінде жарық көрді.

Діни саланы тәртіпке келтірудегі маңызды қадам барлық діни ұйымдарды, оның ішінде конфессиялық білім беру мекемелерін мемлекеттік қайта тіркеу болды. Мемлекет Өзбекстанның Мұсылман Басқармасына діни оқу орындарының қызметінде тәртіпті орнатуға көмектесу үшін көп күш жұмсады. Бұл заң тұрғысынан оларды тіркеу және лицензия беру туралы заңнаманы нығайтуда көрініс тапты.

Қазіргі кезде діни әдебиеттер республикада еркін жарияланып, таратылуда. Өзбекстанның діни өмірін толығымен қастерлеу үшін бірқатар

газет-журналдар, соның ішінде «Ислом Нури», «Слово Жизни», «Хидоят», «Восток» журналдары және т.б. газеттер шығарылады. Діни әдебиеттерді сату ашық мамандандырылған дүкендер арқылы жүзеге асырылады.

Республикалық теледидар «Зиё Студуси», «Хидоят сари», «Өзбекстанның тарихи ескерткіштері», «Өткен заманның ұлы ғалымдары» және басқа рухани-ағартушылық бағдарламаларын ұсынады.

Өзбекстандағы діни білім беру жүйесі 9 орта арнайы исламдық оқу орындарын, соның ішінде 2 әйелдер, православиелік және протестанттық семинарларды, Ташкент ислам институтын қамтиды.

Діни білім берудің негізгі орталығы - Ташкент Ислам Университеті (ТИУ), 1999 жылы сәуірде құрылған. Университет қызметі үш негізгі бағытқа негізделген. Бұл оқу-әдістемелік процесс, ғылыми-теориялық зерттеу, рухани-ағартушылық қызмет. Университетте 3 факультет бар: Ислам тарихы және философиясы факультеті; Фикх, экономика және жаратылыстану факультеті; кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау факультеті. Факультеттерде 10 кафедра, соның ішінде ЮНЕСКО-ның Әлемдік діндерді салыстырмалы зерттеу кафедрасы бар. Университетте студенттер өзбек және орыс тілдерінде оқытылатын топтарда оқиды.

Қазіргі уақытта Ташкент ислам университеті 5220400 Дінтану мамандығы бойынша бакалаврлар дайындайды. Бакалавриат студенттері үшін «Дінтану негіздері», «Әлемдік діндер тарихы», «Дін философиясы», «Дін социологиясы», «Дін психологиясы», «Дін тарихының сұрақтары» «Орталық Азия халықтарының діні» сияқты және т.б. курстар оқытылады.

Магистратура «Діндер тарихын аймақтық зерттеу», «Діни дереккөздерді талдау әдістемесі», «Дін және құқық», «Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің діни-философиялық ілімдері», «Салыстырмалы дінтану», «Дінтану мәселелері Батыс шығыстануында» және т.б.

Университет түлектері іргелі, жалпы кәсіби және арнайы дайындыққа сәйкес жұмыс істейді:

- орта, арнаулы орта және жоғары білім беру жүйесінде әлемдік діндер тарихы, дінтану, руханият пен ағартушылық негіздерінің оқытушысы;
- редактор, библиограф, кітапханалардағы, баспалардағы және бұқаралық ақпарат құралдарындағы аудармашы;
- Дін істері комитетінде, руханият және ағарту орталықтарында, діни ұйымдарда, ішкі істер министрлігінде сарапшы - дінтанушы ретінде;
- өткен ғалымдардың мұраларының көне тарихи және діни қолжазбаларын зерттеуге арналған мұрағаттағы мұрағатшы.

Сонымен қатар, олар ғылыми-зерттеу мекемелерінде әлеуметтік ғылымдар бойынша ғылыми жұмыстар жүргізеді, социологиялық зерттеулер жүргізеді және сауалнамалардың нәтижелерін стандартты әдістерді қолдана отырып өңдейді, мемлекеттік және өлкетану мұражайларында гид немесе ғылыми қызметкер лауазымын атқарады және т.б.

Өзбекстандағы діни білім берудің қазіргі жағдайын зерттеу келесі жалпылама жасауға мүмкіндік береді:

- Қазіргі уақытта Өзбекстанда мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі зайырлы діни білім беру жүйесі, сондай-ақ діни білім беру жүйесі діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуінің конституциялық қағидатына негізделген және Өзбекстан Республикасының Конституциясында бекітілген дамыған құқықтық негізге ие.

- Толыққанды діни білім қазіргі заманғы адамның мәдениетінің, дүниетанымының кеңдігі мен жан-жақты білімінің, оның дін мен белгілі бір діни бірлестіктердің адамзат тарихы мен мәдениетіндегі орны мен рөлі туралы елдер мен халықтардың түсінігін қамтамасыз етуге арналған.

- Діни білім жастарды ұлтаралық және дінаралық келісім рухында, әлемнің басқа халықтарының діни сенімдері мен дәстүрлеріне, сенушілер мен сенбейтіндердің сенімдері мен сезімдеріне деген құрметпен қарау рухында тәрбиелеуге, осы негізде білім беруге бағытталған, патриотизм, өз елінің өткеніне, ата-баба мұрасына деген құрмет.

- Оқыту әдістерін одан әрі жетілдіру, оқу үдерісінің әсерін арттыру мақсатында педагогикалық кадрларды қайта даярлау жолға қойылды [100].

Педагогикалық кадрларды қайта даярлау Ташкент Ислам университетінде және Имам Бухаридің Халықаралық орталығында ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курстарында жүзеге асырылады, онда көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, академик экономистер, заңгерлер, тарихшылар, саясаттанушылар, сондай-ақ белгілі дін қайраткерлері сабақ береді.

Сонымен, әр көпұлтты және көпконфессиялы мемлекетте дінтану түсіндіретін этносаралық келісім мен дінаралық толеранттылық қоғамдағы тұрақтылық пен прогресстің берік негізін құрайтын маңызды факторлар деп санай аламыз.

Өзбекстанның жоғары оқу орындарында «Дінтану» пәні енгізілді. Жоғары білім министрлігінің мәліметінше, жоғары оқу орындарының оқу жоспарында бұған дейін «Дінтану. Руханият негіздері» пәні болған, алайда 2017-2018 оқу жылынан бастап дінтануды жеке бағдарлама және пәнге бөлу ұзартылған жұмыс уақыты туралы шешім қабылданды.

Бүгінгі күнге дейін жалпы білім беретін мектептердегі білім беру үдерісі діни оқытуға негізделмеген, өйткені «Білім туралы» заңға сәйкес осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары білім мен тәрбиенің гуманистік, демократиялық сонымен қатар білім беру жүйесінің зайырлы сипаты болып табылады.

8, 9, 10 және 11 сыныптардың оқу бағдарламаларында «Әлемдік діндер тарихы» пәні бар. Оның шеңберінде дін мен қоғам, дін мен білім, тәуелсіз Өзбекстандағы дінге деген көзқарас, бейбітшілік пен гүлдену, интернет және дін, Өзбекстандағы діни төзімділік пен діни білім сияқты қарапайымнан күрделіге дейінгі ұғымдар оқытылады.

Бұл оқу пәні әлемдік діндер тарихы, ілімдері, олардың мәні және оларда насихатталатын шығармашылық идеялар туралы алғашқы білімді қамтамасыз етуге арналған. Ол діндердің қасиетті қайнар көздері, олардың тарихы, адамзат тарихындағы рөлі мен орны туралы әңгімелейді. Сарапшылардың пікірінше, бұл

тақырыптар студенттердің діндерді жіктеу, алғашқы формалары, пұтқа табынушылық және кейінгі конфессиялар туралы білімдерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге студенттер дін туралы білім негіздерін іс жүзінде бірінші сыныптан алады. Мысалы, 1-7 сыныптар аралығында «Әдеп әліппесі», «Отан сезімі», «Ұлттық тәуелсіздік идеясы және руханилық негіздері», «Тарих» сияқты пәндер 52 сағат, онда діннің пайда болуы және оның бүкіл әлемге таралуы, діннің мемлекет пен қоғамдағы рөлі туралы негізгі түсініктер, сонымен қатар адамгершілік принциптері, діни және ұлттық толеранттылық және көп ұлтты Өзбекстан туралы ақпарат бар.

Колледждер мен лицейлерге келетін болсақ, олар «Ұлттық идеология: негізгі түсініктер мен қағидалар», «дінтану», «руханият негіздері», «Діни экстремизм мен фундаментализмге қарсы күрес» арнайы курсы, толеранттылық, азаматтығын қалыптастыру сияқты пәндерді оқиды ұлттық тарих пен мәдениеттің байлығы, жалпы адамзаттық құндылықтар туралы.

Өзбекстан Республикасындағы діни саясат мемлекеттің зайырлы сипаты мен оның толеранттылық принциптеріне негізделген, яғни барлық діндерге төзімділік пен тең қатынас, мемлекеттің дінмен салауатты және сындарлы ынтымақтастықты дамытуға деген ұмтылысы. Оның негізгілері - Өзбекстанда поликонфессиялық қоғам бар және дамып келеді.

Өзбекстандағы дін саласындағы тәуелсіз даму жылдарында мемлекеттік саясатта болған оң өзгерістер білім беру саласында да түбегейлі өзгерістерге алып келді, бұл білім беруді жетілдіруге байланысты көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік берді [101].

Осы бағыттағы ең маңызды қадам Өзбекстан Республикасының «Ар-ождан бостандығы және діни ұйымдар туралы» Заңын қабылдау болды (жаңа редакция 1998 жылы 1 мамырда ел парламентімен қабылданды). Атап айтқанда, оның баптарына сәйкес:

- діни білім беруде ешбір мәжбүрлеуге жол берілмейді.
- кәмелетке толмағандарды діни ұйымдарға тарту, сондай-ақ олардың ерік-жігеріне, ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың еркіне қарсы өз дінін үйретуге тыйым салынады (3-бап).
- Өзбекстан Республикасындағы білім беру жүйесі діннен бөлінген. Білім беру жүйесінің оқу жоспарларына діни пәндерді енгізуге жол берілмейді.
- Азаматтарға зайырлы білім алу құқығы олардың дінге қатынасына қарамастан беріледі. Өзбекстан Республикасының (7-бап. Білім беру жүйесі және дін).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, сонымен бірге, мемлекеттік білім беру жүйесі жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбында «Әлемдік діндер тарихы», «Дінтану негіздері» және т.б. «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың рухани-тәрбиелік негіздері» атты арнайы курстар түрінде - академиялық лицейлер мен колледждерге арналған. Университеттердің алғашқы курстарының оқу жоспарында «Руханият негіздері: дінтану» пәні бар.

Сонымен қатар, діндердің ешқайсысына артықшылық берілмейді, олардың кез-келгенін насихаттау алынып тасталады, тіпті жанама түрде, белгілі бір діннің пайда болуы мен дамуы туралы жалпы, тарихи жоспар туралы ақпарат беру. Сонымен бірге, әр оқушы мен студентті діни төзімділік рухында, басқа конфессияның өкілдеріне құрметпен қарау рухында тәрбиелеуге ерекше назар аударылады.

Мұндай мақсатты қызмет, жалпы алғанда, сенімді экстремизм мен терроризмнің ықпалына қарсы тұруға қабілетті, сенімділігі мен тұрақты көзқарасы бар жас ұрпақты тәрбиелеу, дін туралы дұрыс және саналы идея қалыптастыру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік білім беру жүйесінде орта мектептер, академиялық лицейлер мен колледждер, жалпы жоғары оқу орындарының мұғалімдері және жоғарыда аталған пәндерді оқытатын мұғалімдер үшін «діни тақырыпты» қамтитын біліктілікті арттыру курстарының тұтас циклы бар. Қызмет өтілі мен мамандығына байланысты олар қайта даярлаудың және біліктілікті арттырудың көп сатылы жүйесінен ұзақ уақыт кезеңді түрде өтеді: облыстық, ведомстволық және республикалық деңгейде.

Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримовтың бастамасымен 1999 жылы құрылған Ташкент ислам университеті білім беру жүйесінде, оның ішінде рухани салаға тиісті кадрларды даярлау жүйесінде, жастар арасындағы діни факторға деген көзқарасты сондай-ақ тиісті білім беру жүйесін қалыптастыруда ерекше орын алады.

Кәсіби дамудың маңызды буындарының бірі - осы университеттің кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау факультеті, оның ішінде «Дінтану және руханият негіздері» оқу курсының оқытушылары, діни мәселелермен айналысатын мамандар. Оқу бағдарламасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес мәселелері де бар. 2000 жылдан бастап осы уақытқа дейін осы ұйымдарда 49 236 қоғамдық ұйымдардың өкілдері, білім беру мамандары мен оқытушылар құрамы оқыды, олардың 37 163-і жергілікті жерлерде ұйымдастырылды. Оның ішінде 4000-нан астам студенттер діни бағыттағы академиялық пәндерді оқытатын, жоғары оқу орындарының профессорлары мен оқытушылары, діни оқу орындарының оқытушылары мен сарапшылар санатына жатады.

Тіркелген діни мекемелерде оқу-әдістемелік кешендермен байланысты проблемалар жоқ, өйткені тәуелсіздік жылдарындағы модернизация үрдісі дінтанулық білім беру жүйесіне де әсер етті. Соңғы жылдары, негізінен, осы мекемелердің оқытушылары мен республиканың дін қайраткерлері білім алушылар мен студенттердің осы санатына арналған 20-дан астам оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды жасады. Олардың қатарында Өзбекстан мүфтиі У. Алимовтың «Сіз сұрадыңыз» деген жалпы атаумен 2007-2013 жылдарды қамтитын жинақтар циклі бар және пәтуа және фикһтың (ислам құқығының) заманауи аспектілері бойынша кең ауқымды сұрақтарға жауаптарды қамтитын «Құран мағыналарының аудармасы», авторы Өзбекстан мұсылмандары діни басқармасы (ӨМДБ) төрағасының орынбасары, шейх А. Мансуров,, «Ислам

және фундаменталистік қозғалыстар», оқу құралы, 2013 ж., ӨМДБ төрағасының орынбасары А. Төлепов, сонымен қатар «Орталық Азия халықтарының қоғамдық-саяси және діни қозғалыстарының тарихы» кітабы, 2011, авторлар ұжымы.

Бұл материалдар ӨМДБ жанындағы Ташкент Ислам институты студенттерінің оқу процесінде қолданылады. Сонымен бірге, белгіленген ережелерге сәйкес, («бірінші блок» деп аталатын) қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқыту кезінде зайырлы оқу орындарына арналған оқулықтар мен басқа да оқу-әдістемелік кешендер қолданылады. 1999 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан тіркеуден өткен діни мекемелерде (ӨМДБ жанындағы Ташкент ислам институты және 9 орта арнайы рухани исламдық білім беру мекемелері) Мемлекеттік білім стандартына жақын жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларын енгізу тәжірибесі студенттер арасында білім мен зайырлы ғылым және рухани саламен диалог құруды кеңейтуге ықпал етті.

Фундаменталды және қолданбалы ғылыми бағыттар шеңберінде дінтану, исламтану, ислам философиясы бойынша зайырлы білім беру мекемелері мен жалпы көпшілікке арналған оқулықтар, оқу бағдарламалары мен оқу құралдарын шығарумен айналысатын Ташкент Ислам Университетінің Исламтану ғылыми зерттеу орталығын ерекше атап өтуге болады.

Діни әдебиеттер саласын реттейтін Өзбекстан үкіметінің 2014 жылғы қаңтарда бекіткен діни мазмұндағы материалдарды дайындау, әкелу және республика аумағында тарату жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі туралы ереже қабылданған. Бұл қызметке мемлекеттік діни сараптамадан кейін ғана рұқсат етіледі. Оны жүзеге асыру үшін бақылау көшірмесі және өндіріске арналған материалдар туралы қажетті ақпарат министрлер кабинеті жанындағы Дін істері комитетіне алдын ала беріледі. Бұл орган діни әдебиеттерге сараптама жүргізеді, сонымен қатар мемлекеттік діни сараптама қорытындыларының бірыңғай тізімін жүргізеді.

Тіркелген діни оқу орындары мен оқу-әдістемелік материалдарды дайындау процесінің өзара байланысы қандай деген сұрақ туындауы мүмкін.

Өзбекстан Республикасының заңнамасына сәйкес, білім беру жүйесінің оқу бағдарламасына діни пәндерді енгізу мүмкін емес, бұл дін туралы ақпарат беретін пәндерге қатысты емес. Осындай пәндерді оқыту процесінде әлемдік және ұлттық діндер, олармен байланысты ғұрыптар мен рәсімдер туралы энциклопедиялық сипаттағы ақпарат ұсынылады.

Тіркелген діни оқу орындары жалпы гуманитарлық пәндерден басқа, сонымен қатар шет тілдерін қоспағанда, барлық пәндер бойынша негізінен өздерінің оқу материалдары негізінде сабақ береді. Оқулықтар мен басқа да оқу құралдарын діни білім беру жүйесінде мол тәжірибесі бар осы оқу орындарының оқытушылар құрамы өздері дайындайды.

Сонымен бірге, «Дінтану», «Әлемдік діндер тарихы» оқулықтарында негізгі діндер мен діни рәсімдер мен дәстүрлер, «Дінтану», «Этика», «Руханият негіздері», «Әдебиет» адамгершілікке, отансүйгіштікке, ата-ананы құрметтеуге және адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынасқа шақыратын Құран аяттары,

хадистер мен риуаяттарды (эпсаналар, аңыздар) қамтитын бірқатар тақырыптарды қамтылады.

Өзбекстан елінде тіркелген діни мекемелер мен мемлекеттік мектептер арасында қандай қарым қатынас орнаған деген мәселеге келсек.

Өзбекстан Республикасының «Білім туралы заңына» сәйкес, жоғары білім алу үшін жасқа шек қойылмайды, сонымен бірге діни оқу орындарында оларға қабылдау үшін жас шектеулері жоқ.

1998 жылғы 1 мамырда қабылданған «Ар-ождан бостандығы және діни ұйымдар» туралы заңның 4-бабы, 9-тармағына сәйкес, діни білім беруді жеке оқытуға тыйым салынған болса, 2021 жылғы 26 маусымдағы өзгертулер мен толықтыруларда бұл шектеулер жоқ. Кез келген адам орта немесе арнай орта, жалпы білім беру оқу орнын аяқтаған болса діни білім алуға толық құқылы.

Тіркелген діни мекемелердің өкілдері мемлекеттік білім беру ұйымдарында өткізілетін рухани-ағартушылық іс-шараларға қатысып, жалпы адамзаттық құндылықтарды, діннің қоғам өміріндегі орны мен рөлін насихаттауға үлес қосуда.

Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін діннің белсенді қайта жандана бастауы, оның қоғамдық өмірдің түрлі салаларына, соның ішінде білім беру саласына әсерінің артуы байқала бастады. Посткеңестік кеңістікте қоғамдағы діни құндылықтардың объективті дамуы мемлекеттердегі білім беру жүйесінің дінді толығымен атеистік идеология ретінде қабылдамауынан діни дүниетаным құндылықтарын білім беру үдерісіне енгізуінен көрініс тапты. Осы орайда жоғарыда келтірілген Ресей мен Өзбекістан мемлекеттерімен қатар келесі кезекті Қырғызстандағы дінтанулық білімге қатысты қысқаша ақпарат беріп өтсек.

Дін туралы білімді зайырлы мектепке енгізу қажеттілігі, өз кезегінде, діни білім беруді жүзеге асыру және беру мәселелерін, жалпы білім беру мекемелерінде білім берудегі зайырлылық пен діндарлықты саралаудың құқықтық және әдістемелік аспектілерін өзекті етті, сондықтан тиісті білім беру бағдарламалары мен тәсілдерін әзірлеу ісі қолға алынды.

Осылайша, Қырғызстанның білім беру жүйесі мектептерде білім беру, құқықтық, құндылық-нормативтік басымдықтарды көрсететін діни білім берудің отандық моделін дамыту қажеттілігіне тап болды.

Мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердегі дін туралы білімнің мазмұны мен сипатына қатысты негізгі міндетт – мақсатты айқындау және дін туралы мектеп курсының міндеттерін анықтау.

Қазақстан, Ресей, Өзбекістан мен Қырғыз Республикасының конституциялық-құқықтық нормаларының жалпы ұқсастығын ескере отырып, діни ұйымдардың теңдігі туралы заң нормалары мен «дәстүрлі діндерді» белгілеп алу нормалары арасындағы қатынастардағы құқықтық диссонанс туындуды қауіп бар.

Қырғызстан зайырлы мемлекет және мемлекеттің заңына сәйкес:

- жалпы білім берудің зайырлы сипаты белгіленді;
- мемлекеттік білім беру мекемесінде міндетті пән ретінде бірде бір дін орныға алмайды;

- мемлекет дінге қарсы ілімді насихаттамайды;
- мемлекеттік мекемелерде дінтану курстары бейтарап және объективті түрде ұсынылған болса, оларды енгізуге тыйым салынбайды;
- азамат кез-келген дінді ұстана алады, немесе ешбір дінді ұстанбаса да құқылы;

- мемлекет ел үшін дәстүрлі діндердің (ислам, православие) басымдылығын белгілейді;

Қырғыз Республикасы Қорғаныс Кеңесінің 03.02.14 жылғы шешімі дінтанулық білім беруді жүзеге асырудағы нық қадам болды онда уәкілетті мемлекеттік органға Қырғыз Республикасындағы діни мәдениет тарихын оқыту Тұжырымдамасын әзірлеу тапсырылды.

Дінтанулық білім беруді жетілдіру шаралары «2015-2020 жылдарға арналған Қырғызстан Республикасының діни саладағы мемлекеттік саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында» бекітілген. Құжатта зайырлы дінтанулық білім беру жүйесін жетілдірудің мақсаты көрсетілген, оның нәтижесі әлемдік діндер негіздері пәнін жалпы білім беру мекемелеріне енгізу, сонымен қатар дінтанулық білім берудің сапасын арттыру. Жоспарланған міндеттер:

- Орта арнайы және жоғары білім беру жүйесі үшін дінтану бойынша мемлекеттік білім беру стандартын әзірлеу және қабылдау;

- «Діни мәдениеттің тарихы» академиялық пәнінің оқу бағдарламасын құру және оны жалпы білім беретін курс ретінде орта мектептің жоғарғы сыныптарында, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында енгізу;

- Мектеп оқушылары мен колледждердің студенттері, мектеп оқытушылары мен университеттің оқытушылары үшін дінтану және діни мәдениет тарихы бойынша оқу құралдары, анықтамалық және иллюстрациялық материалдар (баспа басылымдары, дәрістер, презентациялар, электронды материалдар) циклын шығару [102].

2016 жылдың 16-18 тамызында Қырғыз Республикасының Дін істері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы, Қырғыз Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірге «Осло орталығының» (Норвегия) қолдауымен таңдалған 10 республикалық пилоттық мектеп мұғалімдеріне «Діни мәдениет тарихы» пәнін оқыту бойынша үш күндік оқу курсы өткізді. 2016 жылдың қыркүйегінен бастап бұл курс осы 10 мектептің 9-сынып оқушылары үшін енгізілді. Курстық бағдарлама оқу жылының 1 семестріне арналған және 16 сағаттан тұрады, оның 12 сағаты сабаққа, 4 сағаты мұғалімдерге арналған.

Пилоттық жобаның нәтижелері 2017 жылдың 16-17 ақпанында осы курстың оқытушыларына және мемлекеттік органдар мен мүдделі тараптардың қатысуымен дөңгелек үстел (ҚР ҰҒА, Қырғыз Республикасының әртүрлі діни оқу орындары, ҚМДБ, Бішкек және Орыс Православие шіркеуінің қырғыз епархиясының, «Чамсен» діни буддалық қоғамының, Евангелиялық Христиандар-баптистер шіркеулерінің одағы және т.б.) өкілдеріне арналған семинар өтті.

Семинар барысында оқытушылар «Діни мәдениеттің тарихы» пилоттық курсы бағалады. Сауалнама нәтижелері бойынша оқу бағдарламасы «өте жақсы» - 14,2% (190 сұрақтан 27 сұрақ), «жақсы» - 53% (101), қанағаттанарлықсыз деп бағаланды. - 27,36%, (52) [102].

Пікірталастар нәтижесінде қатысушылар бұл пәннің қажеттілігін сөзсіз қолдады, бірақ мазмұны жағынан және айтылған ұсыныстар мен ескертулерді енгізудің маңыздылығын атап өтті.

Бұл бағыттағы негізгі құжат сонымен қатар Қырғызстан Білім Академиясы әзірлеген «Діндер тарихы» пәнінің оқу бағдарламасы болып табылады. Оны жүзеге асыру негізгі мектепте (5-9 сыныптар) «Діни мәдениеттің тарихы» факультативті (қосымша) курсы арқылы, орта мектепте - 10-сыныпқа «Жаһандану дәуіріндегі әлемдік діндер» (мәндетті таңдау курсы), сонымен қатар 11 сыныпқа жоспарланған - «Қазіргі Қырғызстандағы діндер» элективті курс арқылы жоспарлануда. Курс 238 оқу сағатына есептелген (әр сынып бағдарламасы үшін 34 сағат - 5-тен 11-ге дейін) [102, б. 7].

Кейбір зерттеулер жоғарыда аталған бағдарлама туралы келесі ескертулерді көрсетті:

1. Тарих курсының тақырыптарын қайталау (әсіресе 6,7,8 сынып бағдарламаларында)

2. Курстардың тақырыптық мазмұнындағы шамадан тыс егжей-тегжейлі (238 сағат), осыған байланысты студенттердің шамадан тыс жүктемесі курстың оқу-тәжірибелік мақсаттарынан алшақтап кетуіне әкеледі.

3. Осы курстың білім беру саласындағы бұған дейінгі саясаты мен шешімдеріне қайшы келуі (мектептерде оқу жүктемесін азайту мақсатында сағаттардың жалпы қысқаруы орын алды, мысалы: «Адеп», «Экономика» «Адам және Қоғам» курстары «Азаматтану» курсына өзгерді)

4. Оқу тәжірибесінде оқытудың факультативті формаларының дұрыс жолға қойылмауы, бұл оқытудың төмен тиімділігіне, курстың формальды сипатына және т.б. алып келеді.

Посткеңестік елдердегі жалпы жағдай ұқсас келгенін аңғарамыз. Осы орайда келесі кезекет Түркия мемлекетіне байланысты шолу жасасақ.

1924 жылы Түркияда республикалық жүйе құрылып, дін мемлекеттен бөлініп, мектеп діннен бөлінгеннен бері исламның негіздерін зерттеу мемлекет бақылауынан тыс өтті. Алайда бірнеше рет (1949, 1956, 1967) кейбір бастауыш, содан кейін орта мектептерде теологияны факультативті зерттеуді қалпына келтіруге талпыныс жасалды. Ал 1949 жылы жоғары мұсылман шенеуніктерінің біліктілігіне алаңдаған Үкіметтің шешімімен Анкара университетінде теология факультеті ашылды. 10 жылдан кейін Стамбул университетінің құрамында жоғары Ислам институты құрылды. Осындай институттар Кония, Кайсери, Измир, Эрзе-рум, Бурса, Самсун қалаларында ашылды. Теологиялық факультеттердің түлектері кейіннен діни лицейлердің оқытушылар құрамын құрады. Студенттерді оқытудан басқа, институттар мен теологиялық факультеттерде Ислам тарихы, мұсылман тарихы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіледі.

Ахмет Ташгын, Түркиядағы Эрбакан университетінің профессоры, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторантарына дәріс оқу барысында өз елдеріндегі жағдайға байланысты дәріс түрінде ақпаратымен бөлісті. Ол Түркия мемлекетінде дінтану пәні қалай жүргізілетіндігі жайына тоқталды. Түркия елінің тарихынан белгілі 1920 жылы мемлекет бойынша медреселер жабылып қалды. Сол медреселердегі ғалымдар өлім жазасына кесілді. Ал енді сыртқа кетпеген ғалымдар өз ауылдарына барып шаруашылықпен айналысты. Мешіттерде азан шақыруға тиым салынды. Бұл 1920-1944 жж. арасында жалғасты. 1944 ж. кейін көп партиялы өкімет келді. Осы кезеңде Илахият, дінтану факультеті құрылды. Бұл факультет ашылғанымен ол арада терең түсіндіретін ғалымдар болмады. Болқан түбегіне қоныс аударған ғалымдар қайта орала бастады.

1970 ж. әлемде өзгеше көзқарас пайда болды. 80 жылдардан илахият біріктірілді. Қазіргі таңда шамамен 130 шақты университетте илахият факультеті бар. 1940 жж. Илахият факультеттерімен қоса медреселерде құрыла бастады. Азан айтуға рұқсат етілді, алайда түрік тілінде. Мысалға келтіретін болсақ, Имам Хатиб лицейін бітірген адам міндетті түрде имам болады деген ұғымды білдірмеді. Модернистік тұрғыдан білім беру жолға қойылды. Дегенмен оның арасында жаңа заманға сай, сай еместігі түрік қоғамында талас тудырды.

Дінтану болсын, исламтану болсын негізін батыстан алғандықтан өзіне тән бір жол қалыптастыра алмағаны өкінішті. Имам Хатиб лицейлері саясаттан тыс халықтың мұқтажына байланысты қалыптасты.

Мысалы, Түркиядағы Имам хатиб лицейлерінде 9 - сыныптан бастап діни білім мен зайырлы білімді қатар алуға мүмкіндік берілген. Бұл жүйенің тиімді тұстары төмендегідей:

1. Мектеп оқушысы 10-11 сыныптағы қалыптасу кезеңінде орнықты діни білім алады, оның болашақта күмәнді діни ағымға ауытқымауына берік негіз қаланады;

2. Арнайы діни білім алу үшін өмірінің екі-үш жылдық кезеңін жоғалтпайды;

3. Болашақта дін саласына маманданғысы келсе, жоғары оқу орнында қысқартылған бағдарламамен оқуға мүмкіндігі болады

Стамбул - Президент Режеп Тайып Ердоған үкіметі діни білімді дамытуға бағытталған реформаларды моральдық құлдырауға қарсы күрес құралы ретінде қарастырса, оның қарсыластары оларды дінге көбірек ұлтты тәрбиелеу әрекеті деп санайды. Биыл миллионға жуық оқушы имам-хатибтер мектептеріне қабылданды, ал 2002 жылы Эрдоғанның исламды жақтайтын партиясы билікке келген кезде 65000 түрік балалары діни мектептерде оқымаған. Бұл туралы президенттің өзі Анкарада осы мектептердің бірін ашқан кезде мәлімдеді. «Имам-хатибтерде» ұлдар мен қыздарға бөлек білім беріледі, бағдарламаның 13 сағаты исламдық білімге, оның ішінде араб, құран және сүннетті оқуға арналған.

Түркия Республикасының Стамбул қаласында орналасқан «Ислам зерттеу орталығын» айтуға болады. Бұл орталықта ханафилік, матуридилікті ұзақ жылдар бойы жүйелі түрде зерттеп келе жатқан білікті теолог ғалымдар тобы

орналасқан. Осы ғалымдармен тәжірибе алмасу жолға қойылса еліміздегі дінтану ғылымы, соның ішінде матуридилікті зерттеу жаңа сапалық деңгейге көтерілер еді. Имам Матуриди мен Әбу Ханифаның ислам діні туралы көзқарастары мен ойлары қазіргі таңда терең зерттеліп, халыққа жеткізілуі қажет. Кезкелген дінді бұрмалап теріс түсіндіретін сенімдердің ықпалынан еркін болып, халықтың бірлігіне нұқсан келтіретін алдамшы сенімдерден аулақ болып, санасы тәуелсіз, еркін, ойлаушы, ұлттық рухани мәдениет аясында ханафилік матуридилік дәстүрді бойына сіңірген тұлғаларды қалыптастыру қоғамдағы діни мәселелерді оңтайлы шешудің бірден бір жолы болар еді.

Түркия мемлекетінің Дін істер министрлігінің шешімімен елдің мәдени астанасы Стамбул қаласында Халықаралық ислам университетінің ашылатын кездегі алға қойылған мақсаттар айқындалған.

Түркияның бас мүфтиі Мехмет Гермездің айтуынша, ашылғалы отырған жоғарғы оқу орны Мысыр, Малайзия, Пәкістан мен Сауд Арабиясында орналасқан ең танымал деген Ислам университеттерімен бәсекелес болады. Ондай оқу орнын ашуға Түркияда барлық мүмкіндіктер жасалған дейді бас мүфти.

Ашылғалы жатқан ислами университеттің басқа ислами оқу орнындарынан біршама айырмашылықтары бар. Жаңа университетте оқытылатын пәндер қатарына қазіргі әлеуметтік аралас ғылымдармен қоса, классикалық ислами мәтіндер тереңдетіліп оқылатын пәндер қосылады [103].

Сонымен қатар, түрік елінде араб тілі бағдарламаларын жақсы дамыту үшін соғыстың салдарынан көшуге мәжбүр болған сириялық ғалымдарды университеттерге қызметке орналастыру мәселесі қарастырылып жатыр, - дейді Түркиядағы Мармара университетінің екінші деңгейлі профессоры Сулейман Дерин.

Зайырлы мектептерді қорғау жөніндегі ата-аналар қозғалысының белсендісі Илкнур Бирол: «Біз білім беруді реттейтін діни ережелерге қарсымыз», - деп қарсылық білдірді. Ол мұндай жүйенің «басты құндылығы - мойынсұнушылық» ұрпағын тәрбиелейтініне сілтеме жасады. Түрік қоғамында дін мен мектептің өзара байланысы туралы пікірталастар 20-жылдардан бастап, Мұстафа Кемал Ататүрік Османлы теократиялық мемлекетінің қирандысында зайырлы республика құрып, исламды қоғамдық өмірден шығарып тастағаннан бері өзектілігін жоғалтқан жоқ. Бірінші халықтық президенттік сайлауда жеңіске жеткеннен кейін, Ердоған өзін дінге қарсы халықтың құқығын қорғаушымын деп жариялады, ондаған жылдарға созылған дінге қарсы үкімет саясатынан кейін күштер тепе-теңдігін қалпына келтіруге дайын. «Егер білім беру жастарды ана тілінен, тарихынан, ата-бабаларынан, мәдениеті мен өркениетінен алшақтатса, бұл білім берудің өте күрделі проблемасын көрсетеді», - деді президент өткен мұғалімдер съезінде.

Имам Хатиб түлектері қауымдастығының жетекшісі Хусейин Коркут Түркияның үш консервативті аймағында - Кайсери, Коние және Эрзурумда діни оқу орындарына сұраныс жоғары, дегенмен билік әлі де болса ұлттық деңгейде зерттеулер жүргізбеген. Оның сөздерін білім министрі Наби Авчи растайды, ол

имам-хатибтер мектебіне деген қажеттілік жылдан-жылға артып келе жатқанын мәлімдеді.

Бірінші тараудың екінші тараушасын қорытындылай келе біз дінтанулық білімге қатысты шетелдік мысалдарды келтірдік. Шет елдердің ішінде анағұрлым жақын орналасқан оның үстіне білім беру жүйелеріміз көп жылдар бойы өте ұқсас болған Ресей, посткеңестік елдерден Өзбекстан, Қырғызстан сонымен қатар Түркия мысалдары қарастырылды. Дінтанулық білім беруде шетелдік тәжірибені қарастыру барасында көз жеткізгеніміз дінтанулық білім беруді діни білім беруден түбегейлі бөлек қарастыру мүмкін емес себебі кейбір жағдайларда дінтанулық білімнің теологиялық астарлары да болуы мүмкін.

1.3 Толеранттылықты қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлі

Дінаралық келісім мәдениеті толеранттылық, дінаралық келісім, төзімділік, дінаралық сұхбат ұғымдарымен дәріптеледі. Толеранттылық ұғымы ғасырлар бойы қалыптасып келеді. Әр ғасырда әртүрлі мағыналарды жинақтай келе, сол заманның шындығын беруге сәйкестеніп отырды. Алғаш рет толеранттылық ұғымының заңдық рәсімделуі ЮНЕСКО-ға мүше 185 мемлекеттің Парижде 1995 жылы 16 қарашада «Толеранттылық принциптерінің Декларациясын» қабылдауымен басталды. Осы ресми құжатта толеранттылықтың төмендегідей мағыналары беріледі:

«1.1. Толеранттылық әлемдегі мәдениеттердің бай көптүрлілігін құрметтеу, қабылдау және дұрыс түсіну, өз-өзімізді көрсету формалары және адамның индивидуалдылығын көрсету тәсілдері дегенді білдіреді. Оған білім, ашық қабылдау, қарым-қатынас және ой, ар және сенім еркіндігі септеседі. Толеранттылық – бұл көптүрліліктегі үйлесімділік. Бұл тек моральдық борыш қана емес, сонымен бірге саяси және құқықтық қажеттілік. Толеранттылық – бұл бейбітшілікке қол жеткізуге және соғыс мәдениетін бейбітшілік мәдениетімен ауыстыруға мүмкіндік беретін игілік.

1.2. Толеранттылық – (бәріне) жол беру, жоғарыдан қарау немесе жасандылық емес. Толеранттылық – әмбебап құқықтар мен адамның негізгі еркіндіктерін мойындау негізінде қалыптасатын белсенді қарым-қатынас. Толеранттылық ешқандай жағдайда да осы құндылықтарға қол сұғушылыққа қызмет етпейді, толеранттылықты жеке адамдар, топтар және мемлекеттер танытуы тиіс.

1.3. Толеранттылық – адам құқықтарының бекітілуіне, плюрализмге (соның ішінде мәдени плюрализмге), демократия және құқықтық тәртіпке қызмет ететін міндеттілік. Толеранттылық – бұл догматизмнен, ақиқатты абсолюттендіруден бас тартуды және адам құқықтары саласы бойынша халықаралық актілерде бекітілген нормаларды білдіретін ұғым.

1.4. Адам құқықтарын құрметтеуге үндес келетін толеранттылықты көрсету әлеуметтік әділетсіздікке төзімді болу, өз сенімінен бас тарту немесе басқалардың сеніміне жол беру дегенді білдірмейді» [104].

Толеранттылық принциптері адамды адам ретінде құрметтеу, адам деген асыл атауға лайықты адамзат баласын жанына жақын тартуға бағытталған. Дегенмен айта кетерлік мәселе, толеранттылықты көп жағдайда «төзімділік» деп түсіну бар. Төзімді болу немесе кең болу, яғни тағаттылық таныту дегенде барлық сенімдерге, барлық діндердегі айтылғанға төзу дегенді білдірмеу керек, бұл арада таңдампаздық қажет. Дін саласындағы толеранттылық мәселесін зерттеу барысында дінаралық келісім, дінаралық сұхбат, үнқатысу ұғымы тиянақтала түседі. Діндер арасында өзара түсінісудің бір формасы ретінде «басқаның» «басқа» екендігін түсіну жолындағы ізденістер болып табылады. Дінаралық келісімге қол жеткізудің мүмкін екендігін діндердің табиғатындағы үндестіктің болуымен түсіндіруге болады. Кез келген діннің жалпыадамзаттық құндылықтарды, этика, эстетика, ғылымның іргетасын құрауы келісімге келу мүмкіндігін аша түседі. Діндер арасындағы үнқатысудың болуы – адамзаттық құндылықтардың, рухани қажеттіліктердің ортақтастығында.

Діндер арасындағы сұхбаттасу мүмкіндіктері әртүрлі. Мәселен, діндер адамзаттың игіліктерге қол жеткізуі жағынан ортақ сұхбатқа келгенмен, ілімдік жағынан әр дін өз позициясы тарапынан сөйлейді. Сондықтан діндер доктриналық жағынан сұхбатқа қарағанда діни-дүниетанымдық пікірталасқа түседі, сұхбаттың толеранттылық жағынан гөрі конфронтациялық жағы басым болуы мүмкін, себебі әр жақ қарсы жақты өзінің потенциалды мүшесі ретінде қарастыруы мүмкін және соған қол жеткізуге талпыныстар жасауы табиғи нәрсе. Дегенмен терең білімдарлықпен, терең дүниетаныммен келетін нәрсе – өзінің діни дәстүрлеріне шынайы берілген адам өзгенің де өзі секілді екенін ескеріп, оның рухани қалқанын құрметтеп, түсіністікпен қарайды, үйлесімді үнқатысуға дайын болады. Өкінішке қарай, діндарлар арасында соңғы айтылған қасиетті бойына жинақтаған адамдардың санының аздығы қоғамдағы жиі кездесетін келеңсіздіктердің басты себебі болып табылады [105, б. 11].

Қазіргі әлемде діни төзімділікті қалыптастыру, әртүрлі дінді ұстанушыларының ұстанымдары мен көзқарастарын құрметтеу және толеранттылықты дамыту мақсатында мектепте дінді, дін тарихын және дінтануды оқытудың көптеген әдістері бар.

Толеранттылық принципі діни сенімдерге құрметпен қарауды білдіреді. Біздің республикамыздың мемлекеттік конфессиялық саясатындағы басты ереже – Қазақстан өз азаматтарының ғана емес, сонымен қатар оның аумағында заңды түрде орналасқан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың да ар-ождан бостандығы мен діни сенім бостандығы құқығына кепілдік береді. Сонымен қатар, ар-ождан бостандығы құқығы жеке түрде де, тиісті діни бірлестіктер құру арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін.

Толеранттылық, ең алдымен дәстүрлермен немесе әдет-ғұрыптармен бірге жүретін діни және мәдени әртүрлілік шеңберінде дамиды. Еріктілік екі түрлі

топтың бір-бірімен өзара әрекеттесуі ретінде жүзеге асырылады; сонымен қатар шыдамдылық – ол рұқсат беру [106].

Осылайша, төзімділік дегеніміз - қоғамдағы немесе басқа ортадағы топтарға немесе жеке адамдарға деген өзара сыйластық қатынасы. Олай болса, «толеранттылық» дегеніміз басқаларға құрметпен қарау, бағалау және оларға діннің, сенімнің, мәдениеттің, этностың, пікірлердің және басқалардан ерекшеленетін басқа нәрсеге ие болуға мүмкіндік беру қатынасы ретінде анықталады. Білім беру контекстіндегі мұндай көзқарас оқу материалдарында, сондай-ақ оқу процесінде дамуы және құрылуы керек.

Білім келесі сипаттамалары бар толерантты қоғам жасайды деп күтілуде: біріншіден, адамдар басқалардың басқа сенімдерге, діндерге сенуіне мүмкіндік береді және өте құрметтейді; екіншіден, олар басқалардың басқа немесе келіспейтін пікірлері бар екенін құрметтейді және шыдамдылық танытады. Өлшенетін көрсеткіштерге мыналар жатады: (а) діні мен нанымына сәйкес басқалардың ғибадат ету тәсілі мен таңдауына төзімділік көрсету; (б) діндер мен нанымдардың әртүрлілігін түсіну, тану және құрметтеудегі хабардарлық; (в) әртүрлілікке бірыңғай көзқарас, келіспеушілікке келісім және т.б.

Толеранттылықты қоғамның барлық салаларындағы қоғамның барлық мүшелері жүзеге асыра алады, осылайша бейбіт және қауіпсіз бірақ алуан түрлі және идеяларға бай қоғамдастық құра алады. Джувано Сударсоның айтуынша, толеранттылықтан басқа, білім беру процесінде ымыраға келу туралы көзқарасты дамыту керек [107]. Сондай-ақ, ашық түсіністігі мен ой өрісі бар, әртүрлілікке және барабар әлеуметтік түсінікке бай қоғамды қалыптастыруда пікірлердегі айырмашылықтар "мейірімділік" пен "даналыққа" айналуы үшін білім беру процесінде дамыту қажет "өзара түсіністік" те маңызды.

Демек, діни білім беру процесі осы ұстанымды ескере отырып, толеранттылық мәдениетін, өзара сыйластықты қалыптастырып, бүкіл әлемге рахымды исламдық құндылықтардың (құдайлық құндылықтардың) көрінісі ретінде күнделікті өмірде қолданылатын әртүрлі көзқарастарға, діндерге, нанымдарға және т. б. ие болуына мүмкіндік береді деп күтіледі [108, б. 167-168].

Қазіргі, әсіресе еуропалық және американдық ғылымда жаһандану процесін көбінесе оның экономикалық аспектісіне – "ұлттықтан жоғары нарықтық экономиканың" қалыптасуына және одан туындайтын саяси аспектіге – көппартиялы демократияны кеңінен бекітуге байланыстырады [109, б. 181-187]. Алайда, біздің ойымызша, жаһандану құбылысының мәнін барабар түсіну үшін көптеген мүмкіндіктер оған, ең алдымен, мәдениетаралық және өркениетаралық өзара әрекеттесу процесі ретінде көзқарас береді. Сонымен қатар, жаһанданудың мәдени аспектісін ескеру оның экономикалық және саяси салалардағы перспективаларына байсалды қарауға мүмкіндік тудырады.

Қазіргі әлемдегі ең маңызды мәдениет қалыптастырушы факторлардың бірі – белгілі бір қоғамға және кеңейіп келе жатқан жаһандық қоғамдастыққа мүше азаматтардың жаңа ұрпақтарын тәрбиелеу және әлеуметтендіру функцияларын үнемі орындайтын білім беру болып табылады. Сонымен қатар,

жаһандану дәуірінде ғана емес, сонымен бірге индустриалды әлемнің постиндустриалды білім беру рөлі оның негізгі "өндіріс құралына" айналатын білім мен интеллект құндылығының күрт өсуіне байланысты маңызды бола бастады. Еуропалық шығу тегі бойынша білім беру мекемелері – мектептер мен университеттер жүйесі ХХ ғасырдың ортасында барлық жерде қалыптасты, бірақ жаһандану дәуірінде білім беру барлық жерде, сонымен қатар оқушыларға берілетін білім жиынтығы ретінде, әсіресе қоғамдағы "дұрыс" мінез-құлық нормаларының жүйесі ретінде өзгерістерге ұшырауда.

Қазіргі әлемнің талаптары «оқу бағдарламаларын» – берілетін «объективті» (ғылыми, ұтымды, зайырлы) білім кешенін әмбебаптандыру тенденциясын анықтайды. Кейде бұл тенденция тіпті "Болон процесі" деп аталатын формальды көріністі білдіреді. Тәрбие-әлеуметтендіру саласында тұтастай алғанда, белгілі бір елдің тарихи-мәдени дәстүрі білім берудің бағытын, оның жаңа мүшелерін қоғамға енгізу процесі ретінде анықтайды, бірақ жаһандану ұлттық мәдени (оның ішінде этно-конфессиялық) дәстүрдің әмбебап инновациялармен барабар үйлесімін іздеуді талап етеді, егер ол тікелей туындамаса, бұл, сөзсіз, өте өзекті. Егер білім беруге қатысты білім беру процесі ретінде жаһандану, ең алдымен, халықтың жалпы білім деңгейін одан әрі арттыруды және сонымен бірге қазіргі заманғы ғылым мен ақпаратты қажет ететін салаларда тиімді жұмыс істей алатын адамдардың бүкіл әлеуметтік тобын тәрбиелеуді талап етсе, онда жаһанданудың білім беру жүйесіне тәрбиелеуші-әлеуметтендіруші институт ретінде қоятын ең маңызды әмбебап талабы, ол оқушылардың санасына толеранттылық қағидаттарын берік енгізу болып табылады. Бұл қағида жаһандану әлемінің алуан түрлілігінің жан-жақты "ортақ белгісі" ретінде көрінеді. Әрине, әмбебап принцип бола отырып, ол толығымен зайырлы және трансұлттық (трансмәдени) сипатқа ие болатыны анық.

Сонымен қатар, толеранттылық принципінің жаһандық тұжырымдама ретінде пайда болуы мен бекітілуі нақты өркениеттің – батыс дамуының тарихи ерекшеліктерінен туындайды.

Бір жағынан, қоғамдық сана мен мәдениетті секуляризациялаудың, әлеуметтік – саяси жүйені либералдаудың ұзақ көпғасырлы процестері өркениеттік өзін-өзі сәйкестендірудің қатаң шекараларын жойып, батыс әлемін әр адам немесе жеке адамдар тобы басқалардан ерекшеленуге, біртұтас қоғамның нақты сегменттері болуға сөзсіз құқылы бола алатын, олардың арасындағы қатынастар толеранттылық– өзара төзімділік қағидаты негізінде құрылуы тиіс "ашық қоғамға" айналдырды. Екінші жағынан, Ұлы географиялық ашылулардан бастап, әртүрлі өркениеттердің өзара іс – қимылын жандандыру процестерінің локомотивіне айналған Батыс жаһандану идеологтарының айтуымен өзінің тарихи қалыптасқан, өркениетті шартты белгілері мен нормаларын "жалпыадамзаттық" - жаһандық сипатта беруге тырысады, ал оның саясаткерлері оларды кеңінен енгізуді (азды-көпті сәтті) талап етеді. Осылайша, бүгінде толеранттылық жалпы әлем де, жекелеген қоғамдар да негізделуі керек іргелі әмбебап қағида ретінде әрекет етеді. Толеранттылық проблемасының көптеген басқа аспектілерінің арасында (әлеуметтік, гендерлік және т.б.) ХХІ

ғасырдың басына оның этноұлттық және конфессиялық құрамдары ерекше өзектілікке ие болды. Толеранттылықты бекітуде білімге маңызды рөл беріледі.

Толеранттылық көзқарастары мен құндылықтарын қалыптастырудағы қазіргі білім берудің рөлі жаһандық білім беру тенденциялары, білім беру мен білім беру ортасын трансформациялау мегатрендтерінің пайда болуы тұрғысынан қарастырылуы керек.

Жаһандық келесі маңыздарға ие: жаппай білім беруді дамыту және білім беру процесінің жаңа сапасы ретінде оның үздіксіздігі; білім берудің жеке тұлға үшін де, қоғамдық үміттер мен нормалар үшін де маңыздылығы; оқытуды адамның танымдық іс-әрекет тәсілдерін белсенді игеруіне бағдарлау; бүкіл білім беру процесін жеке тұлғаның сұраныстары мен қажеттіліктеріне бейімдеу; оқытуды соның ішінде адамның өзін-өзі тәрбиелеу, үйден оқыту, интернеттің ақпараттық ресурстарын пайдалану көмегімен өзін-өзі ашу және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағдарлау.

Олардың мазмұны мен болашағын анықтайтын осы тенденциялардың орталық элементі - оқушылардың әлеуметтік өзгерістер жағдайларын белсенді игеруге дайындығы, мектеп алаңында әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады. Білім беру арқылы қалыптасқан адамның әлеуметтік өзгерістер жағдайларына сәтті бейімделу қабілеті мен дайындығы ЮНЕСКО бағдарламаларындағы жаһандық білім беру тенденцияларының жұмыс бағдарлары мен күтілетін нәтижелері ретінде танылды. Негізінде әлеуметтік құзыреттіліктерді, әсіресе бүгінгі күні толеранттылықтың берік көзқарастарынсыз және оларды әлеуметтік және кәсіби құндылықтар ретінде түсінбестен қалыптастыру мүмкін емес. Тұлғаның тұрақты сапасы ретінде толеранттылық әлеуметтік құзыреттіліктің маңызды және ажырамас элементі болып табылады. Ол олардың жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың қоғамдағы мінез-құлқының тұрақтылығы мен оң бағыты, әлеуметтік және мәдениетаралық байланыстарды орнату және қолдау, қақтығыстарды сәтті шешу, эмоцияларды басқара білу және оларды мақсатқа жету үшін пайдалану, басқалардың не сезінетінін түсіну қабілеті сияқты қасиеттері мен көрсеткіштерін анықтайды. Толеранттылық көзқарастарын қалыптастыру жастардың кәсіби және әлеуметтік белсенділігін, мұғалімдерді даярлау мен біліктілігін арттыруды, ата-аналарды балаларды тәрбиелеу әдістеріне оқытуды қолдайтын арнайы білім беру бағдарламаларының маңызды бөлігіне айналады. Мұндай көзқарастарды тәрбиелеу көпмәдениетті (мәдениетаралық) білім беру бағдарламаларында, курстарында, әдістемелерінде ерекше маңызды орын алады.

Қазіргі білім берудің практикасы мен теориясы жеке тұлғаны әлеуметтендірудің, оқушылардың проблемалық жағдайларға бейімделуінің, оқу процесінде коммуникативті және пікірталас мәдениетін қалыптастырудың ерекше маңызды стратегиясы ретінде толеранттылықты қалыптастыруда айтарлықтай тәжірибеге ие. Бұл стратегия білім беру процесінде тұлғаның дүниетанымдық тұрақтылығы, гуманитарлық құндылықтардың әмбебап маңыздылығын мойындау (ең алдымен мәдени әртүрлілік құндылықтары және

басқалармен қарым-қатынастың диалогы), өзін, айналасындағыларды, табиғи және әлеуметтік әлемді құрметтеу сияқты төзімділік қасиеттерін алға тартады.

Толеранттылықты қалыптастырудың білім беру стратегиясы, егер ол адамның әлеуметтенуі мен әлеуметтік құзыреттілікті дамытудың негізгі салаларын қамтыса, әртүрлі бағдарламалық іс-шаралардың тұтас кешенін қамтыса ғана тиімді бола алады. Әлеуметтік-экономикалық салада - әлеуметтік бастаманың пайда болу және мәдениетаралық коммуникациялар тәжірибесін жинақтау тәсілі ретінде әлеуметтік әріптестік қатынастарын дамыту. Балалармен және жастармен жұмыс саласында-пікірталас, топаралық диалог, әлеуметтік-жобалық қызмет ретінде оқу процесін ұйымдастыру арқылы толеранттылықты дамыту, балалар денсаулығын қорғау мәселелерін шешу, бос уақытты ұйымдастыру, жастардың мәдениетке, спортпен шұғылдануына қол жеткізу. Этносаралық қатынастар саласында - әртүрлі мәдени дәстүрлердің диалогына жәрдемдесу, басқаның біржақты бейнелерін деконструкциялау және демифологияландыру, этно және мигрантофобиялардың таралуына қарсы тұру. Коммуникациялық технологиялар саласында - электрондық БАҚ-та, бейне және баспа ақпарат арналары арқылы виртуалды зорлық-зомбылықтың таралуын шектеу.

Білім беру құралдарымен толеранттылықты қалыптастыру стратегиясын іске асыру сонымен қатар бірқатар саяси және әлеуметтік мәдени жағдайларды қамтиды:

–мәдениетаралық қарым қатынас пен диалог ортасын қалыптастыруды ерекше қоғамдық құндылық ретінде тану ;

- осы ортаны қалыптастыратын азаматтар бірлестіктерін, ұйымдарды, қауымдастықтарды және т. б. қоғамдық және мемлекеттік қолдау арқылы осы ортаны институттандыру.;

– мәдениет және мәдениетаралық диалог саласындағы азаматтар мен олардың бірлестіктерінің құқықтары мен бостандықтарын мақсатты қолдау;

– ксенофобияның кез-келген қоғамдық көріністерін түбегейлі айыптау, әсіресе егер олар саналы түрде қоғамда зорлық-зомбылық тудыруға, этникалық, нәсілдік және діни негізде өшпенділік тудыруға бағытталған болса.

Осы шарттарды іске асыру толеранттылықтың білім беру және мәдени ортасын тұрақты және жеткілікті бұқаралық шындық ретінде қалыптастыруды көздейді. Мұндай ортаны қалыптастыру критерийлері қазіргі халықаралық құқықпен айқын анықталады. Олар төмендегілерді қамтиды:

– мәдени әртүрлілікті қоғамның және бүкіл адамзаттың мәдени, ақпараттық байытуының негізгі құндылығы, қайнар көзі және факторы ретінде тану;

– ұлттық азшылықтарды, өздерін оларға жатқызатын адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, оның ішінде азаматтардың өз мәдениетін және оның негізгі элементтерін (тілі, діні, дәстүрлері) сақтау және дамыту құқықтарын тиімді қорғау, заң, аумақтық тұтастық және мемлекеттік егемендік сақталған жағдайда мәдени және діни мекемелер, ұйымдар мен бірлестіктер құру;

– өзін ұлттық (этникалық) азшылыққа жатқызатын кез келген адамның келген елінің ұлттық заңнамасын сақтауы, үстем мәдениетке немесе басқа ұлттық азшылықтарға жататын басқа адамдардың құқықтарын құрметтеуі;

– мүдделі тұлғаның дербес жеке таңдауы негізінде ұлттық азшылыққа жататындығын анықтау;

– мемлекет тарапынан этникалық тегіне және діни қатыстылығына карамастан, оның аумағында тұратын барлық азаматтар арасында өзара сыйластық, түсіністік пен ынтымақтастықтың қоғамдық атмосферасын қалыптастыруға жәрдемдесу. Заңның үстемдігі, азаматтық келісім, мәдениетаралық және дінаралық ынтымақтастық қағидаттарына негізделген жария және тең құқылы диалог арқылы этносаралық және дінаралық қатынастар проблемаларын шешуді ынталандыру.

Төмендегі критерийлер толеранттылықтың нақты білім беру ортасына қатыстылығын қамтиды:

- оқушылардың жеке этникалық және діни бірегейлігін білдіруге құқықтары мен заңды мүдделерін есепке алу, оқушылардың этникалық, діни, әлеуметтік, нәсілдік белгілері бойынша қандай да бір кемсітушілікке жол бермеу;

– білім берудің әртүрлі нысандары мен деңгейлеріндегі білім беру ұйымдарының білім алушылардың мәдени өзін-өзі анықтау және жеке басын көрсету құқықтарын, егер бұл заңды бұзу болмаса, оның ішінде олардың этникалық немесе діни дәстүрі шеңберінде мәдени даму құқықтарын қамтамасыз ету, сондай-ақ қоғамға және оның мәдениетіне кірігу, өз ана тілінде және өз сеніміне сәйкес білім алу құқығы;

– мәдениетаралық диалогты, этносаралық және дінаралық ынтымақтастықты тереңдету, этникалық, нәсілдік, діни ксенофобия мен экстремизмнің алдын алу.

Толеранттылықтың қалыптасуы білімге үлкен мәдениетаралық бағыт берумен, білім беру құрылымында жалпы азаматтық және мәдени, этномәдени және азаматтық сәйкестіктер арасындағы тұрақты және оң тепе-теңдікті құрумен, білім берудің әртүрлі компоненттерін адамға және оның құқықтарына құрметпен қарауға бағыттаумен, әртүрлі халықтар мен мәдениеттерді оң қабылдаумен анықталады [110, б. 206-210].

Білім берудің, әсіресе дінтанулық білім берудің негізгі мақсаты қоғамдағы дін мен моральдық мұраттар туралы жалпы түсінік беру. Өйткені барлық діндер әрқашан бейбітшілік пен адам қауіпсіздігін талап етеді. Қазақстан сияқты көпұлтты қоғамда білім моральдық және діни идеалдардың контекстік бейнесін қамтамасыз етуі керек. Білім беру толеранттылық пен айырмашылықтарды қабылдауда, сондай-ақ әртүрлі діни нанымдармен күресуде маңызды рөл атқарады. Дінтанулық білім әрқашан да бауырластықтың бірлікте өсуіне ықпал етуі керек, сонда ғана қауымдастық бүкіл адамзат үшін маңыздырақ болатын жаңа әлемдік өркениетті бірлесіп құра алады. Мұның бәрі дінтанулық білім беру құрылымы толерантты және плюралистік болып табылатын дінтанулық

мұғалімдермен теңдестірілген плюралистік және толерантты дүниетанымға сәйкес келгенде ғана мүмкін болады.

Шет тілден енген «толеранс» термині құлаққа жат болып көрінгенімен, оның ұғымы дәстүрлі дүниетанымда бар, қазақтың қанында, бойында бар қасиет. Толеранттылық сабырлылықтың, ұстамдылықтың, төзімділіктің мағынасын береді. Бұл түсінік, яғни төзімділік, біріншіден, қазақтың ұлттық мінез-құлқындағы төл қасиет десек, екіншіден, лаңкестер мен арандатушылардың қаншама шынның өңін теріс айналдыруға тырысқандарына қарамастан, ислам дінінің рухында бар нәрсе. Қазақ халқы ерте заманнан ислам дінін бойына сіңірген халық. Құранның сөзі, аяттар мен хадистер салт-санаға еніп кеткен. Мақал-мәтелдің көбі хадистердің мағынасымен бірдей. Кеңпейілділігі, қонақжайлылығы, толеранттылықтың жан-жақты қырын ашып көрсетеді. Бүгінгі таңда экстремизм мен терроризмге байланысты сөз қозғасақ болғаны дін сөзін бірге тіркестіреміз. Ол қалыпты жағдайға айналып бара жатқан сияқты. Шындығында, олар қаншалықты байланысты мұны нақты дөп басып айту қиын. Десе де, еліміздегі діни ахуал ерекше бақылауға алуды талап етеді. Бүгінгі таңда экстремизм мен терроризмнің алдын алудың маңызды шарттарының бірі-жастардың толерантты санасын қалыптастыру болып табылады. Толеранттылық азаматтық қоғамның маңызды рухани бөлшегі болып табылады. Әр адамның толеранттылық деңгейі көбінесе оның жеке қасиеттерінен, моральдық жетілуін, мәдениеттің көрсеткішін және оның басқа адамдармен қарым-қатынасын анықтайды. Қазіргі уақытта толеранттылық мәселесі өткір болып келеді. Бұл бірқатар себептерге байланысты: әлемдік діни экстремизмнің өсуі, ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі. Одан бөлек, жастардың діни толеранттылығына ықпалын тигізетін виртуалды кеңістіктің орны ерекше екенін білеміз. Қазіргі кездегі әлеуметтік желілер, сайттар мен виртуалды кеңістіктің жастардың қызығушылықтарын арттырып, жастар арасында басымдылыққа ие болуда. Сондықтан интернет-ресурстары мен әлеуметтік желілерді дұрыс жағынан қолдана білу керек. Бұндай жағдайлар жастарымызды теріс жолға салынып кетуіне себеп болуы мүмкін. Бұдан діни сауаттылықтың таяздығы деген қорытынды шығаруға болады. Бұл мәселенің негізі білім беру жүйесінде жастарды діни толеранттылыққа тәрбиелеу. Себебі жастар Қазақстан болашағының басты резерві болып табылады. Шынында да, төзбеушіліктің себебі көбінесе білімнің таяздылығынан болып табылады. Басқа ұлттардың құндылықтары мен идеяларын білмей, адам оларға немқұрайлы, жақтырмай қарауы мүмкін, бұл төзбеушілікке алып келеді. Қазіргі таңдағы еліміздегі жастардың діни дүниетанымына, діни толеранттылықтың қалыптасуына негіз болатын ол ең алдымен отбасының ықпалы болып табылады, яғни кез келген жас буын өкілі отбасының діни ұстанымын негізге алады. Тәрбиенің іргетасы отбасында, мектеп қабырғасында ұлттық тәрбие беру арқылы қалыптасады. Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында «Жастардың төл мәдениеттен нәр алуы, еліміздің тарихи өткенін оқып-үйренуі, қоғамымыздағы достық ахуал мен бейбітшілікті, рухани келісімді нығайту жас ұрпақ бойында біздің ортақ Отанымызға – Қазақстан Республикасына деген

мақтаныш сезімін қалыптастыруы тиіс» [111] – деп көрсетілген. Жастардың діни санасы мен діни білімін қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Қазіргі таңдағы жастардың діни толеранттылықтың құрамдас бөлігі болып саналатын діни білімі, ең алдымен өзі ұстанған діни жөніндегі білім деңгейін анықтауды көздеген дұрыс. Жастарға дінмен қатар мемлекеттік саясатты түсінуде дінтанулық білім керек. «Баланы жастан...» деген қазақ халқы тәрбиеге көңіл бөлген. Осындай қарбалас заманда жас жүректе имандылық пен адами құндылықтар ұяласа, жақсы мен жаманды айырып, оны мен солын таныса, онда алға қойған мақсаттың орындалғаны. Баланың ой-өрісі мен ойлау қабілетін жетілдіру мектеп тәрбиесінде ғана мықты қалыптасатынын ескеретін болсақ, онда осы айтылғандарды ой таразысына салып, аса үлкен жауапкершілікпен қарап, немқұрайлылық танытпау қажет. Әр баланың тәртібі мен тәрбиесі ең алдымен отбасынан басталады. Әр бір ата-ана баласының бойында ұлттық рухани құндылықтарға негізделген сыртқы жағымсыз ықпалдарға төтеп беретін иммунитет қалыптастыру керек. Себебі болашақ жастардан басталады, ал мемлекетіміздің болашағы жастарда [111].

Діни толеранттылық пен диалог мәселесі әлемдік деңгейде де өз еліміз деңгейінде де нақты шешім күтіп отырған мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының тұғыш президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаев жүргізіп келген ұтқырлы саясатының нәтижесінде, елімізде үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі өткізіліп, әлемнің түрлі елдерінен дінбасылар, дін мәселесін зерттейтін қоғамдық қайраткерлер шақырылды. Әлем діндерінің жетекшілері діннің лаңкестікпен, қақтығыстармен ешқандай қатысы жоқ екенін жария етті. Аталған съездерде дәстүрлі діндер мен мемлекеттер арасындағы диалог пен келісім, дінаралық жанжалдарды шешу және олардың алдын-алу мәселелері жөнінде сөз қозғалды. Діннің қоғамдағы алатын орны мен рөлі жөнінде Н.Ә. Назарбаев: «Дін – руханисыздық пен ашкөздіктің алдындағы аса берік қорғаушы бөгеттердің бірі. Көптеген кезеңдерде дәл осы дін халықтық даналықтың, мәдениеттер мен дәстүрлердің кей жағдайда тіпті бірден-бір сақтаушысы болып келді» деп ерекше атап көрсетті [112].

Қазақстандағы діни жағдай бойынша күрделі мәселелердің көптігі діни саладағы жаңа шындыққа бейімделу, діни жағдайды бақылауға алу қажеттілігін туындатты. Дінтану пәнін оқытудағы жаңашыл әдістер, дінтану пәнінің қоғамдық келісімді нығайтудағы орнына мән беру, дінаралық және мәдениаралық сұхбатты дамыту да осы бүгінгі күннің сұранысынан туындап отыр. Сондықтан дінтану пәнін оқыту, оның мәртебесін жоғарылату мәселесіне мемлекеттік деңгейде мән беру бүгінгі таңда аса маңызды.

Демократиялық өзгерістердің алғашқы онжылдығындағы қоғам мен мемлекетінің тұрақсыз жағдайы жастар ортасында өмірлік құндылықтар мен басымдықтардың түбегейлі өзгеруіне әкелді. Материалдық қажеттіліктер рухани-адамгершіліктен басым бола бастады. Зорлық-зомбылық, сыбайлас жемқорлық, адамгершіліктің жетіспеушілігі, мәдениеттің төмен деңгейі балалар мен жасөспірімдердің бойында – немқұрайлылық, дөрекілік, цинизм, ашуланшақтық, агрессивтілік, қатыгездік және жиі қылмыс жасау сияқты

салдарларды тудырды. Қоғамдық өмірдің барлық салаларын қамтыған рухани дағдарыстан шығу жолдарын іздеуде халықтың бұқаралық санасында оның салдарын еңсеру құралдарының бірі «біздің еліміздің бай рухани-адамгершілік әлеуетіне жүгіну, ата-бабаның адамгершілік құндылықтарына оралу» екенін айқын түсіну пайда болады [113, б. 54]. Қазіргі уақытта рухани-адамгершілік тәрбиені оның барлық деңгейлерінде және оның барлық аспектілерінде құру моделіне кең теориялық ізденістер жүргізілуде: теориялық әдіснамалық, ғылыми-теориялық, тарихи-педагогикалық, нормативтік-құқықтық, мазмұнды, ұйымдастырушылық-технологиялық, ғылыми-әдістемелік [114]. Қазіргі қоғамда діндердің рухани-адамгершілік әлеуетін іске асыру үшін адамдардың бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыру маңызды болып табылады: діни мерекелерді, рухани поэзия кештерін, музыкалық қонақ бөлмелерді, театрландырылған кештерді, өлкетану конференцияларын, балалар суреттерінің, альбомдар мен қолөнер көрмелерін, балалар хорларын, мүсіндеу, кесте тігу және сурет салу үйірмелерін ұйымдастыру, сауықтыру-спорт секцияларына, алкогольсіз кафелерге бару және т. б. Ата-аналарға психолог пен діни қызметкерді қонаққа шақыру арқылы өткізілетін ата-аналар жиналысы, әңгімелер, жеке әңгімелер мен консультациялар, әкелер жиналысы, мектеп дәрісханасы, пікірталастар, тәжірибе алмасу конференциялары, мектептегі және сыныптағы тақырыптық конференциялары сияқты ата-аналарға рухани-адамгершілік білім беру формалар ең көп таралған және дәлелденген түрлерге жатады. Діндердің рухани-адамгершілік әлеуетін іске асыру зайырлы педагогикада да қолданылатын әдістермен жүзеге асырылады, бірақ оларды толықтыру белгілі бір мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келеді [115].

Моральдық тәрбие, атап айтқанда, христиандық құндылық бағдарлары мен моральдық стереотиптер жүйесінде эмпатикалық мәдениеттің қалыптасуы қазіргідей зорлық-зомбылық пен қатыгездікке, руханиятсыздыққа, цинизмге, шексіз ашкөздікке қарсы насихаттың басқа моральдық баламасы көрінбейтін қазіргі орыс қоғамына әсер еткен жойқын кемшіліктерді жеңуде және алдын-алуда шіркеу шешуші рөл атқара алады.

Орыс педагогикасының дәстүрін оның барлық байлығында жаңғырту қазіргі білім беру іс-әрекетінің негізі болуы керек. Орыс Православие Шіркеуінің балалар мен жастардың эмпатикалық мәдениетін қалыптастыру тәжірибесі бірнеше ғасырлар бойы үзілген жоқ. Бұл тәжірибеге жүгіну зайырлы білім беру жүйесіне жаңа күштерді енгізуге қабілетті. Балалық шақ пен жасөспірімнің қымбат уақыты адамға білімді байыту үшін ғана емес, сонымен бірге рухани құндылықтарға жол тауып, сүйіспеншілік пен парыз сезімінің қуанышын ашып, мейірімділік пен жанашырлық істеріне қосылып, өзінің бейімділігін тауып, өзінің талантын ашуы үшін беріледі. Мұндай рухани даму халқымыздың мың жылдықтар бойы сақтаған байлығымен ұштасу жолында мүмкін болады [116].

Жоғарыда келтірілген христиандық тәрбиеге байланысты берілген ақпараттардың жалғасы ретінде келесі кезекте. Ислам дәстүрінде рухани-адамгершілік өнеге арқылы тәрбие көрген балалар да өз бойында ең жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, адамдарға мейіріммен қарауға, ата-

аналарын құрметтеуге, үлкенді сыйлап, кішіге қамқорлық етуге, әділдік пен адалдыққа, жақсы істен ләззат ала білуге дағдыланады. Өз бойында мейірімділік, қарапайымдылық, қамқорлық секілді жақсы қасиеттер қалыптастыру үшін шын жүректен шыққан жылы сөз бен жақсы мінезді болу үлгісін кез келген бала ата-анасының тәрбиесінен көреді. Оның жұмсақтығы әлсіздікке, талапшылдығы қаталдыққа айналмайды. Осының арқасында бала, ізгі жүректі, ақылды әрі жомарт, жауапкершілігі мол, табанды болып өседі [117].

Қазақ халқының ділін айтқанда, оның басты бір ерекшелігі – тәрбиелік қасиеті. Қазақ халқының дерлік салт-санасы, әдет-ғұрпы айналып келгенде Ислам дінінен туындаған тәрбиелік мәселелерге келіп тіреледі. Олар адамгершілікке, имандылыққа, көпшілдікке, азаматтыққа баулиды. Дін – адамның абыройын, ар-ұятын сақтап отыратын ереже немесе тәрбиелік құрал іспеттес. Дін рухани мәдениеттіліктің баламасы, дүниетанымның бір бітімі, дүниедегі тәрбие туралы бағдар немесе жол [118, б. 29-30].

Діннің басты қызметі – адамдардың қарым-қатынастарын реттеп, белгілі-бір тәртіпке келтіріп, оның құдіреттілігі мен қасиеттілігіне иландыру. Діннің басты мақсаты – екі дүниеде де адамның бақытты болуын көздейді. Бақытты болудың бірден бір шарты ол адамгершілік қасиеттерді өз бойында дамыта түсуде.

Адамгершілік қасиеттер дегеніміз сенім, сана, қоғамның талаптарын білу, түсіну және соған сәйкес әрекет етуді қамтиды. Тұлғаның адамгершілік санасының деңгейі, оның мінез-құлқы мен іс-әрекеті жайында ақпарат береді. Адамгершіліктің қалыптасуында діни дәстүрлер туралы білім, түсінік ұғымдарының негізіндегі адамгершілік сана мен сенімнің алатын орны маңызды. Жас ұрпақтың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру ұзақ уақытқа созылатын, аса күрделі сан салалы үрдіс. Бұл үрдіс жасөспірімнің сана-сезіміне ықпал ете отырып, олардың жақсы қасиеттері мен мінезінің өз еркі мен тілегін бағыттай білуді одан басқа қасиеттерді дамыта түсуге бағыттайды.

Адамгершілікті қалыптастыру А.С. Макаренконың сөзімен айтқанда: «Өмірге жаттықтыру» болып табылады. «Адамзат тарихында пайда болған адамгершілік, адамгершілікке байланысты көптеген ұғымдар, жомарттық, батылдық, шыншылдық, сыпайылық, ар-намыс т.б. сонау көне дәуірден бастап, күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпаған» деп Қ. Әбжанов, С. Нысанбаев секілді ғалымдар адамгершілік ұғымдарын осылай атап көрсеткен. Сондықтан қазіргі кезде оқытушылар, ұстаздар, тәрбиешілер, ең алдымен жас жеткіншектерді, оқушыларды жан-жақты халқының қамын ойлайтын азамат етіп өсіруі қажет [119].

Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие жүйесі, жас ұрпақты, қоғам мүшелерін отанға, халқына, елге, жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, мұны олардың бойына сіңіріп, қалыптастыруды жетекші орынға алады. Сондықтан да әрдайым тың бағыттарда іздене отырып, бала жүрегіне жол табатындай етіп, осы адамгершілік қасиеттерді отбасында, мектепте, сабақ уақытында, сабақтан тыс уақыттарда дұрыс, тиімді пайдаланып үйретуді керек етеді [120, б. 65-66].

Адамгершілікке тәрбиелеу әрқашан өскелең ұрпаққа жүктелді. Бүгінде бұл бұрынғыдан да өзекті болып көрінеді, өйткені еңбекке деген қажеттілік, адами қарым-қатынас, ұят, ар-ождан, қадір-қасиет, туыстық сезімі, қоғамдық игіліктерді сақтауға қамқорлық жасау, әлсіздерге мейірімділік көрсету, зорлық-зомбылықтан жиіркену және т.б. сияқты құндылықтардың сақталуына нақты қауіптің төніп тұрғанын көпшілігіміз байқаймыз. Ұрпағымыздың осындай адамгершілік нормаларын меңгермейінше гуманистік негізде құрылған қоғамдық өмірді құрады деп үміттену мүмкін емес. Осыған байланысты адамгершілік тәрбие әрқашан педагогикалық теория мен мектеп практикасының басты мәселесі болды және болады да. Адамгершілік тәрбиесі әдетте «бай рухани қасиеттерді, этикалық нормаларды, мінез-құлық ережелерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған, жүйелі әсер ету» деп түсініледі. Бұл мәселе бойынша И.Д. Демакова былай дейді: «Адамгершілік тәрбиесі - бұл тәрбиенің мазмұны. Адамгершілік - бұл барлық іс-әрекеттерді, тәрбие жұмысының барлық бағыттарын сәтті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негіз. Онсыз біз бүгінгі мектептің алдына қойған мақсатын - демократиялық, гуманистік қоғамда өмір сүруге ұмтылатын және қабілетті еркін тұлғаны тәрбиелеу туралы айта аламыз ба? Сондықтан шәкірттік жылдар жеке тұлғаның қалыптасу жылдары ретінде жоғары моральдық мағынаға толы болуы керек. Біз барлық күш-жігерімізді мектептің бүкіл өмірін осы үшін жағдай жасауға бағыттау қажет» [121].

Бірінші тараудың үшінші тараушасын қорытындылай келе. Толеранттылықты қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөлі өте маңызды екендігіне көз жеткіздік. Толеранттылық көзқарастары мен құндылықтарын қалыптастырудағы қазіргі білім берудің рөлі жаһандық білім беру тенденциялары, білім беру мен білім беру ортасын трансформациялау мегатрендерінің пайда болуы тұрғысынан қарастырылуы керек.

Жалпы қоғамда жастардың арасында батыстану үлгісі белең алмай, ұлттық мұраларымызды, ұлттық дәстүрлерімізді дәріптеу барасында діндерге шолу жасау арқылы жалпы әлемдік мысалдарды келтіре отырып жеке өзіміздің ерекшелігімізді айқындауға болатындығына тоқталдық. Жалпы білім беру жүйесінде еліміздегі жалпыға міндетті орта білім беру жүйесінде болмасын, жоғары оқу орындарында болмасын қоғамда өзін ұстай алатын осы өмірге бейімделген жеке өзінің ұстамымен көзқарасы қалыптасқан тұлғаны қалыптастыруда дінтанулық білімнің орны, маңызы әрине ерекше.

Жоғарыда келтірілген мысалдарға сүйене отырып толеранттылықты қалыптастырудағы дінтанулық білім берудің рөліне қатысты қорыта айтатынымыз, батыстық үлгідегі діни білім мен дінтанулық білімнің бір бірімен тығыз байланыста екенін ескере отырып. Діни құндылықтардың кейбір элементтерін тәрбие мәселесінде қозғалса, болмаса зайырлылық және дінтану негіздері пәні асында әрбір дін бойынша берілетін ақпаратты жетік әрі бұрмалаусыз жеткізілсе. Жоғары оқу орындарында дінтану мамандық ретінде болмаса міндетті оқытылатын пән ретінде барлық жоғары оқу орындарына енгізілсе. Қоғамдағы жастарды тәрбиелеудегі кейбір мәселелердің алдын алуға

мүмкіндіктер арта түсер еді. Жалпы толеранттылыққа тәрбиелеу мәселесінде дінтанулық білімнің маңызы өте жоғары. Толыққанды дінтанулық білімді игеру үшін діни білімі де жеткілікті болу керек. Діндерді бір бірімен салыстыра алу үшін, болмаса дұрыс не бұрыс көзқарасты жақтаушы екенін анықтай алу мақсатында әрбір дінде тек қана басқа дін өкілдеріне деген, басқа сенім өкілдеріне тіптен ешбір дінді ұстанбайтын адамдардың өзіне де толерантты көзқарас құпаталатындығын сараптай алу маңызды.

2 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОРТА ЖӘНЕ АРНАЙЫ ОРТА МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

2.1 Қазақ даласындағы мектеп-медреселердегі білім беру ерекшеліктері

Қазақ даласындағы мектеп медреселердегі білім беру үрдісіне байланысты ақпараттарды қарастыру барысында отандық ізденушілердің жұмыстарында келтірілген ақпараттарға сараптамаалар жасалды. 1917 жылға қарай Қазақстан жерлерінде мұсылмандардың үш түрлі білім беру желісі қалыптасқан болатын. Біріншісі «ескі» әдісті мұсылмандық мектептер мен медреселер; екіншісі «жәдидтік» жаңа әдісті мұсылмандық білім беру мекемелері; үшінші ол орыс туземдік мектептер. Өзінің саны мен халық арасындағы беделі жағынан сұранысқа дәл, осы «ескі» мектептер мен медреселер болды. Революцияға дейінгі тарихнамада Түркістан генерал-губернаторлығына танымал зерттеушісі Н.П. Остроумов «исламдық сипаты бар бұл мектептер» халықтың арасында маңыздылығын жоғалтпағанын, керісінше біртіндеп дамып, нығайғанын атап өткен [122, б. 187].

XX ғасырдың басында Қазақстанның түкпір аймақтарында жергілікті халықтың арасында «жәдидтік» реформаторлардың жаңа күші пайда болды. Бастапқы кезеңде жәдидтер білім беру саласындағы реформаларды қолдап, дәстүрлі және еуропалық мектептердің ұстанымдарын біріктіруге тырысты. Жарияланған материалдарға қарағанда, жергілікті қоғамнан Абдулла Аулани ескі схоластикалық мектептердің заман талабына ере алмайтынын және олардың білім беру сапасының жеткіліксіз екенін атап өткен [123, б. 78]. 1913 жылы «Айқап» журналының 1 санына жарияланған мақаласында М. Сералин болса ел арасында дәстүрлі медресе-мектептердің көптеп ашылуы көңілді шаттандыратындығын атап өткен [124]. Революцияға дейінгі жылдары Қазақстанда атап айтқанда Верныйда «Ғабдулвалиевтер», Ақсуда «Мамания», Қапалда «Якобия», Зайсанда «Қазақия» және «Ғизатия», Қарғалыда «Әмирия» және тағы басқа медреселер ашылып, кеңестік биліктің алғашқы жылдарында қызметтерін жүргізген. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. Қарғалыдағы «Әмирия» медресесінде 1912 жылы 150-ден артық бала дәріс алған болса, 1919 жылы оның саны екі есеге дейін өскен. Большевиктік төңкерістің аяқталуымен Азаматтық соғыс жылдары аралығында Қазақстанда 14410 оқушысы бар 2410 мектеп жұмыс істеген. 1909 жылы ағартушылық мақсатты көздеген Жетісу облысының Қапал уезінде «Мұсылмандардың ағартушылық және қайырымдылық қоғамы», ал 1912 жылы Жаркент қаласында «Мұсылман-прогресшілдер қоғамы» ұйымдастырылды. Бұл қоғамдар оқу саласына көмек беріп қана қоймай, мұқтаж мұсылмандарға, кедей кешшіктерге, қарттар мен жетім-жесірлерге, мүгедектерге ақшалай көмек көрсету ісін де қолға алды. Аталған мекемелер Түркістан АКСР жылдарында да өз қызметтерін жалғастырып келді [125].

Коммунистер ерте кезеңде бұрынғы империялық діни мектептерді «елемеу» саясатын жалғастырды. Бірақ, білім беру саласындағы басты «дүшпандық элемент» ретінде дәстүрлі мектептер мен медреселер екендігін ұмытпады. Мысалы 1920 жылдың 23 мамырында Халықтық комиссарлар бөлімінің есептерінде «ескі мектеп пен медреселер биліктің қолдамауы салдарынан өздігінен жойылады» делінген. Соның салдарынан Түркістан өңірінде сол жылдары 20 жуық мектепте бар жоғы 75 оқушы білім алған [124 б. 2].

Мектептер және медреселермен қатар, патша дәуірінің түрлі гимназияларын, орыс мектептерін және мұғалімдер семинарияларын жою үшін 1918 жылы заңнамалық шаралар қабылданды. Қазақстандағы бұрынғы білім беру мекемелері «барлық жабдықтармен, оқу құралдарымен және қызметкерлерімен» кеңестік білім беру басқармасының қарамағына өтті.

Түркістан Республикасының Халық комиссары, Білім беру министрі В. Билик өзінің берген мәліметтерінде жергілікті халық арасында жоғары беделге ие дәстүрлі білім беру мекемелері кеңестік мектептердің күшті бәсекелесі екенін жасыра алмаған. Сонымен қатар, Халық комиссарының «тіпті байырғы мұсылман халқы кедейлік жағдайында болса да дәстүрлі конфессиялық мектептер сақталып, белсенді жұмыс істеді» деген ойы жағдайдың мән-жайын ашып отыр [124, б. 27].

Мұсылмандық білім беру мәселесі ислам дінінің дәстүрлі таралу аймақтарында партиялық органдар үшін қиын мәселе болды. Қазақстандағы мұсылмандық мектептер мен медреселерді әкімшілік пәрменмен мәжбүрлеп жауып тастау мұсылман тұрғындарының өте теріс реакциясын туғызды. Кеңес билігін мұсылмандық мектептер мен медреселерге қарсы бағытталған саясатының келесі қадамы жергілікті биліктің халық арасындағы беделін түсіру мен заңды түрде құқықтарынан айыру болып табылды. Соған байланысты, 1920 жылы қазан айындағы ҚазССР еңбектенушілердің құқық декларациясында: «осы декларация белгілеген негізгі ережеде еңбектенушілердің құқығына нұқсан келмейтін қырғыз халқының тұрмыстық ерекшеліктерін ескере отырып, кеңестік Ресейдің халықтық революциялық соты тәжірибесінің нақты мысалында халықтық әділет құру» қарастырылып, аталған құжатта «мұсылман» термині қолданылмайды, сонымен қатар діндарларды Кеңестерге сайлау және сайлану құқығынан айыруымен, осы кезде қазақтың әдет пен шариғаттан тұратын халықтық соты трансформацияға ұшырайды» делінген [125, б. 171].

1920 жылдардың ортасынан бастап билік органдары мұсылмандық оқу орындардың кеңестік мектеп жүйесінің бәсекелесі болғанын сезінді және «дінсіздік» саясатын жүргізу мақсатында мұсылмандық мектептер мен медреселердің халық арасында діни сауатын ашу жолындағы іс-шараларға шектеу қоя бастады [126, б. 211]. Мұсылмандық мектептер мен медреселер терең тарихи тамырларымен «либералды» 1920 жылдары кеңінен тараған. Мұрағаттарда келтірілген ақпараттарға қарағанда Қазақстанның шығыс, оңтүстік және батыс аудандарында 1926-1927 жылдары мұсылмандық білім беру мекемелері қызметтерін жалғастырып, кеңестік мектептерге қарағанда саны

жағынан артық болған. 1926 жылдан бастап, бірқатар аудандарда мұсылмандық білім беру мекемелерінің саны азайа түсті. 1917 жылғы Ақпан революциясына дейін Сайрамда, Түркістанда, Ақмешітте және Әулиеатада 31 медресе бар еді, Семейде сол жылдары 5083 оқушысы бар 17 мектеп және медресе жұмыс істеген, Торғай облысында 457 оқушысы бар 59 мектеп пен медресе, Ақмола облысында 14, Шығыс Қазақстан облысында 415 ер оқушысы бар 36 мектеп пен медресе жұмыс істеген деген ақпараттар келтіріледі [127, б. 115]. 1910 жылғы қорытындыға сәйкес, Жетісу өңірінде 12835 оқушысы бар 88 медресе және 7 мұсылман мектебі, Орал облысында 4926 оқушысы бар шамамен 206 мектеп пен медресе болған. Қазан төңкерісіне дейін Орынбор губерниясында 104 мектеп болды, олардың 10-ы «жаңа әдісті» мектептер санатына жатты, сонымен қатар 94 мектеп мешіттердің жанында қызмет еткен. 1910 жылы Қарнақ ауданында 30 мешіт, және 4 медресе жұмыс істеген [127, б. 115].

Қазақстандағы мұсылмандық мектептер мен медреселердің оқу урдісін дәстүрлі түрде «мактабдар» (Оңтүстік Қазақстандағы өзбек халқының шоғырланған аймақтарында), «молда», «қари», «мүдәріс», «ахун», «ұстаз» ұйымдастырды. Бастапқы кезеңде мектеп оқушылары Құранның Хафт-и йек (жетінші) белігінің мәтіндерін оқып, есте сақтауға мүдделі болды. Исламның жергілікті формасының идеологиясы ханафи және сопылық мазмұнды болғандықтан, «Чахар кітап» және «Бе-Дан» сияқты оқулықтар осы мектептерде пайдаланылды. Халықтың көпшілігі білімнің осы көлемімен қанағаттандырылды. Ең қабілетті шәкірттер оқуын медреседе жалғастырды. Онда олар «әл арабийат» араб филологиясын, «улум әл-Құран» Құран негіздерін, «улум әл-Хадис» хадис негіздерін «ал-акаид ва-л-мантық» философия және логика негіздерін және «ал-фиқх» ислам құқығы пәндерін меңгерді [128, б. 36].

1924 жылдың 9 маусымында Бүкілресейлік Орталық атқару комитетінің Президиумының №18 шешіміне сәйкес мұсылман мектептерінде 14 жасқа дейінгі балаларды оқытуға тыйым салу туралы шешім қабылданды.

«Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің мұсылман тұрғындары арасында білім беру туралы шешімдерін орындау бойынша нұсқаулар» дайындалып, мұсылмандық білім беруге өте қатаң шектеулерді белгіледі:

1. Ислам негіздерін оқыту тек қана мешітте жүзеге асады және ауыл немесе мешіті бар қаладағы халықтың үштен төрт бөлігін ғана қамтуы шарт делінген. Қойылған талап негізінде көбінесе қадағалануға тап түскендердің арасында бірінші кезекте имамдар, сонан соң ауыл жастары болды;

2. Мұсылмандық діни негіздерін мешітте қызмет ететін молда ғана мұғалім бола алды, ол өз кезегінде міндетті түрде облыстық әкімшілік департаменті мен қоғамдық білім бөлімдерінің біріне тіркелуге мәжбүр болды. Тіркеусіз молдалық-мүдәрістік қызметті атқарған имамдар мен ишандар қамауға алынып тұрды;

3. Ауыл немесе мешіті бар қалаларда жастарға діни негіздері мен намазды оқытпауы үшін, жергілікті коммунистік билік органдары «атеистік» пиғылы бар еркін концерттер мен спектакльдер, түрлі спорт іс-шараларды өткізуге міндеттелді [129].

Осы қаулы қабылданғаннан кейін Қазақстанның түпкір өңірлерінде 15-75 оқушы бар 20 медресе жабылды. Сол уақытта тек Сырдария өңірінде 5115 оқушы бар 276 медресе жұмыс істеген [130, б. 4]. Ал кеңестік орыс мектептерінің саны 15-ге жеткен еді. Коммунистік билік осы салыстырмалы санды аңғарып ел ішіндегі барлық діни мекемелерді қысымға алуды жалғастырды. Мұсылмандық білімге қарсы ең қатыгез саясатын 1925 жылы Ф.И. Голощекин Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалғаннан бастады. Оның жергілікті тұрғындардың мәдени және этникалық ерекшеліктерінен мүлдем хабары жоқ еді. Соған қарамастан қазақ жерінің барлық ерекшеліктерін білетіндей жұмысына кірісті.

Ф.И. Голощекин Ақмола облысындағы ислам негіздерінен сабақ беріп келген имамдарды жоғары білімі бар ишандарды қуғынға ұшыратты. Ақмола облысындағы 547 шәкірті бар 14 медресені жергілікті билік тарапынан қадағалауға алғызды, ал 7 медресені ашуга өтініш білдірген имамдарды түрмеге отырғызып, отбасыларымен бірге қыспаққа алды [131, б. 216]. Сол жылдары кеңестік билігі орнатқан 14 жасынан бастап мұсылмандық білім алу жөніндегі шешіміне қарсы шыққан жергілікті халықтың барлығы әкімшілік бұзушылықпен айыпталды және аумақтағы имамдар осыған байланысты «кеңеске қарсы» әрекеттері үшін ұсталды. 1926 жылы жергілікті билік органдарының Жетісу облысы бойынша есеп беру деректеріне қарағанда 458 молда Ф.И. Голощекин саясатының құрбаны болды [132, б. 92].

1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік және мәдени өмірдегі өзгерістер жаппай басып-жаныштау мен елдегі заңсыздықтың белең алуымен қатар жүрді. Террор жылдан-жылға артып, 1930-жылдардың ортасына қарай ел халқының жартысы қырылды. Егер 1929-1931 жылдары Республикадағы он мың халқы бар ауылдың 193 адамға жалған айыптаулар тағылған болса, 1937 жылы 106 мың адам қуғынға ұшырады, оның 22 мыңы себепсіз ату жазасына кесілді [133, б. 186]. Солардың арасында қазақтың бетке ұстар зиялылары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жумабаев, Т. Рысқұлов, Н. Нұрмақов, С. Сейфуллин, И. Жансүгіров, Б. Майлин, С. Асфендияров және көптеген басқа да ардақты жандар аяусыз қорланып, ажал құшты. Күнәсіз жапа шеккендердің, айдалып, атылғандардың арасында діни адамдарының көп болғандығын мұрағат сөрелеріндегі деректер, басқа да куәлер айғақтайды. Қазақстан жерінің өзі қуғын-сүргіннің үлкен лагеріне айналды.

Осылайша Қазақстандары мұсылман мектептер мен медреселердің құқықтық және саяси мәртебесін айқындау логикасы әдетте кеңестік заңнаманың рухында қалды. РСФСР заңнамасында «мұсылман қауымы» ұғымы мүлде алынып тасталды. Мұсылмандық білім деген ұғымды анықтайтын жалғыз құжат РСФСР Мұсылмандарының рухани ұйымының жарғысы болды.

1927 жылдың 8 маусымында Казкрайком ВКП (б) «Мұсылман діни қозғалысына қарсы күрес шаралары туралы» қаулы шығарды. Аталмыш қаулыда Ф.И. Голощекин темендегі мәселелерге аса назар аударылуы қажет деп ұйғарды [134, б. 107]:

1. Мұсылман мектептеріне бұдан былай 18 жастан бастап балаларды қабылдауды реттеу. Оғанға дейін жастар арасында коммунистік идеологияны сініру және үгіт-насихаттық жұмыстарды жеделдету;

2. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын Уфа рухани басқармасынан бөліп, екеуінің арасындағы байланыстарын үзу;

3. ОГПУ мен НКВД органдарына мұсылман мектептерін және мешіттерді қаржыландыруға тыйым салуды бақылау;

4. ОГПУ мен НКВД органдарына діни ұйымдардың жиналыстары мен конгрестерін өткізуге тыйым салуды бақылауды қатамасыз ету;

5. Елдегі дінге қарсы комиссия құру [134, б. 107].

Жергілікті халықты отырықшыландырып, кеңес билігі мұсылмандық ағартуды қолға алды, елде жаппай орыс және аралас мектептерін аша бастады. 1932 жылы мұсылмандық ағарту тек мешіт жанындағы мектептерде ғана оқытылатын болды. Оның өзі НКВД қызметкерлері тарапынан бақыланған жағдайда ғана жүзеге асты.

Мұсылмандық ағартуды бақылауға алу науқаны 1932 жылдың көктемінде жүргізіле бастады [135, б. 192]. 1935 жылы Созақ және Талас аудандарындағы ауылдық мектептердің білім деңгейін тексеру барысында, билік органдарының екі жылдық мектепте ана тілі мен арифметика пәндерімен қатар діни дәрістері оқытылды. Ол аймақтардағы он жылдық мектептерді тексеру кезінде қазақ балаларының бар жоғы 47 ғана білімін жалғастыра алған. 1935 жылы Казкрайком ВКП(б) және Қазақстан КСРО СНК «Қазақстан мектептерінің құрылымын және қазақ орта білім беретін мектептерді жетілдіру туралы» қаулы қабылдады [135, б. 192]. Қаулыға сәйкес бұл мектептер мұсылмандық білім беру мекемелерін толық жоятынына және олардың орнына кеңестік орта мектептер келетініне сенім артылды. Сөйтіп елдегі жастар міндетті орта білім алу жүйесіне тартылды. Мұсылмандық оқу орындарына өздерінің балаларын жіберетін ата-аналар қамауға алынып, үстерінен қылмыстық немесе азаматтық істер қозғалған жағдайлар орын алды. Қазақстандағы оқу ағарту саласын реформалау нәтижесінде көптеген орта білім мектептері ашылды. Осыған сәйкес 1938 жылдың 13-ші наурызында КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің және КОКП Орталық Комитеті Кеңесінің қаулысына сәйкес «Ұлттық республикалар мен аймақтардағы мектептерде орыс тілін оқыту туралы» Ереже қабылданды. Оны 1938 жылдың сәуір айында Қазақстан КРС-нің Жоғары кеңесі мақұлдап «Орыс емес мектептерде міндетті орыс тілін оқыту қаулысын» шығарды. 1940-1941 оқу жылында республикада 1033 орыс және 746 қазақ толық емес орта мектебі мен 533 орыс және 168 қазақ орта мектебі жұмыс істей бастады. Республика бойыша барлығы 697 мың орыс және 441 мың қазақ оқушысы бар 3362 орыс және 4428 қазақ мектебі пайда болды [135, б. 125].

Діни пәндер мен курстарды оқыту мұсылмандық діни дүниетанымдық негізде Республикалық ислами діни бірлестік «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының» (ҚМДБ) қатысуы арқасында негізі қаланып, жүзеге асырылады. Бұл ел тұрғындарының дінді дұрыс қабылдап, жүйелі түрде меңгеруінен, оларды рухани-танымдық құндылықтарға, мінез-құлық нормаларына баулудан, рухани-

танымдық тәрбие беруден, рухани жан- жақты жетіліп, тұлғасын қалыптастырудан, оларды діни дүниетанымдық, мәдени, рухани өзіндік айқындалуынан көрініс табады.

Қазақ халқында діни тәрбие мен діни білім беру жүйесі ғасырлар бойы тарихи ахуалдарға орай, онтайлы үлгілерде жалғасып келген. Рухани ілімге деген халық сұранысы қазақ жерінде діни білім беру жүйесінің жартылай отырықшы, жартылай көшпелі тұрмыс-салтына тән өзіндік үлгілері қалыптасқан. Ірі қалаларда жалғасын тапқан медреселер қызметімен қатар ауқатты адамдардың балаларын оқытатын «аталық» институты және көшпелі жұрт арасында молда ұстап, бала оқыту дәстүрі де кең тарағанын атап айтуға болады. Жаз жайлауда, қыс қыстауда жағдайлы отбасылар көмегімен ел ішіндегі діни білімді рухани тұлғалар бала оқыту арқылы халықтың діни сауатын көтеріп, қазақ балаларының хат танып, сауат ашуына ықпалын тигізіп отырған.

«Түркістан» халықаралық энциклопедиясында (Алматы, 2010) жазылуынша: «Медреселер өзінің білім беру тәжірибесіне қарай төрт сатыға бөлінді:

1. Ибтидаия (бастауыш медресе), оқу мерзімі – 4 жыл;
2. Рушдия, оқу мерзімі – 3 жыл;
3. Иғдадия (жоғары оқуға дайындық), оқу мерзімі – 3 жыл;
4. Ғалия (жоғары білім), оқу мерзімі – 3 жыл.

Ғалияны бітірген шәкірттерге «абыз», «молда», «халфе», «мударрис», «ахун» деген атақ берілген. Медреселерде жалпы оқу мерзімі 12-13 жылға созылған.

Оқу пәндері медреселердің сатысына байланысты белгіленді. Жоғары білім беретін медреселерде араб тілі (лексика, этимология, синтаксис, риторика, тарих, Құранды оқу-игеру әдісі); дін үйрену, заңнама (Құранды, оның аяттарын, хадистерді талдау, фикһ, заң негіздері); фәлсафа (логика, математика, география, астрономия, медицина, табиғаттану, ой талдау фәлсафасы) оқытылды. Медреселердің бағдарламасында діни оқу жағы басым болды деп ортағасырлық медреселердің оқу жүйесі жайында мәліметтер келтіріледі [136].

Тарихи деректерден аңғарылатындай, Қазақстандағы исламның мың жылдан аса тарихы мен тәжірибесі бар. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен салт-санасының, жалпы мәдениетінің қалыптасуында ислам дінінің алар орны ерекше. Орта Азия мен тәуелсіз Қазақстантопырағынан есімдері әлемге әйгілі, әл-Фараби, Ж. Баласағұн, М. Қашғари, А. Иүгінеки, А. Йассауи сияқты мұсылман түркі жұртшылығының мақтанышына айналған талай тұлғалар шыққан. Қазақ би-шешендері мен ақын-жырауларының шығармалары мұсылмандық дүниетаныммен ұштасып, біте қайнасып жатыр.

Қазақ ағартушылары өз еңбектерінде оқу-ағарту және тәрбие мәселесіне айрықша тоқталады. Медреселерде жүргізелетін діни оқу қазақтардың мәдениет пен білімге деген қажетін қанағаттандыра алмады. Мектептер мен оқу орындарын кеңейтіп, оларды басқа негізге сүйеніп қайта құру керек болды.

Қазақтың ағартушылары жайында сөз қозғағанда, алғашқы кезекте Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты ислам діні қазақ жеріне кең етек жайып еніп келе

жатқан 19 ғ. II-ші жартысында өмір сүріп, қазақ халқының тарихын тереңірек зерттеп зерделеуге үлкен үлестерін қосып, рухани өміріміз және әдебиетіміздің ұлағатты ұстаздары саналатын ойшылдарды атаймыз. Олардан қалған өшпес рухани мұралардың ішінде ислам діні турасындағы пікірлері, ойлары бүгінгі күні де өз өзектілігін жоғалтпайды [137, б. 5-6].

Шоқанның еңбектерінен оның Ислам дінінің тарихын және оның қазақ жеріне қалай тарағанын жете білгенін аңғаруға болады. Ол мұсылманшылдықтың орнығуын өз шығармаларында аса бір білгірлікпен талдайды. Шоқан өз басы діндар болмаған, тіпті дін туралы наным-сенімге сын көзбен қараған адам. Оның рухани бейнесі, қоғамдық ой санасы қалыптасып келе жатқан кезде қазақ жеріне Ислам діні әлі тарап кеткен жоқ болатын. «Мұсылмандық әзірше біздің сүйегіміз бен қанымызға сіңіп бола қойған жоқ. Қазақтардың арасында әлі Мұхамедтің атын білмейтіндер көп... қасиетті Нестор заманында Русьте болған сияқты, енді біздің сахарада да қазір қос дін дәуірі болып жүр», - деп жазды ол [138, б. 197].

Расында, Шоқан тұсында Ислам дінін таратуға патша өкіметі, жергілікті ел билеушілер, сондай-ақ қожа-молдалар тарапынан орасан мол күш-жігер жұмсалып жатқанымен, ол әлі қазақ жеріне қанат жайып үлгермеген еді. Бірақ бұл тұста қазақ арасына Ислам дінін насихаттау қарқынды да қарымды жүргізіле бастаған еді. Оған патша өкіметі де мүдделі болды. Сондықтан да Шоқан «Мұсылман заңын қазақтар ешқашан қабылдаған емес, бұл қазақ даласына үкіметтің қолдауымен, сырт бұйрықтың, бюрократтықтың ағымымен енгізілген» - деп жазды.

Ислам дінінің қалай таралғанына назар аударса келіп, Шоқан оның қазақ жеріне үш жақтан оңтүстіктен, солтүстіктен және батыстан енгендігін айтады. Оны насихаттауға Ираннан, Орта Азиядан және Қазаннан шыққан қожа молдалар ат салысты. Әсіресе татар молдаларының белсенділігі күшті болды.

Шоқан діннің, әсіресе, қазақ даласына татар және Бұхара молдаларының тартып жүрген діни қағидаларының халыққа тигізіп жүрген зиянын баса айтады. Қазақ жұртына бұл молдалардың айтып жүрген уағыздары «ой мен сезімнің дамуын тежейтін өлі схоластикадан басқа ештеңе әкелмейді», - деп көрсетеді [139, б. 185].

Сонымен бірге ол XIX ғ. орыстың кейбір зиялыларының тарапынан қазақтың мұсылманшылыққа беріліп кете қоймағынын көріп, оларды христиан дініне тарту әрекеттерінің болғанын айыптады.

Қазақ елінің болашағы, алға қойған мақсаттары қандай болу керек деген ой қазақтың зиялылары мен көзі ашық азаматтарын қатты ойландырған мәселелердің бірі еді. Осы орайда Шоқан «Қазір ескі мен жаңаның арасында бірден байқала қоймайтын, бірақ өте қатал күрес жүріп жатыр. Бірі – мұсылмандық Шығысқа, екіншісі – орысқа еліктейді» [138], - деп жазды.

Өз заманында Шоқан қазақтың озық ойлы азаматтарының алдына қоғамның қойып отырған маңызды сұрақтарына дұрыс жауап бере білді. Ол орыс мәдениетінің үлгілерінен үйренудің қажеттілігін айта отырып, «тым қазақшыл», «тым шығысшыл» немесе «тым орысшыл» болмай Батыс пен Шығыстың ең

жақсы, көңілге қонымды жақтарын алудың қажеттігін ашып айтты [138, б. 225]. Ол ұлттық қасиетті ұлтшылдық астамшылықтан жоғары қоя білді.

Шоқанның дін жөніндегі көзқарастарын қазақтың ұлы ағартушысы Ыбырайда қостады. Ыбырайды да Шоқан секілді қазақ халқының тарихы мен тағдыры алаңдатты. Ыбырай ұлы ағартушы болды. Ыбырайға дейін қазақ жерінде мұсылман мектеп-медреселері арқылы діни білім алу өріс алса, Ыбырай азаматтық мектептер ашып, онда қоғам дамуының, әлеуметтік өркендеудің, тұмыс-тіршіліктің қажетін өтейтін ғылым негіздерін оқыту ісін қолға алды [139].

Ыбырай азаматтық ғылым, біліммен бірге діннің ғылыми негізін, тарихын жақсы игерген. Өзінің бұл саладағы білімдерінің жинақтары ретінде «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» («Шариғат-ул-ислам») деген қазақша кітап жазған Татар, түрік т.б. халықтар аят, хадистің мұқтаж, керекті бұйрықтарын өз тіліне көшіріп, түсінетін кітаптар шығарып, діннің ғылымын халыққа тарата білді. Бірақ біздің қазақ тілінде әркім түсініп оқып немесе біреу оқыса, тыңдаған қара халық түсініп отыратын бірде бір кітап жоқ. Сол себептен жалғыз кітап таныған молдалар болмаса көп қара халық өзінің діні не екенін де кәміл түсінбейді. Мұны көріп біз... Қарындас, халқымыз қазақ жұртына пайда келтірмек ниетпен һәм қараңғы туғандарымызды түсінік тілмен өзінің дінін түсіндіру үшін бұл кітапты жазуға кірістік» -деп ол кітаптың алғы сөзінде бастаған.

Ыбырайдың «Мұсылманшылдықтың тұтқасы» («Шариғат-ул-ислам») кітабын жазуына себеп болған жағдайлар: біріншіден, сол заманда қазақ ауылдарында оқытылатын діни кітаптар «Иманшарт», «Кәлем шариф», «Әптиек» [140] т.б. араб тілінде жазылғандықтан, оның мазмұнын не молда, не оқушы түсінбей құрғақ жаттаумен болды. Ал діни оқулықтардың мазмұнын жете түсінбеген дүмше молдалар шариғат қағидаларын өздерінше бұрмалап теріс түсініктер беретін. Ыбырай ислам дінінің аяттарындағы адамгершілік, иманжүзділік, қайырымдылық қағидаларын өзінің педагогтық көзқарасына негіздей отырып түсіндіруді көздеді.

Екіншіден, XIX ғ. II-жартысында қазақ даласына тараған әдеби кітаптардың бәрі дерлік Қазан, Уфа қалаларында басылып шыққандықтан және оларды жинап бастырып шығарушылар ағайындар М.К. Каримов, А.А. Бороновский сияқты татар оқығандары болғандықтан, олар қазақ әдебиетінің үлгілеріне татар тілін араластырып, тіл шұбарлауға белсене кірісті деген ақпараттар да бар. Ал Шоқан, Ыбырай, Абай сияқты қазақтың ойшыл ұлдары ұлт тілінің тазалығы үшін күресті.

Бұл жөнінде Шоқан «орыс халқының византиялық дәуірді өткені тәрізді, татар дәуірін бастан кешіру сияқты қатерлі белес тұр» - десе, Ыбырай «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты еңбегінің кіріспесінде «...біріншіден қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақ арасында жазба татар тілінің орынсыз етек алуына жол бермеу үшін осы оқу құралын құрастыруға кірістім» - дейді.

Ыбырайдың бұл кітабының құндылығы, біріншіден, мұсылман дінінің шариғат заңдарына ана тілінде түсінік беруі болса, екіншіден діни терминдердің

мән-мағынасын ашуға зер салуында, үшіншіден (ең бастысы) шарифат заңын өмір тіршілігімен, адам тәрбиесімен тығыз байланыстыра талдауында болып отыр. Ол діннің өзін тәрбиенің құралы деп қарады. Мысалы, Ыбырай осы кітаптың кіріспесінде «Имансыз еткен жақсылықтың пайдасы жоқ... мәселен, біреу намаз оқыса да, ол намаздың көңілі дұрысталмаса, әлбетте ол намаз болып табылмайды» [140, б. 12] деп адамның не нәрсеге болса да берік сенімі жүректен терең орын алмаса, ол нәтиже бермейді деген қорытынды жасайды. Ыбырай мұсылмандықтың парыздарының бірі ораза ұстау, намаз оқу болса, оны да жұрттың көзіне жақсы көріну үшін болмаса Алла алдындағы парызын өтей салып, жұртқа мұсылман болып көріну мақсатын көздеп қана іске асырудың өзі дұрыс емес деп түсіндіреді. Көңілдегі қандай да болмасын ниеттер сол адамның іс-әрекеті арқылы сыртқа көрінеді. Қай кезде болмасын иман мен діннің маңызын шын көңілдің адалдығымен уағыздағанда ғана ол дұрыс құлшылық болады, онсыз жай сөзбен дінді өтірік уағыздауды күнәлі істердің бірі ретінде көрсетеді.

Ыбырай осы кітаптың «намаз турасында» деген бөлімінде намаз ішінде он екі парыз бар, оның алтауы тысқары, алтауы ішкері парыз. Тысқары парыздардың (денені тазалау, намаз оқитын жерді пәк ету, денені жабу, денені дұрыс қимылдату, қолды, аяқты, басты қимылдату) бәрі тән тәрбиесіне арналады, ал ішкі парыздардың ой-пиғылды намазға арнап беріліп оқу және тәрбиесіне арналады» [140, б. 152] - деп тән мен жанның тәрбиелік бірлігінің намаз оқу үстінде іске асатынын айта келіп, Құран сөзіне түсінік береді де, «жақсылық пен жамандық құдайдан деп иланбақтың мәнісі Алла ісіне сенуден туған наным... Бірақ құдай тағала ешкімді жамандық жолға бұйырмайды, мынау жамандық, мынау жақсылық пен көрсетіп, адам баласына қай жолға түссе де ықтияр береді» [140, б. 151] - деп адамның жамандық, яки жақсылық іс-әрекет жөніндегі көзқарасы Абайдың жиырма сегізінші қара сөзіндегі «...Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибрат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан құдай, ауыртқан құдай емес. Байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, құдай емес деп, нанып ұқсаң болар, әйтпесе жоқ» [141, б. 109] - деген пікірмен астасып жатыр.

Қазақтың екі бірдей ойшыл ғалымы бұл жерде адам тағдыры адамның өз қолында, талаптанып талпынуда, адал еңбек етуде деп дұрыс философиялық қорытынды жасап отыр.

Оқу-ағарту ісінің дін өкілдеріне кіріптарлығын Шоқан да, Ыбырай мен Абай да қатты сынға алып, айқын антиклерикалдық бағытты ұстанды.

«Сахарадағы мұсылмандық туралы» деген мақаласында Шоқан дінбасылары мен молдалардың уағыздары халықтың ойы мен сезімін тежеп, елдік сатынан ажырататынын жазады. «Біздің діни кітапшылдарымыз ертедегі Русь кітапшылдары сияқты өздерінің халықтық салтынан батыл аластауда. Өзіміздің аңыз, эпос, заң және сот әдет-ғұрыптарын олар киіз кітаптың сорақы атауымен масқаралап, ол біздің пұтқа табынушылық ырымдарды, ойын-сауық пен той-томалақтарды сайтандық дегеннен басқа атпен атамайды», - дейді Шоқан [142].

Сауатсыз молдалардың надандығы мен дінбасыларының екіжүзділігін

әшкерелеу Абай шығармаларында жиі ұшырасады. Абайдың ойымен үндес келетін өлең жолдары Ыбырай шығармаларында да көп кездеседі:

Азған елдің қожасы,
Қыдырып келер есікке.
Бұл үйде кім бар екен деп,
Көзін салар тесікке.
Балаларын бастырып,
Қатындарын састырып,
Төрге қарай ұмытылып,
Тамақ үшін қылығынып,
Дуа қылса керек-ті [140, б. 14].

Немесе:

Азған елдің молдасы,
Үлкен болар сәлдесі.
Аса бауыр қылмаңыз,
Оның рас емес олдасы.
Көрмей-білмей біреуге,
Куәлік берсе керек-ті [140, б. 14].

Абайды да, Ыбырайды да оқу-білім мен тәрбие мәселесі жиі толғандырады. Абайдың «Қара сөздеріндегі» өнер, білім, ғылым, адамгершілік жөніндегі пікірлері оның ағартушылық көзқарасын жан-жақты аша түседі. Артта қалған мешеу елінің тағдырын ойлап ақынның жаны күйзеледі. Халықтың мәдениет пен өнерге талпынуы, ақыл-ойының құдіреті қандастарын озық елдер қатарына қосады деп үміттенеді ойшыл. «Сократқа у ішкізген, Жанна Даркті отқа өртеген, Гайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемітіне көмген кім? Ол – көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тап та жөнге сал» [141, б. 122]. Халықты тобырға айналдырмас үшін ел болашағы жастарды оқыту қажет және оларға ана тілінде дәріс беру керек дейді Абай. Өйткені ол кездегі оқу жүйесі баланың ұғымына ауыр тиетін араб, парсы тілдерін үйренуге негізделген еді. «Әуелі мал табу керек, онан соң ғараб, парсы керек», - дегені сол уақыттың шындығын дәл бейнелейді [142, б. 119].

Абайдың ойынша ағартудың өркендеуі қоғамның даму дәрежесіне байланысты. Себебі, адам баласы тұрмыс тауқыметінен арылып, ертеңгі күнін уайымдайтын шақ туғанда ғана мәдениет пен білімге ұмтылар еді. Абай күн көрістің, мал табудың, мақсатты өмірдің жолын орыс ғылымы мен мәдениетінен іздейді. Орыстың тілі, мәдениеті мен өнері көкірек көзін ашатын дүниенің кілті дейді ол. Орыс тілін жете меңгерген Абай сол арқылы әлем әдебиетінің бай қазынасымен, Гете, Байрон поэзиясымен, Сократтан бастап Европаның ғылыми-философиялық мұраларымен танысады. Ұлы ақын елді орыс тілін үйренуге шақыра отырып, орыс чиновниктерін көргенде, құрдай жорғалайтын жағымпаздықтан сақтандырады.

Адамның көп білсем, үйренсем деген талабы қажымай-талмай еңбектенуді қажет етеді. Оқу мен білімге құштар шәкірттердің жігері мұқалмас үшін олардың тілек-талаптары да ескерілуі тиіс. Ата-аналар мен молдалардың балаларды

зорлап үйретпек болған оқуы оларды ығыр етеді дейді Абай.

Оқу-ағарту мәселесінің түйіні Абайдың ойынша, үкімет пен оның бөлетін қаржысына байланысты шешіледі. Олай болмаған жағдайда жақсы тілек сөз жүзінде қалмақшы. Ағартушының қырық бірінші «қара сөзі» тәрбие жайы мен ел билеушілерге арналады. Жастарды ғылым мен білімді үйренсін деп күштейтін, қолында билігі, есепсіз байлығы бар адам керек дейді ол. Абайдың бұл ойы еуропалық ағартушылардың «оқымысты монарх» идеясымен үндес келеді.

Қырық бірінші сөзінде Абай өзінің екі ойын айтады: «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек.

Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек...

Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек»... [141, б. 158].

Ғылымның қай саласынан болсын хабары мол ұл-қыздарды оқытып шығарса, сонда ғана қазақ елінің түзу жолға түсетінін айтады. Бірақ халықты қорқытатын күш ешкімде жоқ, оларды көндіретін дәулетте жоқ деп өкінді Абай.

Ұлы ағартушы Ыбырай өзінің прогресшіл ойларын қазақ даласында мектеп ашу ісіне, оқу жүйесін жақсартуға жұмсады.

Өзі ашқан орыс-қазақ мектептерін миссионерлік бағыттағы жат пікірден де, жаттамалы шығыстың діни оқуынан да қорғап бақты. Жастарға шынайы білім беретін дүниетану пәндерді (жаратылыстану, география, тарих, есеп т.б.) оқытуды іске асырды. Қазақ қыздарына арнап мектеп-интернат ашу, қолөнер училищесін ашу ісін қолға алды.

Ол орыс-қазақ училищелерінің шәкірттерін сол кездегі прогрессивтік, гуманистік идеяда жазылған К.Д. Ушинскийдің «Балалар дүниесі», Л.Н. Толстойдың «Әліппе және оқу кітабы», Б.Ф. Бунаковтың «Әліппе мен оқу құралы», Тихомировтың «Грамматиканың элементарлық құралы» атты оқу құралдарын пайдалануды ұсынды.

Алдыңғы қатарлы орыс педагогтарының гуманистік идеяда жазылған осы құралдарын басшылыққа ала отырып, қазақтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлеріне негізделген екі оқу құралын («Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы») 1879 жылы жазып, бастырып шығарады.

Хрестоматияға Ыбырай, біріншіден, қазақ халқының Қара батыр, Байұлы, Жиренше шешен, Тазша бала туралы ертегі, аңыз-әңгімелерін енгізсе, екіншіден, өзінің «Бай баласы мен жарлы баласы», «Таза бұлақ», «Әке мен бала», «Асыл шөп» т.б. ғибратқа, өсиетке құрылған дидактикалық әңгімелері мен өлеңдерін, үшіншіден, «Талаптың пайдасы», «Бір уыс мақта», «Зеректік» т.б. орыс, батыс классиктерінің тәлімдік мәні зор әңгімелерін аударып енгізді.

Ол қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу мәселесін ең басты мәселе деп қарады. Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып-тәрбиелеуден, тәрбие ісінің күдіретінен артық еш нәрсе жоқ – деп түйді Ыбырай.

Ыбырай «адам мінезін түзетіп болмайды, сүйекке біткен мінез, сүйекпен бірге кетеді» [140, б. 104] дейтін феодалдық теріс көзқарасты әшкерелеп,

адамның жақсы я жаман болуы тәрбиеге, өскен ортаға байланысты деген қағиданы қуаттап отырды.

Ыбырай «Ұлықпан әкім» әңгімесін ұсыну арқылы ғылымның адам өміріне пайдасын насихаттауды мақсат етсе, «Жиренше шешен», «Тазша бала» әңгімелерін ұсына отырып, оқушыларды тапқырлыққа тәрбиелеуді көздеген [140, 88, 94 бб.].

Ыбырай аударып хрестоматияға енгізген орыс жазушылары Пауэльсонның, Ушинскийдің, Толстойдың әңгімелерінде де: қайырымдылық, кішіпейілділік, талаптылық, еңбек сүйгіштік сияқты зор адамгершілік қасиеттер дәріптеліп, оған қарама-қарсы жауыздық, екіжүзділік, дүниеқорлық т.б. жексұрын мінез-құлықтарды әшкерелеу өзекті орын алған [143]. Ыбырай осы арқылы жастарды ізгі жүректі, инабатты, талапты, ел-жұртына пайдалы азамат болуын көздеп отыр. Бұл шығармалардың бәрі халықтық өлең-жыр, мақал-мәтелдерде, насихатталатын гуманистік идеялармен өзектес болып келуінің өзі тектен-тек емес.

Ыбырай өзінің біраз еңбектерін қазақ халқының салт-дәстүрлерінің ерекшеліктерін зерттеп, этнографиялық очерктер жазуға арнады.

1870 жылы Ресейдің география қоғамының Орынбор өлкетану бөлімшесінің тапсыруы бойынша ол «Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі» мен «Орынбор ведомствосы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» атты екі еңбегін жазып тапсырды [143]. Бұл еңбектер орыс қауымына қазақ қоғамының әр алуан тұрмыс-салт ерекшеліктері туралы түсінік берген тұңғыш жазба еңбектер еді.

Ыбырай кейбір орыс чиновниктері ойлағандай «қазақтардың ұры» және «қарақшы, көшпелі, тағы халық» емес, «өзіндік мәдениеті бар халық» екенін білдіру үшін қазақтың салт-дәстүрін арнайы зерттеп очерк жазған. Қазақтың салт-дәстүрі атаулыны жан-жақты зерттеп жинақтаумен бірге әр ауыл мен болыс басына мектеп ашып, мектеп жанынан монша, кітапхана салып қайтсем қазақ елінің көзін ашамын деп арпалысқан Ыбырай «қазақ халқы деген оқу-білімге сусап отырған халық; әттең бұл іске оқыған адамдардың жаны ашымайтыны есіңе түскенде кейде күйінесің» [144, б. 223] – деп ел билеуші орыс әкімдеріне қатты реніш білдірген. Ыбырай орыс мәдениетінен нәр ала отырып, патша үкіметінің отарлау саясатына, патша чиновниктерінің қарапайым халыққа жасап отырған қысымына ашық қарсылық білдірген. Ол жөнінде өзінің «Орынбор листогі» газетіне «1880 жылы 4 сәуірде жазған мақаласы туралы өзінің досы, ориенталист-ағартушы В.В. Катаринскийге жазған хатында: «Осы мақаламда қазақ еліне орыс селендерін әкеп орнатпақ болған пікірге қарсы екенімді білдірдім. Бұл пікір меніңше, ешбір ақылға сыймайтын нәрсе сияқты. Егер істі дұрыс жүргізе білмесе, онда айттым да қойдым қазақтар – келешегі жақсы істі ешқандай түзете алмайсың, осындай ерсі жұмыстарды оқығанда және естігенде салың суға кетеді» [140, б. 174] - дейді.

Оның қазақ балаларын оқытудағы мақсаты – ел билейтін әкімдер даярлау емес, өз халқының кәдесіне жарайтын, елінің прогресс жолымен ілгерілуіне

жетекшілік жасайтын, азаматтар тәрбиелеу еді.

«Қазақ хрестоматиясы» 1879 жылы Орынборда басылды. «Бұл кітапты құрастырғанда мен, - деп жазды Ыбырай хрестоматиясының алғы сөзінде, - біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім». Сол мақсатпен Ыбырай «Қазақ хрестоматиясын» балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме-новеллаларды құрастырды. Олардың бірқатарын өзі жазды, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан алып еркін аударды. Сонымен бірге кітапқа қазақтың халық әдебиетінің кейбір үліглерін іріктеп кіргізді [144, б. 12].

«Қазақ хрестоматиясына» кірген біраз материалдарды И.И. Пауэльсонның «Книга для чтения и практических упражнений в русском языке», К.Д. Ушинскийдің «Детский мир», «Родное слово», Л.Н. Толстойдың балаларға арналған еңбектерінен алды.

Әрине, белгілі бір ортаның өзіне тән ерекшеліктерін ескермейінше жаңа идеяның іске асуы екіталай. Сондықтан, Ыбырай К.Д. Ушинскийдің ілімін сол қалпында қабылдамай, оны қазақ тұрмысына жақындатып, ықшамдап алады. Ұлы педагогтің оқу-тәрбие мәселесіне философиялық тұрғыдан келетін еңбектерін басшылыққа алып, пайдаланып отырды. Прогресшіл педагогикалық теорияның негізін салушы К.Д. Ушинский Аристотельдің және антикалық дәуірдің басқа да ойшылдарының еңбектерін, Бэкон, Декарт, Спиноза, Локк, Руссо, Гольбах және т.б. шығармаларын терең зерттейді. Өзінің «Детский мир» деген кітабында ол бірқатар философиялық ұғымдарға айқын анықтама береді [143]. Осы еңбегінің «Первые уроки природы» деп аталатын бөлімінде «табиғи заңдылық» деген ұғымды былайша түсіндіреді: «Дүниеде болып жатқан табиғат құбылыстарының барлығы да табиғи заңдылық болып табылады, ал осы заңдылықтарды ашатын ғылымды жаратылыстану ғылымы деп атайды» [144, б. 132]. «Адамгершілік заңы» туралы: «Адамға ақыл мен ерік берілген, сондықтан ол ар – ожданына қарай өз мақсатына лайықты әрекет жасайды. Өзім адаммын деп санайтын кісі, - дейді ол, - өз басының пайдасын ойлаумен қатар, барлық адамға пайда келтіретін іспен айналысуға тырысады... өз пайдасынан бас тартып, өзгелерге жақсылық жасайтын қайырымды адамдар да бар, керісінше, өз мақсаты үшін басқалардың игілігін құрбандыққа шалатындар да кездеседі [144, б. 140]. Олар жұрттың үстінен күн көреді, байлық жинайды. Пайдасынан зияны көп бұл сияқты бақытсыз жандар адамдықтан алыстау өмір сүреді [144, б. 325].

Осы жайларды Ыбырай күдіксіз қабылдайды. «Табиғи ақылдың өзін қоршаған ортаны түсінуге қабілеттілігі», «Табиғат заңында жас баланың бірден ересек адамға айналу кезінің жоқ екені», әрине, оған түсінікті еді.

Оқу мен тәрбиеге байланысты жаңадан туындаған проблемаларды К.Д. Ушинский де, Ыбырай да тек мектеп көлемінде ғана қолға алмай, одан да кеңірек, Я. А. Коменскийдің сөзімен айтқанда «баршаны бәрін оқыту» арқылы шешуге тырысты. Ыбырай оқытушыларды іріктеп алу мәселесіне көп көңіл бөлді. Мектептерге арнайы мұғалімдер курсы бітірген жас оқытушыларды

кабылдады. Шәкірттерді адалдыққа, әділдікке баулитын оқытушының өзі де адамгершілік қасиеттерге бай болуға тиіс дейді ол. Оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алатын оқулықтар тапшы болғандықтан, Ыбырай өзінің хрестоматиясын құрастырады. «Бұл кітапты құрастырғанда мен, - деп жазады Ыбырай оқулықтың алғы сөзінде, - біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» [144, б. 78].

Ыбырайдың ұйымдастыруымен Илецк, Николаевск, Торғай, Ырғыз уездерінде халық мектептері мен кітапханалар жұмыс істей бастайды.

Ыбырай оқытушыларға оқу-тәрбие процесінде Л. Толстойдың, Л.Н. Крыловтың шығармаларын, орыс тіліндегі арифметика, тарих, зоология, физика оқулықтарындағы материалдарды пайдалануға кеңес береді. Ағартушының өзі де балаларға арналған бірқатар дидактикалық әңгімелер жазады.

Ыбырай мұсылман дінінің монополиялық, ресми идеология болып тұрған кезіндегі озбыр түріне қарсы шықты. Мұнымен қатар Ыбырай қазақ балаларына христиан дінін зорлап үйретушілерге де үзілді-кесілді қарсы болды. В.В. Катаринскийге 1888 жылдың жиырмасыншы ақпанында жазған хатында А.Г. Бессонов деген мұғалімнің оқушы қазақ балаларына Інжіл мен оның парыздарын уағыздағаны туралы қатты ренжіп жазды. Ыбырай «...мұнымен, тек оқытушылар мектебінің келешегін ғана емес, онымен қатар, жалпы орыс-қазақ мектептерінің бәрінің де келешегін, мүлдем бүлдіріп алуымыз мүмкін ғой»-дейді [145].

Ыбырай, Шоқан есімдерін атағанда жоғарыда келтірілген Абай мұраларын да жалғастыра түссек. Абай үшін ислам діні – мәдениеттің негізі, танымның дінгегі. Ақын исламға қарсы шықпайды, оны теріс уағыздаушыларды сынайды. Бұл жайға Абай өзінің «Қара сөздерінде» кеңірек тоқталады. Он екінші, он үшінші сөздерінде [141, бб. 96, 109]:

«Енді бұл иман дерлік илануға екі түрлі нәрсе керек. Әуел не нәрсеге иман келтірсе, оның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып ақылы дәлел сипат қыларға жараса, мұны якини иман десе керек. Екінші – кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық беріктік керек. Біреу өлтіремін деп қорқытса да, мың кісі түрлі іс көрсетсе де, соған айнып көңілі қозғалмастай берік боларға керек. Бұл иманды иман толқиды», -дейді [146, б. 109].

Ақынның пікірінше, Алла адамның ар-ожданның өлшем таразысы іспетті. Алла кешпейтін күнә жоқ деп, арсыздыққа барғандардың қылығы ақынның наразылығын тудырады. «Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде құдай тағала кеңшілігімен кешеді – дағы демесін, оның үшін құдай тағаланың ғафуына яки пайғамбардың шафағатына сыймайды уа мүмкін емес. «Қылыш арасында серт жоқ» деген, Құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрысын» [141, б. 110]. Құдайға деген сенім мен адамгершілік ақынның ойынша біртұтас, ажырамайтын ұғым. Құдайдан

үміті жоқ адамда ар-ұят та болмайды деп есептейді ол.

Адамның ақыл-ойына, адамгершілік қасиеттеріне тағзым ету-ағартушылардың баршасына тән нәрсе. Шын мұсылмандықтың белгісі, Абайдың ойынша, білуге талаптану және адамның ар-ұяты, қайырымдылығы.

Ислам және басқа да діндердің пайда болуы жаратушы құдайдың бар екенін дәлелдейді дейді ол. Басқа діндер де ислам тәрізді әділдік пен адамгершілікті дәріптейді және әлемді жаратушы құдірет құдайды сүюге шақырады. «Адамшылықтың алды - махаббат, ғаділет сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол – жаратқан тәңірінің ісі» [142, б. 171].

Шоқанның дінге байланысты пікірі Абайдың көзқарасынан өзгеше. Шоқанның ертедегі адамдардың наным туралы, оның ішінде шамандық жайлы зерттеулері қызғылықты. Ол ертедегі адамдардың табиғатты қадірлеп, оған табыну себептерін ғылыми тұрғыдан ашуға әрекет жасайды. «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген мақаласында Шоқан: «Адамның өзі де табиғат әсерімен өмір кешсе, шамандық нанымдарда да жалпылай не біржақты табиғатты қадірлеу бар екенін байқауға болады. Бұл тұрғыдан алғанда, шамандық барып тұрған материализм болып табылады. Ал басқа жағынан алып қарағанда, шамандық нанымдағы о дүниелік адамның рухы-жаны мәңгі жасайтыны туралы түсінік тағы бар, демек, бұл барып тұрған спиритуализм» [142, б. 171].

Қазақ даласына мұсылман діні тамыр жайғанымен, қазақтардың дүниетанымындағы шамандық пен отқа табыну сияқты наным-сенімдерінің жойылып кетпегенін Шоқан аталған мақаласында жазады. «Барлық шамандық салт-сана, аңыз-әңгімелер көшпелілердің тұрмысымен тікелей байланысты болғандықтан, қазақтарда бақсылықтың қаймағы бұзылмаған, сондықтан да Орта Азияның өткенін зерттеуге қажет деректерді молынан кездестіруге болады».

Шаманизм терминінің өзі терістік халықтарының өмірін бақылаудан алынған, ал қазақтар арасында еш уақытта айтылмаған. Бақсы емдеушілер болған. Егер бағытты анықтау керек болса, онда қазақтардың ертедегі дүниетанымын ең жоғарғы құдай тәңірдің атымен «тәңірлік» деп атау дұрысырақ болар еді. Шын мәнінде қазақтардың ертедегі дүниетанымы зороастралық болған және оның іздері отқа табынудан, емдеу мен тазару әдет-ғұрыптарында сумен, жермен байланысты өте анық байқалады.

Зороастризм ғылымы «тәртіп ережелерін ғана емес, сонымен бірге тәртіп талаптарының қаталдығын жұмсартатын көптеген әдет-ғұрыптары қамтитын рухани өмірді ұсынды. Бұл дүниеден безінген құштарлыққа шақыратын сенім болады» [142, б. 50].

Біздің шаманизм мен оған исламның қатынасы туралы ой-пікірдің дұрыстығын Шоқанның тамаша зерттеуі де дәлелдейді. Шоқан, шамандықтың шарлатандық емес, өзіндік белгісі бар терең көзқарас екендігін, шамандық сенімнің дүниеге келуі – жартылай немесе жекелей табиғатты қадір тұту, кастерлеу болып саналатынын ерекше көрсеткен. Шоқан сондай-ақ, отқа табыну,

күнді, айды, аспанды ең жоғары құдай деп санау, аруақтарға, өлген аталарының рухына, көшпенділер өмірінің әртүрлі жақтарын қорғаушы рухтарға сену сияқтыларды атап өтеді.

Тәңірлік – зороастралық ұғымдар біздің дәстүрімізде, әдет-ғұрыптарымызда, сенімдерімізде, түсті жоруларымызда сақталған.

«... Шамандық салт-сана жағынан, бақсы-балгерлік жағынан қазақтар анағұрлым мол мұраға иелік етіп отыр [142, б. 112]. Қазақтар, әуелде, Мұхамедті білмей тұрғанда Алла мен тәңірге бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдіретіне де сенді. Халық отқа табынып, ал бақсылар болса, жын-перілермен қоса мұсылмандардың періштелерін де шақырып, Алланы да мадақтады. Осылай екі дінді араластырып табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстанған.

Ертеден келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың қайнар көзі, қазір біз шамандық – ескі наным деп атап жүрген кезінде, бүкіл халық табынған дін еді» деп жазды Шоқан [142, б. 300].

Қазақтарда әртүрлі көңіл күйіне байланысты айтылатын «Тәңір тілеуіңізді берсін», «Тәңір жарылқасын», «Көк соққан» деген бата немесе қарғыс түріндегі сөз тіркестерінің қолданылуы содан шыққан. Қазақтар екі дінге – ислам мен шамандыққа – бірдей табынып Алланы тәңірге, әулиелерді аруаққа теңестіреді.

Ағартушылардың оқу, тәрбие проблемаларына байланысты ойлары әрқилы болды. Ыбырай бірінші кезекте педагогикалық мәселелерді шешуге ұмтылды. Мектептер ашып, оны оқулықтармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету ісімен, оқыту методикасын жетілдірумен айналысты. Шәкірттерінің сауатын ашып, хат танумен бірге ғылым мен техниканың, өнеркәсіптің әр саласынан хабары бар жас мамандар даярлауға бар күшін жұмсады [147, б. 145-146].

Қазақ арасына христиан дінін тарату туралы миссионерлер дайындаған жұмысқа Ыбырай сияқты Шоқан да наразылық білдіреді.

Осындай әрекетке барған, «Сібір қазақтары туралы жарғының жұмысын жазған М.М. Сперанский жөнінде Шоқан былай дейді: «Бізді қайран қалдырғаны М.М. Сперанский өзінің амалдары жайлы айтқанда сөз жүзінде мұсылман болып жүрген қазақтарды басқа дінге тарту оп-оңай дейді. Бұл салауатты, таратушы болуына не себеп болды екен?.. Қазақты христиандыққа тарту саяси жағдайға да сай келмейтін еді»

Қазақ халқының болмысы Ыбырай шығармаларында жан-жақты көрініс тапты: ел билеушілердің әділетсіздігін, паракорлығын, сараңдығы мен рухани таяздығын және әлеуметтік теңсіздікті бейнеледі. Халық ауыз әдебиетін жинастыру, басқа халықтардың аңыз-әңгімелері мен ертегілерін қазақ тіліне аудару, көшпелілердің әдет-ғұрпы мен салтына байланысты зерттеулер, елді надандықтан арылтып жаппай білімге жұмылдыруға әрекеттену-ағартушы еңбектерінің өзегі болды.

Абай өнер-білім мәселесіне кең көлемді, әлеуметтік педагогика тұрғысынан қарайды. Адам тәрбиесі, оның бойына адамгершілік қасиеттерін сіңіру және халық үшін қызмет жасайтын тұлғаны қалыптастыру ұлы ақынның

назарындағы басты нәрселер. Адамгершілік тәрбиесі адамның діни нанымдарына қайшы келмей, заман рухына сай, онымен қатарласа жүргізілуі қажет деп ойлайды Абай.

Адамның тұлға ретінде қалыптасу процесінде өскен ортаның, тәрбиенің рөліне үлкен мән береді. Өзінің «15-ші сөзінде» ол осы ойды былайша толғайды: «Егер есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәртебе, болмаса жұмасына бір, ең болмаса айында бір – өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өміріңді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақіретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің? Жоқ болмаса, не қылып өткізгенінді өзіңде білмей қалыппысың». Бұнда ақын адамның өзіне өзгелердің көзімен қарап, күнделікті істеген ісіне талдау жасауға, өзінің өмірдегі орнын біліп, соған лайық іс-қимыл жасауға міндеттелігін алады.

Шоқан әлеуметтік және мектеп педагогикасы проблемаларын талдауға бармайды. Шоқанның дүниетанымында Орталық Азияны мекендеген халықтар, оның ішінде қазақтар да бүкіл адамзат қауымдастығының бір бөлігі, оның ойынша, орыс және Европа мәдениетінен үлгі алып, өнерін үйрену – қоғамдық санаға өзгеріс әкеліп, елдің заман ағымына сай өмір сүруіне жағдай жасайды [142, б. 94].

Әрине, еуропалық мәдениеттен үлгі алып, меңгеру үшін қазақ халқы ағарту мәселесін іске асыру қажет. Бұл ретте қазақ жұрты үшін орыс мәдениетінің маңызын Шоқан ерекше бағалады. Осы себептен де көптеген мақалаларында қазақ даласында орыс мектептерін ашуды, басқа да білім ошақтарын көбейтуді кеңес етеді. Қазақ жерінде дәрігерлік жағдаймен жәрдемнің төзімсіз екендігіне қинала көңіл аударады. Алғашқы кезде осы қиыншылықтардың бәрін патша өкіметі шеше алады деп сенді. Г.Н. Потанин «Еуропаға құштарлық Шоқанды өз халқынан ажырата алмады, керісіншен, ол тәрбиеленген рух өз елінің қызметшісі болуын міндеттеді – деп жазды.

Шоқан Шыңғысұлы мен Федор Михайлович Достоевскийдің достығы екеуінің Омбыда, Семей мен Петербургте бірге болған кездерінде бір үзілмейді, кейінгі алты жыл ішінде (1856-1862) бұл достық хат арқылы нығая тускенін көреміз. Мәселен, Семейден кетіп бара жатып, Ш.Ш. Уәлиханов Д.М. Достоевскийге былай деп жазады: ...Сізбен бірге Семейде өткізген азғана күн маған сондай тамаша әсер етті. Ендігі менің бір ойым сізбен тағы да бір кездесу. Мен адамның нәзік сезімдері мен ақ ниеті туралы жазуға шебер емеспін. Менің Сізге қандай берілгендігімді және сізді қандай жақсы көретінімді, әрине, өзіңіз де білесіз". Бұл хатқа Д.М. Достоевский өзінің шын жүрегінен шыққан жылы сөздермен былай деп жауап қайырды: "Мейірман достым! Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз. Ал мен сізге қысылмай-ақ тура айтайын. Мен сізге ғашық болып қалдым. Мен еш уақытта да, ешкімге де тіпті туған ініме де, тап сізге көңілім түскендей құштарлықты сезген емеспін. Бұған талай дәлел келтіруге болар еді, бірақ сізді несіне мақтай берем. Ал енді сіз менің ақ ниетіме дәлелсіз-ақ сенетін шығарсыз деймін. Д.М. Достоевский өзінің хаттарында Шоқанға пайдалы кеңес беріп, рухын көтеріп, оның алдына аса зор игі міндеттер қойғанын көреміз. Енді бір хатында: Қолға алған ісіңізді тастай көрмеңіз – сіздің

материалдарыңыз өте көп. Сахара туралы мақала жазыңыз. Оны Россия халқына түсіндірудің өзі ұлы мақсат, қасиетті іс емес пе. Европаша білім алған тұңғыш қазақ екеніңізді есіңізге толық алыңыз. Тек осы оқиғаның бір өзі ғана ғажайып нәрсе және оны ұғудың өзі сізге көп міндеттер жүктейді. Оның үстіне тағдыр Сізді таза жанды, адал жүректі, абзал адам ғып жаратқан. Артта қалуға болмайды, жоқ болмайды..., деп жазады. Мұндай жанашырлық жалынды сөздерінде Д.М. Достоевский Шоқанға шын жүректен ақыл-кеңесін білдіріп, оны белсенді іс, батыл әрекетке рухтандыра түседі. Ф.М. Достоевский Шоқан Уәлихановты ерекше қадірлей, бағалай білді. Одан алған заттарының бәрін ол ең қымбат естелік ретінде сақтайды. 1866 ж. Шоқан марқұм болғаннан кейін Достоевский өзінің әйелі А.Г. Достоевскаяға "мына үлкен ағаш сандықты көрдің бе? Бұл менің Сібірлік досым Шоқан Уәлихановтың сыйлығы. Сондықтан да ол маған қымбат. Сондықтан мен өз қолжазбаларымды, хаттарым мен аса қымбатты естеліктерімді осында сақтаймын" – деген сөздерінің өзі Шоқанға деген ыстық ықыласын анық байқатады [147].

Шоқан дүниетанымы, оның шығармашылық мұрасы мен практикалық іс-әрекеті Орта Азия мен Қазақстанның рухани қалыптасуында үлкен белес болып табылады.

Қазақ халқының рухани мұралары діни білім кеңістігін қамтамасыз еткен негізгі факторлар болып саналады. Халықтың діни көзқарастары, ұлттың рухани құндылықтары ауыз әдебиеті шығармаларында көрініс тапқан. Діни тақырыпқа арналған қисса-дастандардан ислам дінінің негізгі қағидалары, танымал тұлғалары, шарифат заңдары жайлы мол мәлімет алуға болады. Есепсіз көп мұндай туындылар көпшілікке арналған діни оқулықтың рөлін қоса атқарып, қазақ халқының мұсылмандық мәдениетін қалыптастыруда, діни сауатын көтеруде теңдессіз құралына айналған. Сондықтан аталмыш рухани құндылықтарды қазіргі діни ахуал жағдайы мен халық сұранысына сәйкес діни білім беру бағдарламалары аясында жаңғыртудың маңызы жоғары.

Медреселер «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің қоғамдық пайдалы қызметтер бойынша білікті мамандар дайындайтын, орта білім деңгейінің негізі болып табылатын техникалық және кәсіптік білім беру оқу бағдарламаларын жүзеге асыру мақсатында Мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанында құрылған, заңды мәртебесін меңгерген, коммерциялық емес, жеке Мекеме болып табылады [148].

Медреселер өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық кодексін, «Баланың құқығы туралы» Конвенцияны, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Білім туралы» Заңдарын және ҚР БЖҒМ нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ ҚМДБ-ның төралқа мәжілісі бекіткен Жарғысын басшылыққа алады.

Қазіргі таңда «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің санатында 9 медресе бар. Олар:

«Үшқоңыр медресесі» (Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылы, Жібек Жолы к-сі, 164 үйде орналасқан), «Әбу Ханифа медресесі»

(Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин к-сі, 12 үй), «Орал медресесі» (Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Х. Досмұхамедов к-сі, 22 үй), «Ақтөбе медресесі» (Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Бестамақ ауылы, Алға к-сі, 58 үй),

«Ғибатулла Тарази медресесі» (Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би к-сі, 89 үй), «Сарыағаш медресесі» (Оңтүстік-Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Жартытөбе аудандық округі, Ынтымақ ауылы, Науаи к-сі, 1 үй),

«Шымкент медресесі» (Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Рекордный д-лы, 4 үй), «Әбу Бәкір Сыддық медресесі» (Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Мүткенов к-сі, 52/2 үй), «Астана медресесі» (Астана қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 36 үй) «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің жеке мекемелері болып тіркелген.

Барлық медреселердің білім беру қызметі бойынша құқық беретін мемлекеттік лицензиялары бар. Медреселер ҚР Әділет министрлігіндетіркелген, ҚР Қаржы министрлігінен Салық төлеуші куәлігін алған. Медреселер Жарғы негізінде жұмыс жасайды. Білім беру қызметін ұйымдастыруы Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Барлық медреселер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес қызмет атқарады. 0112000 - «Исламтану» мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің оқу жоспарлары бекітілген. Мәдени шаралар мен тәрбие ісінің жоспарлары барлық оқу орындарында жасалады.

Ұстаздардың базалық білімі, мамандану деңгейі орта діни оқу орны, яғни колледж оқытушысына қойылатын жүйелі діни білім беру талаптарына сай, алған мамандықтары оқытатын пәндеріне сәйкес келеді. Әрбір оқытушының өз пәндеріне арналған жұмыс оқу бағдарламасы, дербес жұмыс жоспарлары жасалған.

Медреселердің оқыту жоспарына мемлекеттік стандартқа сәйкес зайырлы пәндер енгізілген. Оқытылатын барлық оқулықтар мен әдебиеттер Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы тарапынан бекітілген. Олар имам Әбу Ханифа мәзһабының ұстанымдарымен толық сәйкес. «Ақида» пәнін жүргізу барысында имам Матуриди еңбектері негізге алынады. Өзге ақида өкілдерінің көзқарастары салыстырмалы түрде түсіндіріліп, матуридилік ақидадан ерекшеліктері көрсетіліп отырады.

Фикһ пәнін оқытуда ханафи мәзһабы өкілдерінің еңбектері басқа әһл әс-сүннә уәл-жамағат мәзһабтарымен салыстырмалы түрде пайдаланылады.

Жекелеген кітаптар сабақ барысында араб тілінен ауызша аударылып оқытылады.

Барлық медреселер кітапхана, жатақхана, асхана, оқу залдарымен қамтылған. Компьютер бөлмесі мен интернет желісі, медициналық пункттер жұмыс істейді. Медреселерде спорт залдары жоқ болғанымен дене шынықтыру пәндері көрші орналасқан мектептердің ауласында немесе спорт залдарында өткізіледі [149].

Қорытындылай келе қазіргі кездегі діни білім беру мен зайырлы дінтанулық білім берудің арасындағы айырмашылықтар мен кейбір тұстардағы қиылысатын мәселелерін қазақ ойшылдары Шоқан, Ыбырай, Абай

шығармаларынан аңғарамыз. Сол қиын қыстау кезеңнен бастап қазіргі уақытқа дейін өзекті болып табылатын мәселелер жас ұрпаққа дұрыс тәлім тәрбие беру, мақсатты айқын әрі анық белгілеу өзектілігін жоғалтпайтын құндылықтар.

Қазақстандағы дінтанулық білімнің қалыптасу тарихында қазақ даласындағы мектеп-медреселердің рөлі өте жоғары болғандығын қарастырдық. Мектеп-медреселердегі дінтанулық білім берудегі алғашқы қадамдар, жалпы діни сауат ашу қазақ халқының мол әдеби мұрасымен тығыз байланысып, қазақ халқының діни көзқарастары, ұлттың рухани құндылықтары жоғары келтірілген ойшылдардың мұраларымен жазылған шығармаларымен бізге дейін жетті. Мұндай туындылар көпшілікке арналған діни оқулықтың рөлін бірге атқара отырып, қазақ халқының мұсылмандық мәдениетін қалыптастыруда, діни сауатын көтерудің теңдессіз құралына айналғандығын айта аламыз.

2.2 Қазіргі орта білім беру жүйесіндегі дінтану

Дінтанулық және діни білім беру салаларын тиімді жіктеу мәселесінің өзектілігі дінтану ғылымы гуманитарлық білім ретінде бастау алған сәтінен орын алып, қазіргі таңда арнайы зерттеулер мен әлемдік деңгейдегі ғылыми пікірталастардың тақырыбы болып табылады.

Академиялық ортада «діни» және «дінтанулық» білімге қатысты алуан түрлі анықтамалар осы күнге дейін қолдануда және осы екі білім беру бағыттарының мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ теориялық-әдіснамалық құралдары туралы дискуссиялар толастар емес.

Посткеңестік мемлекеттерде діни білімді белгілі бір конфессия шеңберіндегі оқыту, білім алушыны діни сенім негіздеріне үйрету деп түсініледі. Діни білім, тиісінше, теологиялық немесе конфессиялық білім беруге теңестіріледі және дінтанулық білім беру бағытының конфессиялық оқыту саласынан айырмашылығы туралы нақты айтып кету қажет. Негізінен дінтанулық білім беру барысында діндер туралы жалпы ақпарат беріліп, олардың тарихы және әлеуметтік, мәдени және психологиялық ерекшеліктері ғылыми әдістер негізінде қарастырылады.

Ресей ғалымы И.В. Понкинге сәйкес, «діни білім беру – белгілі бір дін аясында діни ілім, діни практика, діни мәдениет және діни бірлестіктің қызметі жөнінде оқытуға, сондай-ақ аталған діни наным-сенім мен оған тән өнегелік құндылықтар негізінде тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған оқыту процесі».

Қазақстанда діни және дінтанулық білім беру тарихы ең алдымен қазақстандық қоғам дамуының тарихи ерекшеліктерімен байланысты.

КСРО-ның мемлекеттік идеологиясы діни және дінтанулық білім берудің даму ерекшеліктеріне әсер еткені түсінікті: егер діни немесе теологиялық білімге тыйым салынған болса, дінтану ғылымына қатысты білім ғылыми атеизм теориясы шеңберінде оқытылды.

Қазақстан Республикасында 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңындағы «діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады» деген нақты талаптар отандық діни және дінтанулық білім беру саласындағы демаркациялау процестері күшеюіне өз септігін тигізді [150].

Қазақстан Республикасының 2007 жылдың 27 шілдесіндегі № 319-III «Білім туралы» заңына (одан әрі – «Білім туралы» Заң) сәйкес, білім беру бағдарламасы «оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені» деп анықталған [151]. Жалпы алғанда, «білім беру бағдарламасы» оқытылатын пәндерден бастап кафедра/факультетте қызмет ететін профессорлық-оқытушылық құрамына қатысты көптеген аспектілерді қамтиды.

Қазіргі кезеңде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге қарай батыл қадамдар жасалуда. Білім беру парадигмасы өзгеріп, оқу-тәрбие үдерісіне деген жаңа көзқарас, ерекше қарым-қатынас қалыптасты. Бұл өз кезегінде білім беру саласын заман талабына сай бейімдеп, оқытудың заманауи технологияларын қолдана отырып, жас ұрпақты тәрбиелеу қажеттігін тудырды. Осыған орай білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру болып табылады.

Діндер мазмұнындағы сан ғасырлық рухани құндылықтарды білім мен тәлім-тәрбие жүйесіне ендіру, дәстүрлі діндердің ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін жастарға беру өзекті мәселеге айналды. Осы мәселеге қатысты Н.Ә. Назарбаевтың: «Біз бұқара санасындағы діншілдіктің артуына әзір болуымыз керек, онда тұрған қатерлі ештеңе жоқ. Жалпы дін өздігінен өнегелі ақиқаттан бөтен ештеңе үйретпейді. Жалғыз-ақ, бізге қауіп төндіретіні: діни біліміміздің деңгейі онша жоғары болмай отырғаны» [152], - деген әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының II съезінде сөйлеген сөзі, бүгінгі таңда айрықша теориялық-әдіснамалық мағынаға ие және дінтану пәнін оқытудың өзектілігін айқындай түседі. Сол себепті бүгінгі таңда инновациялық технологияларды қолдану, заман талабына сай, уақыт сұраныстарына жауап беретін білікті маманды тәрбиелеуге мүмкіндік береді деген ойдамыз.

Дінтану пәнін білім беру жүйесінде оқыту әлемдік және ұлттық мәдениеттің озық жетістіктерін үйрену мен жас ұрпақтың дүниетанымдық бағыт-бағдарын айқындауда, тұлғаның рухани бітім-болмысын қалыптастыруда өзіндік үлес қосары анық. Дінтану пәні жастардың әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндердің адамзат өркениетіндегі маңызы мен ролін түсінуге, сондай-ақ діннің қоғамдық өмірге тигізетін ықпалын, діни дүниетаным құрылымын және ерекшеліктерін, діннің қоғамдық сананың формасы ретіндегі функцияларын меңгеруге мүмкіндік береді [153].

Дінтану пәні аясында діннің пайда болуы мен дамуы, оның жұмыс істеу заңдылықтары, адамзат тарихындағы діннің әртүрлі құбылыстарының пайда болуы, діндердің рухани қоғаммен ортақ ұстанымдары мен айырмашылықтары туралы білім берілуі тиіс [153, б. 45].

Ресми статистикаға сәйкес, 14 жастан 29 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасындағы жастардың үлес салмағы 4,5 миллион адамның немесе халықтың жалпы санының 27,5% құрайды. Оның 700 мыңнан астамы жоғары және орта оқу орындарының студенттері. Ресми органдардың ақпараты бойынша жастар ортасындағы діни ахуалды келесі түрде сипаттауға болады: Жастар діндарлығының динамикасының өсуі айқын байқалады [154]. Жалпы жастардың діндарлық деңгейі деп ресми деректерге сүйенгендіктен алдымен діндарлық ұғымына сипаттама берсек.

Жалпы діндарлық – бұл діннің жекелеген тұлғаға немесе топқа ықпал етуі, сондай-ақ діни ұстанымдар мен қызметте болып жататын үрдістер мен тенденциялар топтамасы. Діни сана белгілі бір индивидтің діни идеялар мен құндылықтарға, сондай-ақ белгілі бір дін мен діни топқа қатыстылығын білдіреді. Діни сана адам өмірінде әртүрлі кезеңде және әртүрлі жағдайларда қалыптасуы мүмкін. Бұл адамды діни қатынастар жүйесіне қосу арқылы және діни идеялар, құндылықтар, эмоционалды нормаларды қосу арқылы жүргізіледі. Көбінше діни сана отбасылық орта (діни отбасыда тәрбиелену) және қоршаған орта, діни жетекшілер мен уағызшылардың ықпалымен орнығады. Діни бірегейліктің қалыптасуына діннің қағидалары мен догматтары ғана емес, сонымен бірге түрлі мифтер, саяси қағидаттар және тұрмыстық көзқарастар да ықпал етеді. Мәселен, орыс халқының пра-вославтық санасы үшін Қасиетті Русь, «Мәскеу үшінші Рим» деген көзқарастар маңызды. «Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет, Маңғыстауда пір Бекет» деп жырлайтын қазақ халқы үшін де өзіндік құндылықтар жүйесі бар. О бастан-ақ Көк Тәңіріне сеніп, монотеистік сенім нышандарымен көзге түскен түркілер үшін ислам діні жат болмады. Міне осы түркілік кезеңнен бастап қазақ халқы мұсылман болып келеді. Базбіреулер қазақтың мұсылмандығына күмән келтіріп, әртүрлі сыңаржақ пікірлер айтып жатады. Бірақ әдеп-ғұрып, салт-дәстүр, фольклорымыз мұсылмандық келбетімізді айғақтай түседі. Досқа адал, дұшпанға қатал ұлы қазақ халқы үшін төзімділік, қонақжайлық сияқты сипаттар тән. Міне осындай игі қасиеттеріміздің арқасында ғана жерімізге өзге этностар қоныстанып орныға алды. 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін алып, 300 жылдық бодандық қамытынан босаған қазақ халқы елдік келбетін зайырлылық аясынан тапты. Мемлекеттік басқару, білім беру жүйесі, заң-жарғылардың барлығы дін ықпалынан азат болды [153, б. 25].

Жастар қатарына жоғары оқу орындарымен қатар жалпы білім беру мекемелерінің жоғары сыныптары оқушыларын жатқыза аламыз, ал еліміз зайырлылық принциптерін ұстанатын мемлекет болғандықтан зайырлылық ұғымына сипаттама берсек.

Зайырлы білім берудің жүйе құрушы сипаттары қатарына мыналар жататындары:

– мемлекеттік мектептің ар-ұждан бостандығын бекіткен демократизмі мен гуманизмі, оқу-тәрбие үрдісінің дін мен шіркеуден тәуелсіздігі, оқушының өз позициясын таңдау мүмкіндігі, білім беру үрдісінің объективті заңдылықтары мен субъектінің нақтылы мүмкіндіктерін өтейтін объективизмнің болуы;

– оқушылар бойында ғылыми білім мен танымның үздіксіз сипатын қалыптастыратын ғылыми рационалдылық;

– оқушының диалектикалық ойлауын дамытатын, қоғамдық өмір құбылыстары мен үрдістерін дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін тарихилық көзқарастың қалыптасуы;

– білім берудің құқықтық реттеулерін, нормативті ережелер тәртібін және педагогикалық үрдістің барлық қатысушылары үшін саналы дисциплина болуын жолға қоятын құқықтық тәртіп пен заңдылық;

– толеранттылық, яғни ешбіріне басымдық берместен өзге альтернативті (діни) көзқарастар, идеялар, теорияларды мойындай білу;

– мектептегі білім берудің мемлекетпен, тұтас қоғаммен байланысын және ашықтығын қамтамасыз ететін бұқаралық сипаттың болуы.

Мемлекеттік білім берудегі зайырлылық қағидалары мынандай қызметтерді орындай білуі тиіс:

– оқушылар бойында ғылыми білім мен танымдық белсенділік, өзіндік көзқарастар, ұстанымдар, жеке позиция мен адамгершілік-этикалық идеалдар қалыптастыру;

– оқушылар бойында жалпыадамзаттық және жалпыұлттық құндылықтар, мемлекет пен қоғамның идеалдарына махаббат, төзімділік, бір-біріне құрмет көрсетуге жеткізетін гуманизм қалыптастыру;

– дінге деген қатынасына, көзқарасына қарамастан оқушылардың білім алуына және білім алушылардың өз-өзін қалыптастыруына жетелейтін тұлғалық қасиеттерін жетілдіруіне жәрдемдесетін басқарушылық сипат қалыптастыру;

– оқу-тәрбие үрдісінде білім алушыларды азаматтық, секулярлы құндылықтармен таныстыру, бірақ дін туралы білім беруді діни білім деп ұғуға болмайды [155, б. 110].

Мемлекеттік мектептер халықтар мен ұлттар, мемлекет тарихындағы діннің рөлі мен орнын жоққа шығармауы тиіс. И.В. Понкин мемлекеттік және муниципалды білім берудің діни ұйымдар ықпалынсыз болуын бұрыс санап былай дейді: «Біз діни ұйымдарды азаматтық қоғамның өзге де институттарымен қатар ұлттық білім беру жүйесіне заң аясында ықпал етуге құқылы деп есептейміз» [156]. Бірақ ұстаздар қауымы шәкірттерге білім беру барысында мынандай педагогикалық шарттарды естен шығармауы тиіс:

– мектептің дінге деген қатынасы сенімге үйретуші емес, ақпараттық-танымдық сипатта болуы тиіс. Мемлекеттік білім беру бағдарламасы белгілі бір дінге, немесе атеизмге басымдық бермеуі тиіс, ал ұстаздар дінтанулық білім мен діни оқуды меңгергені жөн;

– дінді зерттеуді әртүрлі білім беру пәндері (тарих, әдебиет, дінтанулық дәрістер және т.б.) контексті мен тәрбие беру үрдісіне (отбасы жөніндегі сұхбат, әртүрлі мерекелер өткізу) қосуға болады.

Келтірілген тұжырымдарымыз білім беру ісінде зайырлылық қағидаларының алар орнын көрсетіп беріп отыр. Мемлекет демократиялық, зайырлы даму үлгісінде болғандықтан оқу үрдісін де сол арнада жүргізеді. Мектеп мұғалімдері, орта арнаулы және ЖОО оқытушылары діндар болып, белгілі бір дін қағидаларын ұстануға құқылы. Бірақ аталған тұлғалар өз сенімдерін шәкірттеріне таңса, насихаттаса ол заңға қайшы.

Дінтанушы кез келген мәселеге баға беруде орта жолды ұстау керек, ал орта жолды ұстаудың қиындығы мол. Дін өкілдерінің әрқайсысы өз тарапынан, сол өзі уағыздайтын дін тарапынан ойын ашық, бүкпесіз айта алады, зайырлы дінтану ғылымының өкілдері субъективтіліктен жоғары болып, дін туралы мәселелерді бағалауда, сараптауда объективтілікті басты принцип ретінде ұстануы тиіс.

Дінді оқыту адам, қоғам, дүние туралы дүниетанымдық және философиялық сұрақтарға жауап іздеу болып келетіні даусыз. Білім берудің зайырлы жүйесінде дінтану пәнін оқыту қоғамда гуманистік және адамгершілік негіздерді қамтамасыз етуге көмектеседі. Жас жеткіншектерге білім беру мен тәрбиелеуде дінтану пәнінің мүмкіндіктерін іске асыру тәсілдерін, әдістерін, құралдарын айқындау үшін әдістемелік және педагогикалық модельдерді іске асыру қажет. Білім беру мазмұнында дінтану пәнін оқытуда зайырлылық қағидаты әдістемелік негіз болу керек. Қазіргі таңда дінтанулық білім дінді ғылыми позиция мен философияның әртүрлі бағыты тұрғысынан зерттеп, діни бірлестіктермен байланыссыз, бейтарап зерттеуге бағытталған. Дінді зерттеу, діни мәдениетті қалыптастыру саласында барлық қоғам мүшелеріне арналған зайырлы білім бұл осы деңгейдегі дінтанулық білім болып табылады.

Дінтанулық білімді діни білімнен ажыратып тұратын басты әдіснамалық негіз бұл: ғылымилық, яғни объективтілік және дүниетанымдық бейтараптылық. Діндер және діни бірлестіктер туралы түсіндірме бергенде дінтанулық білім ғылымилық принципін ұстанып, білім алушының бойында белгілі бір дінге деген бағамдық қатынасты қалыптастырмайды, зайырлылық принципін сақталуын көздейді.

Жалпы білім беретін мектептерге «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін даярлап оқу процесіне енгізуге құқықтық-нормативтік негіз ол Қазақстан Республикасы Президентінің "Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 10 ақпандағы N 332 Жарлығы 2004 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептердің оқу процесіне «Дінтану негіздері» элективті курсы енгізілген.

«Дінтану негіздері» пәні жалпы білім беретін мектептерде 2010 жылдан Қазақстан Республикасының 23 тамыз 2012 жылғы №1080 Үкіметінің жарлығымен бекітілген орта білім беру жүйесіндегі жалпыға міндетті Мемлекеттік стандарт негізінде Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық Академияның

ғылыми кеңесінің ұсынысымен бекітілген оқу бағдарламасының негізінде жүргізіледі.

2017 жылдан бастап Қазақстан орта мектептерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» атты жаңа курс енгізілген, ол 2009 жылдан бастап оқытылып жүрген «Дінтану негіздері» деген факультативті курсты алмастырды.

Осы жерде де орта мектептегі дүниетанымдық дінтануды оқыту шеңберімен зайырлылық шеңберлерін анықтап алуымыз қажет. Жалпы дінмен білім беру саласына қатысты Қазақстанның заңнамасы осы сала бойынша әлемдік стандарттарға сай келеді, бірінші орында ол біздің мемлекет қатысушысы болып табылатын бірталай әлемдік құқықтық конвенцияларды жүзеге асырады.

Осы сала бойынша негізгі құжаттардың бірі ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда бекітілген Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1981 жылғы 25 қарашадағы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының отырысында қабылданған дінмен сенімдерге қатысты қандай да бір болмасын дискриминациямен төзімсіздіктің барлық формаларын жоюға қатысты декларациясы, мемлекет пен білім беру ұйымдарының діни ұйымдардың арақатынасына қатысты нормалары, ұлттық заңнамада бекітілді. Конституция бойынша Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» (1 бап). Ар-ождан бостандығына қатысты құқықтар Негізгі Заңның 22 Бабында бекітілген. 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 3 Бабында білім беру саласындағы мемлекеттің негізгі ұстанымдарының қатарында: білімнің зайырлы, гуманистік дамытушы қасиеті, адамзаттық құндылықтарға деген, адам денсаулығымен өміріне деген, тұлғаның еркін дамуына деген басымдылық; адам құқықтары мен еркіндігіне деген сыйласымдық. Білім берудің зайырлылығы дегеніміз оның атеистік сипатта болуы дегенді білдірмейді, алайда оның діни құрылымдар мен идеологияның қыспағынан, онымен қоса білім беру қызметінің тікелей діни қауымдастықтарға бағыныштылығынан тәуелсіздігін білдіреді. Біздің ойымызша мемлекеттік білім берудің зайырлы сипаттамасы келесі талаптарға сай болуы тиіс: - мемлекеттік білім беру мекемелерінде қандай да бір болмасын діннің немесе идеологияның (оның ішінде атеистік) міндетті болып бекітілмеуі; - діни ұйымдардың мемлекеттік білім беру мекемелерінің басқарушылық қызметіне араласпауы; - білім алушылармен оқытушылардың ар ождан бостандығын қамтамасыз ету; - дінді түсіндіру барысында қандай да бір болмасын қысым көрсетілмеу.

2016 жылы аталған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша екі авторлық ұжым өздерінің арнайы оқулықтарын (қазақ және орыс тілдерінде) әзірлеп, олар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (бұдан әрі – ҚР БЖҒМ) пайдалануға ұсынылатын әдебиеттер тізбесіне енгізілді (2 кесте). Орта білім беру ұйымдарына арналған әдебиеттер тізбесіне аталған оқулықтардың

соңғы енгізілуі ҚР БЖҒМ-ның 2019 жылдың 17 мамырындағы № 217 Бұйрығымен тіркелді [157].

Кесте 1. Зайырлылық және дінтану негіздері пәні бойынша оқулықтар

БАСЫЛЫМ АТАУЫ		АВТОРЛАР
Қазақ тіліндегі оқулықтар		
1	Зайырлылық және дінтану негіздері. 9-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Алматы: Білім, 2016. 296 б.	Есім Ғ., Смагулов Е.
2	Зайырлылық және дінтану негіздері. 9-сынып оқушыларына арналған оқулық. – Астана: «Арман - ПВ», 2016. 288 б.	Кенжетаев Д., Сайлыбаев Ә., Тұяқбаев Ө.
Орыс тіліндегі оқулықтар		
1	Светскость и основы религиоведения. Учебник для 9 класса общеобразовательных школ с русским языком обучения. – Алматы: Білім, 2016. 296 стр.	Есім Г., Абуов А., Смагулов Е.
2	Светскость и основы религиоведения. Учебник для 9 класса общеобразовательных школ с русским языком обучения. – Астана: «Арман - ПВ», 2016. 288 стр. Иллюстр.	Кенжетаев Д., Сайлыбаев А., Новикова Г.

2004 жылдан бастап жалпы білім беретін мектептерде 9 сыныптарға арналған Қазақстан Республикасы Президентінің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 10 ақпандағы №332 Жарлығы негізінде «Дінтану негіздері» элективті курсы енгізілген.

2009-2010 оқу жылынан бастап осы пән бір жыл бойына отыз төрт сағатты құраушы міндетті факультатив ретінде жүргізілді. «Дінтану негіздері» деген факультатив зайырлы пән болды. Пән мақсаты мәдени діни үрдістің дұрыс дамып қалыптасуындағы жалпы заңдылықтар туралы білімді қалыптастыру, әлемдік және ұлттық діндердің олардың сантүрлілігі жағынан дамуын қарастыру, білім алушыларға рухани-моральдық құндылықтарды сіңіру.

ҚР Ғылым және білім министрілігінің ойынша діннің қоғамда атқаратын рөлі тұлғаның рухани қалыптасуындағы діннің алатын орны өзге «менге» қатысты толерантты қарымқатынасты қалыптастыра отырып осы факультатив көпконфессионалды ортада өсіп тәрбиеленіп отырған жас ұрпақтың білімін толықтыра алды.

Өкінішке орай өз уақытында «Дінтану негіздері» факультативіне артылған сенімдер ақталмады, барлығы сол әдеттегі себептерге байланысты ол білікті оқытушылардың және альтернативті оқулықтардың жоқтығынан. Білікті мамандардың тапшылығының орнын толтыру мақсатында «Дінтану негіздері» пәнін оқыту тарихшы мұғалімдерге жүктелді.

Алайда осы екі пән дінтану мен тарих пәндерінің зерттеу оқытылу тақырыптары өзгеше. Мысалға дінтанудың зерттеу пәні өз алдына қиын феномен болып табылатын дін. Себебі дін қоғамның барлық салаларына еніп бүкіл адамзаттың қалыптасу тарихына әсер етеді. Дін өте күрделі, универсалды, жалпы құбылыс. Осы себептен дінтану пәні қарама қайшылыққа толы, себебі онда бір жағынан діннің өзін өзі бағалауы, осы болмаса өзге қоғам өміріндегі, осы болмаса өзге ұлттың өміріндегі орны мен рөлін бағалауы, екінші жағынан оған деген зайырлы ғылымның өзге салаларының және философияның беретін бағасы. Бұл бағалаулар көп жағдайда бір біріне қарама-қарсы, біркелкі емес, сол себептен дінтану объективтілік пен бейтараптылықты сақтай отырып белгілі бір ортасын қандайда бір мәмілеге келетін ортасын іздеуге мәжбүр. Бұл өте күрделі мәселе ал кейбір жағдайда мүмкін емес мәселе болды [158, б. 142]. Тарих өткенді зерделейді «материалист-тарихшылардың ойынша тарих ғылым ретінде материалдық игіліктерді өндіруге тікелей байланысты болып табылатын қоғамның даму заңдылықтарын зерттейді. Бұндай қатынас басымдылықты адамдарға емес экономика мен қоғамға береді. Либерал-тарихшылардың ойы бойынша тарихтың зерттеу пәні табиғат берген өзінің заңды құқықтарын жүзеге асырушы адам (тұлға) [158, б. 152]. Сол себепті тарихшы оқытушы қойылған талаптарды жүзеге асыру мүмкіндіктеріне ие емес. Профессор А.Г. Косиченконың ойынша дінді зерттеу барысында қарапайым түсіндіру жеткіліксіз, аргументтелген нақты түсіндірмелерді қолдану қажет, ал бұл өз алдына қарапайым болған оқиғаларды сипаттап интерпретациялаудан бөлек терең зерттеулерді қажет етеді.

Бұл жерде жоғары білікті дінтанушылар қажет. Алайда бөлініп отырған 34 сағат саны бір оқытушының толық жүктемесін жабуға жеткіліксіз.

2016 жылдан бастап «Дінтану негіздері» пәні «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнімен алмастырылды. «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін енгізу дәлелді діни экстремизм профилактикасында үлкен орын алып зайырлылық ережелерін нақтылай түседі деген сеніммен енгізілді.

Зайырлылық пен дінтану негіздерінің ережелерін ерте мектеп жасынан меңгеру оқулықтардың авторларының айтуы бойынша халық санасында «дін», «діни сана», «дінтанулық білім» деген ұғымдарды нақты ажырата алуға мүмкіндік тудырады деп есептеді.

Дін істері бойынша комитетпен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрілігімен жалпы білім беретін мектептердегі 9 сыныптарға арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша типтік оқу бағдарламасы әзірленді.

Негізгі және орта білім берудің 9 сыныптарына арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 15 шілде 2014 жылғы №281 бұйрығымен бекітілген.

Осы Бағдарламаға сәйкес «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша 34 сағатқа есептелген оқу әдістемелік кешен дайындалған. Осы кешеннің мазмұнында «зайырлылық және зайырлы мемлекет», «Әлемдік және

дәстүрлі діндер», «Қазақстандағы діндер», «Қазақстандағы ислам мәдениеті», «Жаңа діни ағымдар», «Қазақстан – дінаралық келісім аймағы», «экстремизм және терроризм» сынды тақырыптар қамтылған.

«2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы біліктілік арттыру курстарында оқыған және аталған пән бойынша сер- тификаттар алған тарих пәнінің оқытушылары өткізеді» деген талап қойылған. Сондай-ақ, сол жерде: «Білім беру ұйымдарының басшыларына аталған курс бойынша сабақ өткізетін тарих пәні мұғалімдерінің білімін жетілдіруге үнемі назар аударып, оларды басқа мұғалімдермен ауыстыруға жол бермеу ұсынылады», – деп нақты айтылған [157, б. 1].

2022 жылдың тамыз айында Зайырлылық және дінтану негіздерін пәнін мектептерде өткізуге байланысты енгізілген өзгерістер.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы бұйрығына қосымша ретінде негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттіліктер» курсының үлгілік оқу бағдарламасы қабылданған. Бұл бағдарламаның негізгі жалпы ережелері келесідей:

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген).

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы білім алушылардың әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, әдептік нормалары мен мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Курстың мақсаты: жаһандық азаматтық құзыреттерге ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- 1) білім алушыларды қазіргі заманның жаһандық сын-тегеуріндерімен таныстыру;
- 2) тұлғаның тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру;
- 3) білім алушыларда жергілікті, өңірлік, ұлттық, жаһандық оқиғалар, олардың себептері мен салдарлары туралы талдамалық бағалау түсінігін дамыту;
- 4) эмпатия жағдайында басқа адамдардың қажеттіліктері мен құқықтарына тәрбиелеу;
- 5) мазмұнды және шығармашылық оқыту дағдыларын қалыптастыру.


Жоғарыда келтірілген 2022 жылғы өзгерістерге байланысты әлі де тереңдетілген зерттеу жүргізу қажетті деп білеміз.

Білім алушының бойында гуманистік және азаматтық құндылықтарды дамыту мақсатында қолданылатын оқытушылық әдістемеді пәннің маңыздылығы мен қажеттілігін түсіндіруге, материалды толық жеткізуге, оқушылардың сұрақтарына тиісті жауаптар беруге, әр түрлі көзқарастар бар екендігін ескеруге ерекше көңіл бөлу.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту барысында оқушыларға объективті білімді жеткізіп, алуан түрлі діни көзқарастарға бейтарап ұстанымды сақтау үшін, сондай-ақ сол арқылы зайырлы ұстанымдар мен құндылықтарды ілгерілету мақсатында дінтану саласы бойынша мұғалімдердің біліктілігін тұрақты түрде арттырып отыру.


Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқыту жағдайына талдау жасау мақсатында, біздің зерттеуіміздің аясында әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Мектептің жоғарғы сынып оқушылары арасында зерттеулерді өткізу мүмкіндігі болмауына байланысты, сондай-ақ пәнді оқытудың сапасы туралы сенімді мәліметтер алу мақсатында сауалнама «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін мектеп қабырғасында оқыған колледж және жоғары оқу орындарының (одан әрі – ЖОО) 1-ші курс студенттері арасында жүргізілді. Сауалнамаға 380 студент қатысты, оның ішінде колледж студенттері – 50,2%, ЖОО студенттері – 49,8%. Қазақ тілінде білім алатын респонденттер – 58,3%, орыс тілінде оқитындар – 41,7%. Гендерлік тұрғыдан алғанда респонденттердің 31%-ы ер және 69%-ы әйел адамдарды құрады (1-диаграмма).

1 - диаграмма. Респонденттердің жыныстық құрамы, %-бен




Респонденттердің жастық құрамына келетін болсақ, 15-17 жас аралығындағы студенттер саны 181, ал 18-20 жас аралығындағы студенттер саны 199 болды. Респонденттердің жастық құрамының пайыздық көрсеткіші 2-ші диаграммада ұсынылған.

2 - диаграмма. Респонденттердің жастық құрамы, %-бен



Іріктелген респонденттер жиынтығы Қазақстанның барлық өңірлерін қамтыды (3-диаграмма).


3- диаграмма. Облыстар бойынша респонденттердің саны



Диаграммаға назар аударатын болсақ, ең көп респонденттер Алматы облысы және Алматы қаласынан болды. Ал сауалнамаға ең аз қатысқан өңірлерге Атырау облысы, ШҚО және БҚО жатқызуға болады.

Зерттеу барысында респонденттердің дін жөніндегі ақпараттарды көбінесе қайдан алатынын анықтау мақсатында «Дін жөніндегі ақпаратты қандай дереккөздерден аласыз?» деген сұрақ қойылып, келесі нәтижелер алынды (4-диаграмма).

4 - диаграмма - «Дін жөніндегі ақпаратты қандай дереккөздерден аласыз?» деген сұраққа жауап, %-бен



4-ші диаграммаға талдау жасайтын болсақ, сауалнамаға қатысқан студенттердің 218-і дін жөніндегі ақпараттарды «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінен алатыны, 74 студент Интернет және әлеуметтік желілерден алатыны, ал қалған студенттер шамамен тең көрсеткішпен газет, телеарна немесе радиолардан алатыны анықталды.


Респонденттерге ««Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің міндетті пән болуын қалайсыз ба, мәселен тарих пәні секілді?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің 299-ы бұл сұраққа «иә» деп жауап берді (5-диаграмма). Бұл «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің өзектілігін айқындайды. Сонымен қатар жауап нұсқаларында «басқа жауапты» таңдаған және өз жауаптарын ұсынған студенттер де болды. Басқа жауаптардың ішінде респонденттер «міндетті болғаны дұрыс, дінді ешкім маңызды деп қабылдамайды, бірақ бұл ең ауқымды мәселе» және «дін туралы бастапқы білім болуы тиіс» деген, жоғарыда аталған пәннің міндетті болғаны дұрыс деп санайтын жауаптар да болды.

5 диаграмма - «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің міндетті болуын қалайсыз ба, мәселен тарих пәні секілді? %-бен



Жоғарыда аталған пән бойынша алған білімдерін қай жерде қолданатынын анықтау мақсатында сауалнама қойылып, келесі нәтижелер алынды (6-диаграмма).

6 диаграмма - Осы сабақты өту барысындағы алынған ақпаратты қай жерде қолданар едіңіз? адам санымен




6-диаграммаға талдау жасай келе, респонденттердің едәуір бөлігі «өз ортамда», «қоғамда», «өмірде», «отбасында» және «қажетті жерде деп» жалпы сипаттағы жауаптар бергенін байқауға болады. Бұл жауаптардан басқа «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні бойынша алынған білімдерін басқа мақсатта атап айтсақ, өзін рухани байытуда, өзінің діни сауаттылығын арттыруда және дұрыс діни көзқарас қалыптастыруда және т.б. қолданатыны туралы да ерекше жауаптар да алынды.

Зерттеу жұмысымыздың аясында жалпы білім беретін мектептерде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің оқытылу сапасын анықтау мақсатында аталған пәнді оқып кеткен колледж және ЖОО студенттеріне «Мектептегі зайырлылық және дінтану негіздері пәнін жүргізген оқытушыға берер бағаңыз?» деген сауалнама қойылды. Респонденттердің едәуір бөлігі «сабақты өз мәнінде және жақсы түсіндіреді» деп жауап берді. Студенттердің басым бөлігінің жауаптың осы нұсқасын таңдау себебін біз біріншіден, студенттердің мектеп қабырғасы кезінде дін туралы білімінің әлі де толық болмауынан, екіншіден, оларда психологиялық тұрғыда мұғалімнің айтқанын дұрыс деп бағалаушылықтан деп негіздейміз. Ал студенттердің қалған бөлігі бұл сұраққа «сабақта мүлдем басқа тақырып өтеміз» және «бұл сабақ көбінесе болмайды» деген жауап нұсқаларын таңдаған. Бұл жауаптарды таңдауы

«Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің мектептерде өз мәнінде өтпейтінін және аталған пәнді дінтанушы мамандар емес, тарих немесе басқа пән иелерінің өтетінін растайды.

7 диаграмма - Мектептегі зайырлылық және дінтану негіздері пәнін жүргізген оқытушыға берер бағаңыз?, адам санымен



Респонденттерге жүргізілген зерттеу нәтижесінің қорытындысы ретінде «Сіздің мемлекеттік басқарушы ұйымдарына және ҚР БЖҒМ осы сабақты жетілдіру бойынша беретін ұсыныстарыңыз?» деген сауалнама қойылып, төмендегідей жауаптар алынды:

- «бұл пәннен дінтанушы маман берсе»;
- «кітаптардың ішінде иллюстрациялар көбірек болса»;
- «бұл пәнді 9 сыныпта ғана, 9-11 сыныптарға енгізсе»;
- «оқулықта нақты өмірмен байланысты мысалдар келтірілсе».

Диссертациялық жұмыс аясында жүргізілген зерттеуді негізге ала отырып ҚР Оқу ағарту Министірілік және орта білім беру ұйымдарына «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативті курсы 9 сыныпта тұрақты өткізілуіне және оның орнына өзге пәндер жүргізу жағдайларына жол бермеуге ерекше назар аудару керек.

Жалпы алғанда, осы ұсыныстар мен ұсынымдар әлемдегі және еліміздегі серпінді процестерді ескере отырып, көптеген міндеттер мен мәселелерді қазіргі заманың талаптарына сәйкес шешуге септігін тигізеді деп ойлаймыз. Соның ішінде, пәннің оқу-әдістемелік базасын толықтыруға, оқу әдебиеттерінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және орта білім беру ұйымдарында «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқытудың сапасын одан әрі арттыруға әсер ететін болады.

Жалпы алғанда, ҚР мектептерінде зайырлылық аясындағы «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің үлес салмағын көбейту аса зор қажеттілік. Бұл пәннен дәріс беретін ұстаздар қауымы жоғарыда айтқанымыздай, жеке өмірінде діндар болғанымен, оқу орнында бейтараптылық принципін басшылыққа алғаны

жөн. Бір айта кетерлігі 2016 жылғы жаңа оқу жылынан бастап, «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні ҚР мектептерінде міндетті сабақ ретінде жүргізілетін болады деген болжамдар өз уақытында орындалмады. Осы уақытқа дейін дінтанушы ғалымдар дінтану пәнінің мектептерде 34 сағаттық факультатив ретінде ғана жүргізіліп келе жатқанына наразы болып келгенді. Мұндай қысқа уақыт ішінде оқушыларға дін жөнінде жеткілікті білім беру мүмкін емес екені айдан анық. ҚР азаматтарының діни сауаттылығын көтеру – бүгінгі күн өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Болашақта бұл пәннің мектептегі үлесі одан әрі кеңейтіле берілуі тиіс.

Екінші бөлімнің екінші тарауын қорытындылай келе қазіргі орта білім беру жүйесіндегі дінтану дін туралы білімді белгілі бір ақиқатты немесе басқа сенім мен көзқарасты қабылдау деп емес, оны жалпы мәдени таным құралы деп қабылдағанда ғана жүзеге асуы мүмкін екендігін аңғардық. Дінтанулық білім адам, қоғам, дүние туралы дүниетанымдық және философиялық сұрақтарға жауап іздеу болып келетіні дәлелденді. Білім берудің зайырлы жүйесінде дінтану пәнін оқыту қоғамда гуманистік және адамгершілік негіздерді қамтамасыз етуге көмектеседі. Жас жеткіншектерге білім беру мен оларды тәрбиелеуде дінтану пәнінің мүмкіндіктерін, әдіс-тәсілдерін, құралдарын айқындау үшін әдістемелік және педагогикалық модельдерді іске асыру қажет және бұл процесте зайырлылық қағидаты білім беру мазмұнында дінтану пәнін оқытудың әдістемелік негізі болу керек деген қорытындыға келдік.

2.3 Зайырлылық ұстанымдарды жеткізуші ретіндегі дінтану оқытушысының тұлғасы

XIX ғасырдың басында дінтану ғылым және академиялық пән ретінде гуманитарлық және жоғары оқу орындарының пәндер тізіміне енгізілді. Университеттегі алғашқы дінтану оқытушылық позициясы 1873 жылы Женевада, кейін 1876 жылы – Голландияда төрт оқытушылық лауазым, 1910 жылы – Берлин, Лейпциг, Бонн қалаларында пайда болды. Оксфорд және Кембридж университеттерінде, Париж жоғары педагогикалық институтында және басқа да әлеуметтік ғылымдар академияларында дінтану дербес пән ретінде қарастырылып, діни мәселелер бойынша жүйелі зерттеулер жүргізілді. 1885 жылы Париж университетінің аспирантура академиясында дінтану ғылыми-зерттеу мекемесі құрылды, онда даосизм қытай мәдени феномені ретінде қарастырылады [159, б. 111].

Мұғалім мектептегі оқу процесінің ең негізгі және маңызды субъектісі болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептерде дінтану бағытындағы пәндердің енгізілуі бірқатар пікірталастар тудырды. Алайда, қазіргі уақытта дінтану білімінің алдыңғы ұрпақтарымыз жинақтаған рухани-адамгершілікке бай Қазақстан азаматын тәрбиелеудегі маңызы зор. Дәл бүгін, әлемдегі діни ахуалды ескере отырып, білім беру уақыттың сын-қатерлері мен сұраныстарына жауап беруі

керек, яғни отандық білім беру жүйесінің алдына қойылған маңызды міндеттердің бірі - зайырлы сипаттағы дінтанулық білім бере отырып, жауапты азаматты тәрбиелеу.

Соңғы онжылдықтардағы әлеуметтік-мәдени өзгерістердің нәтижесінде қазіргі қоғам өмірінде діннің рөлі түбегейлі өзгерді. Сондықтан бүгінгі таңда педагогикалық қоғамдастық бастауыш, орта және жоғары білім берудің білім беру стандарттарына дін туралы білімді енгізу қажеттілігін белсенді талқылауда. Осы сұрақтарға жауап іздеу өте айқын қорытындыға әкеледі: дінтану құзыреттілігін қалыптастыру кез-келген деңгейдегі мұғалімнің-бастауыш сынып мұғалімінен бастап жоғары мектеп мұғаліміне дейінгі кәсіби дайындығының ажырамас бөлігі болуы керек. Мұндай тұжырымның аргументтік негізі өте кең [160, б. 100-109].

Дж. Равеннің зерттеулеріне сәйкес [161], құзыреттілік қызметтің когнитивті, эмоционалды және ерікті аспектілерінің бірлігін сипаттайды. Дінтанушы-оқытушы үшін «құзыреттілік» ұғымын біз мақсат қою контекстінде қарастырамыз, өйткені жоғары кәсіптік және жалпы білім берудің мақсаттары әртүрлі. Жалпы білім беретін оқу орындарында дінтанушы мұғалімін даярлау кезінде оқушы дінтану саласында – діндердің тарихы мен мәдениеті, рухани құндылықтар мен діни этикалар бойынша, сонымен қатар маманның кәсіби құзыреттілігінің бірінші деңгейін қалыптастыратын және одан әрі педагогикалық тәжірибе аяқталғаннан кейін дамытын психологиялық-педагогикалық негізгі білім мен дағдыларды алуы тиіс. Сонымен қатар пән оқушылардың құндылық-семантикалық, жалпы мәдени оқу-танымдық, ақпараттық-коммуникативтік әлеуметтік-еңбек, жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі сияқты негізгі құзыреттіліктерді де қалыптастыруы керек [162]. Бұл әртүрлі халықтардың, мәдениеттердің, білімнің діни-құндылық тәжірибесін игеру және қазіргі адамға қажетті жеке қасиеттерді дамыту, рухани-діни сауаттылықты, ойлау мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру кезінде мүмкін болады. Негізгі және қосымша білім беруде дінтану пәні мұғалімінің құзыреттілігін қалыптастыруды мақсат еткен кезде оның дамуының үш деңгейін ажыратуға болады: барлық мұғалімдерге ортақ-философия, тарих, құқық, психология, педагогика, өнер және мәдениет саласындағы білім мен дағдылар; дінтанушылар үшін арнайы-оны микро және макро орта жағдайларын, мәдени ерекшеліктерін және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сарапшылар әзірлеуі керек; және нақты құзыреттіліктер (оны мұғалімдердің өздері анықтайды және қабылдайды). Т.Н. Щербаквананың айтуынша, психологиялық құзыреттілік мұғалімнің кәсіби қызмет, қарым-қатынас және өзін-өзі дамыту міндеттерін сындарлы шешуді қамтамасыз ететін интегралды акмеологиялық сипаттамасы болып табылады. Бұл сипаттама мұғалімге жеке ресурстарды тиімді пайдалануға, шығындарды азайтуға, басқалардың жасырын мүмкіндіктерін жаңартуға, өзін-өзі дамытудың өнімді модельдерін құруға мүмкіндік береді [163]. О.С. Ионина мұғалімнің психологиялық құзыреттілігін адамның кәсіби қызметін тиімді орындауға, қызметте туындайтын қиындықтар

мен мәселелерді шешуге ықпал ететін дағдылар, қасиеттер, оның психологиялық сауаттылығы жиынтығы ретінде анықтауға болатындығын атап өтті [164].

Кәсіби, педагогикалық, технологиялық, коммуникативтік және т.б. құзыреттіліктермен қатар, дінтанушы-оқытушылар үшін біз рухани құзыреттілікті де кәсіби шеберліктің негізгі компоненттерінің бірі деп санаймыз. Бұл арқылы біз маманның этикалық, эстетикалық, жалпыадамзаттық, діни құндылықтар жүйесі оның өмірлік, кәсіби қызметінде көрінетін, айналасында үйлесімді психологиялық-педагогикалық климат құратын қасиеттерін айтамыз. Қазіргі педагогикалық әдебиеттерде «Руханият», «рухани қасиеттер», «рухани құзыреттілік» сияқты негізгі ұғымдар әлі анықталған жоқ. Қоғамның рухани өміріне көбінесе ғылым, білім, өнер кіреді, дегенмен рухани сана дүниетанымдық сананың екі формасының - дін мен философияның әсерінен қалыптасатын әлеуметтік өмірдің саласы ретінде рухани мағынаны бекітеді. «Рухани-адамгершілік» ұғымы бойынша біз дүниетанымның белгілі бір түріне сәйкес көзқарастар, сенімдер мен моральдық көзқарастар жүйесін жиі түсінеміз. Ғалым В.И. Павловтың айтуынша [165], адамның рухани-адамгершілік тәрбиесі оның қалыптасуына бағытталған:

- адамгершілік сезімдер – ар-ождан, парыз, сенім, жауапкершілік, азаматтық, патриотизм;

- адамгершілік келбеті – шыдамдылық, мейірімділік, жұмсақтық, ашуланшақтық;

- адамгершілік ұстанымы - жақсылық пен жамандықты ажырата білу, жанқиярлық сүйіспеншілікті көрсету;

- адамгершілік мінез-құлық - адамдарға және Отанға қызмет етуге дайын болу, рухани парасаттылық, мойынсұнушылық, ізгі ниет көрсету.

Мораль жүйесі іс жүзінде белгілі бір типтегі дүниетанымның бір бөлігіне айналады (сонымен қатар діни), оның практикалық құрамдас бөлігі. Рухани-адамгершілік тәрбие - бұл белгілі бір дүниетанымды жүзеге асырудың практикалық тәсілі, өйткені ол ойлау мен сезімнің, сөздер мен істердің, сенімдер мен мінез-құлықтардың, адамның іс-әрекетінің құндылық нұсқауларына сәйкес бірлігін қамтамасыз етеді. Мұғалімнің рухани-адамгершілік мәдениеті, ең алдымен, оның ішкі әлемінің көрінісі, адамгершілік таңдау мотивтері, осы таңдауды түзету жолдары және пайдалы, құнды және жағымды іздеуде көмек шаралары. Біздің ойымызша, дінтанушылар үшін арнайы-кәсіби құзыреттілік ретінде рухани құзыреттілік бірнеше бағытта қалыптасады: құқық, этика, эстетика, психология, мәдениеттану, аксиология, антропология және дінтану. Бұл құзыреттілік маманның да, жалпы тұлғаның да жалпы құндылықтарын көрсетеді. Адамның өмір мен іс-әрекеттің қайнар көзі мен мағынасын іздеуінің себебі мен нәтижесі болып табылатын әлеуметтік-психологиялық, рухани-адамгершілік құбылыстар сияқты діни сенім мен діни сезімдер жиі кездесетінін байқауға болады. Бұл тұрғыда дінтанушыларды да қосып қарастыруымыз қажет. Сондай-ақ, діндер мемлекеттердің, олардың заңдарының, ішкі және халықаралық қатынастардың қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Сенім мен сезім арқылы адам мәдениеттің құндылықтарын жасайды: сәулет, музыка,

кескіндеме және т.б. Көптеген өнер туындылары рухани-діни дүниетанымды, авторлардың ғана емес, сонымен бірге олар жасаған мәдениеттің, уақыттың және дәуірдің басымдықтарын білдіреді. Сондықтан дінтану пәнінің мұғалімі:

- өз халқының дәстүрлі дінінің тарихи-мәдени және тұлғалық аспектісіндегі діндердің мағынасын, тереңірек жазықтығын түсінуі;

- діни сенім феноменін, оның халықтардың, топтардың және тұлғаның құндылық бағдарларын қалыптастыруға әсерін түсіндіруі;

- әртүрлі діндердің мәдени, әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық аспектілерін әр түрлі тарихи кезеңдерін;

- діни мінез-құлық ерекшеліктерін, оқушылардың, әріптестер мен ата-аналардың құндылық бағдарларын тану;

- толерантты тұлғааралық қатынастарды, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруы керек.

Дінтанушы-мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің арнайы компоненттері ретінде біз рухани-діни және адамгершілік-діни құзыреттілікті атап өтеміз. Рухани-діни құзыреттілік - бұл діни сенімнің рөлін және оның жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудағы әлеуметтік-психологиялық маңыздылығын, халықтардың мәдениетін, саяси қатынастар мен өнер туындыларындағы рөлін білу, оқушылардың ортақ рухани және эстетикалық білімдері мен сезімдерін қалыптастыру, басқа адамдар мен халықтардың таңдауына құрмет көрсету мақсатында бұл туралы сабақ беру мүмкіндігі. Адамгершілік-діни құзыреттілік - бұл әртүрлі діндердің адамгершілік негіздерін білу, олардың әртүрлі халықтар мен этностардың ортақ мәдениетін қалыптастыруға әсерін, сыни ойлау, оқушылардың бойында толеранттылық сезімін қалыптастыру және басқа діндер мен мәдениеттерге құрмет сезімін қалыптастыру мүмкіндігі. Әр адамның жеке діни көзқарастары мен басымдықтары бар (тіпті атеисттердің де). Дінтанушы, ең алдымен, дінтану пәндерін оқу немесе оқытуды таңдаумен себеп-салдарлық байланысы бар тұлға. Көптеген жағдайларда бұл жеке діни сенім. Бірақ дінтану пәні мұғалімінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі жеке қалауынан асып түседі, өйткені психологиялық-педагогикалық құзыреттілік білім беру процесінде қолайлы микроклимат құра білуді; оқушылар арасында оқуға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруды; оқушылар контингентін сақтауға деген ұмтылысты; оқушының бойындағы проблемалар туралы ата-аналарды уақтылы хабардар ету қабілетін, бірлескен оқу іс-әрекеті кезінде жеке мүдделер мен бейімділіктерді есепке алуды білдіреді. Жоғарыда айтылғандардың негізінде дінтану пәнін оқытудың академиялық деңгейі мен тиімділігін және оның мақсаттылығын арттыру үшін мынадай бағыттар бойынша жұмыстар жүргізу көзделеді: - мемлекет тарапынан дінтану циклі пәндерінің мақсаттары мен міндеттерін, Оқу бағыты мен мазмұнын тұжырымдамалық түрде айқындау қажет.

Дін туралы білім, әрине, «Зайырлылық және дінтану негіздері» мұғаліміне ғана емес, кез-келген профильдегі мұғалімге де қажет, өйткені дін мәдениеттің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл көп жағдайда белгілі бір мәдени-тарихи дәуірдің дүниетанымдық доминанттарын анықтайтын, құндылықтардың,

әлеуметтік - этикалық мұраттар мен нормалардың басым жүйесін қалыптастыратын дін. Бұл көбінесе қоғамның саяси құрылымына және оның экономикалық қызметіне әсер ететін, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдармен қақтығысатын немесе одақтасатын дін. Бүгінгі таңда дәстүрлі діндер туралы жүйелі білімнің жоқтығын тіпті өздерін діни адамдар қатарына жатқызатындардан да байқауға болады, бұл өз кезегінде қазіргі діндарлықтың ерекшелігін анықтайды [166].

Егер қазіргі зайырлы білім беру жүйесіндегі діни мәселелерді зерттеу қажеттілігі бәріне айқын болса, онда білім беру стратегияларын қандай парадигма шеңберінде қалыптастыруға болатындығы туралы мәселе ең маңызды болып табылады. Оқушылар мен студенттерді, соның ішінде ең алдымен болашақ педагогтарды әлем халықтарының діни дәстүрлерімен таныстыратын қандай оқу пәні бар? Біз еліміздегі жалпы және жоғары білім беру жүйесінде әртүрлі нұсқаларды айта аламыз. Ол мектептерде оқытылатын «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні және жоғары оқу орындарындағы «дінтану» және «теология» мамандықтары.

Осылайша, мемлекеттік зайырлы білім беру жүйесінде дін туралы білім алудың ең жақсы нұсқасы дінтану болып табылады - оқу пәні, оның әдіснамалық негіздері келесі принциптер болып табылады.

1. Конфессиялық және дүниетанымдық бейтараптық принципі. Қазіргі студенттер мен мектеп оқушылары әртүрлі ұлттардың, діндер мен конфессиялардың өкілдері ғана емес, сонымен қатар дүниетанымның әртүрлі түрлеріне жататын адамдар қауымдастығы екенін ұмытпау қажет. Оқу материалы және оны білім беру процесінде ұсыну кез-келген оқушы үшін дінге деген жеке көзқарасына қарамастан бірдей қолайлы болуы керек.

2. Қазіргі білім берудің негізгі сипаттамасы болып табылатын және шашыраңқы фактологиялық материалдың «энциклопедиялық» форматта емес, негізгі діни бағыттар мен мәдениеттердің матрицалық тұжырымдамаларын игеруді көздейтін жүйелілік принципін сақтау.

Жалпы білім беретін оқу курсы үшін теориялық және нақты материалды қалай таңдауға болады, қазіргі ғылыми әдіснаманың қандай жетістіктерін қолдану керек, қандай форматта сабақ өткізу керек – бұл тақырыптар бүкіл педагогикалық қоғамдастықтың кең талқылауының тақырыбы болуы керек. Бірақ жеткілікті кез-келген деңгейдегі заманауи педагогтың кәсіби құзыреттілігі толық дінтану дайындығынсыз болмайтынын түсіну зайырлы мемлекеттік білім беру жүйесін дамытудың жаңа бағыты болуы керек.

Жалпы білім беретін оқу орындарында дінтану бағытындағы сабақтар мен курстар тек мәдениеттанулық сипатта болады. Мектеп ешбір жағдайда өзіне сенім, дін, балаларды құлшылыққа үйрету, оларды діни тәжірибеге тарту міндетін қоймайды. Дін және дінтану туралы әңгіме басқа құндылықтар мен мағыналарды қозғауға, рухани-адамгершілік мазмұн мен азаматтық жауапкершілік мәселелерін көтеруге мүмкіндік береді.

Діни дәстүрлер көптеген ұрпақтардың тарихи қалыптасқан және тәжірибесі арқылы қалыптасқан жақсылық пен жамандықты, белгілі бір

құндылықтарды ұстану туралы нақты түсінік береді. Діни нормалар адамның мінез-құлқын, басқа адамдарға және өзіне, қоршаған ортаға деген көзқарасын реттейтін ережелерді бекітті. Олар адамгершілік әрекеттің үлгісі мен идеалы ретінде қызмет етеді, адамның бүкіл өміріне, оның кез-келген қызметіне енеді. Діни дәстүрлер өте тұрақты, олар ұрпақтан-ұрпаққа қоғамдық пікірдің күшімен, адамда дамыған сенімдермен, парыз сезімімен, ар-ожданмен беріледі. Дінді зерттеу балаларға негізгі моральдық категорияларды түсінуге, адамгершілік әрекеттің мотивациясын бағалауға мүмкіндік береді, әрдайым практикалық немесе пайдалы бола бермейді. Оқушылармен дін туралы сөйлескенде, өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс, жақын адамдарға деген сүйіспеншілік пен құрмет, Отанға деген адалдық, отбасылық құндылықтар мәселелеріне үнемі тоқталу керек. Қазіргі бала, ол үшін көбінесе интернет басты билік болып табылады, діни мәдениетпен танысу арқылы азаматтық ұстанымды құрайтын өте маңызды және қарапайым ұғымдарды қабылдай бастайды. Көпұлтты елімізде дінтану біліміне сүйене отырып, балалар басқаны түсінуге және қабылдауға үйренеді, басқамен ынтымақтасуға және оны құрметтеуге үйренеді, әлеуметтік коммуникацияны меңгереді. Қазақтың дәстүрлі діндерінің мәдениетін зерттеу отбасы мен патриотизм сияқты маңызды құндылықтарды түсінуге, адамгершілік тәрбиесінің жоғалған құндылықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Дінтану білімі баланы отандық мәдениеттің бай әлеміне енгізіп, оны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Оқушы дін туралы білім алып қана қоймай, өзінің Отанның тарихи жолына қатыстылығын және оның болашағы үшін жауапкершілігін түсіне бастайды.

Бүгінде еліміздің күнтізбесінде мемлекеттік-діни мерекелер атап өтіледі, олардың тарихы мен дәстүрін білу, олардың мағынасын түсіну азаматтық ұстанымның қалыптасуына ықпал етеді. Дінтану білімі - азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеудің маңызды ресурсы. Бұл өз елін сүйетін, оның тарихы мен мәдениетін білетін және мақтан тұтатын азаматтың, патриоттың жеке қасиеттерін қалыптастыруға болатын база. Еліміздегі жалпы білім беретін мектептерде оқытылатын «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнінің басты міндеті - жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

Дінтану пәнінің ұстаздары кәсіби білікті педагогтар болуы керек. Дінтану пәнін оқу, тәрбие үдерісінде қолданудың әдістемелік ыңғайларын толық игеру үшін дінтану пәнін жүргізетін ұстаздар діни білімін көтеру қажет. Дінтану пәнінің ұстаздарының кәсіби және мәдени дайындық деңгейін көтеру үшін арнайы кәсіби біліктілікті көтеруші курстар ұйымдастырылып отыру керек. Кәсіби дінтанушыларды дайындауда ең маңызды мәселе әлемдік діндердің тарихы және діндер теориясы бойынша терең білім қалыптастыратын және дінтану пәнін оқытудың әдістемесін бүгінгі білім беру жүйесінің заманауи жетістіктерін тиімді қолданатын оқу бағдарламаларын жасақтау қажет. Дінтану пәнінің ұстазы қазіргі ғылым мен діндер негіздері жөніндегі терең білімін үйлесімді үйлестіре білетін білікті маман болуы қажет. Осыған байланысты

дінтанушы мамандарды дайындауда төмендегідей мәселелерге көңіл аудару қажет:

- дінтану пәнін оқытуда зайырлылық қағидатын әдістемелік негіз ретінде ұстану;

- әлемдік және дәстүрлі діндер туралы мәдениеттанулық, тарихи, философиялық білімдерді болашақ тұлғаның рухани адамгершілік тұрғыда қалыптасуындағы рөлін ұғыну;

- білім беру мазмұнындағы дінтану пәнінің мақсаты мен міндеттерін және дінтанудың негізгі теориялық әдістерін білу;

- дінтану пәні мен діни құндылықтарды оқытуды білім беру және тәрбие берумен ұштастыра білу;

- дінтану пәнін оқытуды инновациялық технологиялар негізінде іске асыру;

- ұстаздардың дінтану пәнін ғылыми-теориялық, мәдениеттанулық, педагогикалық негізде қарастырудағы педагогикалық шеберлігін көтеру жүйесін айқындау қажет;

- сондықтан ұстаздардың білімі мен әдістемелік деңгейін көтеру үшін қалалық, аудандық, аймақтық әдістемелік кеңестер, орталықтар, бірлестіктердің жұмысы маңызды болып табылады. Қазіргі кезде білім беру жүйесінде нашақорлыққа, маскүнемдікке, шылымқорлыққа, әдепсіздікке қарсы тұратын жолдар мен тәсілдерді іздеуде діндердің рухани құндылықтарына (имандылық, діни төзімділік, отансүйгіштік, мейірімділік, бейбітшілік мәдениеті және т.б.) назар аудару керек. Салауатты өмір салтын ұстану және діни фанатизм мен соқыр еліктеушілікке қарсы тұратын қалқан болатын діни мәдениет пен діни сана қалыптастыру үшін дінтану зайырлы тұрғыда берілуі керек. Елімізде ұлтаралық келісім, діни төзімділік мәдениеті мен өзара құрмет қағидаты орныққан. Дін адамның рухани әлеміне тыныштық беріп, адамның абыройы мен ар-намысын үйретеді. Әрбір адамның жан-дүниесіндегі келісім мен ішкі мәдениет бұл адамаралық қарым-қатынастағы түсіністіктің шарты. Әрбір адам парасатты және рухани дүниесі бай, рухы мықты болғанда ғана зұлымдық пен зорлыққа қарсы тұра алады. Сол себептен адам жанын тәрбиелеу және оның дүниетанымын қалыптастыру үшін әлемдік және дәстүрлі діндердің рухани құндылықтарын тиімді қолдану маңызды болып саналады.

Бүгінгі күнде еліміз үшін бейбітшілік пен келісімді сақтау маңызды. Сондықтан да жас жеткіншектер Қазақстанда тұратын ұлыстардың дәстүрлері, мәдениеті, діни сенімі туралы хабардар болуы керек. Өйткені, дін кез келген халықтың ұлттық сана-сезімі мен мәдениетінің ерекшелігін ашатын фактор. Дінтану пәні жеткіншектерді отансүйгіштік, төзімділік рухында тәрбиелеп, әлемдік діндердің құндылықтарына оң көзқарас қалыптастыруы тиіс. Дінтану пәні ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне және жауапкершілікке, отансүйгіштікке, мәдениеттер үнқатысуына, ұлыстардың ерекшелігін түсіну мен сыйлауға, өзге діндегілерге құрметпен қарауға, діндердің құндылықтық негіздерін үйретуі тиіс. Еліміздің білім беру жүйесінде дінтану пәнін оқыту білім беру жүйесі үшін өте өзекті болып табылады. «Дінтану-діндер туралы ілім

боландықтан діннің шығуы, мәні және дамуы, діни ілімдер, ғибадаттар және олардың ерешелігі туралы кешенді білім» [155, б. 84].

Кеңестік атеистік кезеңде және одан кейінгі жылдары дінді оқыту білім беру саласынан алып тасталған еді. Ал қазіргі кезде дінтану пәні оқушыларды рухани адамгершілік тәрбиелеудің қайнар көздерінің бірі болып отыр. Дінтану пәні діндер тарихы мен теориясы, сондай-ақ мәдени адамгершілік, дүниетанымдық, этномәдени, әлеуметтік құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа сабақтастықпен беруші және адамның өзіне, қоршаған ортасына қатынасын қалыптастырушы, кешенді пән ретінде оқушыларды гуманизмге, руханилыққа, зайырлылық пен отансүйгіштікке тәрбиелейді.

Дінтану пәнін оқытуда еліміздің Ата Заңының баптары және ар-ождан бостандығы сақталуы тиіс. Дінтануды оқытуда діннің рухани мәдениеттің дамуы аясындағы орны, мәдениеттің феномені ретіндегі діннің ерекшелігін, діни мәдениет ұғымын ашу және ұлттық руханияттағы діннің рөлін көрсетуде маңызды.

Тәуелсіздіктің алғашқы қиын-қыстау кезеңінде еліміздің іргетасын шайқалтпай бүгінгі күнге жеткізген тәуелсіздік салған нұрлы жол Қазақстан халқының бағына біткен сара жол болды. Атқарылған игі істердің нәтижесінде еліміз көршілес елдермен, содай-ақ шет елдермен тату-тәтті қатынастар орнатып, елдер арасындағы достық пен ізгі ниетті сенімді байланысты орнықтырды.

Дінтану негіздері пәнін оқыту үдерісінде ұлттық және адамзатқа ортақ адамгершілік құндылықтарды және тарих сынынан өткен рухани қағидалар мен мәдени мұраларды болашақ тұлғаның болмысы мен дүниетанымына сіңіре беруіміз қажет. Қазақстан 1997 жылы жоғары білім жөнінде Лиссабон конвенциясын мойындаған ел. 1999 жылы маусымда еуропаның 29 елі еуропалық жоғары білім беру аймағын құру жөнінде Болон декларациясына қол қойды. Халықаралық білім кеңістігіне еліміздің енуі ұлттық білім беру моделін жасау жауапкершілігін жүктеді. Білім беру жүйесінде кредиттік оқыту технологиясында жаратылыстану және техникалық пәндердің басымырақ болуы болашақ мамандардың рухани әлеміне салқынын тигізуі мүмкін. Жастарды ұлттық рухта тәрбиелейтін, тұлғалық болмысын, азаматтық көзқарасын қалыптастыратын – әлеуметтік-гуманитарлық пәндер екендігін есте сақтаған жөн.

Зайырлылық және дінтану негіздері пәнін оқыту ең алдымен еліміздегі дінаралық келісім мен ұлтаралық татулыққа, еліміздің гүлденуі жолына қызмет етуі керек. Білім беру жүйесінде дінтану пәні қоғамда және әлемде болып жатқан үрдістерді теориялық ұғынумен байланысты туындайтын білімдерге деген жас ұрпақтың сұранысын талап-тілегін қанағаттандыруға бағытталуы керек. Дінтану пәні адам үшін маңызды мәнге ие дүние мен ғалам құрылымы, ажал мен ажалсыздық, өмірдің мәні, құндылықтар жүйесі, адам, болмыс, махаббат, руханият, шектілік пен шексіздік, жан мен тән арақатынасы туралы мәнді сұрақтарға жауап іздейді.

Әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндердің пайда болуы мен даму ерекшеліктерін, діни ілімі мен ғибадаттық негіздерін, адамзат өркениеті мен діни мәдениет аясында ұғынықты негізде түсіндірілуі тиіс. Білім алушылар діндердің пайда болуы, дамуы, таралауы туралы терең білім алумен бірге діндердің қағидаларын салыстырмалы талдай алулары қажет. Заманауи талаптарға сйкес қызырғі дінтану пәнін оқыту барысында пайдаланылатын әдіс-тәсілдер білім алушыларды қызықтыра отырып өзіне баурап алатындай болу керек.

Дінтануды оқыту әдістемесі тұлғаның рухани болмысын жетілдіруге және мәдениетін қалыптастыруға, руханият жетістіктерін жан-жақты түсінуге, діни ілімдерді зерделеп, талдауға үйретумен қатар басқаның мәдениетіне түсіністікпен қарауға, діни толеранттылық, дінаралық келісім ұстанымдарын сыйлауға тәрбиелейді.

Дінтану білім беруді ізгілендіру үдерісінде өзіндік рөл атқарады. Діни мәдениет пен шынайы руханилық бұл маңызды гуманистік құндылық. Қазіргі кезде дінтану пәнінің мұғаліміне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Дінтану пәнінің мұғалімі сауаттылығымен, өзінің жүріс тұрысымен, рухани дүниесінің байлығымен, шығармашылық әлеуетімен, өзгелерден озық тұруы тиіс.

Дінтану пәні жастарымыздың бойында отнанына деген сүйіспеншілік, ұлтына деген жанашырлық, қоғамға деген түсіністік, толеранттылық секілді қабілеттерді арттырып, олардың жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды толыққанды түсініп, зайырлы мәдениетті өмірлік жолдарында ұстануына септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Зайырлы мемлекетте дінтану пәні:

- білім беруді гуманитаризациялауға, яғни, гуманитарлық пәндердің беделін көтеруге және білім беруді ізгілендіруге көмектеседі;
- жастардың бойына имандылық, салауаттылық, ұлттық дәстүр мен руханилық нәрін егеді;
- оларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды ардақтауға үйретеді;
- ұлтаралық және конфессияаралық қатынас мәдениетінің қалыптасуына негіз болады;
- діни әдебиеттермен жұмыс жасау мәдениетіне үйретеді;
- діни құндылықтарды танып-білуге негіз болады;
- дүниетанымдық сұхбаттастық пен төзімділікке баулиды,
- діни ғимараттарда әдепті болуға үйретеді;
- діни экстремизм мен фанатизмге қарсы тұруға, иммуни- теттің қалыптасуына негіз болады.

Дінтанулық білім беруде ұстанатын зайырлылық принципі Ата Заңның 1-бабының 1-тармағына сай, «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтыратынына». «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңның» преамбуласында көрсетілген Қазақстан Республикасының «өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынына, әр адамның ар-ұждан бостандығы құқығын растайтынына» негізделеді. Ал «Білім туралы» заңның 3-бабының 4-тармағында

«білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы», 5-тармағына сай «адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу» принциптеріне жүгінеді. Сондықтан дінтанулық білім берудің нәтижелі болуы зайырлылық принципінің сақталуымен және діндарлық жеке адамның дүниетанымына байланысты өз таңдауы болғандықтан, өзгеге әсері болмауы тиіс деген қағидаға жүгінумен тікелей байланысты. Күнделікті өмірде діни жоралғыларды орындап, діни дүниетанымын анықтаған қоғам мүшесі, мемлекеттік қызметкер ретінде өз діндарлығын басқаға таңуға, белгілі бір діни көзқарасына мемлекет жүктеген міндеттерді орындамауға құқы жоқ. Білім беру саласының қызметкері ретінде Ар-намыс кодексінде жазылған қағидаларын ұстануы шарт.

Зайырлы білім беру жүйесі дін мен мемлекеттің бөлінісіне негізделі отырып, білім алушылар бойында объективті білім қалыптастыратын ғылыми рационалдылық қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Дегенмен бұл дінге сенімді мүлдем жоққа шығарады деген түсінік болмау керек. Әрбір білім алушының діни сенім бостандығына нұқсан келтірілмейді. Сондықтан да бір жақты түсінік қалыптаспау үшін кімде кімге басымдық берместен өзге діни көзқарастар, идеялар, теорияларды мойындай білуге, яғни толерантты сана қалыптастыруға тәрбиелеуге негізделеді. Бұл жерде дінтанулық біліммен қатар ұлттық тәрбие негіздері, ұлттық мәдениет ерекшеліктеріне басты назар аударылуы тиіс. Өзінің тарихымен тәрбиеленген оқушы, Отанын сүйетін патриот болып өседі. Өз елінің жетістіктерін мақтан тұтып, елін көркейтуге ынталы болады. Мұндай тәрбие алған жеткіншек елінің қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін күмәнді ұйымдарға бармайды. Ұлттық мәдениетте болмаған, салт-дәстүрімізде болмаған дүниелерге сыни көзбен қарау қабілетін оқушылар бойында тәрбиелей алсақ, елдің болашағы үшін уайымдамауға болушы еді.

Тәуелсіздік жылдары еркінсі кірген жат ағымдардың ықпалын заңды түрде анықтау үшін «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңда қазақ халқының тарихи қалыптасуында ислам дінінің ханафи мазһабының басымдылығын көрсету осындай мүддеден туындады, яғни осы бағыттан басқа діни ағымдарға берілмес бұрын оның біздің мәдениеттегі орнын анықтау керек екені міндет етіледі. Дін – мәдениеттің құрамдас бөлігі. Дін – адамгершілік нормаларының негізі. Дінтанулық ғылым мен білім дінге деген осы көзқарасты қалыптастыра білетін сала. Ғылыми объективизмге негізделі отырып және елінің азаматы ретінде тәрбиеленуіне негізделетін дінтанулық білім ғана зайырлылық принциптеріне жауап береді. Бұл принцип дінтанулық білім, білім алушы, білім берушінің мақсаттарының ортақ нүктесі болып табылады.

Зайырлылық принципіне негізделген дінтанулық білім оқушылар бойында ғылыми ізденіске қабілеттілік, өз бетінше іздену, жеке көзқарас, ұстанымдар, мәселені шешудегі жеке позицияны қалыптастыру және адамгершілік-этикалық идеалдарды бойына сіңіруге негіз болатындай сипатта берілу керек. Білім алу барысында гуманитаризация сұраныстары: жалпыадамзаттық және жалпыұлттық құндылықтар, мемлекет пен қоғамның идеалдарына берілгендік,

өзі сияқты өзгелерге толерантты қатынас ескерілуі тиіс. Ал білім алушылар өздерінің дінге деген таңдауларында, қалыптасқан көзқарастарында айырмашылықтар болған жағдайда басқа оқушылармен түсіністік қарым-қатынас орнатулары керек, ол үшін тұлғалық қабілеттерін жетілдіру, азаматтық позициясын қалыптастыру, ел мүддесі аясында тұлғалық дамуы басты орында болу керек.

Дінтанулық білім беру барысында ұстаз, оқытушы өзінің жеке сенімі мен дүниетанымына қарамастан, барлық діндерге бейтараптылықпен қарауы тиіс, бұл жердегі білім діни ілім негіздерін үйретуші немесе дәріптеуші қызметті атқармайды, білім объективті ақпарат беру мақсатын көздейді. Мемлекеттік стандарттарға сай құрылған оқу бағдарламаларында белгілі бір дінге, немесе атеизмге деген басымдық беруге құрылмайды. Дінтанулық білім мен діни білімнің шекаралары анық көрсетіледі.

Дінтанулық білім берудің қай деңгейінде болмасын, мектеп қабырғасында, жоғары оқу орнындағы бакалавриат, магистратура, докторантурадағы бағыты мемлекеттік тапсырыс, мемлекеттік мүдде бағытында дамуы тиіс. Дінтанушы маман еліміздегі стратегиялық бағдарламалар, дін саласындағы нормативтік құжаттарды толыққанды білуі тиіс. Қазақстандағы алғашқы дінтанушы мамандар оқу бітірген кездегі болашағы бұлыңғыр болған болса, бүгінде дінтанушыларға деген сұраныс артқан. Қазіргі кезде республика ішінде, жергілікті әкімшілік орындарда діни бірлестіктермен тығыз жұмыс жасайтын бөлімдер бар. Мектепте «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні енгізілген, жоғары оқу орындарында таңдаулы компонент ретінде «Дінтану» курсы беріледі. Алғашқы кездермен салыстырғанда, бірқатар жақсы өзгерістер бар. Деген- мен ендігі жерде қандай бағытта жұмыс істеу керек. Мемлекеттің сұранысына сай, мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін дінтанушы мамандар, мектептерде сабақ беретін ұстаздар, бұқаралық ақпарат құралдарына маманданған дінтанушылар және дінтанулық экспертиза жасайтын ғылыми кадрларды дайындауға көп көңіл бөлу керек, яғни мамандану жағын жетілдіруге назар аударған жөн. Мамандарды дайындауда зайырлылық принципінің жүзеге асырылуы басты ұстаным болуы тиіс. Мемлекет болашағы үшін мәдениетпен үйлесімді қалыптасқан діндарлық ғана тиімді болып табылады [155, б. 36].

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында нақты көрсетілгендей, Қазақстан Республикасында ешбір дін мемлекеттік дін ретінде қабылданбайды, сондықтан Конституцияның 19-бабы, 1-тармағында бекітілгендей, «әркім өзінің қай партияға және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсету-көрсетпеуге хақылы».

«Мемлекеттің дін мен діни бірлестіктерден бөлінгендігі», діннің мемлекеттік немесе міндетті болмауы белгілі бір діннің екінші бірінен үстем болуына жол бермейді. Мемлекетте кез келген діннің деңгейі заңдық тұрғыдан бірдей. Бұл шешім мемлекеттің зайырлылық принциптеріне сай дамып, мемлекет пен діни бірлестіктердің арақатынасын ашып көрсетсе, «мемлекеттік мекемелерде, құқық және сот орындарында, әскери құрылымдарда, адамның денсаулығын қорғау мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етумен айналысатын

органдарда, зайырлы оқу орындарында құ- дайға құлшылық ету, миссионерлік міндеттерді атқару, діни жораларды жасауға тыйым салынады» деген баптары да зайырлылық принциптерін ұстанудың туындаған. Дегенмен бұл діни жораларға деген мүлдем тыйым салынып отыр деп түсінбеу керек. Тек діни жораларды жасайтын орындар мен жасауға тыйым салынған орындардың ерекше болатынын ашып көрсетуді көздеп отыр.

Діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады.

Қазақстан республикасының Ата Заңы – мемлекеттің азаматтарының өз қауіпсіздігі үшін алаңсыз өмір сүріп, еңбектенуге және өз пайдасын қоғам игілігіне жұмсауға бағытталған. Тәуелсіз Қазақ елінде «Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді (20 б., 3-т.) және «ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады» (39 б., 2-т.). заңдарда көрсетілген міндеттер мен құқықтарды ескере отырып, дінтанулық білім беруші ғалым мемлекеттің зайырлығын толық түсінетін, дін туралы дұрыс көзқарасы қалыптасқан, мемлекеттің мүддесі үшін қызмет ететін азаматтардың тәрбиеленуіне бірден бір себепші болуы тиіс. Жеке адам ретінде оның діндарлығын жоққа шығаруға болмайды. Дінді ұстану оның ішкі жан-дүниесімен байланысты. Бұл жерде діндарлық феноменінің де аса күрделі ұғым екенін айта кету керек. Зайырлылық пен діндарлық екі түрлі бөлек феномендер болғанмен, олардың ортақ тоғысып келетін тұстары бар. Мемлекеттің зайырлығы қоғамдағы дұрыс, дәстүрлі діндарлықтың қалыптасуына кереғар келмейді [155, б. 23-24].

Дінтанулық білім беруде зайырлылық принципін сақтау басты міндет болса, діндарлық феномені дінтанулық ғылымдағы зерттеу нысанына түсетін күрделі мәселелердің бірі болып табылады және оны қалыптастыруға миссионерлік қызметтің ықпалы басым.

«Зайырлы мәдениет және діни мәдениет ерекшелігін және жалпыадамзаттық құндылықтардың артықтығын, яғни діни және діни емес дүниетаным түсініктерін біріктіруші және сұхбақтастық негіздерін төзімділікпен түсіндіру. Дінтануды оқыту мазмұны мен әдістемесі зайырлылық пен төзімділік қағидаттары, ар-ұждан, діни сенім бостандығы және ой-еркіндігі сынды еліміздің және халықаралық құжаттар талаптарына сәйкес болуы тиіс» [167].

Зайырлы ілім ол атеизм емес екенін атап өттік, атеизм ол діни үгіт сияқты дінге қарсы бағыт, ол да діни білім беруге мемлекеттік мекемелерде шек қойылғандай тыйым салынған әрекет болып табылады. Дінтанулық білімнің бірден бір ерекшелігі де тек зайырлы және ғылыми танымдық сипатта болуы. Дінтанулық білімнің ғылыми дәрежесін және оның мазмұны мен мәніне конфессиялық көзқарастың әсерін жоққа шығару үшін діни біліммен дінтанулық

білімнің аражігін ашып көрсетуді байқап көрейік. Бұл жерде көрсетілген айырмашылықтар бұл тек бірнеше аспектілер бойынша көріністері.

Діни білім:

- діни білім беру мақсатының көптүрлілігі;
- білім алушылардың санасына діни сенім ұялату, қалыптастыру;
- белгілі бір діннің ғибадаттық ұстанымдары мен іліміне тәрбиелеу;
- Қасиеттілік пен Жаратушы идеясының үстемдігі;
- діни мәтіндерді ақиқат деп тану;
- ұстаздың – рухани жетекші, беделі үстем, кейде жоғары идеал көрінісінде болуы;
- салыстыру, талдау, сараптау әдістері нақты теологиялық тұрғыдан қарастырылуы.

Дінтанулық білім:

- оқушылардың немесе білім алушылардың зайырлы ғылыми біліммен жабдықтылығы;
- діни үгіт-насихаттың болмауы;
- тұлғаның жан-жақты дамуына, дүниетанымының ғылыми тұрғыдан кеңеюіне мүмкіндік туғызу;
- толеранттылыққа тәрбиелеу;
- Қасиетті мәтіндермен мәдени тарихи ескерткіш ретінде танысу, білу;
- білім алушыға ғылыми талдау, сараптау, салыстыру әдістерін үйрете отырып біліктілігін арттыру.

Дінтану ғылымы көп аспектілі ғылым саласына жатады, бұлай деуіміздің бірден-бір себебі оның адамның әлеуметтік және рухани өмірінде ерекше рөлінің басымдылығы. Мұнда тарих, философия, психология, физика, әлеуметтану, антропология т.б. ғылым салалары тығыз байланысты. Бұл ғылымдар діннің нақты бір саласын қамтыса, дінтану оның барлық аспектілерін қамтиды, ол біртұтас ғылым ретінде зерттей отырып, әлеуметтік мәдени білім береді. Мұнда діннің заңдылықтары, дамуы, пайда болуы, мәні оның басқа мәдениеттермен байланысы терең зерттеледі. Дінтанулық білімнің ерекшелігі мұнда діни сенімнің, қасиетті, әулиелік түсінігінің болмауы, дінді зерттей отырып зайырлылықты сақтауы.

Теориялық пән ретінде дінтану теология немесе діни философиясынан айырмашылығы мұнда құдайдың бар немесе жоқ екендігін дәлелдеумен айналыспайды, діннің өзін (діни сананы, діни іс-әрекетті, діни қарым-қатынас, діни ұйымдарды) әлеуметтік, экономикалық және саяси, ғылыми, моральдық, өнер мәселелерін зерттеумен айналысады. Дінтану толықтай дербес әлеуметтік-гуманитарлық пән, себебі оның пәні тек қана – дін.

Дінтануды оқу пәні ретінде оқу пәндер жүйесіне енгізуге бола ма деген мәселе діни білімге деген көзқараспен тығыз байланысты. Ресейде діни білім беру зайырлы оқу орындарының бағдарламаларынан алынып тасталды және Еуропа елдері мен Израильдегідей діни ықпалда емес. Бұл шіркеу билігін жоққа шығарған және экономикада, әлеуметтік салада, саясатта және мәдениетте жаңа

көзқарастарды жүзеге асырып жатқан православие мәдениетінің өзін секуляризациялау процестерін көрсетеді [168, б. 141-162].

Діни дискурста атеистік идеологияның жоқтығында «атеистік дінтану» терминінің болуы кейбір сұрақтарды тудырады. Ғылыми атеизм кеңестік кезеңде дінтану ғылымының бекітілген саласы болды, бірақ бұл бағыт жойылғаннан кейін кейбір зерттеушілер ескі әдістемені жаңа жағдайда қолдана бастады. Ескі мектептің зерттеушілеріне қаншалықты қиын болса да, еркін академиялық сала құру және гуманитарлық ғылымдарды дамыту үшін осы инерциялық құбылыстарды жеңу қажет. Бұл жағдайда ең қол жеткізуге болатын ұстаным өзгерген шындыққа күмәнмен қарау болып табылады. Қазіргі уақытта ресейлік дін зерттеушілері дінтанудың атеизм мен теологиядан бірдей айырмашылығы бар екенін қайта-қайта атап көрсетеді [169].

Қорытындылай келе «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні мұғаліміне білім беру барысында зайырлылық ұстанымдарды жеткізуде үлкен жауапкершілік артылады және ұстаздың біліктілігіне қойылатын талаптар өте жоғары болу керек. Дінтану пәнінің мұғалімі қазіргі ғылым мен діндер негіздері жөніндегі терең білімін үйлестіре білетін білікті маман болуы қажет, ұстаз рухани-адамгершіліктік ізгіліктерді, ғылыми объективизм принципін және этикалық нормаларды ұстана білетін білім беру ісінде зайырлылық қағидаларын, мемлекеттің дінге байланысты ұстанатын саясатын жүргізуде өзінің рөлін толыққанды атқара алатын беделді тұлға болуы тиіс.

3 ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ДІНТАНУ

3.1 Тәуелсіз Қазақстанның ғылымының жаңа бағыты ретіндегі дінтану

Дінтану ғылымының қажеттілігі, оның қоғамдық сананы қалыптастырудағы маңыздылығы зайырлы мемлекетте дін мәселесіне қатысты өте нәзік шешімдерді қабылдауға ықпалдасатынымен бағаланады. Діни жағдайды қалпында ұстап тұрудың жолы – дінтану білімі арқылы қоғамдық сананы дұрыс қалыптастыруда болып тұр, себебі қазіргі кезде еліміздегі дінге сенушілер әртүрлі сенім жолын ұстануда. Бұрынғыдай ұлт пен діннің қатар айқындалуы бүгін мүмкін емес. Исламды ұстанғандар ішінен де көзқарастары келіспей, бірінікін бірі теріске шығарып жатқандар да бар. Жеті шелпек тарату, ата-баба мазарына барып, зиярат жасау, «хиджаб» кию секілді дау таласты мәселелер күнделікті өмірде кездесіп жатады. Әсіресе, жастардың басқа діни ағымдарға кетуі ел болашағына нұқсан келтірері айдан анық. Өздерінің білім, ғылым іздеп, болашағына іргетас қалайтын шақтарында өз энергиясын болмашы жалған діндерге жіберулері алаңдатады. Егер олар адасқандықтарын сезініп, өз ортасына қайта орала алса – жақсы, оралмаса – қауіп сонда. Бұған қоса, оралу оңай шаруа емес екені де белгілі, себебі, жаңа діни ұйымдарға тартуда қолданылатын әдіс-амалдар ортаға келген адамның өз еркімен кете алмауын қамтамасыз ететіндей құрылған. Адамның санасы толықтай бағдарламаланып, өзге адамға айналдыруға күш салынған. Адам сектаға қалай тартылады, сектаға тарту үшін субъект қалай таңдалады, онымен қандай жұмыстар жүргізіледі, қарапайым пенде сенуші қатарынан діни пирамиданың шыңына қалай көтеріліп, ондағы көсемге қалай жақындауға болады және т.с.с. сауалдар бір қарағанда көпке мәлім емес мәселелер, себебі дінге тартылушы ол туралы ойланбайды: ол шынайы ақиқатты тапқандай болады. Бір қарағанда қарапайым көрінетін нәрсенің астында басқа елдің саяси, экономикалық мүддесі, қазақ жерін саудалау саясаты жатқанын көбісі ойлана бермейді. Сондықтан діни ізденіс кезінде таңдампаз болу керек. Осы орайда діни сауаттылық, діни сауаттылыққа іргетас болатын дінтану пәні аса қажетті болып отыр.

Бүгінгі таңда дінтанулық білім беру жүйесі қоғам өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Білім берудің өзге де салалары тәрізді дінтануды да мазмұндық тұрғыдан байыту, жүйелеу қажет. Елімізде дінтанулық білім беру ісіне қатысты мәселелер әлі де толық шешімін тапқан жоқ. Дінтанулық білім берудегі аса өзекті мәселе қатарына діндарлық пен зайырлылық принципінің арақатынасын жатқыза аламыз. Біз өз зерттеуімізде осы пәнді оқыту үрдісі тек зайырлылық қағидаларына ғана жүгінгені жөн бе, әлде оқыту үрдісінде діндарлық принципіне де орын бар ма деген сауалдарға жауап іздедік. Демократия құндылықтары тереңдеп енген қазіргі кезеңде зайырлы сипаттағы мемлекеттік жүйелер көп таралған. Зайырлы мемлекеттерді мемлекет пен діннің ынтымақтастық дәрежесіне, діннің мемлекеттің құқықтық жүйесіне жүргізетін ықпалына қарап

жіктеу үрдісі қалыптасқан. Зайырлы мемлекеттерді мынандай топтарға бөлуге болады: преференциалды, эквипотенциалды, контаминационды, идентификационды. Қазақстан Республикасы да зайырлы, унитарлы мемлекет қатарына жатады. ҚР Конституциясының 1 бөлімінің 1 тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» – деп анық көрсетілген [170].

Зайырлы Қазақстанның қазіргі діни келбеті және зайырлы мемлекет ұғымының теориялық негіздері 2011-2012 жылдар аралығында Дін істері агенттігі (қазіргі Дін істері комитеті) тарапынан діни бірлестіктерді қайта тіркеу жүргізілген еді. Сол үрдістің нәтижесі бойынша Қазақстанда 17 конфессия өкілдерінен құралған 3088 діни бірлестік пен олардың филиалдары қалды. Мемлекеттік тіркеу мен қайта тіркеу еліміздегі діни бірлестіктер үлесін көрсетіп берді. Ол бойынша ислам діні – 72%, православие – 9%, католиктік – 3%, протестанттық – 14%, қалған діни конфессиялар 2%-ды көрсетті [171].

Қазақ жерінде қазақтан өзге де ұлыстар тұрады. Ресми статистикаға сүйенсек, Қазақстанды 140 этнос пен 17 конфессияның өкілдері мекендейді. Қазақстан жер жаһанға ұлтаралық және дінаралық татулықты сақтауымен танылып отыр. 2010 жылы 1-2 желтоқсанда елордамыз Астана қаласында ЕҚЫҰ саммитін өткізген сәтте де Қазақ елі басты ұранның бірі ретінде толлеранттылықты таңдағаны бекерден бекер емес. Қазақстанның ЕҚЫҰ-дағы төрағалығының ұраны латынның төрт «Т» әрпі болды: сенім (trust), дәстүр (tradition), транспаренттілік (transparency) және төзімділік (tolerance). Елімізде 2003 жылдан бері әр үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі өтіп келеді. Діндер съезіне әлемдік діндермен қоса ұлттық діндердің көшбасшылары да қатысуда. Бұл жиында әлемді толғандырған аса маңызды мәселелерді түрлі дін өкілдері талқыға салып, ортақ бір шешім қабылдауға ұмтылуда. Теократиялық емес, зайырлы даму жолын таңдаған қазақ мемлекетінің кадамдары осындай реттілікпен түзілуде [172, б. 10].

Зайырлы билік адамның рухани, ішкі әлеміне қатысы жоқ және оған қол сұқпайтын билік ретінде анықталды. Бірақ ол ешқашан да діндарлыққа қарсы және атеистік билікпен теңдестірілмеуі тиіс. Жалпы формасында зайырлы мемлекет шіркеудің мемлекеттен бөлінгенін, олардың қызмет ету аясында жіктелуін білдіреді. Әлемдік, ұлттық және ұсақ діндер негізінде әлемнің барлық мемлекеттерінде көптеген діни қауымдар қалыптасқан. Зайырлы мемлекетте ешбір дін мемлекеттік және міндетті дін ретінде бекітіле алмайды. Бұл ережеге сәйкес конституциялық норма ретінде бекітіледі. Мәселен, Испания корольдігінде «ешбір дін мемлекеттік деген сипатты ала алмайды». Егер діни ұйымдардың қызметі заңға қайшы болмаса мемлекет олардың қызметіне араласпайды. Зайырлы мемлекет пен діни ұйым арасындағы жіктелу өзара кедергі келтірмеу және заңдар немесе келісімдер арқылы реттеледі.

Саясат дін ықпалынан азат болуы үшін діни ұйымдар мен діндарлардың саяси қызметпен айналысуына шектеу қойылу қажет. Мұндай шектеу ең алдымен саяси партияларға материалды, ұйымдастырушылық және үгіт-

насихаттық тұрғыдан қолдау көрсетуге тыйым тұрғысына қатысты болуы тиіс. Тұлғалық тұрғыдан сенушілердің ешбір саяси құқығына шектеу қоюға жол берілмейді, бірақ мұндай шектеулер кәсіби дін қызметкерлеріне қатысты қолданылуы мүмкін. Мұндай шектеулер кейбір мемлекеттердің конституцияларымен бекітілген. Мәселен Коста-Рика конституциясы дін қызметкерлерінің діни негізде немесе қандай да бір сенім арқылы саяси насихат жүргізуіне рұқсат бермейді, ал Мексика конституциясы бойынша діни культ қызметкерлері белсенді немесе пассивті сайлау құқығына ие емес және саяси мақсаттар үшін біріге алмайды [173].

А.Ш. Будагованың пікірі бойынша, «зайырлы мемлекет» дегеніміз – бұл барлығына міндетті ресми діні жоқ, діни қағидалар мен заңдылықтарды мемлекеттік органдарға ықпал етуші қайнаркөз деп санамайтын, шіркеу мемлекеттен және мектеп шіркеуден бөлінген, сондай-ақ барлық азаматтарға бірдей үкімі жүретін діни соттары жоқ мемлекеттің конституциялық сипаттамасы.

Ю.И. Стецовский зайырлы мемлекеттің мынандай сипаттарын бөліп көрсетеді:

- 1) ресми(мемлекеттік) діннің болмауы;
- 2) ешбір наным-сенім міндетті және ұстануға лайық деп мойындалмайды;
- 3) діни канондар құқықтың қайнаркөзі болып саналмайды;
- 4) білім берудің мемлекеттік жүйесі мен тәрбие беру зайырлы сипатқа ие және дінге қатысты қандай да бір қатынасты құрылымдауды көздемейді;
- 5) ар-ұждан бостандығы, таңдау және діни қағидаларды тарату мәселелері – әр адамның рухани бостандығы мен жеке өмірінің көзі, оған мемлекеттің де, жеке тұлғалардың да араласуға құқығы жоқ [174, б. 235].

Л. Юззелл (бүкіл дүние жүзінде ар-ұждан бостандығының қамтамасыз етілуін зерттейтін Кестон институтының бұрынғы директоры) зайырлылық мәселесі жөнінде былай дейді:

«Мен мемлекеттік діннің болуын діни бостандықтың бұзылуы деп санамаймын: мемлекеттік дін Норвегияда, Ұлыбританияда бар. Егер Православие шіркеуі Ресейде мемлекеттік дін деп мойындалса, мен мұны адам құқықтарына қатысты заңсыздық деп есептемес едім» [174, б. 5].

А.В. Малашенко зайырлы мемлекеттің үш сипатын белгілейді:

- 1) діни ұйымдардың мемлекеттен бөлінуі;
- 2) діннің саясаттан шеттетілуі;
- 3) «дін әр азаматтың жеке ісі болып табылады» [175, б. 154].

И.А. Ильиннің мемлекет пен діннің арақатынасы жөнінде айтқан мына бір пікірі өте орынды: «Шіркеу мен мемлекет орнығуы, рухы және қадірі, мақсаты және әрекет етуі жағынан өзара жат. Өзіне шіркеудің күші мен қадір-қасиетін алғысы келген мемлекет көргенсіздігі мен руханиятқа деген қадірлемеушілігін байқатады. Өзіне мемлекеттің билігі мен қылышын алғысы келген шіркеу қадірін жоғалтады және өзінің бағытын өзгертеді. Шіркеу дінді тарату үшін де, еретик пен зұлымды жазалауға да, соғысу үшін де қылыш көтермеуі тиіс. Саяси

іс-әрекеттер шіркеудің міндеті емес, саясат құралдары оның құралдарының мәні емес; саясат рангы шіркеудің рангы емес» [176, б. 235].

Қазақстан Республикасының 2011 жылы 11 қазанда қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңында былай делінген:

«Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады» [177]. Бұдан мемлекетіміздің толықтай зайырлы сипатын анық аңғаруға болады. Зайырлы мемлекет дінсіз мемлекет емес, мұнда азаматтардың қалаған дінін ұстануға құқығы бар.

Әрине мемлекет діннен бөлек болғанымен, қоғам мен дін өзара байланысты, екеуі де бір-бірінен ажырағысыз ұғымдар. Кез келген ұлттың өз бейнесінен, дүниетанымынан хабар беретін діні, тілі, ділі болады. Осылар көмегімен ұлттық сана, кескін-келбет қалыптасады. Біздің де сан мың жылғы менталитетімізді қалыптастыруға мол үлесін қосқан дініміз бар. Ол – ислам діні.

Дамыған өркениетті Батыс Еуропа елдерінің өзі ата діндеріне қандай да бір басымдылық беріп, ерекшелеп тұрады. Англия, Германия, Франция тәрізді мемлекеттер ата діндеріне белгілі бір қамқорлықтар көрсетеді. Мәселен, Норвегия Конституциясының 2-бабы Евангельдік-лютеран шіркеуін елдің мемлекеттік діні ретінде орнықтырады. Мемлекет шіркеудің барлық шығындарын өз мойнына алады және осы елдегі барлық балабақшалар мен мектептер заң бойынша «Мораль және Христиандық тәрбие» пәнінен сабақ өткізуі тиіс. Ал, Норвегияның заманауи түрдегі зайырлы мемлекет ретіндегі демократиялық жүйесі мен жетістіктеріне ешкімнің шек келтірмесі анық [178, б. 17]. Жалпы, өздерінің дәстүрлі діндеріне мемлекет өмірінде басымдық беретін мысалдарды әлемнің қай түкпіріндегі елдерден де көптеп кездестіруге болады. Біз де мұндай тәжірибенің қыр-сырын анықтап зерттеп, өз елімізде қолдана білуге тиіспіз. Бүгінгі заманда идеялар мен рухани бәсекелестік қарқынды жүруде. Бұл тартыста қазақ ұлты жеңіліске ұшырамағаны барлығымыз үшін де қажет. Сол себепті халқымыздың келешегі болатын болашақ ұрпақтың рухани саулығы және ұлттың амандығы үшін күресе білуге міндеттіміз. Көршілес Ресейде де «Православие мәдениетінің негіздері» деген пән енгізілгені белгілі. Солтүстіктегі көршіміз бұл курсты енгізудің қаншалықты маңызға ие екенін анық түсініп отыр. Жеткіншек ұрпақты ұлтты ұлт еткен қайнаркөздерден сусындату өте пайдалы іс болып табылады.

Дін – ол тазалық, дін – ол ізгілік. Әлемдегі діндердің барлығы адам баласын мейірімділікке, бір-біріне қамқор болуға шақырады. Дін – қоғам өмірін ретке келтіруге қабілетті. Бүгінгідей моральдық құлдыраулар көп орын алып жатқан кезеңде діннің игі функцияларын пайдалана білген жөн.

«Дін мен мемлекеттің түйісер жері – елдің тұтастығы және қоғамның ауызбіршілігі мен тұрақтылығы. Сондықтан, ел дамуының бүгінгі кезеңінде екі тараптың өзара бірігіп әрекет ететін кеңістігін, оның құқықтық тетіктерін уақыт талабына сай айқындаудың және жетілдіріп отырудың маңызы зор. Бұл жерде мемлекет мынадай қағиданы басшылыққа алуы тиіс: ол қоғамдағы діни бірлестіктерді реттейтін өз шекарасының аумағын тарылтпауы керек және еліміздің негізін құрап отырған халықтың дәстүрлі дініне басымдық беруі қажет. Өйткені, қоғам мен дінді бір-бірінен бөлудің мүмкін емес екендігін ескерер болсақ, мемлекеттің діни салада белсенді түрде реттеуші болуы тиіс екендігі талас тудырмасы анық» [179, б. 1], – дейді мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының бөлім бастығы, саяси ғылымдар кандидаты М. Иманбаев.

«Батыс сарапшылары қоғамдағы діннің орны азайған сайын, адамдардың азуы, олардың бір-бірімен жауласуы сияқты жағымсыз жайттар белең алып, қылмыстың көбейетінін атап көрсетуде. Ислам елдерінде дін қоғамның осындай қатал тондарын жібітуші, қылмысты тежеуші фактор болып есептеледі» – дейді академик Ғ. Есім [180]. Расында да діннің рөлі әлсіреп бара жатқан Батыс Еуропа елдері мен АҚШ-та рухани азғындық белең алуда. Аталған мемлекеттерде біржынысты некеге тұрғандардың санының артуы мен олардың некесінің кейбір мемлекеттерде заңдастырылуы сорақылық болып табылады. Өкініштісі сол мұндай азғындықтардың салқыны біздің елімізге де тие бастады. Сол себепті ұрпақ тәрбиесі мәселесінде төл дініміз бен атазаңымыздың потенциалын пайдалана білуге тиіспіз.

«Қай дінде болсын, біреудің ала жібін аттамау туралы ойлар жеткілікті. Сондықтан қоғамымызда діндердің маңызын арттыру өмірдің өзі ұсынып отырған шара екендігінде дау жоқ. Тіпті мемлекеттік қызметкерлердің рухани сана-сезімін арттыру жемқорлықтың алдын алуға көп көмек берер еді», – деп пікір білдіреді Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының директоры А. Абуов [181]. Мемлекет тарапынан жүргізілетін түрлі істерді жүзеге асыру мемлекеттік қызметшілерге тікелей байланысты екені айқын. Өз елін шынайы сүйетін патриот қызметшілері бар мемлекеттік жүйе биікке шығады. Ал қара басының қамын ғана ойлаған паракор, жалақор қызметшілер мемлекетті аяғынан шалуды ғана біледі. Осы себепті мемлекеттік интеллигенцияның дін қайнарынан сусындауы өте маңызды жайт. Осы орайда академик Ғ. Есімнің айтқан мына бір пікірі сөзімізді айғақтай түседі: «Біз бұдан былай қоғамға қызмет ететін мамандарды Құран Кәрімді меңгерген, зайырлы мемлекеттік қызметші дайындауды қолға алуымыз қажет. Сөздің қысқасы сауатты, білімді мұсылман интеллигенциясын қалыптастыруымыз қажет. Сонда мұсылман зиялылары деп кімдерді айтпақпыз? Олар имандылық пен әділет жолындағылар, олар ілім, ғылым игерген білікті мамандар. Мұндай азаматтарға коррупция және тағы басқа әділетсіздіктер жат болмақ. Бола- шақта бүгінгі зайырлы қоғамның зиялылары мен діни қызметкерлерінің біте қайнасып бірге өрбімей келе жатқан жолын тоғыстырып, түйістіретін болмақ. Бүгінгідей, ауыл-қалада емін-еркін өріп, әртүрлі діни ағымды насихаттап жүргендерге, мұсылмандықтан

тайдыратын әрекеттерге тыйым жасай алмақ. Мұсылман зиялылары – жүрегінде иман, ісінде ізгілігі бар, діннен де, ғылымнан да хабары мол жандар болмақ» – дейді академик Ғ. Есім.

Дін мен қоғам өзара тығыз байланысты ажырамас жүйелер. Зайырлы қоғам дінсіз қоғам емес. Мұндай мемлекетте мансабына, қоғамдағы дәрежесіне қарамастан кез келген азамат дін ұстануға, діндар болуға құқығы бар. Тек ол азаматтардың дінді ұстануы заңда келтірілген нормаларға қайшы болмаса болғаны. Сонау Күлтегін жазбаларында тасқа қашалып жазылған «Мәңгілік ел» туралы қағиданы жаңғыртып, жаңа бетбұрыстар жасаған Қазақ елі үшін мемлекеттің баяндылығы қажет. Біз бұл жолда қазақты қазақ еткен қайнаркөздерді естен шығармай тиімді пайдаланғанымыз жөн. ҚР Мәдениет және ақпарат вице-министрі М. Әзілханов «Дін дегеніміз тек сенім жүйесі емес, ол өмір сүру мәнері, қарым-қатынас әдебі, моральдық нормалар жиынтығы, жақсы мен жаманды, адал мен арамды ажыратушы рухани қағидалар жүйесі. Сондықтан, дін мәселесі – рух мәселесі. Дінге руханият негізі ретінде қарап, оның жасампаз құндылықтарын, рухани әлеуетін басты назарға алған жөн. Діннің рухани әлеуетін мәңгілік идеяларға, зайырлылық идеяларына пайдалануға болады. Сол арқылы барлық жоғалтқанымызды түгендеп, мызғымас құндылықтар қалыптастыра аламыз» деген [182].

Қазіргі кезде дінтанудың ғылыми тәжірибесіне қарасақ, дінтанулық қауымдастықтардың монолитті емес екенін көруге болады. Жеке ғылыми мектептер мен бағыттар өздерінің бірегей жобаларымен көзге түссе де, белгілі бір тұтастықтың құрамдас бөлігі бола алмады. Олар көп жағдайда дінтанулық ғылымның әркелкілігіне әкеліп отырды. Дінтанулық қауымдастықтарды біріктіретін нәрсе ол теология мен философиясы салаларымен сабақтасуы болды. Дегенмен, бұл қауымдастықтарды біріктіруге аса қатты әсер ете алмады. Сондықтан ғылыми конференцияларда ортақ мәселелер көтерілгенмен, ортақ шешім табылмаған кездер де болды. XX ғ. екінші жартысынан бастап, жаңа дінтанулық парадигманы қалыптастырудың қажеттілігі туды. Ресейлік дінтанушы А.Н. Красниковтың пікірі бойынша, мұндай жаңа парадигма «метадінтану» аясында жасалатын болады, оның зерттеу пәніне діни феномендер, не жеке діндер, жалпы дін мәселесі емес, дінтану тарихы мен теориясы алынады. Бұл жаңа пән дінтанудың әрі қарай дамуы үшін аса қажет методологиялық мәселелерді зерттеумен айналысады.

Қазақстанда дінтанулық білім еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарында беріледі. Солардың ішінен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасын ерекше атап өтуге болады. Бұл ұжым Қазақстандағы алғашқы дінтанушылардың қалыптасуына, дінтану ғылымының алғаш рет осы білім ордасында пайда болуына септесті. Бүгінге дін мәселесі бойынша білікті бакалавр, магистр, Ph.D доктор мамандарды дайындаумен айналысып келеді. Алыс, жақын шетелдермен байланыс жасап, студенттер мен оқытушылардың біліктіліктерін шыңдауға ықпалдасып келеді. Ұжымның дайындауымен бірқатар жинақтар жарық көрді. Атап айтсақ, «Дінтану негіздері», «Қазақстандағы

діндер», «Діндердің қысқаша тарихы», «Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ағымдар», «Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер», үлкен 3 томдық Дітану энциклопедиялық сөздігі және т.б. Бұл жинақтар тек дінтанушы мамандарға ғана емес, дін мәселесіне қызығушылық білдіріп, әлемдегі діндер туралы білімдерін кеңейткісі келетін әрбір оқырманға арналған және дінтану пәнінің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаты – діни сауаттылықты қамтамасыз ету ісінде маңызды болып отыр. Бұлай дейтініміз қазіргі Қазақстанда көпшілікке танымал емес жаңа діни ұйымдардың көбейіп кеткені ешкімге жасырын емес. Одан зардап шегіп жатқандар да бар. Елдің бірлігіне нұқсан келтіруді көздей отырып, өз әсер ету ареалын кеңейте түсуді мақсат ететін жаңа діни ағымдардың көзге көрінбейтін саяси, экономикалық мүдделері де жоқ емес.

Дінге байланысты мұндай проблемалардың шығып отырғаны не себепті. Себебі көп жағдайда қоғам сұранысына лезде жауап қата алмауымызда. Ал бүгінгі таңда ондай қажеттілік маман зәрулігінен туындап отыр. Дінге байланысты ақпарат алғысы келген шақта, ақпараттың қолжетімді болмауы, яғни ақпаратты беруші дінтанушының болмауы мәселені күрделендіре түседі. Не болмаса, ақпарат көзі бар, бірақ, ол – қате ақпарат көзі. Ол өз мүддесін ойлай жүріп, дәстүрлі емес дінге таратушының позициясынан берілетін мәлімет. Сондықтан қоғамда алып отырған мұндай келеңсіз жағдайларды қолға алып, бақылап, реттестіріп отыру әлі кеш емес және мұнда басты назар сапалы білім алған дінтанушы мамандарды дайындауға аударылғаны жөн. Бұл үшін:

- білікті дінтанушыларды дайындау ісіне қолдау көрсету;
- қоғамдық қажеттілікті ескере отырып, дінтанушыларға мемлекеттік гранттарды көбейту;
- жоғары оқу орындарына дінтануды міндетті пән ретінде енгізу шаралары жүзеге асырылғаны абзал. Дінтану пәнінен жоғары оқу орындарында міндетті пән ретінде енгізу діни сауаттылықты арттыруға, дін жолындағы адасудан сақтануға, діннің біріктіруші қызметін ел мүддесіне пайдалануға көмектесетіні анық.

Бұған дейін қазақ – мұсылман, орыс – христиан болуы тиіс секілді көрінсе, қазір бір ұлттың ішінен бірнеше дін өкілдерін табуға болады. Көпшілік өз дәстүрлі ата-бабасы сенген сенімнен бас тартып, жаңа діни ұйымдарға кетіп жатыр. Әсіресе қазақтар арасында кришнаиттер, протестанттар, иеговашылар және т.с.с. діни жаңа ұйымдарға кетіп жатқандар бар.

Ислам діні елімізде қайта жаңғыру үдерісінде. Сонымен қатар, еліміз үшін дәстүрлі діни құндылықтардың жандануы орынды. Алайда халқымыздың діни түсінігіне жат түрлі ағымдар (салафилік, құраншылар, дағуатшылар) ұлтымыздың діни дүниетанымы мен тұтастығына зиянды әрі қауіпті. Сондықтан халықтың діни сауатын ашу, дәстүрлі діни ұстаныммен рухани – діни мұрамызды заман талабына сай жаңғырту, миссионерлік қызмет пен түрлі бағыттағы діни әдебиеттерді сараптамадан өткізу, ғибадатханалардың қызметі мен дін қызметкерлерінің уағыз-насихат жүргізу қызметіне дінтанулық талдау жүргізу қажет. Еліміздегі діни бірлестіктер өз қызметінде елдегі тұрақтылық пен ұлтаралық татулық, қазақстандық патриотизм, жастарды рухани-адамгершілік

рухта тәрбиелеу сынды маңызды істерде назарда ұстауы тиіс. Дәстүрлі діни құндылықтардың рухани күші ұлттық бірегейлік пен рухани, ұлттық құндылықтарды сақтауға мүмкіндік береді. Дәстүрлі діндер мемлекеттің діни саладағы саясатына қолдау көрсетуі және оны діндарлар арасында түсіндіруі бүгінгі күнде өте маңызды. Елдегі діни сананың өсуі, жастар санасында діни құндылықтардың орнатылуы, түрлі жат діни ағымдардың миссионерлік қызметінің белсенділігі, діни жағдайды ғылыми тұрғыда талдап, зерделейтін дінтанушы мамандарды қажет етеді. Дінтанушы мамандарды кәсіби тұрғыда дайындау және оларды жұмысқа орналастыру маңызды. Сондай-ақ мектептерде дінтану пәнін жүргізетін ұстаздардың білімін жетілдіру, дін істері саласында қызмет атқаратын мемлекеттік қызметкерлердің діни білімін арттыру үшін түрлі деңгейдегі оқу-ағарту курстарын ашу өзекті. Айтылған мәселеге орай төмендегідей ұсыныстар келтірген жөн:

- діни қызметкерлердің білімін жетілдіру;
- дінтанушы-ғалымдар туралы деректердің ақпараттық орталығын құру;
- дінтанушыларды даярлауға қатысты білім беруді жүйелеу;
- діни басылымдар қызметіне дінтанулық сараптама нәтижелерін БАҚ беттерінде жариялау;
- дінтану пәнінің оқытушыларын орталықтандырылған негіз де қайта оқытуды қолға алу;
- көрші елдердегі діни жағдай туралы дінтанулық талдаулар жасау;
- дінтану ғылымы мен дінтанулық білім берудің өзекті мәселелеріне арналған конференциялар өткізу;
- қоғамның рухани өміріндегі діннің алатын орнын және азаматтық қоғам қалыптасуындағы діннің рөлін айқындау;
- рухани-діни саладағы мемлекеттік саясаттың пәрменділігін арттыру [155, б. 21].

Қазақстанның ғылыми бағытын айқындаушы бірден бір мекеме ретіндегі институт 1999 жылдың ақпан айында 1958 жылы ашылған Философия және құқық институтының және 1991 жылғы Философия институтының негізінде құрылған. Ол 2012 жылдың мамыр айында ҚР Үкіметінің қаулысымен Философия, саясаттану және дінтану институты болып қайта аталған.

Институттың мемлекеттік ғылыми-зерттеу мекеме ретіндегі негізгі міндеттері қазіргі қазақстандық қоғамның зияткерлік және рухани-адамгершілік әлеуетін дамытуға бағытталған философиялық-дүниетанымдық, философиялық-әдіснамалық, саясаттанулық, дінтанулық және әлеуметтанулық зерттеулер жүргізу болып табылады.

Бүгінде Философия, саясаттану және дінтану институты жоғары кәсіби ғылыми-зерттеу орталығы болып табылады. Институт оның құрылымын айқындайтын үш басты бағыт бойынша жұмыс істейді: философия, саясаттану және дінтану. Онда ҚР ҰҒА 1 академигі, 2 корреспондент мүшесі, 19 ғылым докторы, 6 ғылым кандидаты, 4 PhD докторы, 7 PhD докторанты ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. Институт қабырғасында әл-Фараби атындағы

ҚазҰУмен бірлесе отырып «Ғылым Ордасы» негізінде ғылыми-зерттеу институттардың ғылыми кадрларды даярлау бойынша ғылым мен білімнің бірігуі жобасы аясында 5 PhD докторант пен 5 магистрант білім алуда.

Осы институт ұжымымен бірнеше іргелі және қолданбалы жобалар жүзеге асырылған. 2015-2017 жылдары «Постсекулярлы қоғамдардағы діни конверсия: зерттеудің феноменологиясы, әдістемесі және аксиологиясы», «Постсекулярлы қоғамдағы исламдық білім беру үлгілері: еуразиялық және еуропалық үрдістер», 2018-2020 жылдары «Қазіргі Қазақстандағы зайырлылық және дін: рухани-мәдени мағыналар мен стратегияларды жаңғырту қажеттілігі (пәнаралық көзқарас)», 2020 – 2023 жалдарға «Қазіргі Қазақстандағы кеңестік және діни құндылықтар: Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясатына әсері және арақатынасы» тағы да өзге тақырыптарды көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілуде.

Ғылым саласы ретіндегі дінтану бағытына байланысты отандық ғалымдарымыздың көптеген монографиялары мен оқулықтары баспадан шығып оқырмандарына жол тартты.

Алғашқы дінтану мамандығы елімізде ашыла бастаған кезеңдерде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғылым философиясымен методологиясы кафедрасында Б.Қ. Құдайбергенов, М.С. Орынбеков, Қ.Х. Рахматуллин деген философия ғылымдарының докторлары еңбек еткен.

Қорытындылай келе тәуелсіз Қазақстан ғылымының жаңа бағыты ретіндегі дінтанудың өзіндік тәжірибесі бар: дінтанулық ғылыми мектептер, дінтанулық білім, дінтанулық қауымдастықтар қалыптасқандығын көреміз. Еліміздегі дінтану саласы дінді ғылыми позиция мен философияның әртүрлі бағыты тұрғысынан зерттеп, діни қағидаларды ғылыми ізденіс нысаны ретінде қарастырады және бейтарап зерттеуге бағытталған. Діндерді зерттеу, діни мәдениетті қалыптастыру саласында дінтанулық ғылым мен білім зайырлылық ұстаным призмасы арқылы пайымдалатынын аңғардық. Отандық дінтанудағы діни және дінтанулық білімнің бөлек қарастырылуы, дінтанулық қауымдастықтардың монолитті емес екені, зайырлылық принципін алға ұстана отырып, дінді мемлекеттік қарым-қатынастар аясына қарағанда қоғамдық сана деңгейіне бағыттау дінтанудың ерекше сала екендігін айғақтайды.

3.2 Қазақстан жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім беру

Елімізде «Дінтану» мамандығы алғаш рет 1992 жылы ХҚТУ базасында оқытыла бастады. Аталған мамандық 1999 жылы ҚазҰУ-да, ал 2002 жылы ЕҰУ-да ашылды. Осы кезден бастап жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім беру процесі ХҚТУ және ҚазҰУ-да оқытылған «жаңаша» мамандықтардан мемлекеттік гранттар мен студенттер саны жыл сайын артып келетін қазақстандық 5 ірі ЖОО-ғы үш сатылы білім беру жүйесіне дейін өзгерді.

Еуразия ұлттық университетінің сайтында жарияланған мақаласында дінтану кафедрасының меңгерушісінің жоғары оқу орындардағы дінтану

мамандығына қатысты айтылған мәліметтерден келтіретін болсақ, 2012 жылы «мемлекетіміз үшін жаңаша бағыт болып табылатын «дінтану» мамандығын әзірлеу оңайға соққан жоқ. Әлі де болса бұл саланы толықаяғынан тұрып кетті деп айту ертерек. Себебі, осы салада көптеген түпкілікті шешуді қажет ететін мәселелер бар» бар деп келтірген. Бұл мәселелердің негізгі сипаттамасы: Алғашқы кезде «дінтану» мамандығына ең жақын сала философия, болғандықтан, аталмыш мамандық философия кафедраларының қарамағында ашылды. Сол себепті философия, тарих, филология саласындағы мамандар алғашқы дінтанушыларды дайындады. Бұл жәйт «Дінтану» пәндерінің толық игерілмеуіне, үстіртін қарастырылуына себеп болды. Бұған дәлел ретінде біз диссертациялық жұмыстың авторының 1999 жылы дінтану мамандығына қабылданған алғашқы бакалавр студенті болып 3 курсқа дейін философия мамандығының студенттерімен бірге білім алғандығын келтіре аламыз. Келесі мәселе дінтану мамандығына қатысты оқулықтар мен оқу құралдарының мүлде болмауы. Сондықтан, бұл мәселе толықтай оқытушылардың ұстанымына қалдырылды. Пәннің атауына мазмұны сай келмейтін жәйттар кездесті. Бұл өз кезегінде студенттердің талаптанбаушылығын және наразылығын тудырды. Тіпті «дінтану» мамандығын бітірген түлектердің көпшілігі өздерінің мамандығы бойынша жұмыс істеуге дайын болмай шыққандығын уақыт көрсетті. Үшінші мәселе Министрлік тарапынан жасалған мемлекеттік стандарт пен типтік оқу бағдарламаларында да көптеген кемшіліктер орын алғандығы. Ол аталмыш стандартты әзірлеген адамдардың арнайы мамандар болмауы. Типтік оқу бағдарламаларының сапасыз немесе бытыраңқы жасалуы. Сондай-ақ көптеген пәндердің мазмұны бойынша қайталануы сияқты мәселелер орын алғандығы келтірілген. Төртінші мәселе ретінде «Дінтану» мамандығына талапкерлердің аз келуіне байланысты жоғары оқу орындарының басшылығы және министрлік тарапынан нарықтың заңына сай келмегендіктен қамқорлықтың аз болуы. Қажет деп санамаған жағдайда, талапкерлердің азаюына байланысты мамандықтаң түбегейлі жабылып қалу қаупінің әлі де сақталуда екендігіне назар аударуында. Бесінші кезекте дінтану мамандығының алғашқы кезеңдерінде келген талапкерлердің теологиялық білімді көздеп келуіне байланысты мүдде қайшылығы орын алды. Осы мүдде тұрғысынан дін дәрістерін беруге мамандар да дайын болмай шықты. «Дінтану» мамандығын бітіріп шыққан мамандардың осы салаға келмеуі. Сол себепті, бұл кемшіліктің орнын әлеуметтанушылар, саясаттанушылар тіпті филолог мамандар толтыруда. Сонмен қатар дінтану мен теологияның ара жігі де әлі нақты ажыратылмаған деуге болады. Жоғары оқу орындарында осы іспеттес күрделі мәселелер әлі де болса орын алып келеді. Алайда қоғамда «дінтанушы» маманға деген қажеттілік күннен күнге артып отыр. Соңғы жылдары жалпы орта білім беретін мектептерге де «дінтану негіздері» пәнінің енгізілуіне байланысты бұл шешімі табылмастай күрделі мәселеге айналды деуге болады.

Осы орайда К. Тышхан өзінің мақаласында жоғарыда айтылған олқылықтарға қатысты өзінің бірқатар ұсыныстарын келтірген. Солардың бірнешеуі осы күнге дейін жүзеге асты. Кейбір ұсыныстар әлі де өзекті болып

табылады мысалға бір ұсыныс бұрын бітірген «дінтанушы» мамандарды қайта даярлаудан өткізу арқылы жалпы білім беретін орта мектептердегі сұранысты қамтамасыз ету мәселесін қарастыру. Мемлекеттегі діни мәселелерді шешу, оларға бағыт бағдар беру, ғылым зерттеулер жүргізу және дінтанушы мамандардың тиімділігін арттырумақсатында «дінтанушылар» қауымдастығын құру [183].

Дінді зерттеудегі әдіснамалық тұрғыдан дұрыс көзқарас - бұл діннің табиғаттан тыс сенуге сүйенетіндігін мойындау, ал зайырлы дінтану әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның бір саласы ретінде осы табиғаттан тыс қолда бар әдістер мен құралдарды қолдана отырып зерттейді. Осыдан басты айырмашылық: діни (теологиялық) білім үшін білім көмекші рөл атқарады, ал дінтану дінді қоғамдық өмірдің басқа салаларымен қатар ғылыми зерттеу пәніне айналдырады.

«Зайырлы мектеп», «зайырлы білім», «діни білім», «дін туралы білім», «дінді оқыту» және «дінтану» (дін туралы білімді оқыту) сияқты ұғымдар білім беру ұйымдарының ең маңызды сипаттамаларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Дінтану циклінің пәндерін оқытудың қиындығы материалды беру және оны қабылдау мұғалімнің де, оқушылардың да жеке діни тәуелділіктерімен тығыз байланысты. Дін тарихы бойынша алғашқы оқулықтардың бірінің авторы М.Г. Писманик зайырлы оқу орындарының заманауи мұғалімдеріне мынандай кеңес береді, бір жағынан, өз ұстанымын жасырмау, ал екіншіден, оқу материалын беру кезінде өз ұстанымдарын міндетті түрде қабылдауға мәжбүрlemeу. Дінтану пәндерінің мақсаты барлық діндердің теңдігін көрсету болғандықтан, олардың әрқайсысы жақсылық, әділеттілік, сүйіспеншілік, жанашырлықтың моральдық категорияларын иеленеді, олардың әрқайсысы қорғаныс, жұбаныш функцияларын орындайды, өмірдің мәңгілік сұрақтарына жауап береді, содан кейін діндер арасында «ең жақсы», «дұрыс» деп бөлуге тырысады, бұл дұрыс емес. Қазіргі уақытта Қазақстанда радикалды трансформациялардың болуы кезеңінен әлі арылмағандықтан, ұлттық білім доктринасын қабылдау алдағы жылдары проблемалы болып қала береді, ал білім беруді дамытудың бағдарламасы идеологиялық емес, технологиялық бағытта болуы шарт. Бүгінде мұғалімдер мен оқытушылар діни төзімділік мәселесін шешудегі рөлі зайырлы білім беру әлі де жетекші, анықтаушы болады, бұл оларға жас ұрпаққа әр адамның құқықтары мен өміріне, оның діни тәуелділігіне, төзімділігіне, ынтымақтастығына қарамастан құрмет көрсетуге тәрбиелеу үшін ерекше жауапкершілік жүктейді. Сондықтан, қай елдің болмасын, соның ішінде Қазақстанның халық ағарту саласы ғасырлар бойы саналы түрде білім беруді әртүрлі сипатта қалыптастырып келеді [184, б. 48].

Мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы білім беру мазмұнының зайырлы сипаты мен конфессиялық білім беру ұйымдарындағы, жеке мектептердегі, гимназиялардағы діни білім беру принциптерін қатаң сақтау әр түрлі білім беру жүйелері арасындағы ынтымақтастықтың, конфессияаралық диалогтың және педагогикалық тәжірибені өзара байытудың мүмкін еместігін білдірмейді.

Мұндай ынтымақтастық (діндер тарихы, дінтану және т.б. бойынша оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу кезінде) посткеңестік елдердің конституциясына қайшы келмейді, теологияны оқытудың когнитивті тәсілін пайдалану арқылы қолданыстағы заңнамамен, өзіндік «идеологиялық бейтараптық» сақталған жағдайда. Бұл ынтымақтастық зайырлы мектептің мұғалімдері мен оқушылары арасындағы әртүрлі конфессиялар туралы білімді тереңдетуге және сонымен қатар конфессиялық білім беру ұйымдарындағы діни қызметкер атақтары бойынша діни төзімділікке ықпал ете алады.

Жоғары оқу орындарын қарастыру барысында профессорлық-оқытушылық құрамының жағдайы білім беру сапасына ықпал ететін маңызды фактор екендігі белгілі.

Мамандарды оқытатын бес ЖОО-дың кафедраларында көптілділіктің жоғары пайызы, яғни мемлекеттік тілден бастап парсы және араб тілдерін игеру деңгейінің жоғары екендігі байқалады.

Сондай-ақ, барлық кафедраларда отандық және халықаралық деңгейлерде біліктілікті арттыру үшін тиімді жолдары мен мүмкіндіктері көп. Мысалы, Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ тәжірибе алмасу негізінде біліктілік арттыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың дін істері саласындағы қызметкерлерін жұмылдырады. Сонымен қатар, жалпы білім беру мектептерінде «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәнін оқытатын оқытушыларға арналған тренингтер мен курстар өткізу үшін профессор-оқытушы кафедра мүшелерін қатыстыру тәжірибесі қолданылады. Аталған тәжірибенің ерекшелігі мен тиімділігін атап кету қажет, себебі оны жүзеге асыру барысында мектептерде дінтану пәнін оқыту деңгейі жоғарылап қана қоймай, білім жоғары талапкерлердің «Дінтану» мамандығына қызығушылығы туындауы мүмкін. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да мектеп оқытушыларының біліктілігін арттыруға арналған жыл сайынғы біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылып отырады. «Нұр-Мұбарак» университеті өздерінің оқытушыларының біліктіліктерін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырады.

Халықаралық деңгейдегі біліктілік арттыру іс-шаралары жалпы университеттік деңгейде ұйымдастырылатын тәжірибе алмасу бағдарламалары шеңберінде жүзеге асырылады. Осы орайда, біліктілік арттыру бойынша позитивті факторлардың қатарына «Болашақ» халықаралық бағдарламасын жатқызуға болады. Мәселен, Қ.А. Ясауи ХҚТУ-дың екі оқытушысы аталған бағдарлама бойынша Түркия мен Ұлыбритания елдерінде біліктіліктерін арттыруға мақсатталған ғылыми тағылымдамадан өтіп келген.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ сарапшылары өздерінің бірқатар оқытушыларында шектесетін бірнеше салалардың дипломдары болуын оң тәжірибе ретінде атайды.

Болон жүйесі принциптерін интеграциялау мақсатында «Дінтану» мамандығын жүзеге асыратын барлық жоғары оқу орындарында халықаралық байланыс қанағаттанарлық деңгейде орнатылғанын атап кету қажет. ХҚТУ, Нұр-

Мұбарак оқу орындарында мұндай қарым-қатынастар Түркия және ТМД елдерімен жақсы жолға қойылған [185, б. 90].

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №604 «Барлық білім беру деңгейлеріндегі жалпы міндетті мемлекеттік білім стандарттарын бекіту туралы» (одан әрі – Жалпы міндетті стандарт) Бұйрығының 7 қосымшасына сәйкес, кәсіби практика базалық және бейінді пәндер қатарына жатады. Алайда, бөлінетін академиялық кредиттер көлемі нақты көрсетілмей, екі цикл бойынша қарастырылған жалпы кредиттердің ішіне енгізіліп отыр. Яғни, жоғары оқу орындары Жалпы міндетті стандарт бойынша көрсетілген кредиттер шамасында өндірістік практикаға бөлінетін уақытты өздері анықтайды.

«Дінтану» мамандығы бойынша өндірістік практика негізінен жергілікті атқарушы органдарда және дін саласындағы ғылыми-талдау орталықтарында өткізіледі.

Өндірістік (кәсіби) практика студенттерді оқыту процесінің маңызды бөліктерінің бірі болып табылатынын атап кету қажет. «Білім туралы» Заңның 38-бабына сәйкес, бұл практиканың мақсаты оқу барысында алған теориялық білімді бекіту, сондай-ақ практикалық дағдылар мен озық үлгідегі білімді игеру. Осыны ескере келе және зерттеу материалдарына сүйене отырып, қазіргі уақытта барлық жоғары оқу орындарында кәсіби практиканың саны мен сапасын арттыру қажеттілігі байқалатынын атап кетуге болады.

Бакалавриат деңгейіне қабылдау емтихандары бойынша жағдайды талдайтын болсақ.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылдың 31 қазанындағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында оқуға қабылдау бойынша Үлгілік ережелерін бекіту туралы» Бұйрығының 2 қосымшасына сәйкес, «Дінтану» мамандығының талапкерлері «кәсіби сәйкестікті анықтауға бағытталған сұхбаттасу» түріндегі шығармашылық емтихан және «дінтану негіздері бойынша ауызша емтихан» тапсыруға міндетті [185].

Білім саласының барлық сарапшылары осы емтихан түрлерінің оңтайлы тұстарын атайды.

Дәлелдеме ретінде ұсынылған нұсқалардың ішінде келесілерді атауға болады:

а) студенттермен танысуға және «біздің потенциалды студенттің қандай болатынын көруге болады» (ҚарМУ);

б) «баланың неліктен бұл мамандыққа келгісі келетіндігін», яғни таңдау себебін анықтауға болады (ХҚТУ);

в) студенттерді сынау және «кәсіби біліктілігін тексеру мақсатында...» (Нұр-Мұбарак);

г) «дүниеге көзқарасын, діни білімін» және тоғызыншы сыныптағы дінтану курсы бойынша білімін тексеруге мүмкіндік бар (ҚазҰУ).

Студенттердің өздері негізінен оң көзқарастарын білдіреді. Мысалы, Нұр-Мұбарак, ҚарМУ, ХҚТУ-дың барлық студенттері оқуға түсу кезіндегі емтихандар барысында қиындықтар орын алған жоқ деп атаған.

Қазақстан Республикасындағы діни және дінтанулық білім берудің ағымдағы жағдайы мен даму келешегін талдау атты «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н. Назарбаев орталығы» КеАҚ, 2020 жылғы аналитикалық есебінде келтірілген ақпаратқа сәйкес. Шығармашылық емтихандардың тиімді жақтарына қарамастан, олардың теріс жақтарына ерекше назар аударған жөн. Қазақстан Республикасының Эксперттік сұхбаттарға және фокус-топтық зерттеу материалдарына сәйкес келесідей аспектілерді атап өткен:

а) шығармашылық емтихан түрінің ықтимал қиындықтарына орай, талапкерлер өзге мамандықты таңдау жөнінде шешім қабылдауы мүмкін: «студенттер дінтану мамандығына түсе алмай қаламыз деген қауіпте болады, сол себептен олар құжаттарын тапсырмау туралы шешім қабылдайды» (сарапшы, ЕҰУ);

б) оқуға түсетін студенттер контингенті күмән тудырады: «Бұған қоса, өкінішке орай, біз контингентті іріктеуде ұтыламыз. Яғни, шығармашылық емтихан болмаған кезде, бізде біршама сапалы тұрғыдағы студенттер қабылданатын»; «Егер шығармашылық емтихан тапсыру арқылы түскен және жалпы негізде түскен білім алушылардың оқу үлгерімдерін бағалайтын болсақ, айтарлықтай айырмашылықтар байқалады. Өйткені, білім алушылардың басым көпшілігі шығармашылық емтихан бойынша түседі, олар өздері қалаған басқа мамандықтарға балл бойынша өтпеген, алайда осы мамандыққа өтетіндеріне сенімді болады» (сарапшылар, ЕҰУ). Кейбір студенттер де осыған ұқсас пікірлер білдірді;

в) жоғарыда аталған тармаққа сәйкес, көбіне емтихан тапсыруға төмен балл жинаған талапкерлер келеді: «Онын үстіне бәрібір де екі пәннен ғана балл алған немесе жалпы төмен балл алған балалар ғана келеді» (сарапшы, ЕҰУ);

д) өзге өңірлерден нақты бір қалаға келу қиындығына орай, контингент бір өңірден ғана жинақталып, олардың саны аз болады: «Өйткені кәзір мынау шығармашылық емтихан болғандықтан, тек қана бір регион талапкерлері қатыса алады, өйткені алыс регион өкілдері келе алмайды» (сарапшы, ЕҰУ).

Жоғары оқу орындарының ресми сайттарындағы оқуға қабылдау емтихандарына қатысты материалдарды талдау нәтижесінде төменде көрсетілген заңдылықтар анықталғандығын келтіреді.

Нұр-Мұбарак университетінің ресми сайтындағы шығармашылық емтиханға арналған тізімдегі 66 сұрақтың 37 сұрағы (56%) талапкерлердің исламға қатысты білімін айқындауға бағытталған. Өзге сұрақтар Қазақстандағы қазіргі діни ахуалға, сондай-ақ христиан дініне арналып құрастырылған. Тізімге көне діндерге (анимизм, фетишизм, тотемизм) және зайырлылық мәселелеріне байланысты сұрақтар енгізілмеген [186].

Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, ХҚТУ оқытушылары шығармашылық емтихан үшін құрастырған бағдарламада барлық салалар біркелкі қамтылып

отырғаны байқалды. Соның ішінде діндер тарихына, Қазақстандағы діндердің қалыптасу ерекшеліктеріне, көне діндердің түрлеріне, ұлттық және әлемдік діндерге, сондай-ақ жаңа діни ілімдерге қатысты сұрақтар қарастырылған. Емтихан бағдарламасына Қ.А. Ясауи дүниетанымына арналған арнайы сұрақтар енгізілгенін атап кетуге болады [186, б. 101].

ЕҰУ-дың емтихан бағдарламасы 60 сұрақтан тұрады, оның 14 исламға арналған (23%). Ислам тақырыптарымен қатар зайырлылық мәселелері, заңнамалық нормалар және конфессияаралық келісім бойынша сұрақтарға да тиісті деңгейде мән берілген [186, б. 102].

«Дінтану» ғылыми пән болғандықтан дінтанулық ғылымның негізгі теориялық-әдіснамалық негіздерін игеру міндетті болып саналады.

Осы орайда, шығармашылық емтихандардың мазмұнына қатысты мәселелерге назар аудару қажет етіледі. Қазіргі таңда емтихан өткізу бойынша бірыңғай алгоритм мен ережелер, сондай-ақ сұрақтар мен тақырыптардың ортақ және нақты бағдарламасы қалыптаспаған. Әрбір ЖОО шығармашылық емтихандардың ішкі мазмұның өздігінен айқындайды. Сол себепті, талапкерлерді объективтілік пен ғылыми ұстаным тұрғысынан бағалау, дін саласына қажетті болашақ мамандарды сапалы іріктеу бойынша өзекті мәселелер туындауда.

Білім беру бағдарламалары, олардың мазмұндары ерекше назар аударуды талап етеді, себебі олар білім беру процесі мен оқыту сапасының іргетасы саналады. Білім беру бағдарламаларына енгізілген пәндер арқылы болашақ мамандардың біліктілігі қалыптасады.

Жоғарыда аталып өткендей, қазіргі кездегі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін дінтанушы мамандарға дінтану ғылымының басты принциптерін, соның ішінде жаңа теориялар мен әдіснамаларды меңгеру қажет. Аталған біліктілік, ең алдымен, тиімді оқыту траекториясы және тиісті пәндерді оқыту арқылы қалыптасады.

Сондай-ақ, жоғары оқу орындарына автономды басқару енгізіліп, олардың өздері базалық және кәсіби пәндерді анықтайтын болғандықтан, бірыңғай немесе «тиімді» оқыту әдісін енгізу бойынша қиындықтар орын алатынын ерекше атап кетуге болады. Алайда, студенттерді бакалавриат деңгейінде іргелі пәндерге оқыту, содан кейін магистратура мен докторантура деңгейлерінде арнайы және тереңдетіліп даярлау жалпы қолданыстағы дидактикалық практика екендігін де назарға алған жөн.

Білім беру бағдарламаларының талдауы ҚР АҚДМ ДІК және ЖОО ұсынған материалдарына, сондай-ақ ҚР БЖҒМ-ның Жоғары білімді басқарудың бірыңғай жүйесіне енгізілген білім беру бағдарламалар тізімінің мәліметтеріне («ЖБББЖ») сүйене отырып жасалды [186, б. 103].

Жалпы міндетті стандарттар бойынша бакалавриат деңгейінің бірінші курсына негізінен жалпы білім беру пәндері циклына (ЖББП) кіретін пәндер оқытылады.

Осы орайда, бірінші курс студенттеріне мамандықтың жалпы сипаттамасын айқын беретін кіріспе пәндерді дұрыс таңдау аса маңызды.

Аталған пән ЕҰУ («Мамандыққа кіріспе») және ҚазҰУ («Дінтану пәніне кіріспе») енгізілген. Нұр-Мұбаракта осыған ұқсас пән 2 семестрде жүргізіледі, ал бірінші семестрде араб тілі оқытылады.

ҚарМУ студенттері мамандық бойынша алғашқы пән ретінде «Діндер тарихын» оқиды. ХҚТУ-дың бірінші семестрінде кіріспе пән ретінде «Ясауитану» енгізілген.

Дінтану бойынша базалық пәндерді, әсіресе дін социологиясы, дін психологиясы, дін феноменологиясы, дін философиясы, діни антропология және классикалық тілдер (араб, латын тілдері) сияқты курстарды оқыту да аса маңызды. Бұл пәндер барлық жоғары оқу орындарында жүргізіледі.

Әрбір университет негізгі дінтанулық пәндермен қатар белгілі бір дінді тереңдетіп оқытуға бағытталатын курстарды оқытады. Теологиялық (діни) білім беру бағытымен салыстырғанда, аталған пәндерді ғылыми және зайырлы негізде оқыту қажеттілігіне ерекше мән беру өте маңызды.

Осыны ескере келе, білім беру бағдарламасындағы жалпы пәндер санына қатысты конфессиялық тұрғыдан алғандағы пәндердің қатынасы қалай құрылатыны қызығушылық тудырады. Мәселен, «ЖБББЖ» деректеріне жасалған талдауға сәйкес, ҚарМУ-дың төрт жылға арналған білім беру бағдарламасына ислам теологиясына қатысты 2 пән ғана енгізілген: «Суфизм» және «Ислам теологиясы». Бұл жалпы пәндер санының шамамен 4% құрайды.

Аталған ЖОО бағдарламасында араб тілі курстары мүлдем болмауын атап кетуге болады.

Бұл жағдайды ҚарМУ-дың өкілдері:

«Мен ол пәнді қосар едім. Араб тілі оқығым келеді»;

«Мысалы, Еуразия университетінде немесе Алматыда араб тілі оқытылады және олар теологияны тереңірек оқиды. Бізде, өкінішке орай ондай жоқ»;

ҚазҰУ бағдарламасына, араб тілін қосатын болсақ, исламға қатысты 5 пән енгізіліп отыр («Исламдағы визуалды семиотика», «Құран мәдени ескерткіш және қасиетті жазба ретінде»,

«Ислам философиясы» және т.б.). Бұл пәндер жалпы санға шаққанда шамамен 13% құрайды.

ЕҰУ-да осы бағытта 7 пән оқытылып, аталған көрсеткіш 16% құрады («Құран ілімі», «Ислам теологиясы», «Исламның құқық мектептері» және т.б.).

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінде ислам пәндерінің жалпы пәндер санына қатынасы – 27%. Оның ішінде, «Хадистер іліміне кіріспе», «Қазақстандағы ислам»,

«Ислам құқығы», «Мазхабтар тарихы» сияқты пәндер оқытылады.

Ислам тақырыбына арналған пәндердің көп мөлшерде болу бойынша екінші орын ХҚТУ-ға тиесілі, оқу бағдарламасына 16 пән енгізілген (30%). Оның ішінде, «Ислам тарихы», «Құран ілімі», «Тәпсір әдіснамасы», «Хадис әдіснамасы», «Ислам философиясы» және т.б. пәндер.

ШТЖМУ барлық ЖОО арасында ислам бағытына көп көңіл бөлетіндер қатарында – 29 пән оқытылып, олар жалпы пәндердің 38% құрайды («Хадистер тарихы мен әдіснамасы», «Фикх мазхабтарының тарихы», «Ислам ғибадатының

тарихы», «Калам негіздері»). Сондай-ақ, бұл университетте араб тілін оқытуға арналған 6 деңгей қарастырылған.

Жалпы айтқанда, ХҚТУ, және Нұр-Мұбарак университетінің бағдарламаларында ислам бағытына басымдық беруге қатысты мәселе орын алып отыр, себебі «Дінтану» мамандығы бойынша оқытылатын пәндердің төрттен бірі ислам дініне байланысты болып келеді. Аталған пәндердің бір бөлігі теологиялық сипатқа ие – тәпсір әдіснамаларын зерттеу, хадистану, калам негіздері, ислами ғибадат тарихы.

Сонымен бірге, діндердің теологиялық ерекшеліктерін оқытумен қатар, шартты түрде 4 бағыт бойынша топтастыруға болатын пәндер оқытылады: дін саласы бойынша мемлекеттік заңнама, діни қозғалыстардың қазіргі жағдайы, жаңа және деструктивтік діни ағымдарға қатысты мәселелер, дінтанудың әдіснамалық және аналитикалық негіздері.

Сонымен қатар, Қазақстанда дінтану курсы ұсынатын университеттер саны жеткіліксіз. Мәдениет және спорт министрлігінің Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының деректеріне сәйкес бүгінгі таңда еліміздің университеттері дінтану мамандарын даярлайды: бакалавриат деңгейінде — 5 университет, магистратура деңгейінде — 5 университет, докторантура деңгейінде - 3 университет (2-кесте) [187].

Кесте 2 - Қазақстанда Дінтану мамандығын даярлайтын ЖОО

ЖОО атауы	Дінтану мамандығының ашылу мерзімі	Оқу деңгейлері	ЖОО-ның географиялық орналасуы	Гранттар саны
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университет	1991 жыл	Баклавриат, магистратура	Түркістан қ.	2019-2020 оқу жылы «Исламтану», «Теология», «Дінтану» мамандықтары бойынша жалпы 430 грант бөлінген
Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті	1999 жыл	Баклавриат, магистратура, докторантура	Алматы қ.	
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	2002 жыл	Баклавриат, магистратура	Астана қ.	
Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті	2010 жыл	Баклавриат, магистратура	Қарағанды қ.	2021-2022 және 2022-2023 оқу жылдарында

«Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті	2010 жыл	Баклавриат, магистратура, докторантура	Алматы қ.	Дінтану және теология ББ бойынша 200 грант бөлінген
--	----------	--	-----------	---

«Тарих-Дінтану» бағдарламасы 7 жоғары оқу орындарында бакалавриат базасында жүзеге асырылады:

- Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті (Павлодар қаласы);
- Қ. Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті (Ақтөбе қаласы);
- Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті (Көкшетау қаласы);
- Оңтүстік-Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті (Шымкент қаласы);
- Қазақ ұлттық әйелдер педагогикалық университеті (Алматы қаласы);
- Абай ат. Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қаласы);
- Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті (Қостанай қаласы).

«Дінтану» және «Исламтану» мамандықтары бойынша білім берудің барлық үш деңгейі ҚазҰУ мен Нұр-Мұбарак университетінде ғана бар.

«Дінтану» бойынша бакалавр, магистр және докторанттарды даярлау ЕҰУ жүзеге асырылады.

Бакалавриат және магистратура деңгейінде дінтанушыларды ХҚТУ мен дайындайды, ал ҚарМУ тек бакалавриат мамандарын ғана оқытады. Сондай-ақ, ХҚТУ да «Исламтану» мамандығы бойынша тек бакалавр мамандарды даярлайды.

«Тарих-Дінтану» тек педагогикалық университеттер және факультеттер шеңберінде бака-лавриат деңгейінде жүргізіледі.

«Теология» бағыты бойынша мамандарды Нұр-Мұбарак және ХҚТУ оқытады.

Бірінші кезекте жоғары оқу орындары білім беру бағдарламалары аясында бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлау жұмысын мақсат етуі қажет.

Өз кезегінде, дін саласының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты мамандардың қажетті қабілеттері келесідей факторлармен айқындалады:

- дінтану және теология салаларының іргелі білімін игеру, заманауи теориялар мен әдіснамаларды еркін меңгеру;
- мақсаттар мен құндылықтық бағыт-бағдардың айқындылығы;
- тұрақты тұлғалық және кәсіби дамуға мақсатталған қабілеттердің болуы;
- аналитикалық ойлау дағдыларының қалыптасуы;
- сыни ойлау қабілетінің қалыптасуы;
- ауқымды мәліметтерді саралау қабілетінің болуы;
- шығармашылық ойлау қабілетінің қалыптасуы;

Соңғы жылдары дінтану магистрлерінің даярланып, өндіріске араласа бастауы, кафедралардың жұмыстарына едәуір серпін берді.

Қазақстан мемлекеті зайырлы бағытты ұстанады, сол себепті дін мәселесінде өте нәзік шешімдерді талап етеді. Дінтану пәнін оқыту ең алдымен еліміздегі дінаралық келісім мен ұлтаралық татулыққа, еліміздің гүлденуі жолына қызмет етуі керек. Білім беру жүйесінде дінтану пәні қоғамда және әлемде болып жатқан үрдістерді теориялық ұғынумен байланысты туындайтын білімдерге деген жас ұрпақтың сұранысын талап-тілегін қанағаттандыруға бағытталуы керек. Дінтануды оқытудағы инновациялық әдістерді қолдану пәннің мазмұнын дұрыс түсінуге, тереңірек қабылдауға, өзектілігін, маңыздылығын айқындауға көмектеседі және оның күрделілігін қолайлы, тиімді етіп пайдалануға мүмкіндік туғызады.

Дінтану мамандығын даярлау мамандарды даярлау бойынша кәсіби нарық саласындағы инновациялық процестердің бірі деп айта аламыз. Инновация сөзі (жаңалық енгізу) – бұл іс-әрекеттің түрлі салаларына және өндіріс пен өнеркәсіпке жаңа өзгерістерді енгізу үдерісі. Педагогикалық әдебиеттерде білім саласындағы инновациялық үдерістердің екі түрі бөліп көрсетіледі:

- Инновациялық үдерісті жүзеге асыру шарттары, құралдары мен жолдарының жүйесі толық қамтылмаған стихиялық инновациялар. Аталған инновациялар ғылыми негіздеумен толыққанды байланыспайды, олар көбінесе жағдайлық талаптар ықпалынан эмпирикалық негізде болады. Осы типті инновацияларға оқытушы-новаторларды, тәрбиешілерді, ата-аналарды жатқызуға болады.

- Жаңалықтардың екінші түрі – мақсатқа бағытталған, ғылыми пәнаралық қызметтің өнімі болып табылатын білім жүйесіндегі инновациялар [188, 120 б.].

Инновациялар жаңа педагогикалық шындықтың қалыптасуына және жаңа мәдени дәстүрдің пайда болуына себепші болады. Инновациялық білім студент пен педагог-оқытушыға бағытталған, олар білім беру үдерісінің субъектілері. Олардың рухани, интеллектуалды, мәдени қызығушылықтары кәсіби ойлаудың алғышарты болып табылады, сондықтан олар инновациялық білімінің назарына алынады.

Инновациялық білім берудің мақсаты:

- студенттің интеллектуалды-тұлғалық және рухани дамуының жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

- пайымдаудың ғылыми стилінің дағдыларын меңгеруге жағдай жасау;

- әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік салалардағы жаңалықтар әдістемесін үйрену [189, б. 132];

Практикалық педагогикалық қызметте, дінтану пәнін оқытқанда келесі инновациялық әдістерді қолдануға болады: «ой арқылы шабуылға шығу», фундаменталистік ыңғай, кейс-стади әдісі, жобалау әдісі, кубик әдісі, «грозди» әдісі және т.б. Мәселен, «ой арқылы шабуылға шығу» немесе «брейн-торминг» әдісі көп идеяларды жинау, студенттерді үйреншікті ойлау инерциясынан босату, алға қойылған мәселені шешудің өзге жолдарын іздеуге мүмкіндік береді. Оқу үдерісінде осы технологияны қолдану мынадай міндеттерді шешуге ықпал етеді:

• студенттердің оқу материалын шығармашылықпен меңгеруі;

- теориялық білімдердің практикамен байланысы;
- студенттерді оқу-танымдық қызметке белсенді араласуы;
- өзекті міндеттерді шешуге назар аударту және ойлау, пайымдау қабілеттерін қалыптастыру;
- ұжымдық ойлау қызметінің тәжірибесін қалыптастыру.

Фундаменталистік әдіс зерттеу объектісінің ғылыми немесе басқа да негіздерін іздеумен байланысты. Студенттердің идеялар кемелдігін түсінуіне ықпал етеді, білімдерін бекітеді. Негіздемелер шешімдер мен әрекеттерді негіздеу үдерісінде құрылады. Дәлелдемелер деңгейлері әр түрлі болуы мүмкін: мазмұнды, қисынды, коммуникативті. Бұл әдіс студенттерге өз ойын еркін айту, берілген сұрақтың жауабын дәлелдеу дағдысын қалыптастыруға ықпал етеді. Ал, кейс-стади әдісін қолдану студенттерге ақпаратты жүйелеу және талдауды үйретеді, дискуссия, талқылау, өз пікірін дәлелдеу мүмкіндігін береді. Аталған әдіс үш кезеңнен тұрады: бірінші кезеңде студент белгілі бір күрделі мәселенің, мысалы, Қазақстандағы діни жағдай деген тақырыптың мәнін анықтап, жағдайды бағалаудың өзіндік позициясын айтады, сұрақтарға жауаптар табады және мәселені шешудің нақты жолдарын табуға тырысады. Екінші кезеңде студенттер 4-6 адамнан топтарға бөлініп, кейстің негізін құрайтын мәселелер бойынша пікір алмасады және сұхбат пен консенсус іздеу әдістерін қолдана отырып, бір шешімге келеді. Осы кезеңде «брейнсторминг», сұхбат, дискуссия, талқылау болуы мүмкін. Үшінші кезеңде оқытушының жетекшілігімен жалпы топтық талқылау жүргізіледі. Әрбір топ берілген тақырып бойынша өз пікірлерін айтады, бұл талқылаудың ерекшелігі оқытушы студенттердің жауаптарының сапалы бағасын бермейді, кез-келген көзқарас дұрыс, болуы мүмкін деп қабылданады. Кейс-стади әдісі ең алғаш 90 жыл бұрын Гарвард бизнес мектебінде қолданылған. Ол маңызды міндеттерді шешеді: басты мәселені екінші кезекте тұрған мәселелерден ажырату, мәселені қоя білу, аса күрделі жағдайларды модельдеу; есту және тыңдау дағдысын, әріптестермен өзара әрекет ету машығын, сонымен бірге шығарылған шешімдердің көп мәнділігін көрсетеді.

Дінтану ғылыми-теориялық пән болғандықтан жобалау әдісін қолдану студенттердің зерттеу қабілеттерін, даму жобаларын жасау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл әдісті студенттердің өзіндік жұмыстарында қолданған дұрыс, ең алдымен студенттер жоба тақырыбы мен мақсатын анықтайды, оқытушыдан кеңес алады, міндеттерді белгілейді (студенттік бизнес-инкубатор, ғылыми жоба жасау сияқты ҚазУҰ-нің инновациялық даму стратегиясы аясында жұмыс істейді). Жоспарлау кезеңінде ақпарат қайнар көздерін, ақпарат жинау және талдау, есеп түрлерін, үдеріс нәтижелерін бағалаудың критерийлерін анықтайды, рөлдерді бөледі (ақпарат жинақтаушы, зерттеуші, хатшы, редактор, баяндама оқушы, референт, сарапшы және т.б.). Студенттер міндеттерге сай жұмыс жоспарын жасайды. Оқытушы идеяларды ұсынады, түзейді, нәтижені болжауға көмектеседі. Зерттеу кезеңінде ақпаратты жинау, қойылған міндеттерді шешу алдыңғы қатарға шығады. Қолданылатын әдістер: интервью, сауалнама, бақылау, эксперимент,

анықтамалық әдебиеттермен жұмыс істеу және т.б. Зерттеу нәтижелерін жалпылау кезеңінде ақпаратты талдау, нәтижелерді құрылымын жасау сияқты жұмыстар іске асырылады. Есеп беру кезеңінде студенттер нәтижелерді тапсырады: жазбаша есеп, ауызша баяндама, реферат, курстық жұмыс, стенд материалы, видеоматериал, кітап, әдістемелік оқу құралы. Студенттер зерттеу нәтижелерімен таныстырады, есеп береді. Оқытушы сарапшылармен бірлесе отырып, сұрақтарды қояды, кемшілікті түзейді. Соңғы, аяқтау кезеңі оқу үдерісі нәтижелерін бағалау. Студенттер бағалауға қатысады. Оқытушы жоба қатысушыларының пікірлерін ескере отырып студенттердің жұмыстарын бағалайды, олардың ары қарай зерттеу жүргізуіне түрткі болады [189, 95 б.].

Жоғарыда аталған және басқа да инновациялық технологияларды білім саласына, оқу үдерісіне енгізу оқытушылардың, жаңашыл бағыттағы адамдардың бойында табандылық, қажырлылық қасиеттерінің болуын талап етеді. Себебі кез-келген салада жаңа технология күдік тудырады, оның күтілген нәтижені беруі ұзақ уақытты қамтиды [190].


Білім беру саласындағы инновациялар бір жағынан қажеттілік болса, басқа жағынан алғанда, бағалаудың қарапайым және анық критерийлерінің жоқтығынан қауіпті аймаққа айналды. Оларды күрделі сараптамадан өткізу керек, бүгінгі таңда инновациялар зерттеу қызметінің бір түрі болып есептеледі, сарапшының субъективті тәжірибесіне тәуелді. Инновациялық білім беру оқу үдерісін мамандықтың әлеуметтік және жалпы мәдени білімдерден бастау алатын қозғалыс ретінде орнатады. Оқу үдерісіндегі мұндай инновациялар уақыт өте мемлекеттік деңгейде қолдау тауып, жан- жақты талқылануда. Бірінші президент Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауында бұл айтулы күн тәртібіне тың жағынан көтерілді. Мәселен, инновациялық технологияларды өндіріске енгізу жөнінде, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» стратегиясында инновациялық зерттеулерді дамытудың жаңа саясаты ұсынылды: «Жаңа технологиялық толқын жалына жармасып, тендессіз инновациялар жасау барлық елдің қолынан келе бермейді. Біз осыны жете түсінуге тиіспіз. Біз шығыны көп емес зерттеулер мен әзірлемелерге ден қоюға тиіспіз. Біз ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына әбден-ақ белсене қатыса аламыз. Бұл бізге ғалымдарымыздың күш-жігерін шетелдік ғылыми-зерттеушілік қоғамдастықпен стратегиялық инновациялық бағыттар бойынша ықпалдастыруға мүмкіндік береді. Біздің мақсатымыз – жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу» [191]. Осы технологиялар дамыған заманда гуманитарлық пәндердің өз мүмкіндіктерін жаңа қырынан көрсетуіне толық мүмкіндіктер ашылатыны да заңды. Кез келген гуманитарлық білімдер, соның ішінде дінтану да өзінің жаңа сипаттарын аша түсуге мүдделі болып отыр. Бұл жерде дінтану пәнінің де өзіне тән ерекшелік сипаттарын да ескеру керек.

Қазақстан Республикасының «Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасын» іске асыруға арналған шаралар Жоспарына сай дінтану бойынша білім беру бағдарламаларын жетілдіру міндеті қойылған. Бұл бағытта әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

құрамындағы дінтану және мәдениеттану кафедрасының негізінде құрылған «Дінтанулық зерттеулер және экспертиза орталығы» қызметкерлері студенттер арасында дінтанулық білімнің қажеттілігін, студенттердің діни сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында зерттеу жүргізді.

Зерттеуге 15 факультеттен барлығы 190 студент қатысты (10-диаграмма).

10-Диаграмма – Сұхбаттасуға қатысқан студенттер саны



Жеке сұхбатқа қатысқан студенттердің 95 пайызы қазақ бөлімдерінің студенттері. Өздерінің діни ұстанымдарына байланысты өздерін мұсылмандар ретінде анықтайтындарын білдірді. Шартты түрде респонденттерді үш топқа бөлуге болады. Бірінші топтағылар діни рәсімдерді толық ұстамаса да, жүректерімен дінге сенетіндерін атады. Мешітке барып тұрады, ораза ұстап, бірнеше сүрелерді біледі. Сенім арқылы жеке өздерінің жан тыныштығы мен қорғалғандығын сезінеді.

Екінші топтағылар намаз оқиды, қыз балалар хиджаб киеді. Олардың көбінің ата-аналары да намаз оқиды. Жастарынан ата-аналарынан діни тәрбие алған. Діни ұстанымдары отбасында, мектепте оқып жүргенде қалыптасқанмен,

киім киюдегі ерекшелігі университетте көрініс алған, себебін мектеп қабырғасындағы формаға қатысты тыйыммен түсіндіреді. Исламға деген құрметтері мен қызығушылықтары өте жоғары болғанмен, терең білімдері жоқ. Барлығы орамал тағып жүрген дұрыс деп есептейді.

Үшінші топтағылар намаз оқып, діни рәсімдерді орындағанмен, хиджаб кимейді, бірақ болашақта киетіндерін сеніммен айтады. Өздерін бұлай ұстаудың себебі сырт келбетке қарап бағалаудан шығудың жолы екенін көрсетеді.

Студенттер Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңымен таныс болмағанмен, ҚМДБ бекітілген әдебиет, сайт, ҚМДБ имамдарының уағыздарын тыңдау қажет екендіктерін саналы түрде біледі.

Әңгімелесу барысындағы алынған қорытындылар төмендегідей:

- мектептегі «Зайырлылық және дінтану пәнінің» толыққанды өтпейтіндігі;

- жаратылыстанулық мамандықтар арасында дінге қызығушылық басым болғанмен, дінтанулық пәннің таңдалмайтындығы;

- дінге қызығушылық танытқанмен діни сауаттарының қанағаттандырылғы деңгейде еместігі;

- діни білімдерін жетілдіру үшін діни кітаптардан емес, діни білімдерін ең алдымен youtube желісіндегі уағыздардан алатындығы;

- діни көзқарастарына төзімсіздік танытатын ортаға іштей наразылық бар

- қыз балалардың көпшілігі өздерінің діни ғибадат жасау мен нормаларын орындауларына көңілдері толмайды, бірақ ашық айтпай, жұмсақтап жеткізеді;

- әркім өзіне ұнаған сенімді қабылдайды деген позицияны ұстана отырып, ұлттық бірегейлікті сақтауға енжарлық танытады;

Дегенмен университет студенттерімен жүргізілген жеке сұхбат пен оқытушы, куратор-эдвайзерлердің берген мінездемесі қорытындысы негізінде аталған факультеттер студенттері арасында дәстүрлі емес ағымды ұстанатындары анықталған жоқ.

Осы сұхбаттардың нәтижесінде келесідей ұсыныстар туындады:

- «Дін және мәдениет» пәнін барлық мамандықтар үшін міндетті таңдау пәні ретінде ұсыну;


- «Зайырлылық және дінтану пәнінің» оқытылуын бақылауға ұсыныс білдіру;

- «Эдвайзерлер мектебінің» жұмысы аясында «Дінтану» курсы бойынша тренингтер жүргізу;

- Студенттердің дін саласындағы Заңдар туралы сауаттылығын жетілдіруге байланысты жүйелі түрде ақпараттық жұмыстар жүргізу;

Қазақстан республикасы бойынша әр жылдары дінтану мамандығы бойынша қабылданған студенттердің көрсеткіші бойынша диаграмма.

9 диаграмма - 1999-2022 жылдар аралығындағы «Дінтану» мамандығына бөлінген гранттар саны.



Келтірілген диаграммаға талдау жасайтын болсақ, Қазақстан Республикасында соңғы бес жылда мемлекет тарапынан бөлінетін гранттар санының артқандығын байқаймыз. Бұл еліміздегі дінтану мамандарының қажеттілігінің артқандығын көрсетеді деп айта аламыз.

Жоғарыда келтірілген ақпараттарды сараптай келе еліміздің зайырлылығын нығайту мақсатында дінтану пәнін жоғары оқу орындарына жалпы міндетті пән ретінде енгізілуін ұсынамыз.

Қорытындылай келе XIX ғасырдың басында дінтану ғылым және академиялық гуманитарлық пән ретінде жоғары оқу орындарының пәндер тізіміне енгізілді. Қазақстан бұл үрдіске тәуелсіздіктің алғашқы сәтінен аяқ басты. Жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім берудің өзара арақатынасын қарастыруда білім мақсаты, мазмұны және оны жүзеге асырушы субъектілердің принципіалды ерекшеліктері қарастырылды. Білім берудің зайырлылығы, оның атеистік сипатта болуы емес, алайда оның діни құрылымдар мен идеологиядан тыс және онымен қоса білім беру қызметінің тікелей діни қауымдастықтарға бағыныштылығынан тәуелсіз дамығандығын көреміз. Жоғары оқу орындарындағы дінтанулық білім берудегі басты әдіснамалық негіз: ғылымилық, яғни объективтілік және дүниетанымдық бейтараптылық – білім алушының бойында белгілі бір дінге деген бағамдық қатынасты қалыптастырмай, зайырлылық принципінің сақталуын көздеу екендігін білдік.

3.3 Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дінтанулық білімнің тиімділігі және даму перспективалары

Қазақстан Республикасының 2011 жылы 11 қазанда қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңында былай делінген: «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін, халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өмірінде ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін танитынын, Қазақстан халқының діни мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейтінін, конфессияаралық келісімнің, діни тағаттылықтың және азаматтардың діни нанымдарын құрметтеудің маңыздылығын танитынын негізге алады» [192].

Қазақстан Республикасында зайырлы мемлекеттегі діннің орны Заңның 3-бабындағы мемлекет пен діннің қатынасын анықтау арқылы көрсетілген. Біздің елімізде мемлекет пен діни бірлестіктер бір-бірінен бөлек дамиды, білім беру мен тәрбиелеу жүйесі зайырлы сипатта ұйымдастырылған. Діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметтерін орындауды жүктеуге жол берілмейді. Мемлекет органдары діни бірлестіктердің қызметіне тек заңға қарсы әрекет жасалған жағдайда ғана араласа алады. Сондай-ақ «Дінді және діни көзқарастарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметіне қасақана іріткі салуға, олардың үздіксіз жұмыс істеуінің бұзылуына, елдегі басқарушылық деңгейін төмендетуге әкеп соғатын шешімдерді қабылдауға және іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді». Заңда көрсетілген осы принциптеріміз мемлекетіміздің толықтай зайырлы сипатын анық аңғартады. Осы орайда зайырлылық пен діндарлық ұғымдарының үйлесімді дамуын түсіндіруде дінтанулық білімнің маңызы зор.

Дінтанулық білім берудегі басты мақсат – мемлекеттің зайырлылығын негізге ала отырып, қазақстандықтардың ұлттық дәстүрге негізделген, салт-дәстүрмен кереғар келмейтін діни санасын қалыптастыруға тұғыр болу. Зайырлылық еліміздің тәуелсіздік алғаннан жариялаған басты принциптеріміздің бірі. Мемлекеттің Ата заңының 1-бабына сай, «Қазақстан республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» болып табылады. Құқықтық жағынан қорғалған мемлекет азаматтары өздерінің білім алуға, демалуға, еңбектенуге деген құқықтарын жемісті қолдануда. Өз көзқарастарын ашық білдіріп, ел саясатына кеңінен араласа алады. Билік органдарына демократиялы түрде сайланып, ел тағдырындағы стратегиялық бастамаларды жүзеге асырады. Ел өміріндегі қайсыбір шешімдер қабылдауда ең басты құндылық ретінде адам өмірі алынған. Барлық жаңалықтар, игі бастамалар Қазақстанды мекен етіп отырған әрбір адамның өмірін қорғауға, өмір сүру жағдайын оңтайлы етуге

бағытталған. Бұл мемлекеттік мүдделер «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен» шешу арқылы жүзеге асырылатыны көзделген.

Конституцияда жарияланған зайырлылық принциптеріне сай, дін мен мемлекет бір-бірінен ажыратылған. Діни бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне діни бірлестіктердің заңсыз араласуына жол берілмейді. Кез келген діни негіздегі бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге жол жоқ. Ол Конституцияда нақты белгіленген: «Мақсаты немесе іс-әрекеті Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады», сондай-ақ «Республикада басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіптік одақтарының, діни негіздегі партиялардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялармен кәсіптік одақтарды шетелдік заңды тұлғалар мен азаматтардың, шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына жол берілмейді». Дегенмен зайырлылықты, толеранттылықты бас пайдаларына шешуге тырысып баққан шетелдік діни ұйымдар қоғамдық санаға іріткі салып жатқан жағы да жоқ емес. Қазіргі Қазақстандағы діни жағдай уақыт оздыра күрделеніп барады. Дін атын жамылып алпауыт елдердің «тонын илеп» жүргендердің көбейіп бара жатқаны жасырын емес. Ел бұрынғыдай діни сауатсыз емес, оңды-солын қарап, қарапайым халық тыныштықтың, татулық пен дәстүрлі құндылықтардың дінін таңдап отыр. Басынан талай қасіретті кешірген қазақ үшін шектен тыс діни фанатизм қажет емес. Қазақтың дәстүрлі сенімінде «харе кришналап» ән айту, құдайды мадақтап жар салу, өзгеше ойлағаны үшін өзгенің өмірін қиып «джиһад жасау», болмаса, «зікір» салып, есінен адасу болмаған. Қазақ халқының тарихи қалыптасуында дәстүр мен діннің сабақтастығы жарасқан үндестігінің ғасырлар қойнауына кететін тарихы бар. Бұл ерекшелік зайырлы мемлекетте діннің үйлесімді дамуына негіз болды.

Еліміздің бірінші президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (14.12.2012) жолдауында атап кеткендей, «біздің мемлекетіміздің зайырлы келбеті – Қазақстанның табысты дамуының маңызды шарты» болып табылады. Еліміздің зайырлы келбетін, діннің халықтың аражігін ашушы емес, консолидациялаушы дүниетаным екенін түсіндіруде тәуелсіздік жылдарында қарқынды дамып, бүгінгі таңда күн өте сұранысқа ие болып келе жатқан дінтану ғылымының орны аса маңызды болып отыр.

1990 жылдардың аяғына дейін дамыған елдерде білім беру секуляризация үрдісінен өтіп, дін оқу бағдарламасынан ығыстырылып шығарылды. Алайда, 2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ-тағы лаңкестік әрекеттен кейін діни

экстремизм қаупінің күшеюіне және қоғамның плюрализациясына байланысты мемлекеттік білім беру бағдарламаларын қайта қарау жүргізілді [193].

Осылайша, әлемнің 70-тен астам елі мемлекеттік мектептерде діни сабақтардың қажет екенін мойындады. Көпшілік елдер үшін дінді оқыту ең қиын жұмыстардың біріне айналды. Елдер өсіп келе жатқан діни әртүрлілікті басқаруға, қарқынды көші-қон процестерінен туындаған хабарлар мен сенімдер және адамның бостандығына құқығы тұжырымдамаларына сәйкес әрекет етеді [194, б. 8].

Осылайша, алдын ала көптеген әдістер мен тәсілдер мектептерде дінді оқыту «Спектрдің бір шетінде 13 эксклюзивті конфессиялық бағдарламалары бар Финляндия әрбір діни топ үшін білім, ал екінші жағынан – канадалық Квебек провинциясы жалғыз, барлық мектеп оқушылары үшін міндетті дінді конфессиялық емес зерттеудің инклюзивті бағдарламасы» [195, б. 8].

Мектептерде дінтануды оқытудың үш негізгі түрі бар [195, б. 145]:

1) ерекше жағдайларда діни бірлестіктер ұйымдастыратын оқыту діни білімге жауапкершілік сияқты, мысалы, Польшада, Ирландияда, Италияда;

2) мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықта ұйымдастырылатын оқыту органдар мен діни бірлестіктер. Мұндай техника Австрия, Бельгия, Англия, Германия, Греция, Венгриядағы өзгерістер, Ресей, Испания, Швейцарияның кейбір бөліктері;

3) тек қана мемлекеттік ұйымдар ұйымдастыратын оқыту, мысалы, Дания, Эстония, Финляндия, Норвегия, Швеция, Швейцарияның кейбір бөліктері.

Сонымен қатар бұл пән мектепте оқытылмайтын мемлекеттерді мектептен тыс жерде осы пәнді үйретуге қаржы бөлінетіндігін атап өту керек [196, б. 145].

Жапония сияқты елдерде, олар дінтану пәнін мектептегі этика пәнімен ауыстырады және Францияда дін туралы білім тарих аясында беріледі. Сонымен қатар, Толедо жетекші нұсқаулықтары бойынша мемлекеттік мектептерде дінтануды оқытудың келесідей себептері көрсетілген [197, 196.]:

1. көпконфессиялы қоғамдағы өзара түсіністік үшін әртүрлі діни нанымдарды түсіну өте маңызды;

2. діндерді зерттеу түсіну, өз сенімін тереңірек түсіну, өзін-өзі қалыптастыруға және дамытуға ықпал етеді.

3. діндерді зерделеу адамның көкжиегін кеңейтіп, адамның өткені және қазіргі кезең туралы түсінігін тереңдетеді;

4. діндерді білу құрмет пен өзара әлеуметтік ұйымшылдыққа септігін тигізеді.

Осылайша әлемдік деңгейдегі дінтанулық білімге қатысты мемлекетіміздің ұстанып отырған бағыты өте орынды [197, б. 21].

Дінтанулық білім беру пәнаралық болып табылады, өйткені діндерді зерттеу басқа сабақтас пәндерді де қамтиды. Бұл сала бірқатар заң жобаларымен реттеледі. Бұл бөлімде біз Қазақстан Республикасының Конституциясын, Білім туралы Заңын, Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңдарды қарастырамыз.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» [199].

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы № 319 Заңына сәйкес.

3-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері

1. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;
2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;
3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;

4) білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы;

5) адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;

6) жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту;

7) білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;

8) оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі;

9) білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білім беру жүйесі қызметінің ашықтығы;

10) білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы [200].

2. Білім беру ұйымдарында саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметіне тыйым салынады.

Білім беру міндетті түрде зайырлы сипатта және білім беру ұйымдарында діни ұйымдарды (бірлестіктерді) құруға және олардың қызметіне тыйым салынғанын көруге болады.

Жоғарыда аталғандармен қатар бұл сала «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Бұл Заң Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты саласындағы іргелі заңның бірі болып табылады. Осы Заң қабылданғаннан кейін дін саласындағы саясатқа бағытталған бірқатар іс-шаралар өтті. Дін істері агенттігі құрылып, кейін облыстық дін істері жөніндегі басқармалар мен діни салада консультативтік көмек көрсететін түрлі орталықтар пайда болды [192, б. 1].

Бұл Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде танытуына, әркімнің ар-ождан бостандығына құқығын бекітетініне, діни сеніміне қарамастан әркімнің теңдігіне кепілдік беретініне,

ханафилік исламның тарихи ролін мойындайтынына және Православиелік христиан діні халықтың мәдениеті мен рухани өмірін дамытуда басқа діндерге құрметпен қарайды, Қазақстан халқының рухани мұрасымен ұштасады, конфессияаралық келісімнің, діни төзімділіктің және азаматтардың діни наным-сенімдерін құрметтеудің маңыздылығын мойындайды.

2-баптан. Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы, онда «Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінен және өзге де заңдардан тұрады». Бұл Заң осы саладағы басқа заңдарға қайшы келмейді деген қорытынды жасауға болады.

3-баптың 4-тармақшасына сәйкес: «Қазақстан Республикасындағы білім беру және тәрбиелеу жүйесі, рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, діннен және діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады». Бұл білім берудің зайырлылығын атап көрсетеді.

Зайырлы білім беру жүйесін дамыту және жетілдіру қазіргі қазақстандық қоғамды тиімді реформалаудың ең маңызды шарты болып табылады.

Мемлекеттік және басқа да оқу орындарындағы білім берудің зайырлы сипаты мемлекеттің зайырлылығының маңызды құрамдас бөліктерінің бірі және діннің мемлекеттен, мектептің діннен бөлінуінің нәтижесі болып табылады.

Білім берудің зайырлылығы кез келген діни ұстанымына қарамастан білім беру деп түсініледі, онда білім беру қызметі ешбір түрде діни бірлестіктерге бағынбайтын, білім беру діни қызметшілердің кәсіби діни даярлығына, қандай да бір дінді үйретуге немесе тануға бағытталмаған.

Білім берудегі зайырлылық қағидатын жүзеге асыру және сақтау көрсеткіштері келесі өлшемдер болып табылады:

- мемлекеттік білім беру жүйесінде міндетті дін институттарын құруға жол бермеу;
- әркімнің оқу орындарына түсу құқықтарының теңдігі және сеніміне немесе дінге деген көзқарасына қарамастан білім алуы;
- білім беру қызметінің мекемелерінің ішкі құрылымы мен зайырлылығы;
- оқу орындарын басқарудың дербестігі діни рұқсат немесе қысымнан, діни бірлестіктердің араласуынан, жүйені басқаруда оларға қандай да бір өкілеттіктерді беруге жол бермеу;
- зайырлы оқу орындарында діни культтің қызметшілерін оқытуға жол бермеу;
- кәсіби этиканың зайырлылығы;
- зайырлы мемлекеттік білім стандарттары;
- қолданылатын оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының әдебиеттің діни бейтараптығы;
- оқу орындарының оқытуды бағыттамауы мектеп және студент жастарды діни бірлестікке тарту үшін дін туралы білім;

- алдын алу бойынша мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру өшпенділікті немесе араздықты қоздыратын, жеке адамның немесе адамдар тобының діни ұстанымы бойынша төмендігін төмендететін немесе насихаттайтын оқу бағдарламалары мен оқу әдебиеттерінің ережелерін пайдаланған.

- діни киім элементтері мен белгілерді ашық киюге тыйым салу білім беру мекемесінің оқу-әдістемелік және әкімшілік органына дінге қатыстылығы.

Жоғарыда аталған Заңдардың талаптарының орындалуына және сақталуына жергілікті уәкілетті органдар жауапты.

Атап айтқанда, бұл Заңдар Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарындағы діни білім беруді реттейтін тиімді заң жобалары болуымен қатар, Қазақстанның діни саласын реттейді. Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты туралы келесі тарауда айтатын боламыз.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздік алғаннан бері дін саласындағы өзінің мемлекеттік саясатын жүргізіп келеді. «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы № 1128-ХІІ Заңының қабылдануымен мемлекеттік саясаттың осы саласын реттеу басталды.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырған кезде Қазақстан дініне қарамастан адамдардың теңдігі, олардың ар-ождан және діни сенім бостандығына құқықтары, оның ішінде бостандық туралы ұстанымдарды бекітетін нормаларды қамтитын халықаралық құжаттардың тұтас тобына сүйенді. ешбір дінді ұстанбау, соның ішінде:

- 1948 жылғы 10 желтоқсандағы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (18-бап, 29-баптың 2-тармағы);

- Еуропа Кеңесінің 1950 жылғы 4 қарашадағы Құқықтар мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы конвенциясы (9. 14, 16-баптар);

- 1966 жылғы 19 желтоқсандағы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (2, 18-баптар, 2-тармақ, 20, 26, 27-баптар);

- 1975 жылғы 1 тамыздағы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі кеңестің қорытынды актісі;

- 1981 жылғы 25 қарашадағы Дінге немесе сенімге негізделген төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Декларация (1-бап, 2-баптың 2-тармағы, 4, 6-баптар);

- 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Ұлттық немесе этникалық, діни және тілдік азшылықтарға жататын адамдардың құқықтары туралы декларация (4-бап) және адамдардың ар-ождан бостандығы құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттердің міндеттерін белгілейтін басқалар [192, б. 2].

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі 2016 жылдың қыркүйегінде құрылды және осы ведомствоның негізгі қызметі мыналар болып табылады:

1. «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес діни қатынастарды реттеу.

2. Азаматтық қоғамдағы қатынастарды реттеу.

3. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру.

Дін саласына келетін болсақ, жалпы еліміздегі діни ахуал тұрақты және мемлекеттік органдардың бақылауында екенін айта кеткен жөн. Ал жалпы, бұл салада ашық текетірес, қоғамға қарсы ашық көріністер жоқ екенін де айта кеткен жөн. Елімізде 18 ірі конфессиялық топтың мүддесін білдіретін 3500-ге жуық ресми тіркелген діни бірлестіктер жұмыс істейді. Барлық діни бірлестіктер 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның аясында ресми тіркеліп, жұмыс істейді.

Екі мыңжылдықтар тоғысында дүниетаным мен өмір салты жүйесі ретінде діннің рөлі айтарлықтай өсті. Халықтың әртүрлі топтары өкілдерінің қоғам өмірінің рухани, оның ішінде діни құрамдас бөлігіне деген қызығушылығы артты.

Елімізде түрлі діндер мен конфессиялар өкілдерінің қатар өмір сүруі мен тиімді өзара әрекеттесуі үшін қолайлы жағдайлар қалыптасты. Қазақстандағы конфессияаралық қарым-қатынас үлгісі басқа елдер үшін бірегей үлгі болды.

Дегенмен, дін рөлінің артуына байланысты халықтың бір бөлігінің діни өмірінің келеңсіз жақтары да әшкереленді. Атап айтқанда, елімізде зайырлы қоғамда қалыптасқан іргетастарға қарсылық білдіретін азаматтар көбейді. Оның үстіне дінге сенетін халықтың бір бөлігі агрессия мен діни радикализмнің шектен шыққан түрлерін көрсете бастады, бұл елдің және оның азаматтарының қауіпсіздігі мен тұрақтылығына қауіп төндірді.

Қалыптасқан тенденцияларды ескере отырып, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, қоғамдағы келісімді, бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету, сондай-ақ жастарды және қазақстандықтардың бүкіл жас ұрпағын қауіп-қатерден қорғау бөлігінде зайырлы мемлекетке халықтың негізгі өтініштері жолданды. діни экстремизм мен терроризмнің әсері.

2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңының қабылдануы заманның өзекті талабы, мемлекеттің дін саласындағы өзінің стратегиялық бағытын мүлде жаңа геосаяси жағдайда айқындау кезеңі болды. Өңгіме жалған діни экстремизм мен терроризмнің Қазақстанға әсеріне байланысты ел үшін жаңа сын-қатерлер мен қауіптердің пайда болуы, сондай-ақ діни құндылықтарға тікелей әсер ететін дәстүрлі құндылықтардың жойылу процесінің басталуы туралы болып отыр бұл өз алдына адамдардың діни тұрақтылығына тікелей әсер етуі мүмкін.

Бұл ретте Заң мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және дінді деструктивті мақсатта пайдалану жағдайларын азайтуға бағытталған.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізгі ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына (Негізгі Заңына) негізделген.

Заңнамада мынадай негізгі ережелер нақты көрсетілген:

- мемлекет діннен және діни бірлестіктерден бөлінген;
- діни бірлестіктер мен Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, олардың дінге көзқарасына қарамастан, заң алдында тең;

– ешбір дінді мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде орнатуға болмайды;
- Қазақстан Республикасындағы білім беру және тәрбиелеу жүйесі, рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, діннен және діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатқа ие;

– заңды діни қызметке кедергі келтіруге, жеке адамдардың дінге көзқарасына байланысты азаматтық құқықтарын бұзуға немесе діни сезімдерін қорлауға, белгілі бір дінді ұстанушылар қастерлейтін объектілерді, ғимараттарды және орындарды қорлауға жол берілмейді;

- Қазақстандағы әрбір адамның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқығы бар;

- ешкімнің де өзінің діни сенімі бойынша Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында көзделген міндеттерді орындаудан бас тартуға құқығы жоқ;

- дін қызметкерлері, миссионерлер, діни бірлестіктердің жетекшілері немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын республика азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен тең негізде тек өз атынан қатыса алады.

Құжатта дінді және діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлу қағидаты негізінде құрылған мемлекеттің қызметі нақты айқындалған, ол мынадай:

- Қазақстан Республикасы азаматының, шетелдіктің және азаматтығы жоқ адамның өзінің дінге көзқарасын және діни сенімділігін анықтауына, ата-анасының немесе олардың өзге де заңды өкілдерінің нанымына сәйкес балаларды тәрбиелеуіне араласпау; мұндай тәрбие баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, оның құқықтарын бұзатын және жауапкершілігін шектейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысына, егемендігі мен аумақтық тұтастығына қарсы бағытталған жағдайларда;

- мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды діни бірлестіктерге жүктемеуге;

- діни бірлестіктердің қызметі Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін болса, діни бірлестіктердің қызметіне араласпауға;

- Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, дінге сенетін және оны ұстанбайтын адамдар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара төзімділік пен құрмет қатынастарын орнатуға жәрдемдесу.

Өз кезегінде діни бірлестіктер заңға сәйкес:

- мемлекеттік органдардың қызметіне араласпауға және олардың функцияларын орындамауға;

- саяси партиялардың қызметіне қатыспауға, оларға қаржылық қолдау көрсетпеуге, саяси қызметпен айналыспауға;

– Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін барлық талаптарды сақтауға міндетті.

Заңнамада партиялардың діни негіздегі қызметі, мақсаттары мен іс-әрекеттері мемлекетте бір діннің үстемдігін орнатуға, діни араздықты немесе өшпенділік тудыру, оның ішінде олармен байланысты діни бірлестіктерді құру және олардың қызметі зорлық-зомбылықпен немесе күш көрсетуге шақырумен және басқа да заңсыз әрекеттермен байланысты болмау керек деп нақты көрсетілген.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркелмеген діни бірлестіктердің қызметіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды олардың дінге көзқарасын анықтау кезінде қандай да болсын мәжбүрлеуге жол берілмейтіні атап өтіледі.

Сонымен бірге, заңда Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға зорлық-зомбылық көрсетуге немесе олардың денсаулығына өзге де зиян келтіруге, не ерлі-зайыптылар арасындағы некені бұзуға (отбасының бұзылуы) байланысты діни бірлестіктердің қызметі анық көрсетілген не адамгершілікке нұқсан келтіретін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында көзделген өз міндеттерін орындаудан бас тартуға итермелейтін отбасылық қатынастарды тоқтатуға және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықтар жол берілмейді;

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың материалдық немесе өзге де тәуелділігін пайдалана отырып, не алдау арқылы діни бірлестіктен шығамын деп қорқытуға да жол берілмейді.

Діни бірлестікке қатысушыларды (мүшелерін) және діни ұстанушыларды діни бірлестіктің, оның басшыларының және басқа да қатысушыларының (мүшелерінің) пайдасына өздерінің мүлкін иеліктен шығаруға мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Дін мен діни нанымдарды пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың қызметін ретсіздендіруге, олардың бірқалыпты жұмыс істеуіне кедергі келтіруге, елдегі бақылаушылық деңгейін төмендетуге қабілетті шешімдер қабылдауға және іс-әрекеттерге жол берілмейді.

Діни бірлестіктің басшысы кәмелетке толмағандардың ата-анасының бірінің немесе оның басқа да заңды өкілдерінің қарсылығымен кәмелетке толмағандарды діни бірлестік қызметіне тартуға және (немесе) қатысуына жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жоғарыда аталған нормативтік нормаларын іске асыру еліміздегі діни қатынастарды реттейтін тиісті тиімді құқықтық базаны әзірлеуге және қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Заңды іске асыру шеңберінде 15 заңға тәуелді акт әзірленді және қабылданды, оларда мемлекеттік конфессиялық саясаттың аса маңызды

бағыттары мен бағыттары бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша нұсқаулықтар, стандарттар мен регламенттер бекітілді.

Жалпы, бүгінде діни қызмет саласындағы барлық процедуралар мен ережелер ретке келтірілген. Діни ғимараттарды салудың, діни рәсімдерді өткізуге арналған үй-жайлардың діни ғимараттардан тыс жерде орналасуының, діни әдебиеттерді таратудың, миссионерлік қызметті жүзеге асырудың, діни әдебиеттерге діни сараптама жүргізудің және т.б. таратуға арналған арнайы үй-жайлардың нақты нормалары бекітілді.

Зайырлы Қазақстанның дінге қатысты заңнамасы шын мәнінде ар-ождан және діни сенім бостандығын қорғаудың кепілі болып табылатынын, бұл өз кезегінде ұлтаралық және конфессияаралық толеранттылықты нығайтуға, еліміздің тұрақты және прогрессивті дамуына зор үлес қосып отырғанын ерекше атап өткен жөн.

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері және адамның ар-ождан және діни сенім бостандығына құқығы Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты жалпы алғанда елдің тұрақты үдемелі дамуын қамтамасыз етуге, адам мен азаматтың танылған құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беруге, танылған жалпыға бірдей және діни қағидалар негізінде қоғамның рухани жаңғыруына бағытталған құндылықтар.

Осыған байланысты республикадағы мемлекеттік саясат бірқатар іргелі ережелерге/қағидаларға негізделген.

Осылайша, біздің республикамыздағы мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынас үлгісі демократиялық принциптерге негізделген, оның ішінде:

- адам құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу қағидаты;
- қоғамдық және діни мүдделердің теңгерім принципі;
- сындарлы қарым-қатынас пен серіктестік қағидаты;
- сондай-ақ өзара түсіністік пен өзара әрекеттестікке ұмтылу принципі.

Жоғарыда айтылғандардың контекстінде діни сенім бостандығы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізінде жатқан қағидаттарды белгілеу қажет, олар:

- бейтараптық принципі;
- толеранттылық принципі;
- паритет принципі.

Негізгі қағидалардың бірі болып табылатын мемлекеттің бейтараптығы қағидатын сақтау діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпауды қамтиды.

Бейтараптық принципі бойынша мемлекет:

- өз азаматтарының дінге деген көзқарасын бақылауға;
- егер бұл заңға қайшы келмесе, діни ілімдердің, сондай-ақ діни рәсімдердің мазмұнына араласуға құқығы жоқ.

Мемлекеттің діни бірлестіктерден бөлінуі конфессиялардың қызметін құқықтық реттеуді білдіреді, бұл мемлекеттік-конфессиялық қатынастардағы қажетті тепе-теңдікті, діни бірлестіктердің құқықтық қызметін, олардың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, діни бірлестіктердің қызмет еркіндігі шексіз болуы мүмкін емес екені анық. Сонымен, Қазақстан Конституциясының 22-бабына сәйкес ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру адамның және азаматтың жалпыға бірдей құқықтары мен мемлекет алдындағы міндеттерін туғызбауға немесе шектемеуге тиіс [198].

Заңнамада тікелей заңда белгіленген негіздерден басқа, діни қызметке шектеу қоюға жол берілмейтіндігін белгілейтінін атап өткен жөн.

Жоғарыда айтылғандардан шығатыны, Қазақстанда ешбір дін, ешбір діни бірлестік заңмен белгіленген, артықшылықтар мен жеңілдіктерді пайдаланбайды, сондай-ақ басқалармен салыстырғанда шектеулерге ұшырамайды.

Паритет принципі барлық діни бірлестіктер мен әртүрлі конфессия өкілдерінің заң алдындағы теңдігін анықтайды. Демек, зорлық-зомбылыққа, конституциялық құрылысты құлатуға, билікті өзгертуге, яғни қазақ мемлекетінің заңын бұзуға шақыратын кез келген діни бірлестік еркін жұмыс істемеуі керек.

Республиканың дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізінде жатқан қағидаттардың сипатты белгілерін қорытындылай келе, мынаны айту керек:

- мемлекет ар-ождан және дін бостандығы мәселелерінде бейтарап;
- мемлекет ешбір дінді немесе діни дүниетанымды жақтамайды;
- ешбір дінге артықшылық бермейді және қолдау көрсетпейді.

Жоғарыда аталған заңдар мен ережелермен қатар, Қазақстанда 2011 жылдан бері орын алған лаңкестік әрекеттер мен діни экстремизмнің өршуін ескере отырып, мемлекет дін саласына деген көзқарасын қайта қарауға кірісті. Осы талпыныстардың нәтижесі екі құжат болып көрініс тапты: 2013-2017 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама және 2017 жылдың 20 маусымында бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған жаңа тұжырымдамасы.

Осы орайда біз бұл құжаттарға тоқталғымыз келеді, өйткені олар Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының да кепілі болып табылады.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бергізбейтін мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіру, мемлекеттің зайырлы негіздерін нығайту жөніндегі ресми көзқарастар жүйесін білдіреді.

Бұл Тұжырымдама діни саладағы негізгі тенденциялар мен сипаттарды талдау негізінде 2020 жылға дейінгі діни саладағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық мақсаттары мен негізгі бағыттарын айқындайды.

Тұжырымдаманың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасының өзге де

нормативтік құқықтық актілері, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттары құрайды.

Тұжырымдаманы әзірлеу қажеттілігі «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясында, Елбасының «100 нақты қадам: баршаға арналған заманауи мемлекет» Ұлт жоспарында айқындалған міндеттерден туындап отыр. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Институционалдық қайта құрулар, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» бесінші басымдығы, Мемлекет басшысының Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауындағы «Институционалдық қайта құрулар, қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» діни сала, сондай-ақ конфессияаралық келісімді бұзуы мүмкін кез-келген әрекеттерді конституциялық емес деп тану туралы Конституцияның 39-бабының 2-тармағын жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) мемлекеттік-конфессиялық және конфессияаралық қатынастарды жетілдіру, дінді деструктивті мақсатта пайдалануға жол бермеу, мемлекеттің зайырлы негіздерін нығайту жөніндегі ресми көзқарастар жүйесі болып табылады.

Тұжырымдама дін саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеуге, нормативтік құқықтық актілер жүйесін жетілдіруге, еліміздегі діни саланы реттеудің әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқарушылық шараларына негіз болуға тиіс.

Тәуелсіз Қазақстанның заңнамалық құжаттарында азаматтардың діни сенім бостандығы құқығын сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылады. Ар-ождан және діни бостандығын қамтамасыз ету көпконфессиялы еліміз үшін қашанда өзекті тақырып болып табылады.

Кеңес үкіметі үстемдік құрған кезеңде дінге, діни ғұрыптарды атқаруға, діни тәрбие мен діни білім алуға барынша кедергі жасалды. Діни мазмұндағы қоғамдық құндылықтардың мән-мазмұны мақсатты түрде төмендетілді. Мемлекеттік тұрғыда діни сенімді жоққа шығаратын атеистік идеологияға қолдау көрсетілді. Сұрапыл тарихи оқиғалар желісінде Қазақстандағы ислам тамырынан ажырап, өзінің дәстүрлі арнасынан қол үзіп қалды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылдың 15 қаңтарында Қазақстан Республикасының «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы»

заңы қабылданғаннан соң діни жағдай түзеле бастады. Дінге өркениетті көзқарас қалыптасып, дін еркіндігі демократиялық қағидалардың бір бөлігіне айналды. Ал 2011 жылы 11 қазанда қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы діни қатынастарды реттеу және діни сенім бостандығын қамтамасыз ету бағытындағы шараларды жаңа заңнамалық деңгейге көтерді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы өзін құқықтық, демократиялық және зайырлы мемлекет ретінде орнықтыра отырып, адамның және

азаматтардың діни сенім бостандығы құқығының сақталуына ұдайы көңіл бөледі. Қазақстандағы мемлекет пен діннің арақатынасы, азаматтардың дінге қатыстылығы ҚР Конституциясы, Азаматтық кодексі, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы және тағы басқа бірқатар заңнамалық, нормативтік-құқықтық актілер арқылы реттеледі.

Қазақ жері тарихи жағдайларға байланысты ислам, христиан, буддизм, конфуциандық сияқты ұлы өркениеттерге негіз болған әлемдік және дәстүрлі діндердің өкілдерінен және 130-дан астам ұлт пен ұлыстардан құралған өзара сыйластықпен өмір сүретін қоғамның қасиетті мекеніне айналды. Біздің шексіз кең байтақ даламыз өзіне алуан түрлі өркениет пен мәдениетті сіңірді. Қазіргі Қазақстан – көпэтностық және көпконфессиялы мемлекет. Сондықтан Қазақстан мемлекетінің демократиялық сипаты әр түрлі әлеуметтік топтардың дүниетанымдық және мәдени ерекшеліктерін ескеруді қарастырады. Қазақстанда түрлі ұлттар мен конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруі үшін қажетті құқықтық және ұйымдық жағдайлар жасалған әрі конфессияаралық қатынастарды үндестіруге бағытталған бірыңғай мемлекеттік саясат қалыптасқан.

Қазақстан Республикасы діндер мен өркениеттер үнқатысуын ұйымдастыру саласындағы бірқатар маңызды халықаралық бастамалардың авторы болып та табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы елдің әрбір азаматына ар-ождан бостандығы құқығына кепілдік береді. ҚР Конституциясының 22-бабының 2 тармағына сәйкес ар-ождан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адамдық және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерге байланысты болмауға немесе оларды шектемеуге тиіс.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 18- бабына сәйкес «Дінге сену немесе наным-сенімдерін тұту еркіндігі тек қана қоғам қауіпсіздігін, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқалардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін, заңмен белгіленген шектеулермен ғана шектелуі тиіс» [199].

Қазақстан мемлекеті зайырлылығының конституциялық қағидаты мемлекетті діни бірлестіктерден бөліп қарастырады [199]. Мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметтері мен діни бірлестіктер қызметінің алмастырылуына жол берілмейді. Дегенмен, азаматтардың білім беру саласындағы қажеттіліктерін қанағаттандыру мәселелерінде мемлекеттік басқару органдары мен діни бірлестіктердің өзара әрекеттесуі мемлекеттің зайырлылық қағидаттарына қайшы келмейді. Мұндай өзара әрекеттесу, бірлесу көптеген заманауи демократиялық зайырлы мемлекеттердің тәжірибесінде бар әрі кең таралған.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстан зайырлы мемлекет деп жарияланды. Ешбір дінді мемлекеттік деп немесе міндетті дін ретінде орнатуға болмайды. Мемлекеттік және кез-келген оқу орындарында білім берудің зайырлы сипаты бекітілген. Діни бірлестік мемлекеттік органдардың, мемлекеттік мекемелердің және жергілікті өзін-өзі басқару

органдарының функцияларын орындамауы керек. Заңнамалық актілер демократияны, гуманизмді, жалпыадамзаттық құндылықтарды, жеке тұлғаның еркін дамуын, білім берудің зайырлы сипаттағы автономиясын жариялайды. Төзбеушілік пен кемсітушілікті жоюдың негізгі қағидасы – баланың мүддесі. Дін мен білімнің ықпалдастығы мәселелері бойынша одан әрі шығармашылық жұмыс қажет.

Үшінші бөлімді қорытындылай келе, мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүзеге асыруда дінтанулық білім беру бағдарламаларының маңыздылығы артып, дінтанулық ғылым өзекті екенін көрдік. Дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы дінтанулық білімнің басты мақсаты – мемлекеттің зайырлылығын нығайта түсу. Қазақстандықтардың ұлттық салт-дәстүр мен дін сабақтастығына бағдарлануын, адамның ар-ождан және діни сенім бостандығы құқығы сақталуын, ханафилік исламның тарихи рөлін мойындайтынын және басқа діндерге құрметпен қарайтынын Қазақстан халқының рухани мұрасымен біте қайнасқан конфессияаралық келісім, діни төзімділік және азаматтардың діни наным-сенімдерін құрметтеу негізінде қалыптастыруда дінтанулық білімнің рөлі жоғары екенін нақтыладық. Дінтанулық білімге қатысты ақпаратты жүйелі жинақтау, сараптау ретінде алынған зерттеу әдісінің өлшемдері мен көрсеткіштерін таңдау мен негіздеу, шешім қабылдауды жақсарту, қоғамды ақпараттандыру ісінде мемлекеттік бағдарламаларға негіз бола алатын және мемлекеттің дін саласындағы саясатын жүргізуде аса маңызды болатын ақпараттарды жинақтадық.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясаты дін мен мемлекетті бір бірінен бөлек қою зайырлылық қағидаты. Осы қағидатқа сәйкес дінтанулық білім осы зайырлылық қағидаты аясында жұмыс істейді, мемлекеттік мекемелерде берілетін білім осы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бағытында жүзеге асырылады. Осыған байланысты дінтанулық білім берудің болашақтағы перспективасы зайырлылық қағидатына сай жүзеге асырыла береді деген ойдамыз. Дінтанулық білім берудің даму перспективасы мемлекеттің даму саясатына сай құрылады. Бұл өз кезегінде дінтанулық білім беру бағдарламаларының мазмұны, дінтанушы мамандардың сапасы, біліктілігіне тікелей байланысты.

Келесі кезекте, елімізде және әлемде өзекті болып отырған мәселе экстремизм, терроризм және радикализмның өршуі. Қоғамда көрініс тауып отырған осындай құбылыстарды зерттеу және сараптау дінтанушы маманның басты міндеті. Десе де дінтанулық білімді дамыту экстремизм мен радикализммен күресу мәселесінде мемлекеттің рөлі орасан әрі мемлекеттік тұрғыда реттеу аса маңызды. Дінтанушы маманның, білім беру бағдарламаларының сапасын қоғам сұраныстарына сай жақсарту, жеке білім беру траекторияларын жасау, мемлекеттік күштік құрылымдармен бірлесе отырып студенттердің тәжірибеден өту алаңын ұлғайту және халықаралық білім саласындағы бәсекелестікке сай дінтанулық білімнің даму перспективаларына негіз бола алады.

Дін саласындағы мемлекеттік саясатты ары қарай дамыта түсуде тағы бір мәселе – ел аумағында көп этностар арасындағы бірлік пен ынтымақтастықты нығайтып, Қазақстан Республикасының дін саласындағы саясаты аясында дінтанулық білімді дамытудың маңызы зор.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Дінтанулық білім берудің қазіргі жағдайы және даму перспективалары» тақырыбындағы зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттерге сай жұмыстар жасалып, келесідей тұжырымдарға қол жеткіздік. Бірінші тарауды дінтанулық білімнің қалыптасу тарихы және дамуына байланысты зерттеулерге арнай отырып, ішінде бірнеше тақырыпшаларды бөліп қарастырдық. Дінтану ғылымы діндердегі құбылыстар мен сенім динамикасына байланысты зерттеулер мен талдаулардың кең ауқымын қамтып, дінтану ғылымына қатысты негізгі аспектілерді келесідей жіктедік:

- діндер тарихы: діни дәстүрлердің пайда болуын, дамуын және эволюциясын зерттеу, соның ішінде қасиетті мәтіндерді, рәсімдерді, дәстүрлерді және белгілі бір діндермен байланысты тарихи оқиғаларды зерттеу;

- теология: Құдай туралы түсініктерді, ілімдерді, қасиетті мәтіндерді және діни дәстүрлердегі теологиялық пікірталастарды талдау;

- салыстырмалы дінтану: әртүрлі діни дәстүрлердің, оның ішінде олардың нанымдарын, әдет-ғұрыптарын, рәміздерін және әдет-ғұрыптарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыру және талдау;

- дін әлеуметтануы: діннің қоғамға, соның ішінде діни ұйымға, діни бірлестіктерге, діни сәйкестілікке және әлеуметтік динамикадағы діннің рөліне әсерін зерттеу;

- дін антропологиясы: мәдени және әлеуметтік контексте діни нанымдарды, әдет-ғұрыптарды және рәсімдерді, соның ішінде жеке және ұжымдық сәйкестіктерді қалыптастырудағы діннің рөлін зерттеу;

- дін философиясы: діни тәжірибенің, Құдай түсінігін, зұлымдық мәселесі мен өмірдің мәнін, сенімнің философиялық аспектілерін, дін контекстінде қарастыру.

Бүгінгі таңда дін туралы ғылым мен дінтанулық білім түсінігіне бірнеше анықтамалар берілген, осы анықтамаларға сүйене отырып, біз дінтануды пәнаралық ғылым ретінде анықтаймыз. Дін туралы ғылым мен дінтанулық білім бір-бірімен өте тығыз байланыста, дін туралы ғылыми ізденіс барысында, дінтанулық білімді жетілдіру мақсаты көзделгенде, адамның жеке басының діндарлығы немесе ұстанатын діни көзқарасы оның іс-әрекетіне кедергі келтірмеуі тиіс. Дінтанулық зерттеулердегі тұжырымдар ешбір діннің құндылықтарына басымдылық бермейді. Бұл мәселені теологиялық және философиялық пікірталастардың шеңберінде қалдырады. Діннің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы әр түрлі қоғамның мәдениетімен және әлеуметтік-саяси процестермен тығыз байланысты зерттелетіндігін білдік.

Дінтану зерттеу нысанына алынған бағыттары – дін философиясы, дін психологиясы, дін феноменологиясы, діни семиотика, дін социологиясы, діндер тарихы және т.б. өз алдына дербес зерттеу объектісі мен зерттеу пәні қысқаша түсіндірме беру арқылы сипатталып, дінтанудың осы құрамдас бағыттарының негізін салушы ойшылдардың берген анықтамаларына талдау жасалды. Ғылыми-сараптамалық талдау негізінде анықтағанмыз: дін туралы ғылым мен

